Газет 1918 жылдың маусымынан шығады

90

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Бағасы келісімді

e-mail:Jetisu2002@mail.ru


Сейсенбі, 27 мамыр, 2008 жыл

№59 (17041)

Сәт сапар сағаң, жас түлек!

Облысымыздың барша мектептерінде «Соңғы қоңырау» қимастықпен соғылды





Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАЛАҚОВ.

26-мамырда еліміздің барлық мектептерінде сыңғырлап соңғы қоңырау соғылды. «Тарыдай болып кіресің, таудай болып шығасың». Күні кеше ғана мектеп табалдырығын аттаған жас жеткіншектер, бүгін алтын ұя мектебінен түлеп ұшып, үлкен өмірге қанат қаққалы отыр. Орта мектепті аяқтап, көмелеттік аттестат алудың шешуші сәтінде тұр. Мектеп бітіруші түлектердің көңілін қуаныш кернейді. Екінші жағынан, аялаған алтын ұя мектебіне, ондағы аяулы ұстаздарына деген қимастық бар. Қалай дегенде де бұл күннің – үлкен өмірге қадам басар, ақ жолға бастайтын сәтіндегі салтанат шырайы ерекше бөлек.

Қаскелең қаласындағы Абай атындағы орта мектептің түлектері де осындай қуанышты сәтте болды. Мектептің соңғы қоңырау салтанатына облыс әкімі Серік ҮМБЕТОВ арнайы келіп қатысты.

ЕЛБАСЫНЫҢ СЫНЫПТАСТАРЫ

соңғы қоңырауға қатысты

Бөлат МӘЖИТ

Абай атындағы мектеп-гимназиясының шежіре, тарихында небір жарқын тараулар аз емес екен. Бұл мектептің іргетасы ең алғаш 1938 жылы қаланған. Оның алғашқы ғимараты қазір Қаскелең аудандық тарихи-өлкетану мұражайы. 1945 жылы Абайдың 100 жылдық мерейтойына байланысты мектепке ұлы ақынның есімі берілді. Биыл, міне, осынау білім ордасының қаланғанына 70 жыл толып отыр. Мектеп 70 рет өз түлектерін үлкен өмірге қанат қақтырды. Мектеп табалдырығынан еліне еңбегі сіңген небір қайраткер азаматтар түлеп ұшты. Олардың ішіндегі ең бастысы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың осы оқу орнында шәкірт болып білім алғандығы. Еліміздің тұңғыш Президентінің талімі әрбір балаға үлгі екені сөзсіз. Ол кісі сабақты қалай оқыды, оқушы кезінде өзін қалай ұстады, қандай белсенділіктер көрсетті – бәрі, бәрі үйренетін, қызығатын өнегелер.

Сондықтан «біз Елбасы оқыған мектепті бітірдік» деген сөздің өзі олар үшін үлкен мәртебеге айналған. Мұның өзі тек мақтаныш сезімдерін ғана туғызып қоймайды, түлектерге де, оқушыларға да үлкен міндеттер жүктейді.

Әлемдегі бәсекеге қабілетті, дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін қыруар жұмыстар атқарылып жатыр. Оның ақиқатқа айналатын кезі де алыс емес. Ол үшін жаңа технологиялар өмірімізге дендеп енуі қажет. Оны жүзеге асыратын кім? Әрине, білімді де білікті кадрлар. Соңғы қоңырау салтанатында Серік Әбікенұлы жастарға ақ жол тіледі. Ой толғаныстарын ақтара отырып сөзін сабақтады:

– Құрметті мектеп бітіруші түлектер, ұстаздар, ата-аналар! Бүгін сіздер үшін ең қуанышты, ең бақытты күн. Ата-ананың ең бірінші қуанышы сәбиінің дүниеге келуі. Екінші қуанышы – баласының мектеп табалдырығын аттауы. Үшінші қуанышы – міне, бүгінгі баласының мектеп бітірген күні. Төртінші қуаныш – жоғары оқу орнына түсіп, ел, жері үшін аянбай еңбек ететін асыл азамат болуы. Міне, бұл әрбір ата-ананың тілегі. Бұл мектепте Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев білім алып, үлкен өмірге қанат қақты. Жыл өткен сайын еліміздің экономикасы өркендеп, халықтың әл-ауқаты жақсарып келеді. Мұның бәрі Президентіміздің сарабдал саясатының жемісі. Сол кісіге әр уақытта рахмет айтуымыз керек.

– Биыл облыс бойынша 16044 бала мектеп бітіргелі отыр. Соның 89 пайызы Ұлттық тестілеуден өтеді. 374 бала «Алтын белгіге», 190 бала үздік аттестатқа ұмтылған. Сіздердің мектептеріңізден 48 баланың 8-і «Алтын белгіге» талпынбақ екен. Мұның өзі қуанарлық жайт. Елбасымыз оқыған мектептің оқушылары нашар оқуға тиісті емес деп ойлаймын. Сіздерге ақ жол, үлкен өмірде өз жолдарыңды тауып, білімді де білікті маман атануларыңа шын жүректен тілектеспін, – деді Серік Әбікенұлы.

Соңғы қоңырау салтанатының бұл жолғы ерекшеліктерінің бірі – оған осыдан елу жыл бұрын бітіргендердің қатысуы болды. Аға ұрпақтың өкілдері кешегі өздері оқыған сыныптарды аралап, балалық шақтарына саяхат жасады. Ол кездегі балалардың өмірге, білім алуға деген құштарлықтарының өте жоғары болғанын әңгімеледі. Олар арқашан Президенттің сыныптастарымыз деп мақтайып жүреді.

– Бүгінгі күн тарихи күн. Қара шаңырақта 70 жыл толып отыр. Осыдан 50 жыл бұрын мамырдың 24-де 42 шәкірт мектеп табалдырығынан түлеп ұштық. Соның отызы міне, арамызда тұр. Біздің түлектердің басқа түлектерге қарағандағы айырмашылығы, – арамыздан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың шығуы. Бұл біз үшін үлкен мәртебе. «Елу жылда ел жаңа» дейді. Қазір еліміз адам танымастай өзгерді. Тәуелсіз ел болдық. Бізді әлем танып жатыр. Осының барлығы біздің сыныптасымыз, Елбасының арқасы екендігі бізді қатты қуантады, – деді мектептің 1958 жылғы түлегі Сайлаубек Қыдыралиев ағa тебіреніске жасыра алмай.

Қазақстан халқы қазір Астананың 10 жылдық мерейтойына дайындалып жатыр. Арқа жерінде жаңа астананың бой көтергені және оның ең сәсін тік көтеріп, әлемге танылып жарқырағаны сүйінетін де, қызығатын да тарихи оқиға. Түлектердің осы үлкен тойдың қарсаңында мектеп бітіргендері, әрине, жақсы ырым. Біз де әрбір түлектің жолы оң болып, тойлары тойға ұласа берсін деген тілектерге іштей қосылдық.

Салтанатты жиында ардагер-ұстаз Сейітхан Исаев, Тұңғыш Елбасы қорының директоры Бектас Мұхамеджановтар сөз сөйлеп, қуаныштарымен бөлісті.

Салтанат соңы мәдени шараға жалғасты. Әсем әнге, күмбірлеген күйге ұласты. Ұстаздарына құшақ-құшақ гүл шоқтарын ұсынып жатты. Алдарында толған мақсат, толған таңдау. Енді олар бүгіннен басталатын болашақтың үлкен жолына түседі.

ҚАСКЕЛЕҢ ҚАЛАСЫ.

БИЫЛҒЫ ТҮЛЕКТЕР – АСТАНАНЫҢ ҚҰРДАСЫ

Алма ЕСЕНБАЕВА

Міне, тағы бір оқу жылы аяқталып. «Соңғы қоңырау» үні қимастықпен соғылар уақыт жетті. Осыған сәй келе еліміздің барша мектептерінде оқу жылының аяқталу салтанаты аталып өтіп, мектеп бітіруші түлектер үлкен өмір жолына қадам басты.

АСТАНА

Талдықорған қаласындағы №4 орта мектепте өткен дәстүрлі мереке – Астана қаласының оныңдығымен байланыстырылды. Оның өзіндік себебі бар. Биылғы жылы мектеп бітіріп отырған түлектер Астанамен құрдас. Елордамыз Астана болып жарияланғанда, олар да мектеп табалдырығын жаңа аттаған кіп-кішкентай бүлдіршіндер еді. Енді міне, аттай он жылды артқа тастап, арман қуып Астанаға аттанар жасқа жетіп, егемен еліміздің жарқын тұлғаларына айналды.

Болашағынан мол үміт күттірген жастарға, бір жылын артқа қалдырып, есейе түскен мектеп оқушыларына арнап Талдықорған қаласының әкімі Сәкен Жылқайдаров құттықтау сөз айтып, оларды еліміздің мақтанышына айналар азаматтар болып, жақсы оқып, білім алуға шақырды. Сондай-ақ, мектеп бітіруші жастардың алдағы жолына сәттілік тіледі.

Бүгінде 1572 оқушы тәрбие алатын білім шаңырағынан 62 түлек қанат қақпалы отыр. Оның ішінде Ұлттық бірыңғай тестілеуге 56 бала қатысады. Мектептің білім сапасы 51 пайызды құрап, 179 оқушы үздік білім нәтижесін көрсетуде. Ерекше аттестатқа ұмтылар 15 түлек бар. Жас ұрпаққа білім беруде өзіндік қалыптастырған жолы бар №4 орта мектептің директоры Гауһар Елубаева «Соңғы қоңырау» салтанатында сөз алып, білім шаңырағының бір жылдық жетістіктеріне тоқталып өтті.

– Биылғы оқу жылы біз үшін сәтті әрі табысты өтті десек болады. Ұстаздарымыз да, оқушыларымыз да өз мүмкіндіктерін көрсетіп, түрлі білім сайыстарында жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтар болсақ, мектебіміз қалалық пәнаралық сайыстарда 14, облыстық олимпиадада 3 жүлделі орынды иеленді. Дарынды шәкірттеріміз – Зименко Полина мен Ким Александр республикалық олимпиададан жүлделі оралды.

Кіші ғылым академиясынан 2 оқушымыз жүлделі орын неленсе, Байқоңыр қаласында өткен Республикалық «Дарын» орталығы байқауынан Жақанова Мақпал дипломмен оралды. Республикалық интеллектуалдық ойынға қатысқан оқушылардың 55-і, математикалық білім сайысында 10 шәкірт жүлделі орынға қол жеткізді.

Ұстаздарымыздың жеткен жетістіктері де айтарлықтай. Қалалық «Үздік сынып жетекшісі» атағы Ким Натальяға берілсе, «Жыл мұғалімі – 2008» байқауында 3-ші орынды орыс тілі пәнінің мұғалімі Роза Егінбаева жеңіп алды. «ҚР ғылыми жобаның үздік жетекшісі» атағы Александр Зименкоға берілді.

Биылғы мектеп бітіруші түлектерімізділ өміріндегі тарихи жағдай – олардың білім шаңырағынан түлеп ұшар шағы еліміз астанасының он жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келуі. Сондықтан барша түлекке елордамыз Астанадай биіктей, аскақтай берідлер, алдағы жолдарыңды тек сәттіліктер күтіп тұрсын деген тілек жолдағым келеді, – деді.

Осыдан соң мектептегі салтанатты шара дәстүрге сай жалғасын тапты. Төменгі сынып оқушылары жас түлектерге арнап, өлең-жырларын оқып, естелікке сағынғанда мектепті еске түсірер қоңырауша сыйласа, мектеп бітірушілер алтын ұясын өздерінен кейінгі жас буынға табыстады. Екінші үйіндей болған мектебіне, он бір жыл білім берген ұстаздарына алғысын айтуды да ұмыт қалдырмады.

Алғаш әліппе таныткан мұғалімі Ирина Цыганок, 11-сыныптың жетекшілері – Зульфия Саурамбекова мен Роза Егінбаева қимастық толы көңілмен қанат қақпалы отырған шәкірттеріне сәтті жол тіледі. Ата-аналар да өз кезегінде балаларына білім берген ұстаздарына мың мәрте алғысын жаудырды.

Салтанатты шара соңында мектеп бітіруші түлектер соңғы мектеп вальсін биледі. Ал «Соңғы қоңырау» соғу құрметі 11-сынып оқушысы Аслан Жаксыбеков пен 1-сынып оқушысы Ким Алинаға берілді. Осылайша тағы бір оқу жылын артқа тастаған оқушылар қоңілді жазғы демалысқа шықса, ал мектеп бітіруші түлектер жаңа өмір жолына қадам басты.

Шәкірттерін шығарып салды

Соңғы қоңырау. Алда көңілді каникул. Ал жас түлекті келешекте нағыз сын сағаты күтіп тұр. Бойдағы қимастық сезіммен қатар, алдағы өмір де алыстан қол бұлғап, балауса жасты қызықтырып тұрғаны да шындық.

Кеше соңғы қоңырау сыңғыры Еңбекшіқазақ ауданының 81 мектебінде аспанға әуелеп, қырық мыңға жуық оқушының ойы сансаланы шарлаған қуанышқа бөледі. Биыл мектепті 2462 оқушы тамамдаса, олардың 1180-і ҰБТ сынағын тапсырады.

«Талапкер» бағдарламасы бойынша «Алтын белгіге» 39 оқушы, үздік аттестатқа 34, үздік күәлікке 140 үміткер танылып, оларға қосымша дайындық сабақтары жүргізілуде. Осыған орай өткен жылғыға қарағанда биылғы сынақ тестілеу нәтижесі жоғары болады деген болжам бар.

Бүгінгі күн әсіресе, түлектер үшін ұмытылмайтын, есте қалатын күн. Ол бір жыл бойы бірге оқыған құрбы-құрдастарымен, қимас ұстаздарымен қоштасатын кез. Аудандағы айтулы дәстүр жоғары дәрежеде өтіп, көңілдер толқыды... Сәт сапар саған, жас түлек!

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.



Алматы облыстық сотында 30 мамыр 2008 жылы сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін «Ашық есік күні» өткізіледі.

Азаматтардың сұрақтарына Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі алқа төрағасының міндетін атқарушы С. Қарымсаков және осы алқаның судьялары өз салалары бойынша түсініктеме береді. Ашық есік күні қылмыстық істерді қарау мәселелері бойынша өтеді.

РЕСМИ хабарлар

Елге өндіріс қалдықтарын кіргізуге тыйым салу керек

Қазақстанда елге өндіріс және тұтыну қалдықтарын кіргізуге толығымен тыйым салу мәселесі заң бойынша реттеледі. Бұл туралы Ақмола облысындағы мәслихат депутаттарымен кездесу барысында Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі Нұрлан Ысқақов мәлім етті.

"Бізден елімізге қайта өңдеу үшін қалдықтар әкеліне ме деген сауал маған және бізден министрлікке көп қойылды. Мен бүгін осы сауалға жауап бересем деп едім: бізден елімізге өңдеу үшін де, көму үшін де ешқандай қалдық әкелінбейді", – деді Н. Ысқақов.

Бұл ретте ол президент тапсырмасымен министрлік Қазақстанға әкелінген, лас экологиялық технологияларды енгізуге толығымен тыйым салу жөніндегі Экологиялық кодекске өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөніндегі заң жобасын дайындаған.

"Сонымен қатар, Семей полигонының конденсаторлар мен трансформаторларды қайта өңдеуге жіберу мәселесі қарастырылу үстінде", – деп хабарлады табиғат қорғау мекемесінің басшысы. Ол алғашқы партия Қарағанды облысында орналасқан "Дарыял-У" полигонынан 1000 қаупті конденсатор Германия Федеративті Республикасының Бремен қаласына жөнелтілгенін және жобаның ескі салды. "Биыл ол жаққа өңдеу үшін 25 мың конденсаторды жөнелтсек пе деген ойымыз бар", – деген ақпарат ұсынды Н. Ысқақов.

Жетісу жерінде

«Мамандық таңдау» акциясы

Аумақтық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ұйымдастырған жұмыссыздыққа қарсы іс-шаралар аптасының Абай аймағында мектеп-гимназия залында өткен мектептері түлектерінің басын қосқан «Мамандық таңдау» акциясымен басталды.

Акцияны Сарқан гуманитарлық колледжі директорының орынбасары Мұхлиза Қожанова жүргізіп, кәсіпке оқуға жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Оралбек Тергебаев алды. Акцияның мақсатының кешегі тоқталған Оралбек Шабденұлы дербес өмірге қадам басқалы тұрған жастарды Президентіміздің Қазақстан халқына Жолдауының гуманайтын міндеттерге сай азамат болып қалыптасуы үшін өмірден өз жолдарын табуға шақырды.

Акцияда, сондай-ақ, Сарқан қаласындағы 14-кәсіптік мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д. Урмашова, Санкт-Петербург университеті Алматы филиалы директорының орынбасары Л. Седловская, Талдықорған кәсіптік мектебінің өкілі Р. Чофучина сөз алып, атқарған оқу орындарының өзіндік ерекшеліктеріне, жетістіктеріне кеңінен тоқталды.

Мамандық таңдау акциясына аудандық ішкі саясат бөлімінің бастығы Мұрат Түсіпов қатысып, өз пікірін ортаға салды.

Жомарт ИГІМАЛ.

САРҚАН АУДАНЫ.

Кітапханашылар саяхаттап қайтты

Осыдан бірер күн бұрын Іле ауданы кітапханасының директоры М. Жабинаның басшылығымен ауданның барлық елді мекендерінде халыққа қалтқысыз қызмет етіп жатқан кітапханашылар Жамбыл және Қарасай аудандарында саяхаттап қайтты. Олар ең алдымен Жамбыл ауданының ортасында Ұзынағаш ауылындағы аудандық кітапханада болды. Бұдан соң қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың мұражайына келді. Мұражайдағы жәдігерлермен жан-жақты танысқан соң Жәкеннің және дәулескер күйші, Халық қаһарманы Нұрпеіс Тіленшиевтің басына барып тәу етті.

Ілияс ЖҰНІС

Түстен кейін сапар Қаскелең қаласында одан әрі жалғасын тапты. Қаладағы орталық кітапхананың жұмысымен егжей-тегжейлі танысқан соң осы қаладағы өзіндік тарихы бар мәдениет колледжіне келді. Бір айта кетерлігі, бір кездері бұл оқу орнын бүтінде Іле аданындағы кітапханаларда жұмыс істеп жүрген бірақ мамандар бітірсе керек. Олардың арасында осыдан қырық жыл бұрын білім алған, қазір Боралдай кентіндегі кітапхана қызметкері Нина Слесарева және аудандық кітапхананың директоры Мейрамгүл Түйебайқызының өзі де бар.

Колледждің акт залында осы оқу орнын бітіруші ілеліктік кітапханашылармен шағын кездесу болып өтті. Кездесу барысында М. Жабинева бұл оқу орнын бітіргеннен кейінгі жердегі еңбек жолы жөнінде баяндап берді. Сондай-ақ, колледж студенттерінің залдан қойылған сұрақтарына тұшымды жауаптар қайтарылды.

Кездесу соңы колледж студенттерінің ән шашуына ұласты.

ІЛЕ АУДАНЫ.

МӘДЕНИ КҮНДЕР АЯСЫНДА

ЖАЗИРАЛЫ ӨЛКЕ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

талдықорғандықтарға жылы әсер қалдырды



Облыс әкімі Серік Үмбетовтің бастамасымен жыл сайын өтіп келе жатқан қала мен аудандардың мәдени күндері биыл үшінші жыл жалғасын тауып отыр. Бұл шараны Талдықорған жұрты да асыға күтеді. Себебі ауыл – қазақтың алтын бесігі десек, сол ауылдағы қайнағы бұзылмаған қазақи болмысымыздың барлығынан хабар беретін көрмелер үйымдастырылып, өнер кешіне айналған ел ішінен шыққан әнші, биші, жыршыларымыздың ғаламат өнері әр жұма сайын қала тұрғындары мен қонақтарын таңдай қақтырады. Осындай сәні мен салтанатты жарасқан дәстүрлі шара өткен жұмада Панфилов ауданының мәдени күндерімен жалғасын тапты. Әрине, Елордамыз – Астана қаласының 10 жылдық мерейтойы мен аталмыш ауданның 80 жылдығына арналған ізгі шарага аудан азаматтарының жақсы дайындықпен келгендігін көруге болады.

Қажет АҢДАС

Бүгінгі Панфиловта 46 ұлт пен ұлыстың өкілінен тұратын 120 мыңға жуық халық бар. Олар 13 ауылдық, 1 қалалық округке бөлінген. "Ынтымақ түбі – ырыс" демекші, аудан жұртының есепті еңбегінің нәтижесінде экономикасы өркендеп, халықтың әл-ауқаты күннен күнге жақсарып келеді. Ауданда 27 Мәдениет үйі мен ауылдық клуб, 25 кітапхана, бір мұражай халыққа мәдени қызмет көрсетсе, өнерлі жасөспірімдерге тәлім-тәрбие беруге бағытталған 2 өнер мектебі және "Әбілхан Қастеев галереясы" жұмыс істейді. "Жаркент әуендері" эн-би ансамблі мен "Пәруаз", "Шатлық" үйғыр халықтық фольклорлық ансамблі, "Айқабақ" әжелер ансамблі "Халықтық" деген атақ алған. Сонымен қатар, "Арқас-Ынтымақ" қоғамдық қоры да әр ұлт өкілдерінің танымдық-тағылымдық істерін атқаруда белсенділік көрсетіп келеді. Осы елді мекенде "Жаркент мешіті" көркемсурет мұражайы мен жеті жүз жылдық тарихы бар, жергілікті халық "Әулиеағаш" атап кеткен киелі дарақ, Желтоқсан құрбандары Ербол мен Лаззатқа арналған ескерткіш елдігіміздің мәңгілік естелігі болып тұра беретіндігі анық. "Қорғас" халықаралық сауда ынтымақтастық орталығының іске қосылуы, Алматы-Қорғас тас жолы мен Жетіген-Қорғас темір-жолы, газ құбырының тартылуы бұл өлкенің қарыштап дамуына зор мүмкіндік береді.

Жерінен сегіз өзен ағып өтетін, сегіз арасан кайнап шығып жатқан берекесінен шығар, бұл өлкеден қазақтың тарихынан жарқырап орын алған, ел аузынан тастамай айтатын ерлер де көп туылды. Арыға бармағанның өзінде, қызыр дарып, кіне қонған қасиетті өлкеден Кенес одағының сегіз батыры, тоғыз дарабоз Социалистік Еңбек ері шықты. Ал "Дала академигі" Н. Головацкий бұл атаққа екі мәрте ие болған.

Бұл ауданнан шыққан, өнер, ғылым, мәдениет, әдебиет саласында жұлдыздай жарқырап, барша қазақтың мақтанышына айналған дарабоздар қаншама. Солардың көшбасында қазақ бейнелеу өнерінің негізін салған, 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен Әбілхан Қастеев пен "Жетісудың бүлбұлы" атанған Дәнеш Рақышев тұр.

(Соңы. 2-бетте).

2
№59 (17041) Сейсенбі, 27 мамыр, 2008 жыл
Жетісу
e-mail:Jetisu2002@mail.ru

ЖАЗИРАЛЫ ӨЛКЕ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

(Соңы. Басы 1-бетте.)

Кешегі Желтоқсан төңкерісінде ел намысын қорғап, жас болса да жанын шүберекке түйген жаңаөзендіктердің ерлік дәстүрінің жалғасы Ерболға Сылтанов пен Ләззат Асанова және Қуаныш Сұлтанов сынды азаматтардың ерліктерін жастарға үлгі қылу, елінің тарихын сондай жүрген Бексұлтан Нұржекеев, Хасенхан Талғыров, Рахметхан Нұрмейітов, Дәулет Хасенов, ұйғыр халық жазушыларын Ә. Сәмәди, Х. Хамраев, Т. Тохтахов, Ж. Боевков сынды біретін тұлғалармен де мақтана алады.

Облыс орталығына жол алған топ ең алдымен Дінеш Рақышева тұратын үйдің, ата әруағына арнап құран оқып, гүл шоқтарын қойды.

Шығыстан аткан шәйрілы күнмен жарыса оянған Панфилов ауданының ақын-жазушылары Дінеш апамыздың тағзым еткен соң ат басын бірден Талдықорған қаласындағы облыстық С. Сейфуллин атындағы зәйбегі кітапханасына тіреді. Мұнда аудандық кітапхана ұжымының ұйымдастыруымен Қален Тәжібаевтің немересі Қымбатпен оқырмандармен кездесуі болды. Қален ата 1928 жылы туған. Әкесі Тәжібай керемет әнші болмаса да домбыра шертіп, бір-екі ауыл өлең айтатын. Әке-шешесінен жастай айырылып қалған болашақ ақын өмір жолын ауыл шаруашылығы инженері болып бастайды. Алайда, өндіріс орнында жүрсе де бойында бар қасиетінен ажырап қалғысы келмей жиын-тойларда өлең айта жүріп, "Ешпен кеш жақсы" дегендей, 1986 жылдан бастап айтыс сахналарына шыға бастайды. Әнерге кеш келсе де Қытай, Түркия, Монголия елдерінен бас жүлдені жеңіп алып, жұмыс істейтін қара шаңырақтың бес мына жұмыс оқырманы бар. Олар аудан орталығындағы 3 колледж бен 10 мектеп оқушыларын керекті материалдармен қамтамасыз етіп келеді.

Кітап көрмесінде Жаркент жерінің тарихымен және қаламгерлер еңбегімен танысқан алқалы топ қазақ баспасөзі қара шаңырағының бірі саналатын, тоқсаныншылық мерейтойын өткізуге дайындалып жатқан облыстық "Жетісу" газеті орналасқан ғимаратқа бағыт алды.

Газет ұжымымен кездесуді Панфилов аудандық мәслихатының хатшысы, "Нұр Отан" ХДП аудандық филиалының төрағасы Тілеуберген Оспанов жүргізіп, "Жетісу" газеті ұжымын 90 жылдық мерейтойымен құттықтаған соң кездесудің мән-маңызына тоқталды.



Сосын кездесуге келген аудан азаматтарын таныстырды. Олардың қатарында ақын Қален Тәжібаев, Жаркент мешітінің бас имамы Шәріпхан қажы, "Қазақ тілі" қоғамының төрағасы Исламғали Піскенбаев, аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы Марат Илипов, ақын Құсайын Құдайберді, "Жаркент өңірі" газетінің бас редакторы Бағдат Айтмұхаева, аудандық ішкі саясат бөлімінің бастығы Роза Азаматқызы және "Жетісу" газетінің сол өңірдегі меншікті тілшісі Мырзагали Нұрсейіт болды. Қонақтар өз кезегінде "Жетісу" газетіне деген аудан халқының мұстық ықыласын білдіріп, тартымды ойларымен бөлісті.

Шәріпхан қажы сөз кезегінде, Мекке қаласындағы қажылық сапары барысында, сол қалада тұратын қазақ бауырларымыздың тілегі бойынша, "Жетісу" газетін апарып бергенін, олар оны бағалы сыйлық ретінде қуана қабылдағанын айтып өтті. Газет ұжымы: "Бұлдың үнімі Меккеге де жеткен екен", – деп қуанып қалды.

Марат Илипов:

–Біз сапарға шыксақ сіздердің газетті де ала жүреміз. Өйткені аталмыш басылым қоғамдық-саяси деңгейінемен, онда тарихи тұлғалар жөнінде тартымды мақалалар берілумен бірге әдебиет, мәдениет, жастар тәрбиесі жөнінде көп нәрселерді көруге болады, – деген ойын білдірді. Ақын Құдайберді Құсайын "Бестөбе" атты жаңа өлеңін оқыды.

Бұл кездесуге газет ұжымы өте ұрға болды. Газеттің бас редакторы Жақыпжан Нұрғожаев қонақтарға рахмет айта келіп, газетіміздің сол өңірдің тыныс-тіршілігі мен жаңалығын жатудан, жария етуден жалықпайтынын жеткізді. Ақын, бас редактордың бірінші орынбасары Әмірен Әрін Жаркент өңірінен шыққан бірнеше туар дарындарға арнап жазған жыр жолдарын оқыды.

"Жетісу" газеті мен Жаркент өңірінің терең тамырластығы бар. Себебі, сол өңірдегі халықтың ғұмыр-тіршілігі, барлық жақсы істері мен жаңалығы осы аталмыш газет арқылы жалпақ жұртқа тарап жатады. Газеттің 90 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған "Аудан оқырмандарымен кездесудің" бірінші рет Жаркент шаһарынан басталғаны тегін болмаса керек. Ал аудандардың мәдени күндері өткен сайын Жаркент өңірінің ақын-жазушылары газет ұжымымен кездесуді дәстүрге де айналдырып үлгерді.

"Жетісу" газетінде өткен кездесуден кейін аудан делегациясы облыс әкімінің көркемсурет галереясында және Мұхаметжан Тынышпаев атындағы тарихи өлкетану мұражайында кездесулер өткізді. Түс ауа облыс әкімі Серік Үмбетовтің қабылдауында болды. Қонақтарды жылы жүзбен қабылдаған облыс басшысы өз сөзінде:

– Үш жылдан бері дәстүрге айналған бұл шараның бәрімізге берері мол. Мұндай жүздесудің ерекшелігі – өздеріңіздей аудан азаматтарымен бас қосып қана қоймай, облыста атқарылып жатқан жұмыстармен қатар ауданның жағдайын да толықтай білуге болады. Сондықтан мұндай кездесу бәріміз үшін өте қажет, – деп атап көрсетті.

Сосын осылай бастаған Серік Әбікенұлы экономикамыздың өсіп, әлеуметтік жағдайымыздың қалыпты деңгейде дамып келе жатқанын жеткізді. Сонымен қатар, облысқа атқарылып жатқан жұмыстардың барысына тоқталып өтті. Атап айтсақ, облыс орталығынан бағыты жылы жол құрылысы қарқын алып отыр. Яғни, Жетіген-Көрғас теміржолы, Алматы-Көрғас тас жолы құрылысы басталды, бірден сырт Алматы-Шелгекті аралығына 8 қатарлы, Шелгекті-Талдықорған бағытына 4 қатарлы тас жол түседі. Бұл облыс және аудан экономикасын дамытуға серпін беретін игілікті істер.

Облыс әкімінен кейін сөз кезегін алған Панфилов ауданының әкімі Ермек Келемсейіт жыл өткен сайын ел ешкесі көтеріліп келе жатқанын сөз етті. Ауыл ақсақалдары мен мектеп оқушыларының да тілегіне орын берілді. Сөз соңында Ермек Әбілмәжінұлы облыс әкіміне Жаркент өңірінен бірнеше тұрғындары атынан естелік сыйлық табыс етті.



Аудан азаматтарын қабылдаған соң облыс әкімі Қытай елінен келген делегациямен бірге Панфилов ауданы өнеркәсібінің мерекелік бағдарламасын тамашалады. Шетелдік қонақтар облыс басшысымен бірге славян, ұйғыр халықтарының салт-дәстүрі, ғұрып-әдеттерімен танысқан соң ұлттық тағамдардан ауыз тиді. Қазақ жерінің бүгінгі мәдени өмірімен танысу мүмкіндігіне не болған қонақтар қуанышында шек жоқ еді.

Жаркенттіктердің мерекелік бағдарламасын аудан әкімі құттықтау сөзімен ашты. Сосын концерттік бағдарлама басталды. Үрмелі аспаптар оркестрінің сүйемелдеуінде өткен хор жанашаң қауымға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Орталық алаңда құрылған сахна төрінде шығып өнер көрсету мүмкіндігіне не болғандар қатарында "Айқабақ" әжелер ансамблі, "Шаттық" ұйғыр ұлттық этнографиялық ансамблі, "Шаһзада", "Сымбат", "Айжан қыз" би топтары болды.

Мерекелік концерттің соңы жастарға арналған би кешіне ұласып, от – шашумен аяқталды.

БЕСТӨБЕ

Әрлеңге шыққан шәтей кен,
Бестөбе жанға бетке кен.
Жұрнейлі мұнда ұлымдық–
Жұлынды қияр жетпейді ок.
Құшаққа қысып бір күйді,
Тыныштық қана мүлгіді.
Таңсәбай тәнімы тұрсынын,
Бел баубар бұлттар сырғиды.
Білінбей қонып, ұшқаны,
Үркімлеп үйін құс тағы.
Кетелі бей-жай тіршілік,
Көңілдер жердің түпінде.
Шіркіліп суар шығармай,
Байланып бетке тұмардай.
Бөрсіндай бермес борсық та,
Ішіне алыс шыға алмай.

Иледей ілкім ілінбей,
Жүрісі жұрдек білінбей.
Жүйткіді жасыл жылан да,
Шара ашан салған бөлдей.
Көк шөбі тұнған көгеріп,
Жорғалы жонда көп елік.
Бестөбе маңы, бауырлы,
Бабаның қалған теберік.
Әрлеңге шыққан шәтей кен,
Бестөбе жанға бетке кен.
Жұрнейлі мұнда ұлымдық,
Жұлынды қияр жетпейді ок.

Құсайын ҚҰДАЙБЕРГЕН.

ЖҰМЫР ЖЕР

Зілзала зардабы



Қытайдағы бұл жолғы жер сілкінісі салдарынан 70 мың үй қирапты. Ал енді құрбан болғандардың саны 80 мыңнан асады. Бір қызығы, зілзала тыныш табар емес. Жексенбі күні тағы да өзінің оқыс мінезін танытып қойды. Бір адам қаза тапқан.

Жалпы осы табиғат апаты кезінде 260 адам жарақаттанған, бұлардың 24-нің жағдайы тіпті мүшкіл. Зілзаланың күші 5,8 балл құрған екен. Ал енді Қытайдағы агенттік жер сілкінісінің күші 6,4 балл деп хабарлап отыр.

Сол 5,8 балдық зілзала 12 мамыр күні 60 мың адамның өмірін қиып кеткен. Қытай әскері 12 мамыр күнгі зілзала салдарынан өзекке пайда болған тосқауылды жарып, жаңа салуды ойластырып отыр. Өйтпесе су ернеуінен асып, тағы да халыққа жаңа нәубәтші әбден мүмкін. Бұл үшін сол маңдағы тұрғындарды уақытша болса да көшіре аудару қажет. Зілзала салдарынан Қытайда өзендердің осындай буылып қалуы көбейіп, 69 су плотинасы іске жарамсыз болып қалған.

Герцогтың үй-жайы сатылды




Герцог Йорский ханзада Эндрюдің байлығы жетерлік. Ол өзінің Аскот маңындағы тұрғын жерін қазақстандық 29 жасар бизнесмен Кенес Ракышевке сатты. Сондағы бұқаралық ақпарат құралдарының жалпына қарағанда, герцог өзінің үй-жайын 15 миллион фунт стерлингке өткізген екен. Әлепкек ханзада Эндрюдің бұл сататын дүниесінің бағасы 12 млн. фунт болып бағаланған көрінеді.

Бірқатар бұқаралық ақпарат құралдары ханзада Эндрюді сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар деп күдік-жорамал айтқан. Корольдік отбасының мүшесі Ұлыбританияның халықаралық сауда және инвестиция жөніндегі арнайы өкілі болып табылады. Осы қызметінде басқа шауналармен қатар, Қазақстанмен арадағы экономикалық байланысты да нығайтуға атсалысып келіпті.

Ханзада Эндрюдің басқасөз қызметі әлгіндей қауесетке байланысты жексенбі күні: «Сәнинғхилл-Парк тұрғынжайы сатушыға көрсетілетін өзге де қызметтер үшін жеғары бағамен сауданып отыр деген хабар шындыққа ешқандай жанаспайды» деген мәлімдеме жасады. Бұл тұрғынжай королева Елизавета II-ге 1986 жылы Эндрю мен Сара Фергюссон үйленгенде сыйға берілінті. Содан 2003 жылы бұл тұрғынжай сауда қойылған. Оның құрамындағы үлкен үйде 12 жатын бөлме бар көрінеді. Ал бұл жолы сауда жөніндегі келісім 2008 жылы мамыр айының ортасында жасалыныпты. Сатып алушы сол жақта тіркелген бір компания екен. Мамыр айының соңында аталмыш компанияның Рақышевтің мүддесіне жұмыс істейтіндігі белгілі болыпты.

Ингушетиядағы дауыл



Ингушетияның 200 мың-ға жуық тұрғыны (жексенбі күні сайлаушылар тізіміне енгізілгендердің саны осылай) электр қуатынсыз қалыпты. Дауылмен қоса бұршақ жауған. Желдің шапшаңдығы секундіне 30 метрге жетіпті. Министрліктің хабарлауына қарағанда, бұл дауыл едәуір материалдық шығын келтірген. Солай бола тұрса да, қаза тапқандар мен жара шеккендер туралы мәлімет түспеген.

Дауылдан Назран ауданының тұрғындары өте-мөте көп жапа шегіпті. Мұндағы бірқатар жеке үйлер зақымданған.

Құрметті Байкер



АҚШ-тың президенті Джордж Буш байкерлер ұйымының құрметті мүшесі болып қабылданды. Соғыс және әскери тұтқындар ардагерлерінің құқығы жолындағы күрестің бір топ белсенді мотоциклшілері Бушпен ақ үйде жолыққан екен. Байкерлер жаңа құрметті мүшеге тері жилет пен кеуде белгісін тапсырған.

АҚШ-тың президенті байкерлермен бұған дейін де әлденеше рет жүздескен. Алайда, ұйымға мүше болып ене алмаған еді. Бұл жолы реті келіпті.

Эверест шыңына шыққан қарт




Непальдық альпинист Эверестке көтерілген бұған дейінгі альпинистердің ішіндегі ең жасы үлкені болып шықты. Ол 25 мамыр күні әлемдегі биік таудың шыңына көтерілді. Оның көңіл-күйі жаман емес.

Сәйтіп Мин Бахадур Шерхан 2007 жылы 71 жасар жапондық кол жеткізген рекордты жаңартты. Солай бола тұрса да, өткен аптада 48 жасар бір азамат Эверестке 18-ші рет көтерілді. Сәйтіп ол бұған дейін өзі жасаған әлемдік рекордты өзгертті.

Барлығы Эверестке бұған дейін альпинистер 3 мың рет шыққан екен. Ал тұңғыш рет 1953 жылы оның шыңына жаңа зеландиялық Эдмунд Хиллари мен шерп Тенцинг Норгей көтерілген еді. Эверестің биіктігі 8848 метр құрайды.

Марстан берілген сурет



Американдық ғарыштық аппарат жерге Марстың беті бейнеленген бірінші фотосуретті жіберді. Ғарыштық аппарат Марстың солтүстік бөлігіне қонған екен. Ол қонар уақытында бірқатар техникалық проблемалар туындапты. Оның бәрі сәтімен жөнін талқан. Сәйтіп, белгіленген мерзімінен Марска 15 минөт бұрын қонған.

Аппарат радио белгі бергеннен кейін жермен екі арадағы байланыс 2 сағатқа үзіліп қалған. Бұл кезеңде күн батареясы іске қосылыпты. Ал енді жерге алғашқы фотосуреттің жіберілуі оңдағы жұйенің оңды жұмыс істеп тұрғандығын аңғартады.

Аталмыш аппарат Марстың үстінде 3 ай болады. Осы уақыттың ішінде топырақты алып, құрамын зерттейді. Сонымен қатар жерге атмосфера және метеоқұбылыстар туралы мәліметтер жіберіп тұрады. Марстың беткі қабатының стереофотографиясын дайындайды.

■ ЗАҢ ЖОЛДАРЫ

ДАУ ШЕШІМІ – ДҰРЫС ҚҰЖАТ

Жерге қатысты меншіктік құқық енгізілгелі бері ол талай даулардың салдары да болуда. Жеке адамдар арасында, сол сияқты заңды тұлғалар ішінде де жерге қатысты даулы мәселені шешу үшін сотқа жүгінушілер жетіп артылады. Алматы облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында негізінен заңды тұлғалар арасындағы жер төңірегіндегі құқықтық қатынаска байланысты азаматтық істер қаралады. Осы істерді қараудың өзіндік ерекшеліктері бар. Солардың негізгілерін тілге тиек етер болсам, алдымен істі сотта қарамас бұрын дайындық жұмысы тыңғылықты жүруі керек. Ол үшін іс материалдарын жан-жақты мұқият зерттеп, тиісті құжаттар толық болғаннан соң ғана сотта қарауға болады.

Дайындық жұмыстары барысында алдымен дауласып отырған жер телімінің кімнің меншігінде екенін анықтайтын құжаттарды толық тексеріп, оның қаншалықты заңды екеніне көз жеткізу қажет. Бұл – басты талап. Содан кейін ғана дауды сотта қарауға болатынын есте ұстаған абзал. Сонда ғана дұрыс шешім қабылданып, ол заңды болмақ.

Бұл күнде сотта қаралып жүрген жерге қатысты құқық бұзушылық туралы істер сан алуан. Олардың арасынан ең жиі кездесетін мәселелерге тоқталар болсақ, белгілі бір жер телімін жекеменшікке сатып алу кезінде тиісті мемлекеттік органдар тарапынан жіберілген кәделіктер салдарынан туындайтын даудың тізімінің басында тұратыны сөзсіз. Мәселен, екі немесе бірнеше жер телімі шекараларының дұрыс белгіленбеуі салдарынан бірбірімен шатасып жатады. Сондайақ, адамдардың тиісті органдардан дер кезінде қажетті құжаттарды рәсімдеп, уақытымен өзіне тиесілі жерді заңдастырмағандықтан ол жер екінші бір тұлғаға беріліп жатқаны өмірден көріп жүрген жай. Ауыл шаруашылығы үшін бөлінген жер категориясының негізсіз өзгертілініп, дұрыс пайдаланбауы да дау туғызатын жағдай екенін еске сала кету керек.

Осындай дауларды сот мәжілісінде қарау үшін басшылыққа алынатын басты құжаттар қандай? Олар –Қазақстан Республикасының Жер туралы кодексі, ҚР Жоғарғы сотының жер қатынастарына байланысты дауларға қатысты нормативтік қаулысы. Сонымен қатар арнайы басылымдардағы түсініктемелер мен осындай дауларды шешудегі соттардың тәжірибесін пайдалана білу қажет. Сонда ғана сот шешімі заңсыздықтың жолын кесіп, шығарылатын шешім сапалы, дәлелді болмақ.

Іс қарау барысында жерді сатуға немесе ұзақ уақытқа жалға беруге құқығы бар органдар мен құзіретті адамдарды ажырата білудің маңызы зор. Яғни, егер жер басқа біреуден сатып алынса, оны анықтайтын құжатарды жинастырып, тиісті органнан тіркеуден өткізгеннен кейін ғана осы жер теліміне не болып, меншіктік құқық жүзеге асатынын ұмытпаған жөн. Дәл осы міндетті рәсімдеудің уақытымен жүргізілмеуі сот алдына жүгінуге себеп болып жатады. Ол екі жақтың да қаншама уақытына шығын келтіретіні сөзсіз.

Осындай келеңсіздіктерге жол бермеу үшін, әркім өзі аткарып отырған ісін сауатты және заң шеңберінде орындауы керек. Сонда дау-дамай орын алмайды. Ендеше заң тәртібімен, құқымызды сақтап, құжаттарымызды уақытымен дұрыстай білейік, ағайын.

Б. ТҰРЛЫБЕКОВ,
Алматы облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы.

БАЛА БОЛАШАҒЫНА ЖАУАПТЫМЫЗ

2004 жылы Панфилов ауданында «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» мемлекеттік мекемесі ашылған болатын. Негізгі міндетіміз мен мақсатымыз – әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау көрсетудің қажеттілігін анықтау, диагноз қою және психологиялық-медициналық тексеру жүргізуді жүзеге асыру, білім берудің түрлері мен нысандарын белгілеу. Міне, соның нәтижесінде 18 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі балалар жоғарыда аталған мемлекеттік мекемеде түрлі сауықтыру және емдеу әдістерін қабылдауда.

Балалар мен жасөспірімдердің жай-күйін және өсіп, дамуын тереңдете тексере отырып, біз динамикалық орталықтарға және емдеу-профилактикалық мекемелеріне жолдама береміз. Сонымен қатар, арнайы коррекциялық-педагогикалық мекемелеріне де жолдама бере аламыз. Ал ауруханаға жатпайтын балаларға емделу және білім алу мәселелеріне байланысты арнайы консультативтік көмек көрсетеміз. Біздің мекеме Панфиловтан басқа Үйғыр ауданын да қамтиды. Осы екі ауданнан 2004 жылдан бері 4860 бала тіркелген. Үйғыр ауданында да коррекциялық психологиялық-педагогикалық кабинеті ашылған. Содан бері мүмкіндігі шектеулі балалар осы КПП-ға жіберіліп тұрады.

Аудандық білім бөлімі, аудандық емхана және әлеуметтік көмек көрсету мекемелерімен де тығыз байланыстамыз. Бұл орайда Панфилов ауданының әкімдігіне алғысымызды айтқымыз келеді. Олар осы жылы ОПМПК мекемесіне арнайы ғимарат сатып алып берді. Мекемеде дәрігер психиатр, дәрігер невропатолог, көз дәрігері, балалар педиатры, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, дефектолог, логопед сурдопедагог, медстатист, бухгалтерлер және тағы басқалары қызмет істейді.

«Шыбықты қалай отырғызсаң, солай өседі» демекші, бала да шыбық сияқты. Оның жақсы адам болып өсуі бағып-күтілуіне, алған тәлімтәрбиесіне байланысты. Сондықтан қай-қайсымыз болсақ та жас ұрпақтың түзу жолға түсуіне бағыт-бағдар беріп, оларға деген жауапкершілігімізді арттыруымыз керек.

Р. НИЯЗБЕКОВА,
ОПМПК-ның меңгерушісі.

КОНТРАБАНДА

ШҰЛЫҚҚА 27 МЫҢ ДОЛЛАР ТЫҒЫП, ШЕКАРА АСПАҚ БОЛДЫ

Алматы облысының Алакөл ауданындағы шекаралық «Достық» кеденіндегі «Алакөл» кеден бекетінің кеденшілері «Достық – Алашаңқай» халықаралық бағытында жүретін жолаушылар автобусын тексеру барысында әйелдер шұлығына 27 мың АҚШ долларын тығып, шекарадан өтпек болған контрабандашыны ұстады. Осы автобустың жүргізушісі, ҚХР-дің Боратала қаласының тұрғыны BU ERHALI келіншегінің капрон шұлығына мұқият оралған қомақты қаржыны беліне байлап алып, өзінің көлігімен шекарадан арлыберлі өткендерге долларды айырбастау арқылы заңсыз пайда тауып келген көрінеді.

Аталған оқиғаға байланысты ҚХР азаматы BU ERHALI-дің үстінен ҚР қылмыстық кодексінің 209-бабының 1-бөлімімен қылмыстық іс қозғалып, Алакөл аудандық сотының үкімімен шетелдік контрабандашыға 250 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынып, мемлекеттік кіріске 24 мың АҚШ доллары өндіріліп алынды.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ.

ДҮНИЕНІҢ ЕҢ ҚЫЗЫҒЫ

«сіз» «біз» деген сыйластықта екенін славян ұлттық-мәдени орталығының өкілдері және бір дәлелдеді

Жуырда Қапшағай қаласында славян мәдениетінің Алматы облыстық VI фестивалі болып өтті. Оған Алакөл, Еңбекшіқазақ, Көксу, Іле, Қаратал, Талғар аудандарындағы, Алматы, Талдықорған, Текелі және Қапшағай қалаларындағы славян ұлттық-мәдени орталықтарының өкілдері қатысты.

Қапшағай қалалық әкімдігінің мәжіліс залында Ресей Федерациясының Алматыдағы Бас консулы Б. Мещанинов, Қазақстан Халықтары Ассамблеясы корпоративтік қорының кеңесшісі Г. Иорданиди, Алматы облысы әкімінің орынбасары С.Мұқанов облыс аймағындағы славян ұлттық-мәдени орталықтары өкілдерімен емене-жарқын әңгімеге құрылған кездесу өткізді.

Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ

Кездесуде құрметті қонақтарын жылы шыраймен қарсы алған қала әкімі С.Зеленский бұл дәстүрлі VI фестивальдің Қапшағайда өткізілуі қала тұрғындары үшін үлкен абырой екенін, оның үстіне Ресей және Қазақстан Президенттерінің ресми кездесуі де осы оқиғаға тұспа-тұс келгенін жақсылыққа балады. Сонымен қатар бұл Қазақстандағы Украина жылы да екі елдің өзара достық қарым-қатынастарын нығайта түсуге зор ықпал ететінін, Қазақстан мен Беларусь Республикасы арасында да саяси, экономикалық және мәдени байланыстардың аса маңызды сипатқа ие болғанын тілге тиек етті. Қазақстанда тұратын славян халықтарының мақсат-мүдде ортақтастығы, ынтымағы, келешектегі үміт-армандары қазақ халқының ұлы мұратымен орайласатынын, олардың ғасырлар түпкірінен бастау алатын қарым-қатынастары мен дәстүр жалғастығы да жаңа дәуірде жалғасын табатынын атап өтті.

Жыл сайын мерекеленетін «Славян жазуының күніне» сәйкес келген бұл фестиваль жеткіншек ұрпақты Қазақстан халықтарының бірлігі үлгісінде тәрбиелеуге, славяндардың мәдени мұрасын кастерлеуге баулитыны өз алдына, сонымен бірге ұлттар достығы мен өзара сыйластықты ұлықтайтын парасатты шараның бірі деді кездесуде сөз алған шешендердің көпшілігі.

Әңгіме ауанынан бірге өсіп, бірге қайнасқан Қазақстандағы ұлттардың қазіргі бейбіт өміріне негіз қалаған Елбасының көреген саясатына дән риза пікірлер ақтарылды. Кездесуде сөз алған Алматы облысы әкімінің орынбасары Серік Мұқанов, Алакөл ауандық славян ҰМО төрағасы Клавдия Власенко, Көксу аудандық славян ҰМО төрағасының орынбасары Лариса Котельникова, Текелі қалалық Мәдениет сарайының директоры Константин Нестеров, Қапшағай қаласындағы мемлекеттік тілді оқыту орталығының тыңдаушысы Анастасия Полишук, Ресей Федерациясының Алматыдағы Бас консулы Борислав Мещанинов осынау мазасыз дәуірде адамзатты тек бір-біріне деген шынайы адамгершілік қатынастар мен сыйластық сезімдері сақтап қалатынын жете түсіну керектігіне назар аударды.

Кездесуді қала әкімі қорытындылап, фестивальға қатысушыларға алғыс білдірді.

Түстен кейін қонақтар көк теңіздің үстінде кемемен серуендеп, Қапшағай қалалық Мәдениет үйінде халықтық-қолданбалы өнер көрмесін жайды, көрермендерге мазмұнды гала-концерт қойды.

Алматыдан келген орыс ұлттық «Русские узоры» балалар оркестрінің орындауында Құрманғазының «Балбырауын» күйімен басталған бұл концертте Көксу аудандық орыс фольклорлық «Лепота» ансамблінің, Қапшағай қаласындағы «Сударушка» халық ансамблінің, «Элегия» және «Меруерт» ұлгілі би ансамбльдерінің, жекелеген солистер арасынан Қаратал ауданынан келген Леонид Шевляков пен Балқаш Қасеновтың, Көксу ауданының саксофоншысы Сергей Шумаковтың, Іле ауданының әншісі Иван Пилипенконың және басқа да сан қырлы таланттардың өнеріне жұртшылық зор ықыласпен қол соқты. Әсіресе, Қазақстанның көрнекті өнер қайраткері, күмбір кеуде, күміс көмей әнші Лаки Кесоглудың орындауында екі ән тыңдаған көрермендер кездесуден рухани ләззатқа бөленді. Бұл гала-концерттің ойдағыдай ұйымдастырылып өтуіне елеулі үлес қосқан фестивальдің сценарийші-режиссері Женіс Танысбаевтың еңбегін де атап өткен орынды.

Қапшағай қаласындағы ұлттық-мәдени орталықтарының құрылғанына биыл тура он жыл толған. Осы мерейге байланысты қала әкімінің Құрмет грамоталары мен бағалы сыйлықтары отыздан астам адамға табыс етілді. Олардың арасында славян, корей, ұйғыр, татар-башқұрт ҰМО өкілдері бар. Сондай-ақ, Қазақстан халықтары Алматы облыстық Кіші Ассамблеясы хатшылығының бас маманы Ж.Оразалина да өз басшылығы тарапынан фестивальді ойдағыдай ұйымдастырып өткізуге ұйытқы болған белсенділерге сый-сияпат көрсетіп, Құрмет грамоталарын табыстады.

Екі күнге созылған достық мерекесінің шуағы әр кеудеге нұр құйды. Көктемдей жадыраған көңілдерге гүл өсті. Ұлттар арасындағы ынтымақтың іргетасы нығая түсті. Сыйластыққа не жетсін, шіркін! Лайым, түсінісіп, сыйласа берейік.

ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● №62 (17188) Сейсенбі, 2 маусым, 2009 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Қазақстан -2030

Ресми хабарлар

Ф.Франджиалли Қазақстанға келді

Туризм және спорт министрі Темірхан Досмұхамбетовтың шақыруымен бүгін Қазақстанға Бірікken Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік туристік ұйымның бас хатшысы Франческо Франджиалли келді.

Франческо Франджиалли алдыңғы жылдың қазан айында Астанада өтетін Дүниежүзілік туристік ұйым Бас Ассамблеясының 18-ші сессиясын өткізу жөніндегі сапарлы-кеңесші болып тағайындалған.

Министр Т. Досмұхамбетовтың айтуынша, «Дүниежүзілік туристік ұйым Қазақстандағы туризмді дамытуда үлкен қолдау көрсетіп отыр. Ұйымның ұсыныс-кеңестерін ұстанып және әлемдік туризмнің даму үрдістерін ескере отырып, Қазақстан әлемдік және ішкі кеңістікте бәсекелес туристік кеңістік қалыптастыру мақсатында бүгінгіден әлемдік деңгейге көтерілу және әлемдік туризмнің дамуына үлес қосу мүмкіндігіне ие болады. Сондықтан Франческо Франджиалли Қазақстанға келуін ерекше маңызды деп санаймын. Ол Қазақстанның туристік әлеуетімен танысып, Үкіметтің туризмді дамыту саласындағы басымдықтарымен таныстырылады. Сонымен қатар, Франческо Франджиалли Қазақстанның Дүниежүзілік туристік ұйымға мүше мемлекеттермен ынтымақтастығын нығайтуға ықпал ететін кездесулер өткізеді деп күтілуде», – деп атап өтті.

● МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

ЖАЗИРАЛЫ ӨЛКЕНІҢ ӨНЕРІ

қала тұрғындарын тәнті етті

Қанат АЙДАС, «Жетісу»

Облыс әкімі Серік УМБЕТОВТІҢ бастамасымен елдің алыстан аудандардың мәдениет күндері аясында өткізілген іс-шараларын халыққа беруі оң. Ұлттық құндылықтарды дәріптеген шараны бұл аптада Панфилов ауданының тұрғындары өткізді.

Ауданнан келген 500-ден аса делегацияны облыс әкімі Серік Әбдіғапарұлы қабылдап, облысымыздың экономикалық даму тұрғысында өткерген жұмыс нәтижесі жұмыстарын сөз етті. Талай тарихи тұлғаны дүниеге келтірген жазиралы өлкенің бүгінгі тыныстіршіліктерімен танысты.

– Мәдениет күндері аясында өтіп жатқан іс-шаралардың артықшылығы – қала тұрғындары ауыл өмірінің тыныстіршіліктерімен танысып, күн сайын ерекшелік келіп жатқан елімізден жаңалықтарын хабардар болады. Енді бір жағынан қала тұрғындары мәдени мұраларымызбен сусындап, ауыл өнерпаздарының өнерін тамашалап, серпіп қалады, – деп бастады облыс басшысы сөзін ары қарай жалғады. – Әсіресе мұндай шаралар бүгінгі қарқынды дамуымыз елді мекенін түрен кезінде тиімді келеді. Өйткені, ешқандай киноның рухы мығым елдің ешбір түсіре алмайды. Атамыздың шара халыққа ұсынылуы жеткізу күш-жігер береді. Осындай игі бастамалардың нәтижесінде облыс экономикасының өркендеуі мен тұрғындарының әлеуметтік жағдаи қамтамасыз етілуі және спорт саласындағы тың нәтижелерімізі әлемдік деңгейлерге шығуы. Жуырда өткен Азия чемпионатында 3 бірдей қазақстандық спортшы алтынмен алқа тақса, соның екеуі облысымыздың спортшылары. Ал облысымыздағы мектеп оқушыларының жалақысы тегін. Тағы 200 студент облыс әкімінің грантымен оқуын жалғастырмақ келеді. Тұрмысы төмен отбасыларды қолдау мақсатында 581 млн. теңге қаржы бөліп отырмыз. Бір сөзбен айтқанда, облысымыздың экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштері жақсы көрсеткіштен дамып келеді. Аудан тұрғындарының береке-бірлігінен жұмыла ел үшін еңбек ету жатқанын атап айтуға болады. «Аулыма қарап, ауыл иесін таны» демекші, Панфилов ауданы ары-бері өткен шеттердің алыстан-жақыннан келген қонақтарын ерекше ықыласпен қарсы алып, ауданның өткені мен бүгінін, ертеңгі болашағын көрсетіп, таныстырды.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Панфилов ауданында бүгінде 46 қаттың өкілінен құралған 119 мыңнан аса тұрғын тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр. Ауданның басқару жүйесі 13 ауылдық, 1 қалалық округ арқылы іске асырылады. Аудан тұрғындарының есебі еңбектерінің нәтижесінде ауданы орталығы Жаркент шаһарының шырайы артып, елді мекендер де сәулетіне түсті. Шығын және орта бизнес шоңқұрлым дамыды. Туризм саласында тарлым ең бөрінші кезекке түсетін кезе. Отар соған қарап, елімізділ халжағдайын бағамдайды, сондықтан аудан тұрғын үстаз отырған ел ағалары жұмыла жұмыс істеуі керек, – деді.

Осындай кейін сөз кезегін алған Панфилов ауданының әкімі Ермек Келемсейіт ауданда өткарылып жатқан шаралар істерінен тәнжелерін ортті.

Панфилов ауданында бүгінгідері 46 қаттың өкілінен құралған 119 мыңнан аса тұрғын тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр. Ауданның басқару жүйесі 13 ауылдық, 1 қалалық округ арқылы іске асырылады. Аудан тұрғындарының есебі еңбектерінің нәтижесінде ауданы орталығы Жаркент шаһарының шырайы артып, елді мекендер де сәулетіне түсті. Шығын және орта бизнес шоңқұрлым дамыды. Туризм саласында да серпін бар. Инвестиция тарту мәселесіне де терең мән берілген, биылғы жылдың өзінде инвестициялық жоспар 18 есепе дейін арттырылып отыр. Биыл ауданда диқандары жалпы 43000 гектар жерге ауылшаруашылық дақылдарын өсіруді жоспарласа, соның тек жарымын жүгері алқаптары құрайды. Сонымен бірге халықаралық сауда нүсқалары да қолға алынып отыр. Өткен айдан бастап осы бағдарламаларды жүзеге асыратын мекемелер арасында байланыс өткізіле бастаған болатын. Алайда, барлық, облыстар бірдей бұл мәселеге жауапты қарамағаны өкінішті. Үкімет басшысы конкурстарды кешіктіріп өткізген облыс әкімдіктерінің жұмысына қатаң сын айтты.

Сөз кезегінде Социалистік Еңбек Ері, ауданның Құрметті азаматы Күлаш Айтжанова, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, «Жаркент мешіті» саулет-көркем мұражайының басшысы Шәріпхан Тұрғанов, «Сұңқар» және шаруашылығының тарихы, ауданның Құрметті азаматы, еңбек ардагері Күлайша Берғұлованың ауданның тұрғындарының бересекті тұрмысы мен мәдениет күндерінің халыққа берер тағылымдық жайлары ойларымен бөлісті. Жаркент педагогикалық колледжінің студенті, «Жас Отан» жастар қанатының белсенді кешбасшысы Нұржан Ерлепов мәдениет күндері аясында өтіп жатқан іс-шараларның жастарға берер жағымды тұстарына тоқталды. Кешіқұшын соның облыс әкімі қорытындылап, ауданға делегациямен бірге өстелік суретке түсті.

(Соңы 2-бетте).

Жетісу жерінде

Мектеп жетекшісінің мерейі

Мынау өмірде ұрпақ тәрбиесінен ұлағатты іс жоқ. Тәлім мен тәрбиеге негізделген шығармашылық еңбек пен ізденіс – мұғалімдердің мерейін көтеріп жатады. Бұл мектептің жетекшілеріне де тән.

Қанат БІРЖАНСАЛ, «Жетісу»

Райымбек ауданындағы М. Орманов атындағы орта мектептің директоры Нұрманан Оқас күн талабына сай шәруаларын ұйымдастырып жүретін еңбеккор жан. Талантпаз басшы. Ол Алматы қаласында республикалық мамандар кәсібін дамыту институтында өткен «Білім беруді дамыту жағдайындағы шағын жинақты мектептің жұмыс мазмұны және оны басқару» атты халықаралық конференцияға қатысты. Түркия, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан секілді мемлекеттерден, барлық облыстардан өкілдер қатысқан үлкен жиында Нұрманан Оқастың жасаған «Шағын жинақты ауыл мектебі жағдайындағы тілдестер мен жеткіншектерге әтты баяндамасы үлкен лек танылып, әріптің диплломмен марапатталды. Халықаралық дәрежедегі басқосуда өзінің мектебі туралы ойын ортаға салды. Бөрері ұлы жиынған мереймен оралды.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

Айлық аяқталды

«Елжандылық – тарихымызға деген дұрыс көзқарас» деп Елбасы атап өткендей, оқу жылының соңында жас өскінді елжандылыққа, Отанды сүюге, тілді құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылатын «Елжанды» және «Балдырған – 2009» айлықтары өз мәресіне келіп жетті. Білім ошақтары түгелге дерлік қатысып, белсенділік танытатын аталмыш айлықты қорытындылау салтанатына аудан әкімінің орынбасары Р. Садықова, «Нұр Отан» ХДП-ның аудандық филиалы төрағасының орынбасары Д. Канаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Н. Қалаңқы қатысып, айлыққа қатысушы командаларға тәбрік тіледі.

Үлбосын ИСАБЕК, "Жетісу"

– Отанға лайықты қызмет етуге рухы биік, шыныққан, дені сау, шын мәнінде өз елінің шынайы азаматы есептейтін ұрпақ керек екені даусыз. Өскелең ұрпақты патриоттық тұрғыда тәрбиелеу ісіне септігін тигізеді деген мақсатпен өткізіліп отырған осындай іс-шаралардан Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарына лайықты ізбасарлардың өсіп келе жатқанын байқаймыз, – деп атап өтті салтанатта сөз алған аудандық білім басқармасының бастығы Клара Төлеңқызы. Сондай-ақ ол, айлық жеңімпаздарының денсаулығы жақсы отырған аудандық «Нұр Отан» партиясы, ауыл, қала әкімдері мен білім қызметкерлеріне алғысын білдірді. «Елжанды» айлығына қатысқан барлық жас ерекшелерге тәудай талпы, зор жетістіктер тілей келе, жеңімпаздарды құлшынтарымен құттықтады.

Мерекелік салтанат соңында жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталып, мерейлерін өсірді.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫНА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ

Елбасының «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Жолдауын іс-жүзіне асыру мақсатында «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы Алматы облыстық филиалы жанындағы «Жас Отан» жастар қанаты мен ҚР ІІМ № 5514 жедел бағытталу ішкі тәртіпті сақтау рекрең білімінің сарбаздары қала тұрғындарына сенім телефондары жұмысын флешмобпен тарату жұмыстарын қолға алды.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселесін назарына тыс қалдырған емес. Жемқорлық бөлек алмас үшін мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы да жыл сайын көбейтілуде. Дегенмен, жалдамалы әйтеуір сыйлықтың болуын отырғаны жақсы. Ол үшін не істеу керек?

– Біріншіден, кәсіпкерлік ортасын ашу керек. Екіншіден, сол қалыптан құжаттық сауаттылығын арттырып, жемқорлықтың алдын алу жағдайлары жан органдарына жүгіну керек екенін жеткізу шарық. Мине, осы мақсатта сенім телефондары жұмысын флешмобпен тарату жұмыс. Бір күнде 1000 дана флешмобпен тарату керек. 10 күндің ішінде барлығына 10 000 дана тарату керек деген міндет бар. «Шара 6 маусымға дейін жалғасады деуімен, ары қарай да жалғасын табады» дейді «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері.

Флешмобпен Қарағы поликлиника мен республикалық «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының сенім телефондары жазылған. Ол нөмірлерге қоңырау шалу тегін.

Айнұр НҰСІПБАЙҚЫЗЫ.

●1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

БАЛҒЫНДАР ЖҮЗІ БАЛБҰЛ ЖАНДЫ

Сәрби ӘЙТЕНОВА, "Жетісу"

Жаңарған жылдың бірінші күні барлық бала үшін үлкен мереке. Осыдан алпыс жыл бұрын Әйелдердің халықаралық конгресінде 1-маусымды Халықаралық балаларды қорғау күні деп қабылдаған болатын. Міне, содан бастап балалардың да өз мерекесі тойланып келеді. Жыл сайынғы дәстүрмен биыл да Талдықорған қаласында бұл күн ерекше аталып өтілді.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Мектепті бітіріп, жаңы демалысқа шыққан балалар бұл мерекені жыға күтетіні рас. Сондықтан қалмағдағы сәбиге балбұл жанған балғындардың бал күлкісіне бөленді. Қалалық әкімдіктің ұйымдастыруымен өткен мерекеля шарада балаларға арналған түрлі байқаулар мен спорттық шаралар, қала мектептері мен көркемсурет оқушыларының асфальтқа сурет салу байқаулары да өткізілді. Мұнда әр бала өз ықылымдағы ой-армандарын бейнелеген.

Мерекенің салтанатты ашылуында қала әкімінің орынбасары Марзия Кәкімқызы құттықтау сөз сөйлеп, барша балаға атаулыға мерекемен құттықтады. Ол сөзінде сөз «Бала – бізден болашағымыз». Сондықтан олардың келешегінен жарқын болуына, өмірінің қызықты да мәзді өтуіне мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалуда. Соның айғағы ретінде биыл облыс орталығы Талдықорған қаласындағы екі бірдей шағын ауданда балабақшаның іргесі қаланып салынып жатқа, дарынды балалар үшін тоғыз жүз орындық жаңа мектептің ғимараты бой көтеруде. Сонымен бірге жол картасы бойынша қалалағы он бес білім ошағына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Айтпақшы, балалар үшін мемлекет барын аямай жатқандығы. Ендеше, елімізде, отбасында баланың бал күлкісі үзілмесін», – деген ақ жарма тілегін жеткізді.

Мұнан соң сөз кезегі Алматы облысы бойынша балалардың құқықтарын қорғау департаментінің директоры Гүлнәр Ермекбаеваға берілді. Балаларды аталмыш мерекемен құттықтай келген департамент басшысы Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаевтың балаларға жіберген арнайы құттықтау хатын оқыды. Онда былай делінген: «Қымбатты жас достарым! Сендерді Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгін бұл айтулы мереке өзінің алпыс жылдық мерейтойын атап өтуде. Қазіргі таңда елімізде сендердің жақсы оқып, демалып, спортпен шұғылданып өздерінің мүмкіндіктерің мен қабілеттеріңді шыңдау үшін барлық қажетті жағдайлар жасалуда. Сендер бүгін ұлысымыз бен болашағымызсыз. Отанымыздың өсіп-өркендеуі сендердің қалай білім алып, елдеріңді қаншалықты сүйетіндеріне байланысты. Бала күнімде мен әркашан жалпыраған жаздың келуін тағатсыздана күтіп, көптен күткен жазғы демалыска қуанатынмын. 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні және жазғы демалыстың алғашқы күнінде еліміздегі ең үздік концерт және спорт алаңдарында, стадиондар мен сабақтарда сендерге арналған нағыз балалық шақ мерекесі басталмақ. Бүтін және әрқашан жүректерің бақыт пен мейірімділікке, таза өзметке толы болсын, жүздеріңнен күлкі кетпесін. Өйткені дүниеде баланың күлкісіне тең келер сыйлық жоқ. Мерекелеріңіз құтты болсын!».

Қалалық әкімдіктің ұйымдастыруымен өткен мерекеде ақыл-есі кем және мүмкіндігі шектеулі балалар да назардан тыс қалмады. Олар үшін «Сәкіш», «Достық» және «Қызыл ай қонағында» қайырымдылық шаралары ұйымдастырылды. Сондай-ақ, қалалық әкімдік пен Ресей Сбербанкі Талдықорған қалалық филиалымен бірігіп, облыстық түбдиспансеріндегі балалар үшін қайырымдылық акциясын өткізді. Мұнымен қоса үйде тәрбиеленіп жатқан 150-ден аса мүгедек балаға да тәттілер мен арнайы сыйлықтар берілді. Сабақтасқы салтанатты мерекелік концерттік бағдарламаға ұласты.

***

Дәл осы күні қаламыздағы «Достық үйінің» маңайы да балғындардың шаттық үніне бөленді. Көздері қуғынды шең нұрға толы балалар үшін ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды. Достық үйі мен Алматы облысы Қазақстан Ассамблеясының қызметкерлері бірігіп ұйымдастырған мерекеге балаларға қуаныш сыйласа, бүлдіршіндермен бірге қуанған ата-ана да балалық шақтың кемпісінде бірге қалықтады.

●СЕЛЕКТОР

Үкімет басшысы Кәрім Мәсімовтің тәрағалық етуімен өткен селекторлық жиында «Жол картасының» орындалу барысы жайлы мәселе жан-жақты қаралды. Онда хабарлама жасаған Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Гүлшара Әбдікәлықова соңғы уақытта министрліктермен, салалық ведомстволар және әкімдіктермен бірлесе отырып, тұрғындарды еңбекпен қамту жобасы ақталғанын баяндады.

ҚАРЖЫ ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАНАДЫ

Атап айтқанда, «Жол картасының» жобалық негізі жасалынып, бюджет туралы заңға, еңбектегі қатынастар мен әлеуметтік сақтандыру туралы заңдарға толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Осы жобаны жүзеге асыру үшін мемлекет қорынынан 140 млрд. теңге бөлініп, мақсатты топтарға жатқызылатын адамдардың шеңбері үлкен түскен. Барлық деңгейдегі мәслихаттар жергілікті бюджетті қайтадан қарап, «Жол картасына» қосымша 51,3 млрд. теңге унемдеп отыр.

Мамыр айында дейін республика бойынша 14,6 млрд. теңгенің жұмыстары басталынса, 324 мың теңге Алматы және Астана қалаларында алғашқы жұмыс орындарын ашуға бөлінген. Мамандарды қайта даярлауға 334 мың, теңге қарастырылып отыр. Өткен айдан бастап осы бағдарламаларды жүзеге асыратын мекемелер арасында байланыс өткізіле бастаған болатын. Алайда, барлық, облыстар бірдей бұл мәселеге жауапты қарамағаны өкінішті. Үкімет басшысы конкурстарды кешіктіріп өткізген облыс басшыларынан кемшіліктің себебін сұрап, бір апта көлемінде толықтай шектеуге тапсырма берді. «Жол картасы бойынша» атқарылып жатқан жұмыстардың барысы жайлы баяндаған Еңбек министрі қарамағы қажетсіз шараларға жібермеуін, белгілен мәселелер тиімді қатаң бақылауда болатынын баса айтты. Сонымен бірге бұрындары көрсетілген жобалар қайта қаралып, халықты даярлаған алып шығатын тиімді жобаларға бөлінді жан-жақты облыстарду қажеттігі жайлы айтылды.

Осы мәселе бойынша қосымша хабарлама жасаған Қаржы министрі Болат Жәмішев мамандарды қайта даярлауға қатысты жұмыстарның барысымен таныстырды. Бұл бағытта да атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Қазіргідің өзінде мемлекеттік тапсырыс бойынша 15000 адамды қосымша мамандық меңгеруге жолдау жоспарланып отыр. Бүгінгідері мамандарды даярлайтын оқу орындарының тізімі анықталған. Онда шағын және орта бизнес пен қызметті көрсету салаларында жұмыс жасайтын адамдар даярланатын болады.

Осыдан кейін Қарағы Мәсімов жұмысқа ғана Мәжілімет басшысының тапсырмасы бойынша кешіктік ішік қалу жөніндегі Мәжілісте өткен басқосуға қатысып отырған Премьер-министрдің бірінші орынбасары Өмірзақ Шөкеевтен сағар қорғымсырған жайлы айтып беруін сұрады. Жалпы Ресей, Белоруссия және Қазақстан арасында бірыңғай кешенді ішік қалу жөніндегі шартқа үш мемлекет арасындағы тарихында бастамалы бірақ уақыт болды. Ресей мен Белоруссия бүгінгідей талаптарды осы елдерде шығарылған жайлы сертификат арқылы өткізуді жолға қойған. Мәжілісте өткен аталмыш жиында кедендік одақ, құқықтық, кеңайлық мәселелері және бірыңғай кедендік тарифтер туралы келісімдерге қол жеткізілді. 2010 жылғы 1 маусымнан бастап Ресей мен Қазақстан арасындағы кедендік қатынастар да жеңілдетілді. 2011 жылдан бастап кедендік өкілдерінің бірлескен алынып тастағанды деп күтілуде. Енді Қарағы мәсімов, орталық, кедендік, салықтан түсімге қарағанда тәуелсіз мемлекеттер арасында тең екіге бөлуге ұсыныс отыр. Бұл жайлы ұсыныс жасау Қазақстанның Қарағы министрлігінің жұмыстан-ақ отырған көрінеді.

Бүгінгі күнге дейін кедендік тарифтер жайлы келісімшарттардың 88 пайызы бойынша орталық мәселе шешілмеген. Енді қалған 9 пайызы дәрі-дәрмек, темір өңдейтін станоктар, тұрмыс техникасы, автокөліктер мен ұшақтарға қатысты. 9 маусымда Мәжілісте өткен үкімет басшылары деңгейіндегі басқосуда осы аталған мәселелер де шешілуін табады деп күтілуде.

Селекторлық жиында өңірлердің индустрияландыру потенциалын қолдаған кластер мәселесі де сөз болған. – Кластер жоғары бұл тақырыпқа терең көңіл бөлуіміз керек. Сондықтан оған алдын ала дайындалып, нақтылы ұсыныстар жасап келуіңіз қажет, – деді Қарағы Мәсімов.

Селекторлық жиынның қорытындысы бойынша облыс әкімі Серік Үмбетовтің мүмкіндігі шектеулі жандарға барынша көмек көрсетіп отырғандығын баса айту керек. Мәселен, 2007 жылы облыстағы әлеуметтік сала бойынша бөлінген қаржы 141 миллион теңге болса, 2008 жылы ол тағы да артып, 230 миллион теңгеге жетіп отыр. Ал биылғы жылы бөлінген қаржы өсебі 256 миллион теңге. Бұл қаржының шегінгі бөлігі, мүгедек жандардың санаторлық шипажайларда емделуге, протезге, қол арбалар алуға, күтушілерге берілін жатыр. Осы тұста айта кетерлік мәселе, басқа облыстарға қарағанда Алматы облысында қол арбалардың мәселесі толық шешілген. Яғни, кезекте тұрған бірде-бір мүгедек жоқ екен. Тағы бойынша бес жылда бір мүгедектерді арбамен қамтамасыз ету керек болса, бұл тәжірибенің шешімін отыр.

Конференцияны «Бибі-Ана» қоғамының президенті Бибігүл Исмағамбетова ашты. Ол сөзінде қоғамдық бірлестіктің өткен тарихынан сыр шертіп, мүмкіндігі шектеулі жандардың бәлесі де жоғары білім алуға құқығы екендігін, отбасының жағдайы көтерілсе, оларға әкімдік тарапынан да арнайы қолдау қажет екендігін баса айтты.

Құрылғалы он алты жыл ішінде 317 балаының жарығы білім алуына көп ұлесін берген «Бибі-Ана» қоғамының өткерып жатқан жұмысы да ауыз толтырып айтарлықтай. Сөз орайында ауыл, қалалардан қатысқан мүмкіндігі шектеулі жандар «Бибі-Анаға» өздерінің сауалдарын қойып, пікір жауғырын алды.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың балаларының жоғары оқу орындарында білім алуы Алматы облысында жақсы жолға қойылғандығы белгілі. Мәселен, облыс әкімінің тарапынан биылғы он жүз грантқың он бес пайызы мүгедек балаларға арналғандығын айта кету керек. Конференция барысында мүгедек жандардың көкейтесті мәселелері көтеріліп, ұсыныстар жасалды.

Мүгедек әйелдерге арналған облыстық конференция алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Сәрби ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ.

Қуаныш СҰЛТАНОВ, "Нұр Отан" ХДП Партиялық бақылау комитетінің мүшесі, съезд делегаты

ҮМІТ пен СЕНІМ

Тәуелсіз мемлекеттігіміздің 18 жылында біздің қоғамдық-саяси өміріміздің келбеті күрделі өзгерістер мен даму жолдарынан өтті. Қалай да қайшылықтар болғанының өзінде негізгі бағыт, негізгі ұстаным демократиялық дамумен, азаматтық қоғам құрумен тікелей байланысты болып келеді. Ал бұл игіліктер ең алдымен мемлекетімізді нығаю, күшею мүдесін көздейді. Барлық ізденіс тек осы басты мақсаттың төңірегінде. Сол ізденіс кеңістігіндегі бірден-бір көрнекті қозғалыс, әрине, біздің қоғамдағы саяси партияларды белсенділігі мен олардың қоғамдағы орнының көрсеткіш болмақ.

Бұл тұрғыдан қарасақ, еліміздегі ең танымал саяси партия – "Нұр Отан" екендігінде ешкімнің де дауы бола қоймас. Әрине, "Нұр Отан" бүгінгідей дәрежесіне оңайшылықпен келе қойған жоқ. Ол да барлық басқа партиялармен бірге қоғамның сапырылысқан әртүрлі толқынды кезеңдерін бастан кешірді. Ин тіресе бір мезгілде өмірге келген көп партиялықтың сүзгісінен өтті. Алайда, партияға ерекше күш берген жағдай әуел бастан оның жетекшісі Елбасының өзі болғанында екендігін де ешкім жоққа шығара алмас. Жалпы, партия құру құбылысы елдің басын біріктіріп, оны бір мұдеге ұйымдастыра алатын, соған бастамашы болған тұлғалардың біліктілігі мен қайраткерлігіне байланысты екендігі белгілі.

Көпшілік, әдетте, қолынан іс-әрекет, үлкен қайраткерлік келетін, өзінің тұлғасы, маңызы бар, ақылы озық көрнекті тұлғаның ғана соның ішінде ерді, соған сенеді. Бұл есептен "Нұр Отанның" жолы болғаны анық. Партияның алғашқы кезеңінен-ақ Нұрсұлтан Назарбаев оның саяси жетекші қызметін қоғамдық негізде президенттік қызметпен қоса атқарып келеді. Президент көп партияны бағыт пен кеңістікті қолдай отырып, осы партияның ел арасындағы беделінің өсіп, қоғамда танылып, мойындалуына айрықша көңіл бөлгені де рас. Солай болуы да тиіс. Өйткені, бүкілхалықтық сайлаумен сайланған Президент пен ресми билікке оппозициялық партиялар жұмыс істейтін демократиялық еркіндік жағдайында Президент өзі сүйенетін де саяси тірегі болуы керек.

Міне, "Нұр Отан" сондай саяси тірек. Президенттің мемлекет мүддесіндегі реформалары мен бастамалары, оның жан-жақты саясатын бұқара көпшілік арасында жүргізуге міндетті партия.

* * *

Соңғы кезде "Нұр Отан" партиясының жұмысында көптеген жағымды жаңалықтар бой көрсетті. Партияның халықтың әлеуметтік тұрмысына байланысты біршама проблемаларды шешуге белсене араласқаны, әрине, құптарлық іс. Атап айтқанда, тұрғын үй құрылысындағы үлескерлердің мүдделерін қорғауда, сыбайластық пен жемқорлыққа қарсы қоғамдық күрестің тиімділігін арттыруда, шағын және орта бизнеске келелі көмек көрсетіп, олардың өнімжелі жұмыс істеуіне ықпал етуде, олардың өтінішпен жұмыс істеуіне ықпал етуде, олардың өтінішпен жұмыс істеуіне ықпал етуде, олардың өтінішпен

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● №65 (17191) Сейсенбі, 9 маусым, 2009 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді 2009 жылғы 16-18 және 23-25 маусым күндері аралығында Талдықорған қаласында Алматы облысының мемлекеттік қызметкерлері Спартакиадасының бағдарламасында өтетін жарыстарды тамашалауға шақырамыз. Спартакиаданың салтанатты ашылу рәсімі – 16 маусым күні, сағат 10.00-де «Жетісу» орталық стадионында өтеді.

Жетісу жерінде

Біз – бақытты баламыз

көркемөнер галереясындағы көрме

Балалар – ертеңгі елдің болашағы. Күні кеше ғана өткен балалар мерекесіне байланысты облыс орталығындағы көркемөнер галереясында қаламыздағы Өнер мектебі мен Үштөбе үйінің тәрбиеленушілерінің қолөнер туындыларынан көрме ұйымдастырылды. Балаларының бал туындысын тамашалауға келген өнерсүйер қауым бірімен-бірі өткен кескіндемелік, графикалық және сәндік қолданбалы өнер түрінің тамаша жұмыстарын көріп жоғары бағаларын берді. Көрменің салтанатты ашылуында сөзалған қонақтар барша баланы өткен мерекелерімен құттықтап, осындай тамаша көрмені ұйымдастырып отырған ұжым басшыларына алғыстарын жеткізді.

Талдықорған қаласындағы өнер мектебінің мақсаты – жалпы білім беретін, мектептермен бірлесе отырып, оқушы тұлғасының жан-жақты дамуына оның эстетикалық көркемдік қабілетін дамытуға жағдай жасау. Музыкалық және көркемөнер бағыт бойынша білім беретін мектепте жинақталған аса ұстаз еңбек етеді. Онда оқып жатқан оқушылардың алды өз туындыларымен жоғарғы биіктерден көрініп келеді. Ал Үштөбе балалар үйіндегі көркемсурет үйірмесі 2008 жылдың қыркүйек айынан бері жұмыс істеуде. Осы уақыт аралығында 58 тәрбиеленушісі сурет өнеріне жақын екендіктерін байқатып, бүгінде туындылары сурет байқауларында жүлдені орындарды иеленіп жүр. Балаларының осындай жетістіктерге жетіп жүрген мекеме ұжымының жоғарғы деңгейде екендігін көрсетеді. Өнердегі өрелі жеткіншектердің туындылары ел назарында болғай.

С. ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

Қазақстан-2030 ресми хабарлар

Елбасының Үкіметке берген тапсырмасы

Ақордада Үкімет мүшелері мен ұлттық холдинг басшыларының қатысуымен өткен кеңесте Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев шағын және орта бизнесті қолдауға бөлінген қаржы уақытылы игерілетінін айтып өтті.

«Меніңше, бұл атқарылған шаралар екінші жартыжылдықтағы өндіріс көлеміне әсер ететін болады», – деді Президент.

Осы орайда Елбасы Үкіметтен бұдан кейінгі уақытта шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бойынша нақты қадамдарды жүргізуді жүктеді. Сонымен қатар, Үкіметке шағын және орта бизнесті несиелендіру тәжірибесіне талдау жасап, бұл мәселені кешенді түрде шешу тұрғысында ұсыныстарды енгізуді тапсырды.

Шілденің 1-де шағын және орта бизнесті тексеруге мораторий аяқталатынын еске салып өткен Президент, мораторий аяқталып, тиісті заңнама іске қосылғанға дейінгі аралықта тексерістерді реттеу мәселесін қарастыруды тапсырды.

●МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР МӘРТЕБЕСІ

ҚАЗАҚСТАН ПАТРИОТТАРЫ АБАЙ ЕЛІНДЕ



Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеу аукымында ҚР Мәдениет және ақпарат, Білім және ғылым министрліктері мен «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының ұйымдастыруымен былтыр қасиетті Түркістан жерінде алғаш рет ұйымдастырылған «Менің Қазақстаным» атты республикалық патриоттар форумы осы жылдың маусымының 3-4 күндері қазаққа Абай мен Шәкәрім, Мұхтар сынды үш алыпты тарту еткен киелі Семей өңірінде өтті. Еліміздің барлық облыстары мен Алматы және Астана қалаларынан екі жүзге жуық қазақстандық патриоттар жиналған II республикалық форумның алғашқы күні қонақтар барлық қазақ бір көруді армандайтын, құштар болып жүретін Абай ауданындағы тарихи жерлерді аралады. Абай мен Шәкәрімнің, Мұхтардың ізі қалған, Еңлік-Кебектің өлмес махаббатына куә болған, сонымен бірге сол кереметқасиеттеріне қарамастан ядролық сынақ алаңына айналып жылдар бойы зардан шеккен өректі өңірден үлкен әсер алып қайтқан форум делегаттары 4 маусым күні Семей қаласында өткізілген негізгі шараның да бел ортасынан табылды. Жалпы семейліктердің форумды құрғақ жиналыстар мен салтанатты шерулерден ғана емес, қазаққа қасиетті болып саналатын аймақтың өткені мен бүгінінен, болашағынан мағлұмат беретіндей етіп, танымдық, тағылымдық тұрғыда ұйымдастырғаны көпшілік көңілінен шықты. Форум барысында «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдікәлиров бастап барған жетісулық делегацияға да айрықша құрмет көрсетілгенін айта кеткеннің артықтығы бола қоймас.

Болат АБАҒАН,
"Жетісу"

Семей қаласы бұрынғыға қарағанда көріктенің, жасыл желекке бөленіп жайнап кетіпті. Жолдары да тақтайдай тегістелің, үлкен-үлкен жолайрықтар салынып, көптеп бой көтерген сән-салтанатты ғимараттар ежелгі шаһардың шырайын ашып, ажарландыра түскендей. Қалалықтар осы жақсылықтардың барлығы Елбасының осыдан бірер жыл бұрын қалаға арнайы атбасын бұрып, алқалы басқосу өткізіп, «Семипалатинск» деген қазақы атауын қайтарғаны» деген кезінен бастау алғанын, алдағы кездерден де үлкен жақсылықтар күтіп отырғандарын қуанышпен мәлімдейді. Алматы облысы делегациясын қарсы алу және орналастару «Семей» кеден бекетіне жүктелінті. Бұл кеден бекетін Алматы облысында туған, заманында бірақ жыл кәсіп еткен журналистік қызметін «Жетісу» газетінде бастаған, бүгінде кеден қызметінің білікті сардары атанып отырған Бекен Нұрахметов басқарады. Бекен бауырымыз бізден алтымызды жерге тигізбеді десек те болады. Теміржол бекетінен күтіп алғанынан бастап, кеткенімізге дейін жүрдек көліктерін қолдеңсіз тартқан кеденшілердің көңілінде разы болдық.

Шығыс Қазақстан облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы мен Абай ауданының әкімі бастаған керуен бірінші кезекте Мұхтар Әуезовтің мұражай-үйі тұрған Бөрілі ауылына атбасын шалдырды. Сыртқа қарағанда жатағандау көрінгенімен ішкі бөлмелері кең әрі жарық. Бөлмелерде орналастырылған заттар мен бұйымдар, жиһаздар осыдан бір ғасыр бұрынғы Омархан әулетінің тұрмысын көз алдымызға әкеледі. Барлығы жүз жыл бұрынғыдай. Біраз жол жүрген соң Абай туған Қасқабұлақ ауылының қасынан өттік. Одан соң күре жолдың бойынан алыстан меңмұндалап қос ғашық, адал махаббаттары үшін қатігездіктің құрбаны болған Еңлік-Кебек мәңгілікке тыныштық тапқан жердегі мемориалдық кешен көрінді. Жұмбақтау болып көрінетіндігімен-ақ, сырлы да, мұңды ойларға жетелейтін шағын ғана кешенге жақындап, тағзым ете бастағанымызда, қайдан шыққаны белгісіздеу болып Еңлікті Кебекті күтіп жүрген кезіндегі сағынышқа толы толғаныста сөз естілді. Даулы шыққан жаққа бұрылғанымызда алыстан мұнартып көрінген Ақшоқы тауларының бергі жағында, мемориалдық кешенге жақын жаткан жасыл белестердің бірінен ғашығын аңсаған Еңлік те көрінді. Далалық сахна деген осы болар. Барлығы табиғи, жасанды ештеңе жоқ. Осы жерде қос батыр Еңлік ару үшін түс шайысып, найза айқастырып алды. Одан соң ел көзінен тасалау еткен Еңлік бауырының жалғанына қарамастан Кебекпен бірге кетті. Барлығы шынайы. Қарап қоямын, делегаттардың барлығының көзінде жас, көңілдерінде бұрқаныс. Кешен басында, далалық сахнада театрландырылған қойылыммен бірге жырлар оқылып, әндер орындалды. Қонақтар алғашында алларында кәсіби әртістер өнер көрсетті деп ойлағаны рас. Артынан білгеніміздей, театрландырылған қойылымды ұсынғандар мен ән шырқағандардың барлығы аудан орталығы Қаражылдағы мектеп-гимназияның оқушылары екен. Міне, қазақтың бар қасиеті мен өнерін бойына сіңіріп өсіп келе жаткан жас патриоттар қайда тұрады! Осындайдан соң қазақтың ауылдары тұрғанда ұлттығымыздан ажырап қалмайтынымызға деген сенім де бекі түседі екен.

Ендігі бағыт – Жидебайдағы Абай Құнанбаевтың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы. Елбасымыз тікелей басшылығымен салынған қорық-мұражайдың кереметтігін оны көзбен көрген адам ғана сезіне алады. Өз басым күні бүгінге дейін тура осындай сыртқы келбетімен-ақ адамдарды өзіне бас игізетін, ішкі мәніне үңілгенде сол тағлымынды табынуға ұластыратын орынды көрмеппін. Ұзындығы 200 метр, көлденеңі 60 метр, негізгі көлемінің биіктігі 6 метр болатын алып кешеннің үстінде бір-бірінен айнымайтын, алайда, екіншісі бірінішісінен сәл аласа әрі көлемі жағынан шағындау екі аппақ кесене тұр. Мұқият өңделген беріктастан қалаңғаш кешеннің алдында үлкен мешіт бар. Кешеннің ішкі бөлігіне бастайтын дәлізден басында шырағдан іспеттес болып жасалған тұтас тастан қашалған тұғырдың үлкені арнасында Абай мен Шәкәрім кабірлерінен алынған топырақ қойылған. Сол жерден өткендер кабірге топырақ салудың мұрнын жасайды. Екі жағында каптаған есіктері бар кең дәліз ертедегі гректер мәдениетін көзге елестетіп амфитеатрға апарып тірейді. Осы жерде театрландырылған қойылым көрсетіліп, «Қаламқас» ән-би ансамблінің концерті ұсынылды жүрт назарына. Амфитеатрдың жоғары жағында орналасқан қос тұғырдың бірінде көтерілген Абай өзі өмір сүрген кезеңді бүтіндей байланыстыра отырып, жастарға ғақлияларын айтты. Келесі тұғырға шыққан Шәкәрім де ұстазының сөзін жалғастырып, бүтінгі ұрпаққа керек кеңестерін берді. Театрландырылған көрініс пен тағылымды концерттен әсер алғандар кешенніің үстіне көтеріліп, бірінші кезекте Абайдың, одан соң Шәкәрімнің кесенесіне арнайы тағзым етіп, құран оқытты.

Форумның екінші күні патриоттар Семей қаласындағы Абай ескерткішіне және Семей ядролық сынақ алаңынан жабылуына арналып, қаланы қақ жарып өтетін Ертіс өзенінің оң-тасындағы «Түйемойнақ» аралына орналасқан «Өлімнен де күшті» атты алып ескерткішке гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Форумның пленарлық отырысы Абай атындағы драма театрында өтіп, алғашқы кезекте оған қатысушыларға «Алашорда» қозғалысы, «Семей – алтын қала», «Мемлекеттік рәміздер» туралы фильмдер көрсетілді. Отырысты ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің орынбасары Бағлан Майлыбаев ашып, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Мақат Садық құттықтау сөз сөйледі. Бұдан кейін мінберге көтерілген мемлекет және қоғам қайраткерлері, ҚР Парламентінің депутаттары және тағы басқалар қазіргі жастарды патриоттық рухта, отансүйгіштікке тәрбиелеуге қатысты атқарылып жаткан істер мен орындалмай отырған шаралар жайында жан-жақты әңгімеледі. Жастістерімен бірге кемшін қалған тұстарымызды да түгендеуге тырысты және оны қалай түзеуге болатыны төңірегінде ой өрбітті. Форум делегаттары пленарлық отырыстан соң бес секция бойынша ұйымдастырылған жұмыстарға қатысты.

Қонақтар бұдан соң Абай атындағы драма театрда Иран-Ғайыптың «Киелі күнә» спектаклін тамашалады. Қаланың орталық алаңында өткен «Бәзбір ту» патриоттық акциясы да есте қаларлықтай болды. Мыңдаған адам қатысқан театрландырылған көрініс ретінде жүртшылық назарына ұсынылған акцияға қатысушылар сапын әскерлердің үрмелі аспаптер оркестрі бастап жүрді. Екі күнге созылған II Республикалық патриоттар форумы осы алаңда қорытындыланып, мереке соңы қазақ эстрадасы жұлдыздарының керемет концертімен жарасымды жалғасын тапты.

●ИННОВАЦИЯ

Зауыт тұсауы кесілді

Осыдан біраз бұрын, Алматы облысының әкімі Серік Үмбетовтің Қаратал ауданына жұмыс сапары туралы жазғанымыздай аудан орталығы Үштөбе қаласында жұмыс істейтін «Қаратал-АгроТех» ЖШС қазақстандық брендпен «Арлан» атты тракторларды құрастыратын үлкен желіні іске қоспаққа ниеттеніп отырғаны туралы айтқан едік. Аталған жоба мемлекеттік және жекеменшіктік әріптестік қағидаттары негізінде орындалып, Ұлттық инновациялық қордың қатысуымен құрылған «Дерек» венчурлық қорымен қаржыландырылып, 268 млн. теңге көлеміндегі инвестиция салынған болатын. Жақында осы зауыттың ресми түрдегі ашылу салтанаты болып, оған облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков, «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры, қатысушы компанияның және басқа да мүдделі орындардың өкілдері қатысты. Кіреберіске кейілген лента қию құрметі облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков пен ұлттық инновациялық қор басқармасының төрағасы Әуелбек Тоғжановқа бұйырды.

Жаңа зауыт бір кездегі Үштөбе тәжірибелік-эксперименталдық жөндеу-механикалық зауытының қарусыз қалған 1200 шаршы метрлік өндірістік алаңына қайтадан жан бітірді. Зауыттың өндірістік директоры Владимир Дмитриенконың айтуынша, қазіргі кезде құраттылықтары 20-дан 180 аттың күшіне дейінгі бес түрлі үлгідегі тракторларды шығаратын бірінші жеңіске қосылыпты. Желінің өндірістік қуаты жылына 600 трактор шығаруға мүмкіндік береді. Әзірге осының өзі де Үштөбе сынды ауданорталығына аздық ете қоймайтыны анық. Егер сұраныс артып жатса, екінші және үшінші желілерді де өндіріске қосуға болады екен. Қазіргі кезде трактор құрастыру желісінде 26 адам жұмыс істейді. Директор Үштөбеде құрастырылып жаткан тракторлардың басқалардан ерекшелігі әрі артықшылығы – үнемділіктері мен бөлшектерінің сапалылығында және қоғам-дастық басқарылуының қарапайымдылығында екенине айрықша тоқталды.

Бағасы шаруаларға қолайлы, өнімділігі жоғары әрі үнемділігі де ойдан шығатын «Арлан» трактолары бірінші кезекте жергілікті тұрғындардың талабынан шығып, қолайына жағары сөзсіз. Солай соң ел көлемінде толық тарілары да анық. Осыған орай сөз алған облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков соңғы үш жылда облыстағы ауыл шаруашылығы құралдарын барлығы 4,6 млрд. теңгеге 1200 дана түрлі техникаларды, оның ішінде алғашқы тоқсанда 468 млн. теңгеге тағы 187 дана техника бірлігін сатып алғанын, соған қарамастан техникалар паркінің жаңартылуы жылына 1 – 2 пайыздан аспай отырғанына тоқтала келе, үштөбеліктер шығаратын тракторларға сұраныс болатынына сенім білдірді. Ұлттық инновациялық қор басқармасының төрағасы Әуелбек Тоғжанов, Самұрық – Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының өкілі Бақытжан Сәрсекпаев те жаңымды жаңалыққа байланысты ойларын ортаға салды.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ.

ҚАРАТАЛ АУДАНЫ.



Жуырда еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қатысуымен "Нұр Отан" ХДП-ның кезектен тыс XII съезі өткендігі белгілі. Онда партия төрағасы 7 бағыт бойынша атқарылатын жаңа міндеттерді белгілеген болатын. Осыны жүзеге асыру мақсатында "Нұр Отан" ХДП-ның Алматы облыстық филиалы саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Онда облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Айтбай Сейітов Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың "Нұр Отан" партиясының кезектен тыс XII съезінде сөйлеген сөзінен туындайтын міндеттерді баян етті.

САПАҒА КӨШЕТІН УАҚЫТ ЖЕТТІ

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

– Біз бүгін партиямыздың төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы белгілеген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында бас қосып отырмыз, – деп бастады сөзін Айтбай Өсербайұлы. – Партияның құрылғанына он жыл толуына арналған съезд шын мәнінде еліміз үшін елеулі тарихи оқиға болды. Аталған құрылтайға біздің облыс 95 адамнан тұратын республикадағы үлкен делегация ретінде қатысты. Саны жағынан да алдыңғы қатардағы Алматы облыстық партия ұйымында бүгінгі күні 76 487 адам бар. Олар 16 аудандық, 3 қалалық филиалдарға, оның ішінде 891 бастауыш партия ұйымдарына біріктірілген. Партия мүшелерінің 55 пайызы бюджеттік сала қызметкерлері, 10 пайызы жастар болса, қалғандары кәсіпкерлер мен жеке шаруашылық иелері. Алматы облыстық барлық деңгейдегі мәслихаттардың құрамында 334 депутат сайланған болса, олардың 312-сі, яғни, 93,4 пайызы "Нұр Отанның" мүшелері. Саны жағынан да, сапалық тұрғыдан да жаңарып, өсіп келе жатқан партияның Алматы облыстық филиалы съезге шын мәнінде толағай тыбыспен барды. Өйткені, облыстың экономикалық-әлеуметтік дамуына біздің де қосқан үлесіміз бар, – деген Нұр Отан" ХДП-ның Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Айтбай Сейітов Елбасы тапсырмасымен облысымызда жүзеге асатын ірі жобаларды атап өтті. Бұдан соң Елбасының партия беделін арттыруға қатысты қойған міндеттеріне тоқталды. Оны жүзеге асыру бағытында орталықтағы, сондай-ақ жергілікті жерлердегі партия ұйымдарының жұмысын жүйелі қайта құру ұсынылған. Осыған орай бүгінгі таңда партия құрылымында жаңа стратегия пайда болып, өзгерістер орын алған. Демек, партияның жаңа бағдарламасы –Қазақстанды индустрияландыру мақсаттарын көздейтін, дағдарыстан кейінгі жаңаруға жетелейтін мақсатты құжат болмақ. Ол барлық деңгейдегі орындаушы және билік өкілдерінің бағдарламалық құжатына айналуы керек. Бұл ретте "Партия бүкіл елдің интеллектуалдық күштерін біріктіруі тиіс. Партия аппараты Президентке, Үкіметке, Парламентке идеяларды тиісінше жеткіздіретін ақылой орталығына айналуы қажет!" – деп атап көрсеткен болатын Елбасы. Осыған орай партияда инновациялық идеялар жөніндегі комитет құрылып, оған жаңаша ойлай білетін адамдарды тарту міндеттелін отыр.

Партия үшін басшы кадрларын күшейту мен ішкі кадрлық жұмысты жолға қою да маңызды міндет. Бұл ретте "нұротандықтар" барлық деңгейдегі партия қызметкерлерін жұмысқа қабылдаудың өлшемдері болуы қажет деген ұсыныс енгізіп отыр.

– Партияға кімдерді қабылдап жатқандығымызды ықтияттап, талдауымыз керек. Енді сан қуудан, сапалыққа көшетін уақыт жетті. Кадрлардың бойында қошбасшылық қасиеттермен кәсібилікті арттыру үшін партияның саяси оқу жүйесін күшейту қажеттілігі туындады. Ішкі тәртіпті анағұрлым арттыру мен партиялық бақылау комитетінің жұмысын жандандыру да уақыт күттірмейтін мәселе, – деп жалғады сөзін Айтбай Өсербайұлы. – "Үкімет пен әкімдер шешімдер қабылдарда партия басшылығымен тұрақты ақылкеңес құрып тұруы қажет" деп атап көрсеткен болатын Елбасы. Бұдан соңғы жылдары "Нұр Отан" партиясының қоғамдағы түрлі мәселелерге батыл араласа бастағанын көреміз. Әсіресе, әлеуметтік әділеттілік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте игі істерге мұрындық болып келеді. "Нұр Отан" ХДП-ның Алматы облыстық филиалына 2008 жылы 2678, үстіміздегі жылдың 5 айында 2534 арыз-шағым келіп түсті. "Жемқорлыққа қарсы он мәрте күйрете соққы" бағдарламасын іс жүзіне асыра отырып, қоғамдық кеңеске келіп түскен 58 шағым тексерілін, оған заңды түрде жауап берілді. Сыбайлас жемқорлықпен, паракорлықпен бүкіл халық болып қана күресуге болатынын Елбасы бұл жолы да тағы қайталап айтты. "Нұр Отан" ХДП барлық құқық қорғау органдарымен меморандумға қол қойған болатын. Бүтінгі күні ол жұмыс айтарлықтай нәтиже беруде. 2008 жылы сыбайлас жемқорлықтың құрығына ілікken 11 лауазымды қызметкер, 2009 жылдың 5 айында тағы 6 адам партия қатарынан шығарылды.

"Нұр Отанның" идеологиялық жұмысы қоғамда рухани-парасаттылық құндылықтардың жаңа жүйесін орнықтыруға бағытталуы тиіс. Жастар арасында этносаралық келісім мен отаншылдық құндылықтарды қалыптастыру қажет. "Жас Отан" еліміздегі жастар саясатының түп-қазығы болып, жат мінез-құлық, жемқорлық, қылмыс сынды әлеуметтік кауіпті құбылыстарға қарсы қызмет етуі тиіс. "Нұротандықтар" үшін жастар тәрбиесі ешуақытта күн тәртібінен түскен емес. Бұл бүгінгі таңдағы біз атқаратын басты жұмыс болып табылады. Мұның маңызы жастарға патриоттық тәрбие беруде жатыр, – деп атап өткен «Нұр Отан" ХДП-ның Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Айтбай Сейітов сөз соңында міндетіне немқұрайдылықпен қарайтын кейбір аудандық, қалалық филиалдар басшыларын сынға ала отырып, алдағы уақытта бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жандандыруға баса көңіл бөлу керектігіне тоқталды.

(Басы. Соңы 2-бетте).

●МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

КҮРЕҢБЕЛДІКТЕР КЕЛБЕТІ

облыс орталығында паш етілді

Өткен жұма Кербұлақ ауданы үшін ерекше күн болды. Алматы мен Талдықорған арасын жалғап жатқан үлкен ауыл жұрты облыс орталығында мәдениет күндерін өткізіп, қасиетті Күреңбел өңірінің өзіне тән ерекшелігі мен өнерін паш етті. Ынтымақ пен бірлік жүрген жерден дәулеттің де табылатыны бар. Кербұлақ өңірі – Сақ тайпаларынан бастау алатын жиырма жеті ғасырлық тарихы бар құтты қоныс, киелі мекен. Кешегі өмір – бүгінге тарих. Уақыт өткен сайын тарих беттері қалыңдай беретіні анық. Оны қаншама терең, құндылығына кір түсірмей көрсете алғанымыздың төрешісі – халық. Мұнан жоғары, әділ баға да жоқ шығар. Қасиетті бабаларының рухына тағзым еткен күреңбелдіктер Дос, Малайсары, Жоламан, Жайнақ, Бармақ батырлар мен Күлжабай, Малдыбай би сияқты дара туған перзенттерін мақтан тұтады. Күреңбелдіктер өздерінің өнер майталмандарымен де мақтана алады. Жезтаңдай әнші Нұрғали Нүсіпжанов, «Тамашаның» тарланы Тоқсын Құлыбеков, белгілі әртіс Рахметбай Төлеубаев, опера әншісі Қайрат Өмірбеков, «Отырар сазы» оркестрінің дирижері Самат Мәлімбаев, айтыскер ақындар Әбікен Сарыбаев, Балғынбек Имашев, ақындар Тұрсынмәмет Бұқабаев, Дүйсен Аңсабаев, қобызшы Қамаш Намазова, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген әртіс Гүлжамал Қазақбаева, Б. Римова атындағы драма театрының әртісі Галия Оспанова – қасиетті де киелі Күреңбел өңірінің төл перзенттері.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Талай талантты тұлғалар мен дарынды ұрпақ өсірген өңірдің тұрғындары облыс орталығына үлкен дайындықпен келгені бірден-ақ аңғарылады. Киелі мекен Күреңбел аталатын өңірдің әкімдік қызметкерлері, елге танымал азаматтары мен дарынды ұл-қыздарын облыс әкімінің орынбасары **Тынышбай Досымбеков** қабылдады. Аталмыш ауданда жеті жыл қызмет атқарған Тынышбай Досымбекұлы аудан делегациясын жылы жүз, ыстық ықыласпен қарсы алып, облыс әкімі Серік Үмбетовтің басшылығымен атқарылып жатқан игілікті істерге шолу жасады. Әр жұма сайын дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан аудан мәдениет күндерінің маңызды тұстарына да тоқталып өтіп, сөз кезегін ауданнан келген ағайындарға берді.

Мінберге көтерілген аудан әкімі Нұрбай Жантілеуов аудан экономикасы мен елдің әлеуметтік жағдайын жақсарту жолында істелін жатқан игілікті істерді сөз етті. Күреңбелдіктер өздерінің өнер майталмандарымен де мақтана алады. Жезтаңдай әнші Нұрғали Нүсіпжанов, «Тамашаның» тарланы Тоқсын Құлыбеков, белгілі әртіс Рахметбай Төлеубаев, опера әншісі Қайрат Өмірбеков, «Отырар сазы» оркестрінің дирижері Самат Мәлімбаев, айтыскер ақындар Әбікен Сарыбаев, Балғынбек Имашев, ақындар Тұрсынмәмет Бұқабаев, Дүйсен Аңсабаев, қобызшы Қамаш Намазова, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген әртіс Гүлжамал Қазақбаева, Б. Римова атындағы драма театрының әртісі Галия Оспанова – қасиетті де киелі Күреңбел өңірінің төл перзенттері.



(Басы. Соңы 3-бетте).

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы мәусымнан шығады ● №77 (17203) Бейсенбі, 9 шілде, 2009 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Жетісу жерінде

Президенттік сынақ тапсырды

Ауданымызда Елбасымыздың салауатты өмір салтын үстану бастамасын қолдау мақсатында жыл сайын Президенттік сынақ өткізілін тұрады. Оны жыл бұл жүлдесі спорттық шараға 19 мыңнан астам адам қатысты. Олардың арасында мемлекеттік қызметкерлер, дәрігерлер мен мұғалімдер, сонымен-ақ ауданымыздың оқушы және жұмысшы жастары да болды. Жас шамасына шектеу қойылмады.

Қасқелеңдіктер Президенттің сынақты Тәуелсіздіктің 10 жылдығы атындағы стадионда тапсырды. Мұнда 2400 шаршы метрге жүгіруден жастармен қатар ауыл, қала әкімдері де сайысқа түсіп, жерлестеріне үлгі көрсетті. Солардың арасында Қасқелең қаласының әкімі С.Жылқыбаев, Үмтыл ауылдық аумағының әкімі Б.Күлетов, Іргелі ауылдық аумағының әкімі Ж.Төлеев жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп, белсенділік танытты. Аудандық мекемелер мен басқармалар арасындағы ең үздік нәтиже аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы О.Жиенәлідің еншісінде. Ал ауданның салық комитеті, Қасқелең қалалық әкімдігі, жылжымайтын мүлік орталығының аудандық бөлімшесі, ауданның спорт және ұйымшылдық танытып, ұжымдары бір кісідей атсалысты.

– Ауданымызда Президенттік сынаққа халық белсене қатысуда. Бұл, әрине, бізді қуантады, – дейді ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің бастығы Б.Иманбеков. – Бұл спорттық акция ұзақ дәстүрге айналып үлгерді.

Нұргүл ӘЛМЕНБЕТОВА.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

Жасөспірімдер жарыс жолында

Кеше Талдықорған қаласында велоспорттан жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының кеңқұндік чемпионаты жалауын көтерді. Бұл жарысқа республикамыздың түкпір-түкпірінен он екі команда бақтарын сынайды. Бәсекенің негізгі мақсаты алдағы уақытта ұлттық құрамаға сапын толықтыру және тамыз айында Мәскеуде өтетін Әлем біріншілігіне дайындалу.

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ, «Жетісу»

Осындай айтулы жарыстың жер жаннаты Жетісу жерінде өтуіне облысымыздағы велоспорт жанкүйерлері қатарының жылдан жылға артып отырғандығы және облысымызда талай байрақты бәсекелерде өнерімен топ жарған спортшыларымыздың жеңістері негіз болып отыр.

Орталық алаңда сап түзеген велошабандоздардың алдында Алматы облысының туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының бастығы Тұрғабек Чарпиев сөз алып, бүгінгі таңда облысымызда қанатын кеңге жайып келе жатқан велоспорттың тынығы-тіршілігіне кеңінен тоқталып, жарысқа қатысушыларға жеңіс тіледі.

8 шілде мен 16 шілде аралығында өтетін жарыста велошабандоздар бес күн бойы топтық және жекелей бәсеке түрлері бойынша жарысқа түседі. Бұл бәсекеге жеңістен үміткер бес жерлесіміз қатысуда. Олай болса сол жігіттерімізге сәттілік тілейік!

● ЖЕР СІЛКІНГЕН ӨҢІРДЕН

ТІЛЕУІМІЗ ТҮЗУ БОЛСЫН

Төкелідегі жер сілкінісінен зардап шеккен ғимараттар мен үйлер қалпына келтірілуде. Облыстық бюджеттен бөлінген қаржы есебінен әлеуметтік нысандар мен баспанасыз қалғандарға берілетін коммуналдық пәтерлердің жөндеуіне мердігерлер тартылып, түрлі дәрежеде бүлінген жеке жер үйлерге мүмкіндігінше құрылыс материалдары жеткізілуде.

Әрине, әркімнің жағдайы әртүрлі. Қалалық әкімдік тарапынан құрылған топтар күн сайынғы жұмыстарды бақылауға алып, үйлерін өз бетінше жөндеуге шамасы жоқтарға көмек ұйымдастыруда. Үйінің қабырғалары жарылып, сылағы түсіп қалған еңбек ардагері Шәлен Нұрғалиұлын өңгімеге тартқанымызда ол кісі былай дейді:

– Табиғаттың ісіне ешкімді кінәлай алмайсың. Жер сілкінісі бәрімізді тәубаға келтірді. Әйтеуір, жан аман. Сол күні ертерек жатқанмын. Осыдан үш жыл бұрын аяғымды сындырып алып, екі мәрте операция жасатқанымнан түк пайдасы болмай, қос балдаққа сүйеніп қалған едім. Сынған аяғымды байлап алып жүремін де, үйықтарда байлауын шешіп қоямын. Сол сынық сирағым аман алып қалды десем де болады. Жер тербеле бастағанда жастығын басымды жұлып алып, тұрмаққа ұмтылдым. Бірақ байланбаған аяқ тырп етуге мұрша бермеді. Егер орнымнан түрып кеткенде басқаша болар ма еді? Қалай дегенмен де аман қалдым. Үйді жөндеуге шама жоқ. Балалар есіп, басқа жақтарға кетіп қалған. Жалғыз тұрамын. Жер сілкінісінен соң бірнеше мәрте комиссия келді. Облыс әкімі Үмбетов те арнайы атбасын бұрып, барлығын өз көзімен көрді. Қала әкіміне жағдайларын жеткізгендерге жәрдем жасалып жатыр. Менің үйімді қарауына алған қалалық жер қатынастары бөлімінің бастығы Болат Бүркітбайұлына рахмет! Жөндеуге қажетті құм, балшық, цемент, арматура жеткізіп, екі жігітті жалдап үйімді жөндеткізіп жатыр. Бүгінгі күнге шүкіршілік ету керек. Ең бастысы, апаттан басымыз аман қалды. Қанағатшыл болсақ, барлығы орнына келеді. Тек халықтың тілеуі түзу болсын.

Т. ТҰРЛЫБАЕВА.

ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ.

АСТАНА КҮНІ АТАЛДЫ

Астананың алғашқы күні Талдықорған қаласының орталық алаңында Астана күні мерекесі аталып өтті. Алаңға жиналған қала тұрғындары мен қонақтары алдын ала дайындалған концерттік бағдарламамен қатар каратэ, тоғызқұмалақ сияқты спорт бәсекелерін тамашалады. Әсіресе, қаршадай каратэшілердің өнерлері таңдай қақтырмай қоймайтын еді. Олардың жеңіске деген құштарлықтары, үпай өнеретін әдіс-айла көрсетуге деген талпыныстары сүйіндірді.



Алаң төріне орнатылған алып экраннан төуелсіз Қазақстан мен оның Астанасының, облысымыздың өсіп-өркендеу кезеңдері, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың кешбасшылық, қайраткерлік тұлғасы жайындағы көріністер көрсетілді. Мерекені атап өткен көпшіліктің арасында облыс әкімі Серік Үмбетов бастаған басшы азаматтар болды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.



Қазақстан -2030

ресми хабарлар

Қазақстандық парламенттік делегациясы қатысты

Литва астанасы Вильнюсте өткен ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының жыл сайынғы 18 сессиясының жұмысына Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Қуаныш Сұлтанов бастаған қазақстандық парламенттік делегация қатысты.

Қауіпсіздік саласындағы жаңа қатерлерге қарсы тұру мәселелеріне арналған сессия жұмысында Ассамблея Төрағасы Жоау Соареш, Литва Президенті Валдас Адамкус, Сейм Төрағасы Арунас Валинскас, Премьер-министрі Андрюс Кубилюс сөз сөйледі.

Парламентшілер ЕҚЫҰ Бас хатшысы МПДе Брюшвейлер қазіргі төрағасы – Греция сыртқы істер министрі Д.Бакояннис Ассамблеяның Бас хатшысы С.Оливердің есептерін, сондай-ақ, Литва сыртқы істер министрі В.Ушацкастың баяндамасын тыңдады.

Жалпы отырыста сөз алған сенатор Қуаныш Сұлтанов өлкедегі оның ішінде Орталық Азия аймағындағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қолдауға бағытталған Қазақстан бастамалары туралы баяндама жасады. Ол ЕҚЫҰ парламентшілерін тамыздың 29-ын жалпақ дүниежүзілік қауіпсіздік ретінде жария ету және оны БҰҰ қарауына ұсыну туралы Президент Н.Назарбаевтың ұсынысы туралы хабардар етті.

Қ.Сұлтанов сондай-ақ Өлең және дәстүрлі дәндер басшыларының Астанада өткен III Съезінің нәтижелеріне әріптестерінің назарын аударды.

Жыл сайынғы 18 сессияның нәтижелері бойынша Вильнюс декларациясы қабылданды.

● «ЖОЛ КАРТАСЫ»

ЖҰМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ КЕРЕК

Өткен аптаның сенбісі күні Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталовтың төрағалық етуімен «Жол картасын» орындауды үйлестіру және мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның кезекті отырысы болды. Отырыста негізінен «Жол картасының» мамыр және маусым айларындағы орындалуының нақты нәтижелері, сондай-ақ, осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға байланысты ақпараттарды сайттарға орналастыруға қатысты мәселелер қаралды.

Болат АБАҒАП, "Жетісу"

Мәселелерді талқылау бірқалыпты түрде жүргізілді және соған сай бағдарламалардың әкімшілері өздерінің сайттарындағы ақпараттарға сүйене отырып басымдықтағы бағыттар бойынша қолға алынған жұмыстар төңірегінде егжей-тегжейлі баяндады. Қаралып отырған мәселелерге байланысты төмендегі басшылар тыңдалды: облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы бастығының орынбасары Өнуар Төкенов, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бастығы Бекежан Мамажанов, білім басқармасының бастығы Ләззат Бағарқұлова, денсаулық сақтау басқармасының бастығы Маралбек Мейірбеков, мәдениет басқармасының бастығы Елеусіз Жапшейіс, түрізм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы бастығының орынбасары Петр Сватоковский және басқалар.

«Жол картасы» нысандары жөнінде ақпараттар орналастырылған сайттарды қарау барысында олардағы суреттерден жұмыста кетіп жатқан кемшіліктер көзге бақырайып байқалып тұрды және облыс әкімінің бірінші орынбасары сол жерде осы олқылықтардың барлығын бағдарламалар әкімшілеріне көрсетіп, кемшіліктерді тез арада қалпына келтіріп, алдағы кездері ондай келеңсіздіктерге жол бермеуді қатаң түрде міндеттеді. Әсіресе, жұмыс сапасын арттыруға, еңбек қорғау және техникалық қауіпсіздік талаптарын сақтауға және тағы басқа да күрделі түстарға баса назар аударылды.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Нұрлан Болекбасаның айтуына қарағанда, «Жол картасын» орындау жұмыстарын жоспарланған көлемдері бойынша жүзеге асырылуда. Төрт инвестициялық бағыт бойынша үстіміздегі жылдың мамыр, маусым айларында бюджеттен бөлінген қаржыны игеру 5, 2 млрд. теңгелей артыпты. 2009 жылдың 1 шілдесінде бюджеттің орындалуы 98,8 пайызды құрады. Мәдениет және денсаулық сақтау басқармалары жүз пайыздық игеруге қол жеткізген. Қалған бағдарламалар әкімшілері бойынша бюджеттің орындалуы 96,8 пайыз бен 99,9 пайыз аралығында. «Жастар тәжірибесі мен әлеуметтік жұмыс орындары бағдарламаларын кеңейту» бағыты бойынша мамыр және маусым айларына жоспарланған қаражат көлемінің мөлшері – 58 млн. теңге. Аталған бағдарламалардың ағымдағы жылдың бірінші шілдесіндегі кассалық орындалуы 94,5 пайызды құрады. Өтіп кеткен екі айдағы кадрларды даярлау мен қайта даярлықтан өткізу бағдарламасына жоспарланған қаржы көлемінің мөлшері – 115,9 млн. теңге. Үстіміздегі жылдың бірінші шілдесіне дейін осы қаражаттың 54,2 млн. теңгесі игерілген.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бастығы атап өткендей, «Жол картасы» нысандары бойынша жұмыссыздарды еңбекпен қамту жөніндегі мониторинг жұмысы жалғасуда. Бюджеттік бағдарламалар әкімшіліктері берген деректерге сүйенсек, «Жол картасы» шүкімшілік жаңа жұмыс орындарын құрудың арқасында 8022 адам еңбекпен қамтылыпты. Қазіргі кезде әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілгендердің саны 4431 адамға жетсе, жастар тәжірибесі бойынша 1357 адам жұмыс орындарына не болыпты. Ал даярлау мен қайта дайындықтан өтуге бағытталғандардың жалпы саны – 3089 адамға жетіпті.

Отырыс төрағасы мәселелерді талқылағаннан және пікір алмасқаннан соң отырғандарға бірқатар тапсырмалар жүктеп. Нақтырақ айтқанда, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына еңбекпен қамтуды басты назарда ұстау жүктелсе, жергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасына түрғын үй-коммуналдық шаруашылық жұмыстары кестесін жылыту маусымына дайындықпен байланыстыру, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасына Райымбек, Панфилов аудандарындағы жұмыстарды бақылауға алу тапсырылды. Бағдарламалар жүмшілеріне сайттарды «Жол картасы» бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жөніндегі суреттер пайдаланылған ақпараттармен толықтыру, жүргізіліп жатқан жұмыстардың ашықтығы мен нәсихатын қамтамасыз ету міндеттелді. Нысандарды аралау барысында басты назарды жұмыс сапасына аударуды естен шығармауды, комиссия құрамына кіретін мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және құрылыс басқармазары мамандарының негізгі міндеті де осы екенін естен шығармау керектігі қатаң ескертілді.

● АУДАННЫҢ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

ӘН МЕН КҮЙГЕ БӨЛЕДІ

Облыс орталығында өтіп жүрген дәстүрлі мәдени күндер шарасын өткен жұмада Көксу ауданы жалғастырды. Аталған мәдениет күндері аясында өткізілген «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алар кеменгерді» атты алғашқы шара С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапханада бастау алды. Бұл шараның белортасында көксулықтардың бетке ұстар ақын-жазушылары мен журналистері болды. Атап айтсақ, Қазақстан Журналистер одағының мүшелері, ақын, жазушылар Нұрила Бектемірова, Қазақстанның білім беру ісінің үздігі Амангелді Ыбыраев, зейнеткер ұстаз, Ы. Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері Нұртай Қыдыралыұлы және аудандық мәслихат аппаратының басшысы Маман Қаблисановтар қатысты.

Кешті жүргізген аудандық мәдениет бөлімінің жетекші маманы Қаракөз Сейітжанқызы алғашқы сөз кезегін ақын Нұрила Бектемироваға берді.

Айнұр ӘБДІРАХЫМ, «Жетісу».

Нұрила Дәнтайқызы 2008 жылдың шығармашылық жағынан өте сәтті болғанын айта келе, жинаған қуымды болашақ жоспарларынан да хабардар етті.

Расында, өткен жыл Нұрила Дәнтайқызының өмірінде өшпес із қалдырыпты. Яғни, бір жылда екі бірдей кітабы жарық көрген. Біріне облыс әкімі Серік Үмбетов демеуші болса, екіншісіне өнерін сүйген оқырмандары қолдау көрсеткен. Болашақта драмалық спектакліп театрда қоюды мақсат етіп отыр екен. Сөз соңында Нұрила Бектемірова С. Сейфуллин кітапханасына өзінің екі кітабының бірнеше данасын сыйға тартты.

Ауданның мәдениет күндері аясындағы мұндай шараға алғаш қатысып отырған Нұртай Қыдыралыұлы ауданда қалам күшімен жүзеге асқан оң өзгерістер жайында әңгіме қозғады. «Журналист –төртпіш билік иесі. Сондықтан оның қаламы ел игілігіне еңбек етуі керек», – деді ол сөзін қорытындылай келе. Өз кезегінде Амангелді Ыбыраев та сөз алып, жастарды білім мен ғылымның қайнар бұлағы – кітап оқуға шақырды.

Көксулық жастар да бұл баскосуға құр қол келмепті. М. Құрманов атындағы орта мектептің түлегі, талапкер ақын, аудандық Ілияс оқуларының жеңімпазы Айнұр Ағыбаева мен Қабылиса орта мектебінің 6 сынып оқушысы, Абай, Шәкәрім оқуларының жеңімпазы Бекболат Есжанов жүрекжарды өлеңдерін оқып берді. Осылайша мазмұнды өткен кездесу көпшіліктің көңілінен шықты.

Көксу ауданы өнер иелерінен де кенде емес. Мәдениет күндеріне арнайы келген көксулықтардың мақтанышы, әйгілі «Тақиялы періште» фильмінде басты рөлді сомдаған актер, қоғам қайраткері, ауданның Құрметті азаматы Әлмағзы Райымбеков, қылқалам шебері, Жамбыл атындағы орта мектебінің ұстазы Иманбек Рахымбекұлы, жергілікті сазгер, өнер жанашыры Боран Атабаев, аудандық мәслихат депутаты, Мұқыры Мәдениет үйінің директоры, Бүкілодақтық композиторлар фестивалінің лауреаты Нұри Сүлейменовтер І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында қала тұрғындарымен жүздесті.

Алғашқы сөз кезегі берілген Әлмағзы Райымбеков қолына микрофон алып: «Айналайын, балаларым», – деп сөзін бастады. Актер



қарсы алды. Сөз басында Серік Әбікенұлы облыс орталығынан небары 18 шақырым қашықтықта орналасқан ауданның экономикалық жағдайына тоқтала отырып, Көксу жерінен қазақ тарихында өшпес орны бар азаматтардың көптеп шыққанын тілге тиек етті. Олардың бәсында Қабылиса жырау, Бақтыбай, Орақты батырлар болса, бертін келе екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов, Ұлы Отан соғысында 28 гвардияшы-панфиловшылардың қатарында шайқасқан Кеңес Одағының Батырлары – Мұсабек Сеңгірбаев, Әлиаскар Қожабергенов, Иван Шадрин және «Дана» орденділерінің толық иегері Темірғали Исабаев пен Петр Крахмалевтердің есімдері ел жадында сақталған. Осы күнге дейін жұмыстан қол үзбеген Социалистік Еңбек Ері, ауданның Құрметті азаматы Зылиха Тамшыбаева да ел құрметіне бөленіп отыр. Облыс әкімі Зылиха Жанболатқызының еңбеккорлығын өсіп келе жатқан жас ұрпаққа үлгі етті.

«Жол картасын» бойынша облыска 12,7 миллиард теңге қаржы бөлініп, Оның 5 миллиардты жергілікті бюджеттен. Көксу ауданының еншісіне бұл қаржыдан 270 миллион теңгеге жуық қаржы тиіпті. Серік Әбікенұлы бұл тұрғыда: «Елбасы әр елді мекенге жобаларына қарай қомақты қаржы бөліп отыр. Мұндай мүмкіншілік ылғи бола бермейді. Сондықтан бұл қаржыны негұрлым тиімді пайдалану – басты міндет. Келесі жылы осындай қаражат бөлінсе оған жақсылап дайындалу керек», – деді.

Келесі кезекте Серік Әбікенұлы облыс көрсеткіштеріне тоқтала отырып, қаржы дағдарысына қарамастан жұмыстың өз деңгейінде атқарылып жатқандығын айтып өтті.

Көксу ауданы әкімінің міндетін атқарушы Ғалым Тоқпейісов өз сөзін «Жол картасы» бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жайынан бастады. Яғни, бөлінген қаржы мектептер мен мәдениет орындарын, ауыл жолдарын жөндеуге және көше жарықтарын жасауға жұмсалып, мақсатты түрде игеріліп жатыр екен.

Еңбек ардагері, Балпық би кенттік округі ақсақалдар алқасының төрайымы Любовь Змаженко Елбасының сындарлы саясатына, облыс әкімінің қамқорлығына деген ризашылығын білдірді. Ал көксулық жастар атынан «Жас Отан» жастар қанатының белсенді көшбасшысы Толғанай Әбенова сөз сөйлеп, ел ертеңіне адал қызмет етемін деп ант берді. Жалындаған жас қыздың сөздеріне облыс әкімі өз ризашылығын білдірді.

Киелі өңірдің өнерлі баласы аз емес. Қабылиса орта мектебінің 6 сынып оқушысы, Абай, Шәкәрім оқуларының жеңімпазы Бекболат Есжанов өркендеп келе жатқан еліне арнаған жүрекжарды өлеңін ортаға салды. Серік Үмбетов Бекболатқа табыс тілеп, естелік сыйлық табыс етті.

Орталық алаңда ұйымдастырылған көрмеден аудан азаматтарының қолөнерден кенде емес екенін байқауға болады. Қылқалам шеберлерінің қаз-қатар тізілген туындылары көздің жауын алады. Ал қазақ үйлеріне қойылған түрлі-түсті кестелер, құрақ көрпелер, қоржындар, ұлттық көйлектер, кимешектер, бәрі-бәрі шебердің өнеріне тәнті етеді.

Ауданнан көрей, татар,әзірбайжан және орыс мәдени орталықтары келіпті. Олар да өздерінің ұлттық тағамдарын пісіріп, тарихы мен мәдениетін білдіретін көрме жасаған. Әркайсысы ұлттық киімдерін киіп ән салып, би билеп, өз өнерлерін көрсетті. Көрмені тамашалауға келген қала тұрғындарына астарынан дәм татқызып, қазақи қонақжайлылықты паш етті.

Этно-мәдени бірлестіктер, ауданның әнші-бишілері дайындаған концерттік бағдарламаны аудан әкімінің міндетін атқарушы Ғалым Тоқпейісов құттықтау сөзімен ашып берді. Бір күнге жалғасқан Көксу ауданының мәдениет күні жастарға арналған би кешімен аяқталды.

Сарбаздар ант қабылдады



«Астана қаласы күні» қарсаңында №5514 әскери бөліміне Орал, Ақтөбе, Қызылорда облыстарынан әскери борышын өтеуге келген 100 сарбаз ант қабылдады. Оларды қала әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаев, №5514 әскери бөлімінің қолбасшысы Дәулет Жолбаев және Еңбек ардагері Иманғали Қалиевтар құттықтап, Отан алдындағы әскери борышын абыроймен өтеуіне тілектестік білдірді.

Қажет АНДАС, "Жетісу"

Салтанатты рәсім Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылды. Асқақтаған ән әуеніне елтіген жас сарбаздардың өңінен жылылық, жанарынан жалын есіп тұрды. Содан кейін Дәнқ ескерткішіне гүл шоғын қойып, батыр бабалар рухына тағзым етті. Осы әсерді көріністен соң әскери бөлімнің Туы алдында Қазақстан халқына, Президентке адал болатынын білдіріп ант беріп, қол қойды.

Ант беру салтанатына жиналғандардың қатары да көп болды. Жер шалғай болса да, балаларының елдің азаматы болғанын көруге келген ата-ана, бауыр, туыстар қуанышында шек жоқ. Солардың бірі – Қызылорда облысы, Шиелі ауданынан келген Еңбек Ері Жадыра Тастамбетова:

– Мен өзім Досжан Мырзахметовты күттықтай келіп отырмын. Жетісу жері сағынып еске алып жүретін өлкем. Себебі, мұнда бала күнімізден рухани ұстазымыз болған Зылиха Тамшыбаева апамыз бар. Ал, Алматы облысының әкімі Серік Үмбетовтің ардагерлерге, қарияларға және жастарға жасап отырған жаңа бастамалары басқа облыстардың да үлгі етуіне татиды. Бұл жайында «Жетісу» газетінен оқып, хабар тауып тұратынымды айта кетуім керек. Әрине, «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» дейді кешегі ел қорғаны болған бабалар. Осы парасатты сөздің астарында қаншама мән жатқанын бүгінгі ұрпақ терең білгені жөн. Өйткені, қазақ перзенттері үшін қасиетті даланың шым-шым топырағының қадірі үстем. Ол – атамекен, туған жер, мәңгілік қоныс. Ел басына күн туып, етікпенен су кешетін күннің бетін аулақ қылсын. Бірақ «Жау жоқ деме жар астында» деген де бар. Сондықтан жастар әрқашан жер қорғалы, ел қорғаны болуға дайын тұрғаны жөн, – деді ағынан жарылып.

Ант қабылдау рәсімі көпке созылған жоқ. Бірақ, осы бірнеше минут ішінде айтылған жүрекжарды сөз сарбаздар есінде мәңгі қалатынына сеніміміз кемел. Бұл сенім көк Байрақтың көкте қалықтауы, Әнұранымыздың асқақтап шырқалуы, тәуелсіз еліміздің тұғырлы болуы үшін берік негіз болады.

Елордамыз Астананың 11 жылдық мерейтойы биыл да ел көлемінде кеңінен атап өтілгені белгілі. Осы орайда мереке қарсаңында «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы Алматы облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Астана – Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың ғаламат жобасы» тақырыбында конференция болып өтті. Оған жоғары және арнаулы оқу орындарының оқытушылары, «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері, үкіметтік емес ұйым өкілдері, ұлттық мәдени орталықтардың мүшелері, бастауыш партия ұйымдарының белсенді мүшелері қатысты.

БАР ҚАЗАҚТЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ, "Жетісу"

Конференцияны ашқан облыстық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Айтбай Сейітов жиналғандарды Астананың 11 жылдық мерейлі мерекесімен құттықтады.

– Елорданы көшіру идеясымен барлық қазақстандықтарды қанаттандырған оның авторы Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасын ерлікке балауға болады. Міне, соның нәтижесінде бүгінде Астана – жайнаған жас қала, Алматыдан ардағы болған бас қалаға айналды, – деді ол.

Күн тәртібіне қойылған тақырып бойынша баяндама жасаған Ө. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының профессоры, философия ғылымдарының докторы Аманжол Қасабекұлы 1994 жылы қаңтар айында астананы Алматы қаласынан көшіру жөнінде Үкімет шешімімен құрылған комиссияның құрамында Целиноград қаласына барып, жан-жақты сараптама жасап, бұл қаланың Астана болуға лайық екендігі жөнінде тұжырым жасағандығын айтып өткен. Аманжол Қасабекұлы Астананың өркендеу жолына тоқтала келіп, бүгіндері әлемге танымал Елордасын дамытудағы Президентіміз Н. Назарбаевтың атқарған қызметіне де жоғары баға беріп өтті. Сол сияқты ол болашақта Астана қаласының атауын «Нұр – Шолар» деп өзгерту жайлы өз пікірін ортаға салды.

«Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары, ақын Әміре Әрін конференция қонақтарын ұлт мақтанышына айналған Астана қаласының мерейтойымен құттықтап, мерекелік жыр шашу ретінде өз өлеңін оқып берді.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ага оқытушысы, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің «Құрметті қызметкері» Гүлнар Исағалиева да ұлы дүние, ұлы іс, ұлы тұлғаның орыны уақыт өте келе айқындалатынын айта келіп, бар-жоғы 11 жылдың ішінде жұмаққа теңдес шаһар тұрғызған Елбасының еңбегіне ерекше тоқталды. Қазақстан халқы Ассамблеясының жанынан құрылған «Ұлағат» ақсақалдар алқасының төрайымы Светлана Гантованың жалынды сөздері де көптің көңілінен шықты деп ойлаймыз. Үнемі қазақстандық патриотизмді насихаттап жүретін ол бұл жолы да Астана арқылы қазақ мемлекетінің абыройы асқақтағанын шабыттана жеткізген.

Алматы облыстық балкар мәдени-ұлттық орталығы жанынан жастар қозғалысының белсенді мүшесі Георгий Кравченко таза қазақ тілінде сөз бастап, мерекеге деген ізгі тілектерін мемлекеттік тілде айтып берген. Өзге ұлт өкілдері қазақ тілін меңгеруге осындай мұқаделілік танытып жүргенде тілін бұрап орысша сөйлеуге ауес тұратын қандастарымызға қарыңыз ашпай қайтеді. Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті «Студенттік одақ» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Елдар Сапаров та жиналғандарға ақ тілегін жеткізген. Конференцияның соңында Ушинский атындағы №7 орта мектептің бесінші сынып оқушысы, Астананың құрдасы Әйгерім Сіләмханова сөз алып, өзінің жүрекжарды жырларын оқып берді.

Конференцияны қорытындылаған Айтбай Өсербайұлы қонақтарды мерейлі мерекемен тағы да бір құттықтап, гүлденген Отанымыздың арайлы аспаны астында татулық-тәтті және баянды ғұмыр кеше беруге шақырды.

●ЖАСТАР ФОРУМЫ

ЕЛБАСЫ ТҰЛҒАСЫН АСҚАҚТАТТЫ

Сайлаубек БАЙДУЙСЕНҰЛЫ, "Жетісу"

Қасиетті жұма күні Қарасай ауданының орталығы Қаскелең қаласында облыстық ішкі саясат басқармасы, Қарасай ауданының әкімдігі мен «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Елім деп соққан жүрегі» атты жастар форумы өтті. Мерекедегідей безендірілген аудан әкімдігі алдындағы алаңға жиналған жұрттың көңіл-күйі көтеріңкі. Қуанышқа толы жүздерінен жастардың салтанатты шеруін асыға күтіп тұрғандарын бірден байқауға болады.


Жастар форумынан көрініс.

Әдеттегідей жиын әсігі ресми бөліммен ашылды. Жастар форумына алғашқы болып келген облыс аудандары мен қалалық ішкі саясат бөлімдерінің басшыларын аудан әкімінің орынбасары қабылдады. Осындай ресми сәттен соң төрткүл дүниеге елімізді таныта білген Әнұран орындалды.

Облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Г. Сүлейменова, Қарасай ауданының әкімі А. Мұсаханов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е. Далбағаев, сондай-ақ аудан, қалалық ішкі саясат бөлімдерінің басшылары, аудан ардагерлері мен «Жас Отан» жастар қанатының өкілдері Қарасай батыр ескерткішіне, Ұлы Отан соғысының құрбандарына арналған Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды.

Осы түста жастардың салтанатты шеруі басталып кетті. Ауданның мекеме және ұйымдары мен оқу орындары жастарының құралған шерудің шылбырын ұстап ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызметінің №2027 әскери бөлімінің командирі, полковник Әділбек Өзілханұлы Тілеу бастаған жас жауынгерлердің сап түзеп салтанатпен өтуін жиналған жұрт жылы қабылдады. Елбасының саясатын қолдаған белсенді жастар тобы шерудің салтанатын жалғап өкетті.

Жастар форумының салтанатты ашылу рәсімінде алғашқы болып Қарасай ауданының әкімі Аңсар Мұсаханов жиналған жұртты құттықтап өтті.

– Құрметті халайық, – деді аудан басшысы, – Еліміз үшін, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуы үшін тер төгіп, келелі істерді қолға алып жүрген Елбасы әсіресе, жастар үшін жанын салып, қолынан келгенінің бәрін істеуде. Ол қазақ мемлекетін қысқа уақыттың өзінде дүниеге жаңаша таныта білген ерен тұлға.

Осының бәрі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұйқысыз түндері мен күлкісіз күндерінің жемісі. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома, – деді ол.

Аудан әкімі сөз соңында өңірдегі жастардың еңбек пен өнердегі, спорттағы жетістіктерін мақтаныш сезіммен жеткізді.

А. Мұсаханов тан соң сөз алған облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Г. Сүлейменова, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е. Далбағаев, аудандық жастар кеңесі төрағасының орынбасары С. Қыдырәлиев, ауданның Ушинский атындағы орта мектебінің оқушысы, «Алтын белгі» иегері Г. Құралбек қазақ елі, сол киелі елдің тұңғыш Президенті, оның бүгінгі ұстанып отырған бағыт-бағдары, жастар саясатын жүргізудегі Елбасының бастамасына жан-жақты тоқталып, бұл бастамаға қолдау көрсету әр жастың абыройлы борышы екенін атап өтті.

Сейітп жастар форумы мерейлі мерекеге айналды. Әрқім келешектен қашанда керемет жақсылық күтеді. Бүгінгі қоғамдағы өзгерістерге орай елдің қадырын асырған, көптің басында жүрген Елбасының, Қазақ еліндегі тәтулықтың тәтті дәнінің нәрін сезінген, ұлттық қарымқатынастың бүгінгі тынысын жастар көзімен саралауға арналған, өз еліне, жеріне, ұлан-байтақ Отанына деген мақтаныш сезімін оятып сенімін арттырар жастар форумының жоғары деңгейде өткені үлкен қуаныш. жақсылықтың нышанын барынша аңғарткан салтанат болды.

Өзіндік үндестікпен өткен жастар салтанатына аудандағы отыздан астам ұлт өкілдерінің үрпақтары, аудандағы «Жас Отан» жастар қанатының 500-ден астам мүшелері қатысып, белсенділік танытты. Жастар туған елге деген ыстық махаббаттың жеңілайтыла салатын сөз емес екенін, қорыта айтқанда туған Отанымыздың кеңдігі мен кемелдігін, Елбасы бастаған сара жолдың таңдауы адастырмайтынына шын сенетіндіктерін айқындап берді.

Аудан жастары атынан сөз алған «Алтын белгі» иегері Гүлмира Құралбектің – Әсіресе, Қарасай ауданының жастары үшін бұл жауапкершілік ерекше. Өйткені, біз тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының жерлестеріміз, – дегені тәуелсіздіктің туын тіккен Елбасына, еліміздің болашағына деген сенімнен Президент Н. Назарбаевтың төңірегіне барлық халықтың топтасып тұрғанын жиналған қауымға ұғындыра түсті.

Дара тұлға дидары осылай ашылды. Атқарылғаннан алда тұрған сан салалы игіліктері көп өмірдің бұдан да жемісті болатынын дәлелдей түскен жастар форумын Елбасына деген құрмет пен сүйіспеншіліктің үлгісі ретінде атап өтті. Табиғатымен шаттанып, үлдарымен мақтанған Қарасай өңірі осылайша ән мен күйге бөленді. Жақсылыққа жалғасқан жастар салтанатының түпкі мәні де осында болса керек.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ

Суретті түсірген Е. ӘЛИАСҚАРОВ.

ЖҰМЫР ЖЕР

Қырғызстанда американдық база қалады

Бұл мәселеге қатысты АҚШ-пен шарт биылғы 2 шілде күні қолдастырылған. Күшіне де енді. Жаңа шартқа сәйкес Қырғызстан мен АҚШ «Манас» базасын «Транзиттік жүктер орталығы» деп атамақ. Бұл мекен Бішкек қаласының ондаған шақырым жерде орналасқан.

Қызметі мен мәні сол бұрынғы қалпында қала бермек. Демек, «Манас» әскери нысан болып табылады. Оған американдық әскери қызметкерлер күтім жасайды. Бұл арада әскери ұшақтармен қатар, әскери емес ұшалайнерлері де жүк артып кете бармақ. Орталықтағы қызметкерлердің қылмыстық ісін АҚШ үкіметі жүзеге асырады.



Шарт бір жыл мерзімге жасалынған. Алайда, американдық тараптың бес жыл ішінде шартты жыл сайын ұзартуға мүмкіндігі бар көрінеді. Ал Қырғызстан үшін жаңа шарттың ең тиімді жағы жалға беру арқасында бұрынғыдан да көп қаржы алмақ.

Қырғыз билігіндегілер 2001 жылдан бері Ауғанстандағы американдық әскерді жабдықтаумен шұғылданып келе жатқан бұл авиабазаны жауып тастауды үстіміздегі жылдың басынан бері ашық айта бастаған. Бақылаушылар бұл қадамды Ресейден алған қаржылай көмектің салдары деп есептеді. Кейін базаның статусы өзгертіліп қала беретіндігі айтылды.

Ресей сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі бұл оқиғаға баға бере келіп, мұнда әскери емес жүктің де тасымалданатындығы ресейлік тараптың наразылығын тудырғандығын мәлім етті. Солай болса да, ресейліктер Бішкектің бұл шешімге өзінің реніш білдіре отырып, лайықты «бағасын» алатындығын да сездірген.

Ал енді осы шілде айының алтысы күні Ресей мен АҚШ президенттері кездескен кезде Ресейдің американдық әскери жүктердің транзиті үшін өзінің де зәу келістігін беруге келіскендігі мәлім болды. Бұдан былай Ресей арқылы күн сайын 12 американдық әскери көлік ұшақтары ұшатын көрінеді.

Мюнхеньдегі оқиға

Мюнхеньде белгісіз шерушілер Қытай консульдығын «Мазалаған вокгейльдермен» атқылаған. Соның салдарынан ғимаратқа нардан келіп, ҚХР-дің жалауы жанып кеткен. Аталмыш оқиға 7 шілдеге қараған түні болыпты. Куәлер елшілік ғимаратының жанынан 2 адамды көрген, соның қатар кетіп бара жатқан машинаның үнін естіпті.



Жергілікті билік орындары бұл оқиғаның Қытайдың Шыңжан-Ұйғыр автономды ауданында 5 шілде күні болған оқиғамен байланысты екендігін айтады. Екі ұйғыр адамның өлтірілуіне байланысты бейбіт шеруге шыққан ұйғырлар полицияның қақтығысқа ұшыраған. Бұған қоса ұйғырлар Қытайдағы ең ықпалды құрамды ұлт – ханзулар өкілдерімен төбелескен. Осының салдарынан кемінде 156 адам қаза тауып, 1434 оқиғаға қатысушы ұсталған. Бұдан кейін бірқатар еуропалық елдерінде ҚХР елшіліктері мен консульдықтарының жанында қарсылық акциялар өткен. Мәселен, дүйсенбі күні Гаагада полиция елшіліктің үйіне тас лақтырған 142 адамды ұстап алыпты.

Мюнхенде ұйғырлар көп тұрады. Сейсенбі күні олар қала орталығында шеру өткізген. Сол мезетте жандарынан орталық алаңды көруді ниет еткен қытайлық туристер өтіп бара жатыпты. Шерушілер: «Қытайлықтар, аяқтарыңды жалтыратыңдар!»,– деп айқайлапты. Полицияның араласуы арқасында жанжалдың жолы кесіліпті.

Саддам Хусейннің тапаншасы

Саддам Хусейннің американдық әскерлер тәркілеп алған тапаншасы АҚШ-тың 43-ші президенті Джордж Буш кітапханасының экспозициясының бір бөлігіне айналмақ. Тоғыз миллиметрлік калибрлі тапанша 2003 жылдың 10 желтоқсанында Ирактың бұрынғы президенті бір кештік үйдің жертөлесінде ұсталғанда қолға түсіріліпті. Кейін белгілі болыпты, тапаншаның оғы жоқ екен. Соныменқатар, Хусейннен "Калашников" автоматы мен 750 мың доллар ақша табылған.



Кейін әскерлер әлгі тапаншаны Джордж Бушке сыйлапты. Ол болса, тапаншаны өзінің Ақ үйдегі бөлмесіне қойып, оқта-текте қадірменді қонақтарға көрсетіп отырыпты.

Джордж Буш атындағы кітапхананы Даластағы университетте салуға шешім қабылданған ғой. Сол арада Буштың сегіз жылғы билік кезінде қабылдаған ең басты 25 шешімдерине қатысты дүниелерді қою да жоспарланған.

Кітапхананың құрылысына 200 млн. доллар жұмсалып, 2013 жылы аяқталмақ. Хусейн тапаншасының экспонатқа айналуын Джордж Буштың өзі сұранты.

Майкл Джексонмен қоштасу

Майкл Джексонмен Лос-Анджелестегі қоштасу рәсімі көптеген елдердің телеарналары арқылы көрсетілмек. Сондай-ақ, «поп музыка королімен» қоштасу әлемдегі Нью-Йорк, Токио, Лондон және Мельбурн секілді ірі қалалардың орталық алаңдарында орналастырылған кинотеатрлар мен телеэкрандарда көрсетіледі.



Жалпы қоштасуға 17 мыңнан астам жанкүйерлер қатысқан.

Қаралы қоштасудың соңында Джексон отбасының мүшелері мен қонақтар марқұмның репертуарындағы белгілі бір шығарманы орындаған. Сахнаға шыққандардың арасында Майкдің қызы мен екі баласы да болған. «Әлемдегі ең жақсы әке – біздің әкеміз болды. Мен қазірдің өзінде қатты сағынып отырмын», – деп 11 жасар қызы етіліп жылаған.Сөйтіп, айғыз әнші Лос-Анджелестегі Forest Lawn қорымында жерленді.

● ТУРИЗМ – ЭКОНОМИКА ТІРЕГІ

«САРҚЫЛМАС САЯХАТ» ТУРИСТІК ЖӘРМЕҢКЕСІ

жерұйығы Жетісудың бары мен жоғын түгендеді

Талдықорған қаласында Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті мен Алматы облысы әкімдігінің бірлесіп ұйымдастыруымен «Сарқылмас саяхат» атты үшінші республикалық жылжымалы туристік жәрмеңке өтті. Үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылып келе жатқан жәрмеңкенің мақсаты – Қазақстанда, оның ішінде табиғаты тамаша әрі тарихи-мәдени ескерткіштері көп болып табылатын аймақтарда туризмді дамытып, оны ел экономикасының жетекші салаларының біріне айналдыру. Бының осындай мақсатты әрі игілікті істің негізін қалаудағы шараларатты болуға тиісті шараны өткізу үшін Алматы облысының таңдалып алынғаны да бекер емес. Өйткені, халық ежелден «Жерұйығы – Жетісу» деп атайтын өлкеде аймақтық туризмді өркендетудің мол мүмкіндігі бар.



Алматы облысының орталығындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында бастауын алған жәрмеңкенің салтанатты ашылуында Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов пен Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің орынбасары Қайырбек Өскенбаев сөз алып, жиналғандарды құттықтады. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Жетісу жерінің аталған сала бойынша жүртгізілер жұмыстар үшін аса қолайлылығын нақты дәлелдер келтіре отырып баяндады. Алматы облысында табиғатымен тамсантатын, өзінің аса бай әрі құнды болып саналатын өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таңдай қақтыратын өңірлер баршылық. Басқаны айтпағанда, «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғат бағының аймағындағы тарихы терең құпиясы ашылмаған ежелгі орындар мен Қазақстан «Қызыл кітабына» енгізілген аса сирек өсімдіктер мен жан-жануарлар түрлері өзіміздің адамдар үшін елеусіздеу күйде қалып отырғанымен, алыс-жақын шет мемлекеттерден арнайы ат арытып жететін туристер үшін таптырмас демалыс әрі танымды кеңітетін жер екені даледеуді қажет етпейтін ақиқат. Сонымен бірге Шарын шатқалы, Көлсай көлдері, Текелі таулары мен Алакөл, Балқаш-та саяхатшылар үшін әр кезде де қызғушылық тудыратын тамаша орындар жетерлік.

ҚР Туризм және спорт министрінің орынбасары да биылғы шараған үлкен үміт және жарқын жетістік күтіп отырғандарын жасырған жоқ.

– *Қазақстандық алғашқы «Сарқылмас саяхат» жылжымалы туристік жәрмеңкесі 2007 жылдың 18-20 қазанында Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы Шымкент қаласында өткізілген болатын. Былтырғысы 24-27 маусымда Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласында ұйымдастырылған еді. Екеуі де өзіндік алға қойған мақсаттарымен ерекшеленген-ді. Мәселен, Шымкентте «Туристік Түркістан», «Кеңбірлі» демалыс орындары мен биыл жәрмеңке ұйымдастырылып отырған Алматы облысындағы туристік жобалар ұсынылып, талқыға салынған болатын. Орал қаласында жәрмеңке аясында Қазақстанның халықтық қолөнері, ішкі туристік маршруттар мен инвестициялық жобалардан көрмелер мен түсаукесерлер ұйымдастырылған. Сонымен бірге балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту мәселелері талқыланып, жастар арасында «Менің Отаным – Қазақстан» экспедициясын ұйымдастыру мен өткізудің негізі қаланып, осы тақырыпта аса ауқымды семинар-кеңес өткені де әлі есте. Енді, міне, Жетісу жерінің кіндік қаласы – Талдықорғанға да кезек келді. Алматы облысының орталығында өтетін жәрмеңкеде аймақтардағы экономиканың дамуын ынталандыру мақсатында «Аймақтық үздік туристік мүмкіндіктердің тұсаукесері», «Үздік жарнамалық өнім» конкурстары ұйымдастырылады, сондай-ақ, туризмге тікелей қатысы бар бірқатар инвестициялық жобалардың тұсауы кесіледі. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі туризмді дамытудың проблемалық мәселелері жөнінде республикалық кеңес өткізеді,* – деген вице-министрдің беташар сөзінен соң жиналғандар Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайының кіреберіс дәлізіндегі туристік жобалар көрмесі мен түсаукесер рәсімдерді тамашалады. Мұнда елімізділ барлық аймағынан келген туристік фирмалар өздерінің ұсыныстары мен тілектерін, жетістіктері мен жаңалықтарын жарнаманың барлық түрлері арқылы көрсетуге мүмкіндік алып, барларын жайып салып, туған жеріміздегі тамаша табиғи, тарихи, мәдени орындар туралы егжей-тегжейлі, түрлі-түсті суретті ақпаратты көпшілік назарына ұсынды. Баска-баска, осы жолғы жәрмеңке қожайындары – жетісулықтар алыс-жақыннан келген лауазымды тұлғалар мен туристік компаниялар алдында өздерін жан-жақты насихаттауға барларын салыпты. Жоғарыда айтылған «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғат бағының бар тамашасы жәрмеңкеге қатысушыларға алуан қырымен таныстырылды. Бұларға қоса Көлсай көлдерінің кереметтері мен Шарын шатқалының тылсым көріністері, Алакөл мен Балқаш көлдерінің келбеттері, тағы да басқа да көркті жерлер мен тарихи-мәдени ескерткіштер туралы толық ақпараттармен егжей-тегжейлі танысуға мүмкіндіктер жасалды. Көрмеден Қазақстанның бірде-бір аймағы тыс-қары қалған жоқ. Әр облыс пен қала өзінің сырт көзді қызықтырар туристік мүмкіндіктерін толыққанды паш етіп қалуға тырысты. Сол жерде бір-бірімен мекенжай және телефон алмасып, алдағы кезде байланыс орнатудың жай-жапсарын талқылап жатқандар да кездесті.

Былайғы кездері өзімізде барлық қадіріне жете бермейтіндігімізді осы көрмені аралау барысында тіптен байқай түстік. Жаз шыға бойы қыруар қаржыны шашып, шет елдердегі демалыс орындарына ағылатындар осында келгенде еліміздің барлық өңірлерінде көркі мен пайдасы жөнінен алыс-жақын шет елдердегі демалыс орындарына дес бере қоймайтын жерлердің барлығына көздерін жеткізер еді. Ендігі мақсат – осынау қолда барды туризмді дамыту жолында дұрыс пайдаланып, оны жариамалауды жөнге қою. Қызмет көрсету жағынан олқылықтардың кездесіп қалуы мүмкіндігін ешкім жоққа шығармайды. Дегенмен, «Қош жүре түседі» дегенді де ұмытпайық.

«Сарқылмас саяхат» жәрмеңкесі ашылған күні түстен кейін облыстық әкімдіктің үлкен жиынжайында Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен туризмді дамытудың проблемалық мәселелері жөнінде республикалық кеңес өтті. Оған елімізділ басқа өңірлерінен келген ресми қонақтармен бірге өз облысымыздағы туризм саласының жетекшілері, аудандық, қалалық әкімдіктердегі осы салаға жетекшілік жасайтын тұлғалар қатысты. Кеңесте облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов Алматы облысының туристік мүмкіндігі мен оның қазіргі жай-дайы, болашағына жасалған жарқын жоспарлар мен берері мол болады деп отырған жобалар төңірегінде хабарлама жасады. Оның айтуына қарағанда, соңғы жылдары Жетісу жеріне келетін туристер қатары біртіндеп артып келеді. Алакөл мен Балқаш көлдерінің жағалауларын тек жазда ғана базарлы етпей, қыста да думанды орындарға айналдырудың мүмкіндіктері қарастырылып, демалатын орындар салуға байланысты жобалары да бар Бас жоспарлары жасалған. Болашақта жерұйығының туристік маңызы бар бірде-бір өңірі назардан тыс қалмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің орынбасары Қайырбек Өскенбаев та өзінің баяндамасында кеңестегі басты тақырып болып табылатын туризмді дамытудың бары мен жоғын, атқаратын жұмыстарын егжей-тегжейлі қамтыған баяндама жасады. Жарысөзге шыққандар да өздерінің ойларын ашық ортаға сала отырып, келелі мәселеге қатысты шешімін күткен жағдайларға кеңінен тоқталды, ұсыныстарын білдірді. Сөйлеушілер көтерген кейбір мәселелер назарға алынып, хаттамаға жазылып, тиісті орындарға тапсырмалар жүктелетін болды. Ал тағы бірқатар проблемаларға қатысты сол залда-ақ облыс әкімінің бірінші орынбасары мен вице-министр нақты жауаптар қайтарды. Кешкісін конкурстардың қорытындысы шығарылып, жеңіске жеткендер марапатталды.

«Сарқылмас саяхат» қазақстандық үшінші жылжымалы туристік жәрмеңке барысында еліміздің әр қиырынан келген туристер жерұйығы Жетісудың туристік мүмкіндігімен және оны дамытудың жолдарымен жан-жақты танысып, үлкен әсер алып тарқасты. Олар біздің облыстың тамаша табиғаты мен қонақжайлылығына, аса құнды болып саналатын тарихи-мәдени ескерткіштері мен өсімдіктер және жануарлар әлемінің байлығына тәнті болғанын жасыра алмады, жүрген жерлерінде оны насихаттауға үлестерін берді. Соған қарағанда Алматы облысындағы аймақтық туризмнің болашағы зор және алдағы жылдары оны үлкен дәму күтіп тұрғандай.

Болат ҚАБДЕШҰЛЫ.

Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 88 (17214) Сейсенбі, 4 тамыз, 2009 жыл ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді



«Қазақстан – коммуникациялардың, көлік пен инфрақұрылымның қазіргі заманғы құралдарын дамытып қана батыс пен шығыстың арасын жалғастыратын көпір бола алады».

Н. НАЗАРБАЕВ.

ТЕМІРЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

оның салтанатты ашылу рәсіміне Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВТЫҢ өзі арнайы келіп, қатысты

Жетіген–Қорғас темiржол желiсi құрылысының жобасы бiраз уақыттан бері тілге тиек болып келе жатқан. Бұл құрылыстың маңыздылығы қай жағынан алғанда да айрықша бiлiнетiн-дi. Себебi, көршiлес елдермен экономикалық қарым-қатынас орнату үшiн де жақсы жол қажет. Осы орайда Жетіген–Қорғас темiржолы желiсiнiң өзiндiк басымдығы да айқын аңғарылады. Бұл жоба «Қазақстанның 30 корпоративтi көшбасшылары» бағдарламасы шеңберiнде жүзеге асырылып отыр. Оның облыстың жұртшылығы үшiн де берері мол-ақ. Жетіген станысынан бастау алатын осы темiржол облыстың Іле, Талғар, Еңбекшіқазақ, Үйғыр, Панфилов аудандарының аумағын басып өтiп, Қытай шекарасына шығады. Яғни, жолдың ұзындығы 298 шақырымды құрайды. Құрылыс мерзiмi 45 айға созылатындығын ескерсек, осы құрылысқа жұмсалатын қаржы мөлшерi 147,4 млрд. теңгені құрайды. Ал темiржол құрылысы күні бүгін дәл осы жерден бастау алса, ол 2012 жылы толығымен аяқталуға тиiстi. Жаңа желiнiң ашылуына байланысты Ақтау мен Алматыдан Қытайға жүк және жолаушылар тасымалдау аралығы 500 шақырымға дейiн қысқармақшы. Темiржолды салу кезеңiнде 5500 адам жұмыспен қамтамасыз етiледi. Оның 805-i бiлiктi жылдың үлесiне тиедi. Ал жолды пайдалану кезеңiнде 2093 жұмыс орны ашылатын болады.



Ілияс ЖҰНІС,
"Жетісу"

Жетіген–Қорғас темiржолының Іле ауданына да тигізер пайдасы мол. Олай болатын себебi, құрылыс жұмыстарына Іле ауданына кемiнде 300-ге тарта адам тартылады деп жоспарлануда. Оған қоса, елдi мекендердiң гүлденуiне айрықша әсері болмақ. Олай дейтiнiмiз, жобаны жүзеге асыру барысында көптеген қызмет көрсету кешендері, жаңадан құрылатын жолайрықтары мен станцыларда тұрғын үйлер салынбақшы. Станцы дегенiмiз шығады, осы темiржолды салу барысында Жетігеннен Қорғасқа дейiн 5 станцы, 9 жолайрықтары құрылмақшы. Бұл да өңiрдiң әлеуметтiк-экономикалық өмiрiне елеулi септігін тигізетіні анық. Ең бастысы, қаржылық дағдарысқа қарамастан қолда бар мүмкiндiктерді тиімді пайдаланған жағдайда Жетіген–Қорғас темiржол желісінің құрылысы дер кезiнде аяқталатын болады.

«Тойдың болғанынан баладағы қызық» демекші, алғашқы темiржол құрылысының басталуына арналған салтанатқа жан-жақтан адамдар көп жиналды. Бұл қуанышты тек Іле ауданының ғана емес, көршiлес Талғар, Қарасай аудандары мен Қапшағай қаласының тұрғындары да бөлісуге келiптi. Оның үстiне салтанатқа Елбасымыз Н. Назарбаевтың қатысатыны да жұртшылықты осында асықтырғандай. Салтанат рәсiмi ашылуға жақындаған сайын арнайы жабдықталған алаңға мыңдаған адамдар жиналды. Олардың арасында темiржолшылар да, құрылысшылар да, ауыл адамдары да, ардагер-ақсақалдар да бар.

Әне-мiне дегенше, түстен кейінгі сағат 15.00-де Елбасымыз мiнген автокөлiк ашық алаңға келiп, тiзгiн тiредi. Автокөлiктен түскен Нұрсұлтан Әбiшұлы жиналған жұртшылықпен емен-жарқын амандасып, Жетіген–Қорғас темiржолы құрылысының макеті қойылған алаңға сәл-пәл кiдiрдi. Бұл алаңға Үкiмет мүшелері, облыс әкiмi Серік Үмбетов пен республикалық, облыстық ұйымдар мен мекемелердің басшылары да топтасып қалған едi. Темiржол құрылысының сызбаларымен таныскан Елбасымыз бірден мiнберге көтерiлiп, сөз тізгiнiн өз қолына алды.


– Аса құрметтi халайық, сiздерді бүгінгі салтанатпен құзу құттықтаймын, – деді Нұрсұлтан Әбiшұлы. – Қазақстан жүктерінің 70 пайызған астамы темiржол арқылы жан-жаққа тасымалданатын болғандықтан бүгінгі басталғалы тұрған құрылыстың алар орны ерекше. Жылына осы жол арқылы 5,5 млн. тонна жүк тасымалданатын болады. Бұған дейін де бiздер Шар–Өскемен, Дегелең–Ақсу бағытындағы темiржолдарын салдық. Ал, алдағы уақытта жалпы салынатын темiржол көлемі 1 мың шақырымнан асатын болады. Сондай-ақ, 2,5 мың шақырым автокөлiк жолдары салынды. Осы арқылы 50 мыңнан астам адамға жұмыс тауып берiп отырмыз. Сондай-ақ, қазіргі таңда шағын және орта кәсіпкерлікке айрықша көңіл бөлінуде. «Жол картасы» бойынша осы салалағы 320 мың адамға жұмыс берiлдi. Әрине, бұл көрсеткіш алдағы уақытта да өсе беретін болады.

Бұдан әрі Елбасымыз Н. Назарбаев Алматы облысының транзиттiк аймақ болатынын айрықша атап көрсетiп, жаңадан басталғалы отырған темiржол құрылысының облыс экономикасына қосар үлесiнiң қомақты болатындығына сенiздiрдi.

Сөзінің соңында Президент жалпы қазақстандық темiржолшылар мен автокөлiк жүргiзушiлерiн күні кешегі төл мерекелерiмен шынайы құттықтап, жұмыстарына сәттілік тiледi.

Салтанатқа жиналғандарды «Даму» инновациялық-логистикалық орталығының президенті С. Тойлыбаев, байырғы темiржолшы Асылбек Әлiмжанұлы және І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенті Айзада Жиентаева шынайы құттықтап, Елбасына өздерінің алғыс сезімдерін арнады.

Бұдан кейін алғашқы темiржол рельстерін төсеу рәсімі болып өттi. Алып крандмен ұшындығы 10-15 метрлік бетон қондырғылары жерге төселгенде оны жұртшылық үлкен ризашылықпен қарсы алып, қошемет көрсеттi. Мiне, осылайша Жетіген жерiнде бұрынғы темiржолмен қатарлас Жетіген–Қорғас темiржолының іргетасы қаланды деуге болады.



Суретті түсірген Жұмайл МҰСАБЕКОВ

●«ЖОЛ КАРТАСЫ»

«Жол картасы» арқылы 370 млн. теңгеден астам қаржы Панфилов ауданына бөлінген еді. Аудандық еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы мақсатты іске бағытталған осы қаржы арқылы Жаркент өңірінде жалпы 580 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген.

Жұмыс орындары ашылуда

Мырзагали НҰРСЕЙІТ,
"Жетісу"

Аудандық еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Азат Жақыбайдың айтуынша, «Жол картасы» арқылы келген қаржы жол, әлеуметтік нысандарын күрделі және орташа жөндеу жұмыстарына бағытталып Жаркент–Сарыбел, Көктал–Жаркент–Арасан елді мекендерін жалғап жатқан жолдар орташа жөндеуден өткізілiп, Ә. Қастеев, Қожамбет би атындағы орта мектептер күрделі жөндеуден өткізілмекші. Қомақты қаржы ауыл көшелерін жарықтандыруға, Жаркент қаласы мен ауыл көшелерін ағымды жөндеуден өткізуге, Лесновка ауылындағы Мәдениет үйін, №18 кәсіптік мектепті, аудандық орталық аурухананы жөндеуден өткізуге жұмсалмақ.

Осы нысандардағы жаңа ашылған жұмыс орындарына 464 адам аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы еңбекке орналасуға тиіс болса, қазір 442 адам жұмысына кірісті. Сонымен қатар, арнаулы орта, жоғары білімі бар Жаркент өңірінің 150 жұмыссыз жүрген маманы жастар тәжірибесіне еңбекке орналастырылды. Сол сияқты 198 адам жаңа мамандықтар меңгеру үшін оқытылуда. Әлеуметтік жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша 260 адам жеке шаруа қожалықтарына, кәсіпорындарға орналастырылды.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ

●АУДАННЫҢ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

АҚСҰЛЫҚТАР

ТАЛДЫҚОРҒАН ТӨРІНДЕ

Қазақ жерінің бәрі тұнып тұрған тарихтың бесігі саналады. Ұлт болып қай дәуірде қалыптасқанымызды анықтап айта алмасақ та, ата шежіремізді ақтарып отырып, әр ауыл өзінің кәдірлі перзенттерін ту етіп, осы жолда өрілген өр тарихын ұрпақтан-ұрпаққа жалғап келе жатқанын білеміз. Римнің алып қамалын ат тұяғымен жаншып өткен бабаларымыз батырлықпен бірге, бізге мәңгі мұқалмас рухани байлықты мұраға қалдырып кеткеніне тәубе деймiз. Иә, кезіндегі кеңестік саяси жүйенің салдарынан көп дүниемізден айырылып қалдық. Десе де, ұмыт бола бастаған бағалы құндылықтарымыз тәуелсіздік таңымен бірге түлеп, Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жаңғырып, жалпықазақтық тағылымның түйініне айналды. Сонымен бірге облыс әкімі Серік Үмбетовтің бастамасымен қолға алынған «аудан мәдениет күндері» аясында әр жұма күні облыс орталығы Талдықорған қаласында өтетін шараның халыққа берерінің мол екендігі күн өткен сайын айқындалуда. Әрине, аталмыш шара тек қазақ халқының жоғалтқан мұрасын түгендеп қоймастан, өңірімізде тірлік етуге пейіл танытқан басқа ұлт өкілдерінің де өз мәдениетін нығайтуға септігі тиетіні хақ. Міне, осындай берері көп шараның бұл аптадағы реті Ақсу жұртына келіп отыр. Олар облыс орталығында екі күн қонақта болып, бары мен базарын ортаға салды.



Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Талай талантты тұлға мен дарынды ұрпақ өсірген өңірдің тұрғындары облыс орталығына үлкен дайындықпен келген бірден-ақ аңғарылады. Ақсу ауданының мәдениет күні аясында өткізген шарасы С. Сейфуллин атындағы кітапханада «Тарихтың куәсі, елдіктің тұмары» атты тарихи-танымдық конференциямен басталды. Ақсу өңірінен шыққан мәдениет қайраткерлері бас қосқан тарихи-танымдық конференцияның мақсаты – ата-баба құндылықтарын ұрпаққа таныту еді. Бәрімізге мәлім, Жетісу жерінің алғашқы білім ошағы дәл осы Ақсу жерінде салынған. Міне, осылай бастау алған тарихи мұралар ұлттық рухымызды көтеруде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Бұл аманатты өлеңдерін оқып, ән мен жырдан шашу шашылды. Сонымен бірге аудандық делегация аудан әкімі Әскербек Дүйсембаевтың бастауымен Талдықорған қаласындағы кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, оңалту және бейімдеу орталығына бас сұқты. Қазір бұл орталықта түрлі жағдаймен келіп түскен 25 бала тәрбиеленіп жатыр. Тағдырдың тауқыметін көрген жеткіншектерге қоғамның жылылығын сезіндіру мақсатында жұмыс істеп келе жатқан орталық ұжымы делегация мүшелерін ыстық ықыласпен қарсы алды. Олар кондиционер, компьютер және тұрмыска қажетті құрал-жабдықтар ала келіпті. Мұны көрген балалар қуанышында шек болмады. Сонымен бірге қаламыздағы «Үш ата», Қадырғали Жалайыр, ақын Сара, Даңқ ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойып, ардақ тұтқан аудандық кітапханада мәдени мұраға тән бес мыңнан аса кітап қоры бар. Жыл сайын 700–800 кітапшең толығып отырады. Оқырмандардың дені жас буын. Сондықтан Ілияс туған өлкенің азаматтары шетінен жыршы. Басқосуда ақындар өз таңғым етті. Ақындар жырдан шашу шашып, үлкендер жағы құран бағыштап, бет сипады.

Кешке қарай киелі өңірдің экомдық қызметкерлері, елге танымал азаматтары мен дарынды ұл-қыздарын облыс әкімі Серік Үмбетов қабылдады. Қабылдау өте жайдары, ашық-жарқын тұрғыда өтті. Алдымен ауданнан келген ағайынның қалжағдайын сұрастырып, олардың тыныс-тіршілігімен қанықкан облыс басшысы ендігі ретте облыс экономикасы мен халықтың әлеуметтік жағдайын нығайту барысында істелiп жатқан игілікті жұмыстарға тоқталды.

–Қазір қаржы дағдарысы елді мазалап тұрса да, облыс аумағында атқарылып жатқан нәтижелі жұмыстар қуанарлық дәрежеде. «Елде болса, ерінге тиеді» демекші, ағымдағы жылы облыс бюджеті 147 млрд. теңгеге жетіп, инвестиция тарту 175 пайызға орындалып отыр. Мұның өзі ел жағдайының қалыпты деңгейде өсіп жатқандығының көрінісі. Зейнетақы, жалақы, жәрдемақы мөлшері де артуда. Өрістегі мал басы көбейіп, егіс биік шыққаны тағы бар. Қазіргі мәліметке сүйенсек, бір гектар жерден алынған өнім 22 центнерді құраған. Бұл көрсеткіш алдағы күнде өседі деп жоспарлануда. Ал, «Жол картасы» бағдарламасы бойынша мемлекеттік бюджеттен облысымызға 12 млрд. теңге бөлінсе, оның 300 млн. теңгесі Ақсу ауданының еншісіне тиген. Аталған шара аясында жолдар жөнделіп, мектеп, балабақша, денсаулық сақтау нысандары ағымды және күрделі жөндеуден өтуде. Осыған орай, жаңа жұмыс орындары да көптеп ашылуда. Сонымен бірге Текелі қаласында болған зілзаладан тұрғындар хабардар. Әрине, табиғаттың апатына ешкім қарсы келе алмайды. Алайда, зілзаладан зардап шеккен халықтың көңілін орнықтыру мақсатында облыс бюджетінен 400 млн. теңге бөлініп, бүлінген нысандар қалпына келтірілiп, баспанасыз қалғандар жаңа қоныс тойын тойлауда, – деді. Облыс әкімі өңіріміздегі игілікті жұмыстардың ретін тілге тиек етумен бірге, кемшін тұстарды атап, келеңсіздікті жоюдың жолдарын да көрсетті.

Иә, өлкемізде жасалып жатқан қомақты бастамалардың қатарында Ақсу ауданының да өз үлесі бар. Ақсу ауданының әкімі Әскербек Дүйсембаев ауданда атқарылып жатқан игілікті істермен таныстырды. Биыл аталған аудан «Жол картасы» бағдарламасы бойынша іргелі жұмыстарды қолға алған. Атап айтар болсақ, мәдениет саласы бойынша Қапал ауылындағы Мәдениет үйі ғимаратына 55 млн. теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары атқарылуда. Сол сияқты жекеменшік тұрғын үйдің инженерлік коммуникациялық жүйелері құрылысына 32 млн. теңге, 7 тұрғын үй құрылысына 30 млн. теңге бөлінді. Сонымен бірге елді мекендердің көшелерін асфальттау жоспары да қаржы алуда. Осы жоспарларға сай 260 әлеуметтік жұмыс орны, 80 жастар іс-тәжірибесі жүзеге асырылуда. Мұның сыртында бағалы дақыл қант қызылшасы, жалпы егіншілік пен мал шаруашылығы салалары да дамып келеді. Ауылдағы ағайынның тыныс-тіршілігі де көңілге дем береді. Бұл жағдайдан хабардар болған облыс әкімі дән риза болды. Содан кейін сөз алған аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Нүрбек Қасымбеков, ардагер ана Бәтима Сақауова аудан мәдениет күндерінің ұлттық құндылықты ұлықтау мен жас ұрпақ тәрбиесіндегі қомақты үлесін тілге тиек етті. Аталған ауданның түлегі «Қазақстан» ұлттық арнасы «Қолтаңба» айдарының жүргізушісі Нұртілеу Иманғалиұлы облыс әкімі Серік Үмбетовтің қазақы болымсытың кадірі мен қасиетін халыққа ұғындыру мақсатында қолға алған игілікті бастамаларын айта келіп, Ақсу топырағынан түлеп ұшқан азаматтардың өнегелі жолын халыққа насихаттайтын кітап шығаруға демеу көрсетуін және осы өлкенің түлегі Ұлы Отан соғысының батырлары Нұрсұлтан Есеболатов пен Есмұрат Сықымовка Талдықорған қаласынан көше атын беруді ұсынып етті. Облыс басшысы ескертпен білдірді. Сонымен бірге басқосуда болған Бейжің олимпиадасының күміс жүлдегері Асхат Жіткеев облыс әкімінің жас спортшыларға жасап келе жатқан қолдауын, Грецияда өткен халықаралық олимпиадасының жеңімпазы, І. Жансүгіров атындағы орта мектептің түлегі Дәурен Күмісбеков мектеп оқушыларының жалынды сәлемін жеткізді. Сонында ақсулық ағайындар график-суретші Исатай Исабаевтың туындысын облыс басшысына сыйлады. Содан кейін көңілдік естелік суретке түсті.

Аудан делегациясын жылы шыраймен қабылдаған облыс басшысы аудан әкімінің бастауымен мәдениет күні аясында дайындаған көрмені аралап көріп, концерттік бағдарламаны тамашалады. Көрерменнің назарын бірден аударатын орталық алаңның төрінe жайғасқан хан шатыры бейнесіндегі шатырда Сақ дәуірінен бүгінге дейінгі Ақсу өңірінде болған тарихи оқиғалардың барысы толық жинақталған. Мәдениет сарайының сыртқы мандайшасына ілінген өңірдің мақтанышына айналған азаматтардың бейне суреті де көңілге жылы сезім ұялатады. График-суретші Исатай Исабаевтың сурет көрмесінде талантты жанның еңбектері ілінген. «Табиғат–тамашалары» атты шатырдан өңірдің жануарлар әлемін көруге болады. Мектеп оқушыларының көркем туындылары мен іскер әйелдерді қолдау орталығының көрмесі де көрген жанды бейжай қалдырмады. Бұл күнгі шарада мәдени орталықтар мен үкіметтік емес ұйымдарда қызу ықыласпен дайындалған. Ал концерттік бағдарлама дауылпаз үнімен басталып, алаң төріне көтерілген ақ киімді періштелер ел қорғаны болған батыр бабалар, ақындар, Отан соғысының батырлары, еңбек ерлерінің бейнесін сомдады. Тәуелсіз Қазақстан мен ұлттар достығын айшықтап көрсетіп, жарқын келешекке деген ел ынтасын көркем көріністермен бейнеледі. Концерттік бағдарламаның соңы жастардың би кешіне ұласып, от шашумен аяқталды.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 84 (17353) Сейсенбі, 13 шілде, 2010 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Жетісу жерінде

«Назқоңыр» қайта қанат қақты

Жаркент өңіріндегі Қоңыроленауылында өнерпаздар қай кезде де аз болған емес. Өткен ғасырдың 80-90 жылдарында осы ауылдағы Мәдениет үйі жанында өнерлі жастар «Назқоңыр» атты эн-би ансамблін құрып, бірнеше шалғай шет елдерге де барып концерттерін көрсеткен еді. Бұл ұжым сол кезде «Халық ансамблі» атағын да алған. Өкінішке орай, сол өнерпаздар тобы шарық тепе ұша алмай тарап кетті.

Мырзагали НҰРСЕЙІТ, «Жетісу»

Үстіміздегі жылы Қоңыроленауылдық округіндегі Мәдениет үйлерінде еңбек етіп жүрген, бұрын ауыл ансамблінің белді мүшесі болған Әділхан Молдахметов, Жұмағали Әбілдаев сияқты азаматтар «Назқоңырды» қайта құрып, өзге ел ішіндегі өнерлі жастарды тартып, ауылдарда, аудан орталығында өткен мәдени шараларда концерт көрсетіп жүр.

Ансамбль жетекшісі Әділханның айтуынша, жас ұжым репертуарын біраз шыңдаған соң баяғыда жоғалтқан «Халық ансамблі» атағын қорғап, қайтарып алмақшы. Қайта қанат қаққан өнерлі ұжымның бiрiк мақсаты жүзеге асады деген сенімдемiз.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

ҚҰРМЕТТІ ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫ!

2010 жылдың 13–22 шілде аралығында Талдықорған қаласы І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында «Германияда жасалған-кайта жаңартылатын энергия» атты көрмесі өтеді. Көрмеге келем-дешілерге есік ашық. Кіруі тегін.

ИСПАНИЯ – ЧЕМПИОН!

◈ ӘЛЕМ БІРІНШІЛІГІ



Оңтүстік Африка Республикасында футболдан өтіп жатқан 19-шы әлем чемпионаты өз мәресіне жетті. Ия, бір айға созылған дүбірлі доданың ең соңғы ойыны Нидерланды мен Испания құрамалары өткізді. Аталған мемлекеттер құрамаларының арасындағы матчта негізгі 90 минутта есеп ашылмастан тең аяқталып, қосымша он бес минуттық екі тайм ойналды. Матчтың ең соңғы минуттарының бірінде, дәлірек айтсақ, 116-шы минутта испаниялық футболшы А. Иниеста жеңіс голын соқты. Көбінде матчтың соңында жалғыз гол соғып, жеңіске жететін испандықтар бұл жолы да сол "әдеттерін" қайталады.

Осыған дейін барлық ойынды болжап келген сегізаяқ бүгінгі жеңімпазды да таңдап үлгерді. Күллі әлемді өзінің сәуегейлігімен таңғалдырған су коректісі бұл жолы да жаңылған жоқ. Ол бұл нәтижені ақтық сынға дейін ақ болжал қойған сынайлы.

Өзінің болжағыштық қасиетімен әлем тұрғындарының назарын өзіне аударған су коректінің болмысын ғалымдар зерттейтін болды.

Соңғы жылдары жақсы ойын өрнегін көрсетіп жүрген Испания құрамасы әлем чемпионы атанды. Құрама өзінің тарихында алғаш рет финалға шығып, сол алғашқы финалының өзінде-ақ әлем чемпионы атанды.

Жалпы бірншілiктің қорытындысы бойынша 1-орында Испания, 2-орында Нидерланды, 3-орында Германия, 4-орында Уругвай.

Әмір САНА.

ЖҮЙРІКТЕН ЖҮЙРІК ОЗДЫ ЖАРЫСҚАНДА

Көкбастауда «Астана мерейі – халықтың тойы» деген ұстаныммен Президент кубогын сарапқа салған аламан бәйге өтті

Рәтбек ТЕРЕКБАЕВ, «Жетісу»

Бүкіл еліміз көлемінде кеңінен аталып өткен Астана күні мерекесі «Тәуелсіздігіміздің бойтұмары – есем Астана» ұранының аясында Жамбыл ауданындағы «Көкбастау» атшабар алаңында жалғасты.

Бұған дейін де қаншама дүбірлі жарыстар өтіп жүрген жазық бүгінгі күні айрықша түрлене түскендей. Жиылған қарақұрым халық пен төбеден етекке дейін тігілген ақшаңқан киіз үйлер, ауыздығымен алысқан түлпарларды тізгіндеген сайыпқыран шабандоздар дала сәнін келтіре түскендей. «Тойдың болғанынан болады сәті асыға күткенін байқау қиын емес еді.

Қалыптасқан дәстүр бойынша жарыс басталар сәтте облыстық филармония артистері көрермендерге күмбірлеген күй мен шалқыған әсем әннен шашу шашты. Арнайы жасалынған репертуар бойынша орындалған қан қыздырар ойнақы әуен осылайша Көкбастау жазығын кернеп кетті.


Елбасымыздың кубогын сарапқа салатын дүбірлі бәйгенің ашылу салтанатында облыс әкімі Серік Үмбетов сөз алып, жиырма бірінші ғасырдың ғажайыбы атанып отырған Астананың Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың жасампаз еңбегінің жемісі екендігін атап өтті. «Елорданың символындай болған Бәйтерек, «Қазақ ел» монументі, Керей мен Жәнібек хандарға, басқа да тарихи тұлғаларға орнатылған айбынды ескерткіштер елдігіміздің жарқын нышанына айналды. Содан кейін де Жетісу жұртшылығы өз тағдырларын, ел ертеңін Астананың болашағымен байланыстырып отыр. Ендеше бүгінгі басекені алты алаштың бас қаласы атанып отырған Астана күні мерекесінің жалғасы деуге болады» – деді облыс басшысы.

"Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар озатын" бәйгеде баптаған қатар бақтың да сыналатын кезі болады. Сондай екі шарт қатар сынға түсетін дүбірлі сынға еліміздің барлық облыстары мен Ресей, Қырғызстаннан үкілеп әкелінген 224 сәйгүлік қатысты.

Бұл күні бәйгеден басқа қыз қуу мен аударыспақ, теңге алу мен көкпар сияқты ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар өткізілді. Жарысқа қатысушылар көпшіліктің алдынан салтанатпен жүріп өткеннен кейін аталған спорт ойындары бойынша бәсекелер басталды. Бәйге мен осындай бәсекелердің жеңімпаздарына демеуші азаматтар 7 автокөлік пен басқалай бағалы сыйлықтар тіккен екен.

Жарыс жолын топ бәйгеге қосылған 67 жүйрік бастады. Белгі берілісімен тізгінді қоя берген шабандоздардың қай-қайсысының да жүлделі орынған үмітті екендігі айқын. Соған орай біреулері алғашында тізгінді тарта ұстаса, енді біреулері қатарларынан бірден қара үзіп кетуге тырысып, жүйріктеріне қамшы басқан.

Дана халқымыз: «Жүйріктен жүйрік озар, жарысқанда» деп бекер айтпаған ғой. Алғашында бір-бірімен іркес-тіркес шыққандардың аралары бірте-бірте алшақтай берген. Түптеп келгенде 15 шақырымдық бәйгеде алдына жан салмаған Шығыс Қазақстаннан келген Ізбасардың пырағының бағы жанды. Одан кейін келген Жамбыл облысының «Крисми» атты түлпары екінші орынды қанағат тұтты.



Жүлде алған жұлдызды сәт.

«Қошқар болар тоқтының маңдай түсы доң келер» дегендей, түлпар болар ат құнанынан белгілі болады. Содан кейін де жалпы атқұмар қауым бұл бәсекеге де назар аударmай қоймайды. 11 шақырымдық құнан бәйгеде 57 жүйріктің арасынан бірінші болып келген Қарасай ауданының Жирені болашақта нағыз түлпар болатындығын танытқандай болды.

Жорға жарысына қатысатындардың қатары әдетте көп бола қоймайды. 9 шақырымға созылған бұл жорға жарысында шабысынан жаңылмаған қордайлық Тахмина бірінші, Қырғыз елінен келген сәйгүлік екінші орыннан көрінді.

Міне, барлық жанкүйер тағатсыздана күткен аламан бәйге де басталды. Манадан бергі қиқу ештеңе емес екен, жанкүйерлердің дәлебесі енді ғана шын қозғалдай. 25 шақырымдық жарыс жолының әрбір айналымы жанкүйерлердің үміті мен күдігін кезек алға шығарып, тағаттарын тауысты. Дегенмен, бұл жолы қарасайлық Болат Әбішұлының «Покеріне» жететін жүйрік болмады. Жеті айналым бойына алдыда жүрген Іле ауданының Көксеregін ең соңғы сәтте басып озған сәйгүліктің иесі бас бәйгеге тігілген «Джип» автокөлігіне ие болды.

Қарасайлықтар жігіттің жігіттігі сыналар көкпарда да бас жүлдені ешкімге бермеді. Нәтижесінде «Үшқоңыр» командасы жарыс жеңімпазы атанды.



◈ ЕГІН ОРАҒЫ –2010

АСТЫҚ ЫСЫРАПСЫЗ ЖИНАЛУДА

Көксу ауданының Мұқыры ауылдық округінде 370 шаруа қожалығы бар. Оның барлығы дерлік мал өсірумен және егіншілікпен айналысады. Бүгінгі таңдағы науқандық жұмыс– қыстық мал азығын дайындау мен астық ору. Төлімі жердің астығына орақ түсті. Жерана адамзатын биыл да дәннен тарықтырмайтын сыңайлы. Оған астық оруды бастаған диқаншылардың тыныс-тіршілігімен танысу барысында көз жеткіздік.

Гүлжан ТҰРСЫН, «Жетісу»

Округтегі ірігелі шаруашылықтың бірі «Қайнар–Көксу» қожалығы. Шаруашылықтың егістік жер көлемі 6436 гектар алқапты құрайды. Оның 431 гектарына дәнді дақыл себілген. Соңау 1994 жылы құрылған шаруашылықтың басшысы Әшімхан Оразбеков. Шаруа қожалығы бүгінде алғашқы тік тұрған. Олар астықтың репродукциялы тұқымын өсірумен және қызылша мен майбұршақты күтіп-баптап, алынған өнімді келісімшарт арқылы қайта өңдеу орындарына өткізумен шұғылданады. Сондай-ақ, олар төрт түлік мал басын көбейтумен де шұғылданады. Жұмысты жүйелі ұйымдастыра білген Әшімхан Істайұлы төрт түлік пен егіншілікте мол өнім алу жайын ғалымдармен ақылдасып отырады. Шаруашылық басшылары ғылыми-зерттеу институттары ғалымдарының ауыл шаруашылығы саласындағы озық тәжірибелерін өндіріске пайдалануда.

Жаздық бидайды оруды уақытында бастаған «Қайнар– Көксу» қожалығының астық өсірушілері алтын дәнді ысырапсыз жинап алу барысында тынбай еңбектенуде. Дәннің бүйірі тоқ, әзірге төлім жердің астығы орылуда. Әр гектарға шаққандағы түсім 20 центнерді құрайды. Ол биылғы жауынсыз көктемде себілген астық үшін жаман шығым емес. Екі комбайн дала төсінде алтынды күн тоқтаусыз жұмыс істеуде. Мұндай кезде техниканың дайындығы да сынапары сөзсіз. Осыдан үш жыл бұрын «Қазагроқаржы» акционерлік қоғамы арқылы лизингке алынған «Енисей –1200–1НМ» комбайнының іс өндірмді. Заманауи техниканы науқан қарсаңында жақсылап жөндеуден өткізіп, ескірген қосалқы бөлшектерін ауыстырса болды, жиын-терін аяқталғанша мүдетін тоқтаусыз атқара береді. Осы шаруашылықта көп жылдар еңбек етіп келе жатқан Болат Оразбеков астық жинау науқаны аяқталысымен комбайндармен басқа ұсақ шаруашылықтарға көмектесетіндерін айтады. Яғни, механизаторлар техникасы жоқтарға қолғабыстарын тигізеді. Енді бір-екі күнде комбайндар суармалы жердің астығын ормақ. Суармалы жерде астықтың шығымы бұдан жоғары болмақ,– дейді диқан қауым.

Өткен аптада жоңышқаның бірінші шабындығы аяқталған. Шөп бірден «10-шы құдық» аталатын қыстаққа жеткізіліп, маялануда. Мұқыры ауылы маңындағы 40 гектар жоңышқаның шөбі малды қыстан аман-есен алып шығуға мол нан жетеді. Сондай-ақ, 60 гектар алқаптағы арпа да мал азығына пайдаланылады. Шаруа қожалығында 4500 бас асыл тұқымды биязы жүнді қойы өз тәпі есебінен көбейтілуде. Етті-жүнді бағытта өсірілетін мал өнімі бүгінде өтімді. Биязы жүнге ашы, сыртқы нарықта сұраныс артқан. Малды күтіп-баптауға, уақытында төлдетуге ғылыми - зерттеу институттары да атсалысуда. Қыстаққа үлкен үш шөмеле шөп жиналады. Оның біреуі – сабан. Қыстаққа суармалы жердің сабаны тасылады. Себебі, суармалы жердің сабанында табиғи шөп аралас жиналады. Сондай-ақ, бидай сабағы негізінен жас туған қозылардың өкпесіне суық тимес үшін, астықпарына төсеніш ретінде пайдаланылады,– дейді шаруашылық мамандары. Бүгінде аталмыш ірігелі шаруа қожалығында 30-дан аса адам еңбек етеді. Олардың айлық жалақылары 25–30 мың теңгенің көлемінде. Шаруашылықта 130 бас ірі қара және 30 шақты жылқы бар.

«Қайнар–Көксу» шаруашылығының қырманында қызу тірлік. Бүгінгі күнгі мәлімет бойынша қамбаға 150 тонна бидай тасымалданған. Астықты кептіріп, сұрыптау жұмыстары жүріп жатыр. Таңнан қас қарайғанша тасымалданып жатқан бидайды тазалап, орын-орнына жөнелту уақытпен санаспай істейтін шаруа.

Механизаторлар анау қара күзге дейін бел жазбай еңбек етеді. Алда арпа, күздік бидай, жоңышқа, қызылша, соя жинау міндеттері тұр. Осы шаруашылық құрылған күннен жұмыс істеп келе жатқан Данияр Белисханов қожалықтың машина-трактор станысында 15 шақты техниканың науқандық жұмыстарға атсалысуға сақадай-сай тұрғанын айтады. «Жаздың бір күні –жылға азық» деген дикандар дәнді ысырапсыз жинау барысында тындырымды еңбек етуде.



Суретті түсірген А. КАЖЕКЕ.



Өткен аптада №5514 әскери бөліміне Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Петропавл облыстарынан әскери борышын өтеуге келген 100 сарбаз ант қабылдады. Оларды қала әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаев, №5514 әскери бөлімінің командирі Әбдумарат Төшімбетов және Ұлы Отан соғысының ардагері Тоқтарбай Қанапиянов құттықтап, Отан алдындағы әскери борышын абыроймен өтеуіне тілектестік білдірді.

САРБАЗДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Салтанатты рәсім Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылды. Асқақтаған ән әуеніне еліткен жас сарбаздардың өңінен жылылық, жанарынан жалын есіп тұрды. Содан кейін Данқ ескерткішіне гүл шоғын қойып, батыр бабалар рухына тағзым етті. Осы әсерлі көріністен соң әскери бөлімнің Туы алдында Қазақстан халқына, Президентке адал болатынын білдіріп ант беріп, қол қойды.

Ант беру салтанатына жиылғандардың қатары да көп болды. Жер шалғай болса да, баласының елдің азаматы болғанын көруге келген ата-ана, бауыр туыстар қуанышында шек жоқ.

Әрине, «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» дейді кешегі ел қорғаны болған бабалар. Осы парасатты сөздің астарында қаншама мән жатқанын бүгінгі ұрпақ терең білгені жөн. Өйткені, қазақ перзенттері үшін қасиетті даланың шымшым топырағының қадірі үстем. Ол – атамекен, туған жер, мәңгілік қоныс. Ел басына күн туып, етікпенен су кешетін күннің бетін аулақ қылсын. Бірақ «Жау жоқ деме жар астында» деген де бар. Сондықтан жастар әрқашан жер қормалы, ел қорғаны болуға дайын болғаны абзал. Бүгінгі шара жастарымыздың бойында осындай патриоттық қасиеттердің бар екендігін айғақтады.

Ант қабылдау рәсімі көпке созылған жоқ. Бірақ, осы бірнеше минут ішінде айтылған жүрекжарды сөз сарбаздар есінде мәңгі жүретініне сеніміміз кәмил. Бұл сенім көкбайрақтың көкте еркін қалықтауы, Әнұранымыздың биіктен асқақтап шырқалуы, тәуелсіз еліміздің тұғырлы болуы үшін берік негіз болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Суретті түсірген А. КАЖЕКЕ.

◈ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

Еңбекшіқазақтықтардың "Еркесылқымы"

қала тұрғындарын тәнті етті

Қажет АНДАС, «Жетісу»

Өткен жұма Еңбекшіқазақ ауданы үшін ерекше күн болды. Алматы мен Талдықорған арасын жалғап жатқан үлкен ауыл жұрты облыс орталығында мәдениет күндерін өткізіп, қасиетті өңірдің өзіне тән ерекшелігі мен өнерін паш етті. Ынтымақ пен бірлік жүрген жерден дәулеттің де табылатыны бар. Еңбекшіқазақ өңірі – Сақ тайпаларынан бастау алатын жиырма жеті ғасырлық тарихы бар күтты қоныс, киелі мекен. Кешегі өмір – бүтінге тарих. Уақыт өткен сайын тарих беттері қалыңдай беретіні анық. Оны қаншама терең, құндылығына кір түсірмей көрсете алғанымыздың төрешісі – халық. Осыған орай, облыс әкімінің бастамасымен қолға алынған аудандардың мәдениет күндері аясында өтетін іс-шаралардың халыққа берері көп.



Суретті түсірген Ақлан ҚАЖЕКЕ.

Аталған аудан мәдениет күндері аясындағы шараға да мықты дайындалған. Бәрімізге аян, Еңбекшіқазақ ауданында 54 ұлттың өкілі қоныстанса да, осы күнге дейін ағайын арасындағы араздықтан аулақ. Оның түйіні жетімін жылатпай, жесірін қаңыртпайтын береке-бірлікте жатыр. Оны халықтың биртуар азаматтарын ұлықтауынан-ақ көруге болады. Ең алдымен аудан делегаттары облыс орталығындағы «Дана» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, перзенттік борышын өтеді. Осыдан кейін аудандық газеттің бас редакторы Хайролла Ахметов, жазушы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Қазақстан-заман» газетінің бөлім редакторы Шаяхмет Құсайынов, археолог Бекен Нұрмұхамбетов, қолөнер шебері Дәулет Шоқпаров, ауданының мақтанышына айналып жүрген қаламгерлер мен өнер майталмандары Маяковский атындағы қалалық кітапханада кала тұрғындары және оқырмандармен кездесу өткізді. Кездесуді аудандық мәслихаттың хатшысы Әділбай Талқанбаев сөз сөйлеп ашты. Кездесу барысында қонақтар мәдениет күндері аясында өтетін шаралар жайлы тың ойларын ортаға салды. «Ақын болу оңай деймісің қарағым, Аузында жүру сыдғаған әрбір жарағың» – деп Төлеген Айбергенов жырлағандай, ақын болудың сан соққанымен өткен қаламгер Шаяхмет Құсайынов оқыған өлеңдер тыңдарманын бір желпінтіп тастады. Кездесудің тағы бір жаңалығы, қызыл сөзге ұрынбай ән айтылып, күй шертілiп отырса, екіншіден, сөз арасында Шарбану Құмарова (жазушы-журналист), Әбдуәли Қайдаров (тарихшы), Тұманбай Молдағалиев (ақын), Хиғмет Әбдуәлин (үйір қаламгері), Құдыс Қожамияров (сазгер), Айша Ғалымбаева (қылқалам шебері), Талғат Теменов (кинорежиссер) сияқты өнер саласына үлкен үлестер қосқан тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беріп өтті. Көпшілік жылы сезім ұялатқан шараны облыстық С. Сейфуллин атындағы кітапхананың директоры Мақпал Нұрғалиева қорытындылады.

(Соңы 4-бетте).

◆ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

ЖОБАЛАР ӘЗІРЛІГІ ОЙДАҒЫДАЙ

«Нұр Отан» ХДП-ның кезектен тыс XII съезінде сөйлеген сөзінде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев партия жұмысын бұрынғыдан да пәрменді жандандыру үшін бірқатар міндет жүктеген еді. Солардың ең бастыларының қатарында республика халқының тұрмыс-тіршілігін жақсарту жолында жүзеге асырылатын экономикалық дамудың 7 бағыты мен партия беделін көтеру тапсырмалары. Партия кесемінің осындай тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында «Нұр Отан» ХДП-ның партиялық бақылау топтары құрылды. Олар «100 мектеп, 100 аурухана», «Ауыз су», «Тұрғын үй құрылысы», «Жол жөндеу, инфрақұрылым», «Жол картасы» сынды мемлекеттік даму бағдарламаларының жүзеге асуын бақылайды.

Қажет АЙДАС,
«Жетісу»

Барлығына аян, кейінгі жылдары білім беру саласына барынша көңіл аударылып, көптеген нысандар бой көтеруде. Осыған орай, өңірімізде 2010 жылы жергілікті бюджет есебінен Көрбұлақ ауданындағы 180 орынға арналған Ақтөбе ауылындағы орта мектеп пен 180 орынға арналған Аралтөбе орта мектебі, Қарасай ауданындағы 300 орынға арналған Қолаши орта мектебі және Еңбекшіқазақ ауданы, Рахат ауылындағы 300 орынға арналған орта мектеп құрылысын аяқтау көзделген. Мұнан өзге, жоспарға сай Панфилов ауданы, Надек ауылындағы, Үйғыр ауданы, Кегенбұлақ ауылындағы, Қаратал ауданы, Қызылқар ауылындағы орта мектеп құрылысын (360 орынды) тұтастай салу, ал Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылындағы Бердіғұлов атындағы орта мектеп пен Ақсу ауданы, Матай станциясындағы орта мектептің жаңаның қосалқы құрылыс салынады. Аталған бес нысан пайдалануға берілген де 900 оқушы алаңсыз білім алатын болады.

Ал, республикалық бюджет есебінен салынып жатқан Талдықорған қаласындағы 900 орынға арналған Президенттің зияткерлік мектебі, 450 орынды Панфилов ауданы, Жаркент қаласындағы Алтынсарин атындағы орта мектебі мен 550 орынға лайықталған Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылындағы орта мектебі және Талдықорған қаласындағы 280 орынды балабақша құрылысы таяу арада қолданысқа берілмек. Алдағы уақытта тағы да Қарасай ауданы, Қаскелең қаласынан 320, Талдықорғанда 280 және 320 орынға лайықталған балабақша салынып, балдырғандарды балабақшамен қамту мәселесі шешуге сергін береді.

Алдағы оқу маусымына дайындық жұмысы да көңілден шығады. Ағымдағы жылы облысымыздағы білім беру саласына тән 70 нысанға (39 нысанның ғимаратын күрделі жөндеу, 14 нысанның шатырын жаңалау, 16 нысанның жылу жүйесін реттеу) күрделі жөндеу жұмысы қарқынды жүргізілуде. Оған бюджет есебінен 2029,423 млн. теңге қаржы бөлінген. Мұнан өзге «Жол картасы» бағдарламасы бойынша білім беру саласына тән 24 нысанға күрделі жөндеу жұмысын жүргізуге 1497,6 млн. теңге (Республикалық бюджеттен 998,6 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 499,0 млн. теңге) қаржы жұмсалуда. Жоспарланған жұмысты ойдағыдай орындау үшін 2187 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Осы ретте, «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының бірінші орынбасары А. Сейітов, облыстық партиялық бақылау инспекторы Н. Қабдолданов, партияның Талдықорған қалалық филиалының бірінші орынбасары Ә. Ахметова, қалалық білім беліміне басшылық жасаған Б. Тұрсынбеков, қалалық құрылыс бөлімінің бастығы Б. Татарчуктен құрам талқан топ өңір «Жаздегі ағымдағы жылы пайдалануға берілетін бірқатар білім беру нысандарын аралап, жұмыс қарқыны және қаржының игерілу барысымен танысып қайтты. Топ құрамындағылардан білуімізше, нысандардағы жұмыс қарқынды жүруде. Соған қарап жоспар уақытында бітеді деп сеніммен айтуға болады. Сонымен бірге, нысандар сапасы салынумен бірге, қаржы көзі жеткілікті, жұмыскерлер де жалақысын уақытында алып тұрады. Осы барыста құрылыс басындағы бақылау постарының жұмысы да сараланды. Өрине, бұл жағынан азды-кемті кемшіліктер кездесіп жатты. Бұларға арнайы топ тарапынан сын-ескертпе айтылды. Мұндай шара алдағы уақытта да түйінді түрде жүргізіле береді.

ТЕНДЕР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Алматы облысының қаржы басқармасы коммуналдық меншік нысандарын сатып алу құқығынсыз жалға беру жөнінде тендер өткізеді

ТЕНДЕР 29 ШІЛДЕ 2010 ЖЫЛЫ
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА

Талдықорған қаласы бойынша сағат 10.00-де өтеді
Ескелді ауданы бойынша сағат 11.00-де өтеді
Қаратал ауданы бойынша сағат 12.00-де өтеді
Кеңсу ауданы бойынша сағат 14.00-де өтеді
Көрбұлақ ауданы бойынша сағат 16.00-де өтеді
Текелі қаласы бойынша сағат 17.00-де өтеді

Тендерге шағлы білім беру мектептерінің нысаналары мен буфеттері шығады:

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША:

1. Талдықорған қаласы, Қазақстан көшесі 138,142-үй мекенжайындағы «Абай атындағы №1 орта мектеп» ММ 178 ш.м. асханасы;
2. Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі 44-үй мекенжайындағы «Ленин атындағы №2 орта мектеп» ММ, 375,1 ш.м. асханасы;
3. Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі 62-үй мекенжайындағы «Гарышқ атындағы № 4 орта мектеп» ММ, 179,3 ш.м. асханасы;
4. Талдықорған қаласы, Алдабергенов көшесі 120-үй мекенжайындағы «Зеленков атындағы №5 орта мектеп» ММ, 390 ш.м. асханасы;
5. Талдықорған қаласы, Пушкин көшесі 205-үй мекенжайындағы «Макаренко атындағы №6 орта мектеп» ММ, 65 ш.м. асханасы;
6. Талдықорған қаласы, Кошкенбаев көшесі 7-үй мекенжайындағы «Макаренко атындағы №6 орта мектеп» ММ, 40 ш.м. асханасы;
7. Талдықорған қаласы, Абылайхан көшесі 149-үй мекенжайындағы «Ушинский атындағы № 7 орта мектеп» ММ, 239,2 ш.м. асханасы;
8. Талдықорған қаласы, Белов көшесі 121-үй мекенжайындағы «Н.Островский атындағы атындағы №8 орта мектеп» ММ 72,5 ш.м. асханасы;
9. Талдықорған қаласы, Қаратал көшесі 37/8-үй мекенжайындағы «№ 9 орта мектеп» ММ, 214.1 ш.м. асханасы;
10. Талдықорған қаласы, Қаратал көшесі 37/8-үй мекенжайындағы « № 9 орта мектеп» ММ 301.4 ш.м. асханасы;
11. Талдықорған қаласы, Жетісу шағын ауданы 15-үй мекенжайындағы «Ушинский атындағы №10 орта мектеп-гимназиясы» ММ, 146 ш.м. асханасы;
12. Талдықорған қаласы, Көктал шағын ауданындағы «Берішханұлы атындағы №11 орта мектеп» ММ, 310 ш.м. асханасы;
13. Талдықорған қаласы, Самал шағын ауданы 44-үй мекенжайындағы «№ 12 орта мектеп-гимназиясы» ММ 315 ш.м. асханасы
14. Талдықорған қаласы, Қайлаңа жарлы көшесі 165-үй мекенжайындағы «Гагарин атындағы №13 орта мектеп» ММ, 98,2 ш.м. асханасы;
15. Талдықорған қаласы, Қоңаев көшесі 49-үй мекенжайындағы «№ 14 орта мектеп-гимназиясы» ММ 338 ш.м. асханасы;
16. Талдықорған қаласы, 9 ауданағы «№15 орта мектеп» ММ 308 ш.м. асханасы;
17. Талдықорған қаласы, Жастар шағын ауданы 52-үй мекенжайындағы « № 16 орта мектеп-гимназиясы» ММ, 309,2 ш.м. асханасы;
18. Талдықорған қаласы, Мұшелтой шағын ауданы 14-үй мекенжайындағы «№17 орта мектеп» ММ, 233.1 ш.м. асханасы;
19. Талдықорған қаласы, Боржақолл көшесі 108-үй мекенжайындағы «Б.Жолбарысұлы атындағы № 18 орта мектеп» ММ, 170 ш.м. асханасы;
20. Талдықорған қаласы, Мұшелтой 14-үй мекенжайындағы «М.Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп» ММ, 114 ш.м. асханасы
21. Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі 62-үй мекенжайындағы «Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын № 20 арнаулы лицей» ММ, 5 ш.м. буфет;
22. Талдықорған қаласы, Өтемұлы ауылы, Школьная көшесі 18-үй мекенжайындағы « №21 орта мектеп» ММ, 178,9 ш.м. асханасы;
23. Талдықорған қаласы, Мойнақ ауылы Школьная көшесі 23-үй мекенжайындағы « №23 орта мектеп» ММ 9 ш.м буфет;
24. Талдықорған қаласы, Абылайхан көшесі 142-үй мекенжайындағы «Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын М.Ауэзов атындағы № 24 «Экономика және бизнес» арнаулы лицейі» ММ, 132 ш.м. асханасы;
25. Талдықорған қаласы, Кабанбай батыр көшесі 180-үй мекенжайындағы «№ 25 орта мектеп» ММ, 799,1 ш.м. асханасы;

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ БОЙЫНША:

1. Жалпақтал ауылы, Октябрьская көшесі 43-үй мекенжайындағы «Жалпақтал орта мектебі» ММ 43 ш.м. асханасы;
2. Алдабергенов ауылы, «Баянсұлу атындағы орта мектебі» ММ 173 ш.м. асханасы;
3. Бақтыбай ауылы, Жаңасеңгірлов көшесі 30-үй мекенжайындағы «Сейфуллин атындағы орта мектебі» ММ 171,4 ш.м. асханасы;
4. Қарасаз ауылы, Киров көшесі 6-үй мекенжайында орналасқан «Қарасаз орта мектебі» ММ 47,5 ш.м. асханасы;
5. Сырымбет ауылы, Школьная көшесі 10-үй мекенжайындағы «Жамбылбаев атындағы орта мектебі» ММ 56,6 ш.м. асханасы;
6. Жетісу ауылы, Досжанов көшесі 75-үй мекенжайында орналасқан «Жетісу орта мектебі» ММ 118 ш.м. асханасы;
7. Бақтыбай ауылы, Крупская көшесі 36-үй мекенжайындағы «Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектебі» ММ 25 ш.м. асханасы;
8. Қайнарлы ауылы, Фурманов көшесі 80-үй мекенжайында орналасқан «Қабанбай жырау атындағы орта мектебі» ММ 27,5 ш.м. асханасы;
9. Шымыр ауылы, Маметова көшесі 42-үй мекенжайындағы «Маметова атындағы орта мектебі» ММ 46,6 ш.м. асханасы;
10. Қоңыр ауылы, Абай көшесі 22-үй мекенжайында орналасқан «Қоңыр орта мектебі» ММ 50,4 ш.м. асханасы;
11. Көрбұлақ кенті, Сәтбаев көшесі 77 83-үй мекенжайындағы « Уәлиханов атындағы орта мектебі» ММ 260 ш.м. асханасы;
12. Көрбұлақ кенті, Акимнико көшесі 2-үй мекенжайында орналасқан «Титов атындағы орта мектебі» ММ 50,6 ш.м. асханасы;
13. Көрбұлақ кенті, Сәтбаев көшесі 58-үй мекенжайындағы «Алдабергенов атындағы орта мектебі» ММ 140 ш.м. асханасы;
14. Баянов ауылы, Школьная көшесі 7-үй мекенжайында орналасқан «Рүстембеков атындағы орта мектебі» ММ 104 ш.м. асханасы;
15. Қарабұлақ ауылы, Көрік көшесі 9-үй мекенжайындағы «Шестакова атындағы орта мектебі» ММ 197,6 ш.м. асханасы;
16. Абай ауылы, Теңгелікөл көшесі 27-үй мекенжайында орналасқан «Абай атындағы орта мектебі» ММ 102 ш.м. буфеті;
17. Кеңтөбе ауылы, «Кеңтөбе орта мектебі» ММ 49 ш.м. буфет
18. Қарабұлақ кенті, Жеңіс көшесі 49 а-үй мекенжайында орналасқан «Қарабұлақ орта мектебі» ММ 38 ш.м. асханасы;
19. Қарабұлақ кентінде орналасқан «Мельхомбинат негізгі мектебі» ММ 8 ш.м. буфеті;
20. Цезинная ауылы, Абай көшесі,1-үй мекенжайында орналасқан «Уәлиханов атындағы орта мектебі» ММ 18 ш.м. асханасы;
21. Көксайдақ ауылы, Коммунистер к-сі, 58-үй мекенжайында орналасқан «Балпық би атындағы орта мектебі» ММ 136,1 ш.м. асханасы

ҚАРАТАЛ АУДАНЫ БОЙЫНША:

1. Бастөбе ауылы, Корчагин көшесі, 18-үй мекенжайындағы «Горький атындағы орта мектебі» ММ, 297,2 ш.м асханасы;
2. Үштөбе қаласы, Мәдениұлова 67-үй мекенжайындағы «К.Тоғызбаев атындағы орта мектебі» ММ, 90 ш.м. асханасы;
3. Үштөбе қаласы, Ақын Сара көшесі, 91-үй мекенжайындағы «Панфилов атындағы орта мектебі» ММ, 108,1 ш.м. асханасы;
4. Үштөбе қаласы, Абай көшесі, 57-үй мекенжайындағы «Пушкин атындағы орта мектебі» ММ, 297,2 ш.м. асханасы;
5. Үштөбе қаласы, Жамбыл көшесі, 4-үй мекенжайындағы «М.Фрунзе атындағы орта мектебі» ММ, 212 ш.м. асханасы;
6. Үштөбе қаласы, Абылай хан көшесі, 7-үй мекенжайындағы «С.Н.Морозов атындағы № 51 орта мектебі» ММ, 50,5 ш.м. асханасы;
7. Еңбекші ауылы, Алтынсарин көшесі, 4-үй мекенжайындағы «Ленинский атындағы орта мектебі» ММ, 100 ш.м. асханасы;
8. Жалдыбұлақ ауылы, Мир көшесі, 27-үй мекенжайындағы «Жалдыбұлақ орта мектебі» ММ, 75,3 ш.м. асханасы;
9. Ортатөбе ауылы, Отегов көшесі, 8-үй мекенжайындағы «Панфилов атындағы орта мектебі» ММ, 47,2 ш.м. асханасы;
10. Елтай ауылы, Жазобыл көшесі, 6-үй мекенжайындағы «Елтай атындағы орта мектебі» ММ, 129,4 ш.м. асханасы;
11. Қазан ауылы, Бекетов көшесі, 14-үй мекенжайындағы «Қазан орта мектебі» ММ, 67 ш.м. асханасы;
12. Қаныбек ауылы, Серенов көшесі, 18-үй мекенжайындағы «К. Байсеитов атындағы орта мектебі» ММ, 94,6 ш.м. асханасы;
13. Жаңатұрмыс ауылы, Жамбыл көшесі, 41-үй мекенжайындағы «Жаңатұрмыс орта мектебі» ММ, 183 ш.м. асханасы;
14. Тастөбе ауылы, Халықов көшесі, 2-үй мекенжайындағы «Жамбыл атындағы орта мектебі» ММ, 120,7 ш.м. асханасы;
15. Көкбастау ауылы, Досжанов көшесі, 41-үй мекенжайындағы «А.Байтұрсынов атындағы орта мектебі» ММ, 113,2 ш.м. асханасы;
16. Қарақұм ауылындағы «Алғабас орта мектебі» ММ, 136,8 ш.м. асханасы;
17. Үштөбе қаласы, Гагарин көшесі, 63-үй мекенжайындағы «№13 орта мектебі» ММ, 80,5 ш.м. асханасы;
18. Қорғанты ауылындағы, «Молдағалиев атындағы орта мектебі» ММ, 122,4 ш.м. асханасы;
19. Алмалы ауылы, Абай көшесі, 5-үй мекенжайындағы «Абай атындағы орта мектебі» ММ, 30,4 ш.м. буфеті;

КӨКСУ АУДАНЫ БОЙЫНША:

1. Балпық би кенті, Балпық би көшесі 1-үй мекенжайындағы «М. Алдабергенов атындағы орта мектебі» ММ 84 ш.м. асханасы;
2. Балпық би кенті, Панфилов көшесі 1-үй мекенжайындағы «М.Құрманов атындағы № 2 орта мектеп» ММ 208,1 ш.м. асханасы;
3. Теректі ауылы, Құлболдинов көшесі 19-үй мекенжайындағы «Т. Исабаев атындағы орта мектеп» ММ 50,6 ш.м. асханасы;
4. Балпық би кенті, Исмаилов көшесі 17-үй мекенжайындағы «Қазақ орта мектеп-гимназиясы» ММ 50,6 ш.м асханасы;
5. Мұқыры ауылы, Садыков көшесі 9-үй мекенжайындағы «К. Жапсарбаев атындағы орта мектебі» ММ 45 ш.м. асханасы;
6. Мұсабек ауылы, Токпанов көшесі 1-үй мекенжайындағы «Қызылтаң орта мектебі» ММ 127,6 ш.м. асханасы;
7. Ақшелек ауылы, Ақшат көшесі 1-үй мекенжайындағы «Ақшелек ауылындағы орта мектеп» ММ 115 ш.м. асханасы;
8. Айнабұлақ станциясы, Орталық көшесі 1-үй мекенжайындағы «№12 орта мектебі» ММ 22,4 ш.м. асханасы;
9. Алғабас ауылы, Оңғарова көшесі 51-үй мекенжайындағы «Алғабас қазақ орта мектебі» ММ 147,79 ш.м. асханасы;
10. Еңбекшіқазақ орта мектебі ММ 218 ш.м. асханасы;
11. Мәмбет ауылы, Қыстаубаев көшесі 3, мекенжайындағы «Егінбаев атындағы қазақ орта мектебі» ММ 92,1 ш.м. асханасы;
12. Талғыты ауылы, Абай көшесі 6-үй мекенжайындағы «Талғыты орта мектебі» ММ 43,3 ш.м. асханасы;
13. Ақшатоған ауылы, «№5 орта мектебі» ММ 25 ш.м. асханасы;
14. Боғатөбе ауылы, «Мүсабек атындағы орта мектебі» ММ 194,1 ш.м. асханасы;
15. Көксу станциясы, «Мұқашы орта мектебі» ММ 16 ш.м. буфеті;
16. Жеңіжат ауылы, «Жеңіжат орта мектебі» ММ 10.1 ш.м. буфеті;
17. Қабан жырау ауылы, «Қабан жырау атындағы орта мектебі» ММ 120 ш.м. асханасы;

КӨРБҰЛАҚ АУДАНЫ БОЙЫНША:

1. Қарасу ауылы, Желтоқсан көшесі, 64-ші үй мекенжайындағы «Қарасу орта мектебі» ММ 75,7 ш.м. асханасы;
2. Сарыөзек кенті, әскери қалашығындағы. «Сарыөзек орта мектебі» ММ 100 ш.м. асханасы;
3. Қоғалы ауылы, Момышұлы көшесі, 46-үй мекенжайындағы «Панфилов атындағы орта мектеп» ММ 72 ш.м. асханасы;
4. Оңғақ ауылындағы «Ақжар орта мектебі» ММ 10,5 ш.м. буфеті;
5. Коминт ауылындағы «Т. Құлыбекова атындағы орта мектеп» ММ 8,8 ш.м. буфеті;
6. Қаратөбе ауылындағы «Қаратөбе орта мектебі» ММ 26,1 ш.м. асханасы;
7. Бериктас ауылындағы «Бериктас орта мектебі» ММ 71,38 ш.м. асханасы;
8. Қызылжар ауылындағы «Ж. Жапаров атындағы орта мектеп» ММ 20 ш.м. асханасы;
9. Жоламан ауылындағы «Жоламан орта мектебі» ММ 50 ш.м. асханасы;
10. Долинка ауылындағы «Долинка орта мектебі» ММ 4 ш.м. буфеті;
11. Қастек ауылындағы «Қастек орта мектебі» ММ 36 ш.м. асханасы;
12. Сарыбұлақ ауылындағы «Сарыбұлақ орта мектебі» ММ 20 ш.м. асханасы;
13. Кеңсу ауылындағы «Кеңсу орта мектебі» ММ 50 ш.м. асханасы;
14. Шұбар ауылындағы «Шұбар орта мектебі» ММ 64,5 ш.м. асханасы;
15. Шелпек ауылындағы «Шелпек негізгі орта мектебі» ММ 30 ш.м. буфеті;
16. Арасанбек ауылындағы «Арасанбек орта мектебі» ММ 70 ш.м. асханасы;
17. Шәтен ауылындағы «Дүтов атындағы орта мектеп» ММ 120 ш.м. асханасы;
18. Нұрым ауылындағы «Нұрым орта мектебі» ММ 9 ш.м. буфеті;
19. Алтынемель ауылындағы «Алтынемель орта мектебі» ММ 30 ш.м. асханасы;
20. Акбастау ауылындағы «Акбастау негізгі орта мектебі» ММ 9,1 ш.м. буфеті;
21. Карамола ауылындағы «Қарамола орта мектебі» ММ 4,8 ш.м. буфеті;
22. Жаңалық ауылындағы «Жаңалық орта мектебі» ММ 30 ш.м. асханасы;
23. Боғаз ауылындағы «Әлмұхамбетов атындағы орта мектеп» ММ 20 ш.м. буфеті;
24. Малайсары ауылындағы «Малайсары орта мектебі» ММ 130 ш.м. асханасы;
25. Жайпақ ауылындағы «Ж.Тобажаков атындағы орта мектеп» ММ 52 ш.м. асханасы;
26. Сарыөзек кенті, Оразбеков көшесі, 3-үй мекенжайындағы, «№49 орта мектебі» ММ 146 ш.м. асханасы;
27. Ақтөбе ауылындағы «Ақтөбе орта мектебі» ММ 20 ш.м. буфеті;
28. Талдыбұлақ ауылындағы «Алтынсарин атындағы орта мектеп» ММ 14 ш.м. буфеті;
29. Майтөбе ауылындағы «Шаңғайлы орта мектебі» ММ 6 ш.м. буфеті;
30. Тастөңкеріс ауылындағы «Тастөңкеріс орта мектебі» ММ 15 ш.м. буфеті;
31. Шәйхалай ауылындағы «Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп» ММ 48 ш.м. асханасы;
32. Сарыбастау ауылындағы «Сарыбастау орта мектебі» ММ 24 ш.м. асханасы;
33. Көктал ауылындағы «Көктал жалпы негіздегі орта мектебі» ММ 4 ш.м. буфеті;
34. Басқия ауылы, Аскарбек көшесі, 18-үй, мекенжайындағы «Райымбек атындағы орта мектеп» ММ 30 ш.м. асханасы;
35. Қоғалы ауылындағы «Қоғалы орта мектебі» ММ 4 ш.м. буфеті;
36. Сарыөзек кенті, Маметова көшесі, 3-үй, мекенжайындағы «Д.А.Қонаев атындағы орта мектеп» ММ 102 ш.м. асханасы;
37. Арамды ауылындағы «Арамды орта мектебі» ММ 20 ш.м. буфеті.

ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША:

1. Текелі қаласы, Сәтпаев көшесі, 50-үй мекенжайындағы «№ 1 орта мектебі» ММ 21 ш.м. асханасы;
2. Текелі қаласы, Қошевой көшесі, 2-үй мекенжайындағы «№ 2 орта мектебі» ММ 25 ш.м. буфеті;
3. Текелі қаласы, Әуезов көшесі, 1-үй мекенжайындағы «№ 3 орта мектебі» ММ 69 ш.м. асханасы;
4. Текелі қаласы, Қастеев көшесі, 8-үй мекенжайындағы «№ 4 орта шектебі» ММ 55 ш.м. асханасы;
5. Текелі қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 23-үй мекенжайындағы «№ 5 орта мектебі» ММ 79,6 ш.м. асханасы;
6. Текелі қаласы, Достық көшесі, 31-үй мекенжайындағы «№ 6 орта мектебі» ММ 30 ш.м. асханасы;
7. Текелі қаласы, Бейбітшілік көшесі, 50-үй мекенжайындағы «№ 7 орта мектебі» ММ 40,5 ш.м. асханасы;
8. Текелі қаласы, Жеңіс көшесі, 10-үй мекенжайындағы «№ 8 орта мектебі» ММ 87,54 ш.м. асханасы;

Жалға беру мерзімі - **5 жылға дейін.**
Егерде жеңімпаз бірінші рет жалға алып отырса, жалға беру мерзімі – **1 жыл.**

ТЕНДЕР ШАРТТАРЫ:

- санитарлық-эпидемиологиялық нормалар, өрт қауіпсіздігін және т.б. нормаларды сақтай отырып, жайды тиімді пайдалану;
- жылына 1 шаршы метрге ұсынатын жалдау ақысы;
- бағасын көрсете отырып, ұсынатын тағамдарының тізімі және олардың орташа бағасы;
- жан дайы төмен отбасы және жетім балаларға көпек көрсету туралы ұсыныс;
- жалға алған асханаға немесе буфетке ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу жөнінде ұсыныс;
- мектеп асханаларындағы ескі және жарамсыз жабдықтарды ауыстыру немесе жаңа жабдықтар орналастыру жөнінде ұсыныс;

Жалдың 1 ш.м. жалдау ақысының бастапқы бағасы:
- Талдықорған қаласы бойынша - **225 теңге;**
- Талдықорған қаласының елді мекендері бойынша - **75 теңге;**
- Аудан орталықтары бойынша - **150 теңге;**
- Текелі қаласы бойынша - **150 теңге;**
- басқа елді мекендер бойынша - **75 теңге.**

6-10 жас аралығындағы бір оқушыға берілетін ыстық тамақтың (бірінші, екінші тағамдар, нан, сусын) орташа құны **-138** теңгеден, **11-17 жас** аралығындағы бір оқушыға берілетін ыстық тамақтың (бірінші, екінші тағамдар, салат, нан, сусын) орташа құны **-261 теңге.**
Буфетте берілетін тағамның орташа құны - **38** теңге.

ТЕНДЕРГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ БАЛЛДЫҚ ЖҮЙЕДЕ БАҒАЛАНАДЫ
Бағалау келесі терітпен есептелінеді:
- санитарлық-эпидемиологиялық нормалар, өрт қауіпсіздігін және т.б. нормаларды сақтай отырып, жайды тиімді пайдалану;
- 1 балл;
- ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы ұсыныс; - 1 балл;
- мектеп асханаларындағы ескі және жарамсыз жабдықтарды ауыстыру немесе жаңа жабдықтар орналастыру жөнінде ұсыныс; - 1 балл;
- асханаңы 2009-10 жылдар арағындағы жалға алып жөнеңі жабдықтарын ауыстыруға қатысуынға - 3 балл;

Бұл тарнақ бойынша отпіту тәртібі келесідей:
1) ас үй жиынын (стандарты, ормалықтарны, мәзірлеуі т.б.)
толық ауыстыру - 1 балл;
2) тоңазытқышпарын ауыстыру - 1 балл;
3) ас дайындау пештерін ауыстыру - 1 балл

- жалға алу талемінің бастапқы бағасын бергені үшін:
- **1 балл;**
бастапқы бағадан 25 пайыз жоғары берген - 2 балл;
50 пайыз берген - 1 балл;
50-пайыздан аздан әрі, әрбір 25 пайызға 1 балладан кемімен отырады.

- бір ыстық тағамнан (бірінші, екінші тағамдар, жеңіл салат, нан, сусын) орташа құнынан бергені үшін:
- **1 балл;**
бастапқы бағадан 5 пайыз төмендегені - 2 балл;
ешқандай әрі, әр бір 5 пайызға төмендегенінге қосымша 1 балл қосылады.

6-10 жас аралығындағы бір оқушыға бір ыстық тағамның орташа құны
97 теңгеден төмен - 0 балл;

11-17 жас аралығындағы бір оқушыға бір ыстық тағамның орташа құны
183 теңгеден төмен - 0 балл;

- жан дайы төмен отбасы және жетім балаларға көпек көрсету туралы ұсыныс;
10 балаға - 1 балл;
20 балаға - 2 балл;
20 балдан артық әрбір 10 балаға 1 балладан қосылады.

- Мұлкті жалға алған кәсіпкер-шартқа талаптарын толық орындамай, өзінің мектеп оқушылары, ата-аналардың өкілдері тарс, санитарлық-эпидемиологиялық басқармалық және өрт қауіпсіздігі бөлімдерінің ескертпелері болған жағдайда, жалдаушы көрсеткіштің әрқайсының ескертпесі бойынша **бір-бір балдан алынады.**
- 2009 – 2010 жылдар аралығында асханаға жалға алып инвестиция құю міндеттемесін алып, іс жүзінде орындамаған пайдасының **5 балы алып тасталынады.**

ТЕНДЕРГЕ БАРЛЫҚ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР МЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҚАТЫСА АЛАДЫ
Тендерге қатысуы үміткер тендерге қатысу үшін келесі құжаттары өткізуі тиіс:
-тендерге қатысу үшін өтініш;
-жеке тұлғалар үшін нотариалдық кеңседе расталған төлқұжат немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжат көшірмесі және СТН;
-заңды тұлғалар үшін нотариалдық кеңседе расталған жарғы, заңды тұлғаның тіркеу куәлігі, СТН, статистикалық карточка;
- егерде заңды тұлғаның басшысы болмаған жағдайда, тендерге қатысуға, құжаттарға қол қоюға оның өкілдерінің сенім хаты;
- келесідей көрсеткіштерді көрсете отырып, жайды пайдалану деңгейін (нөл-жоғары.
- санитарлық-эпидемиологиялық нормалар, өрт қауіпсіздігін және т.б. нормаларды сақтай отырып, жайды тиімді пайдалану;
- жылына 1 шаршы метрге ұсынатын жалдау ақысы;
- бағасын көрсете отырып, ұсынатын тағамдарының тізімі және олардың орташа бағасы;
- жан дайы төмен отбасы және жетім балаларға көпек көрсету туралы ұсыныс;
- жалға алған асханаға немесе буфетке ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу жөнінде ұсыныс;
- мектеп асханаларындағы ескі және жарамсыз жабдықтарды ауыстыру немесе жаңа жабдықтар орналастыру жөнінде ұсыныс;

Бизнес-жоспар мәрзімге конвертпен ұсынылуы тиіс:
Құжаттар түгел тапсырылмаса немесе комиссия белгілеген мерзімнен кешіктіріп тапсырылса, комиссия өтінімді қабылдамауға құқылы.

Бір етімен түскен жағдайда негізгі талаптарымен қатар ең төмен жалға алу бағасы 100 пайыз метрге, 20 балалы (жасына қарамастан) тегін тамақтандыру міндеттемесін алатын жағдайда, сол өтінім несімен келісімшарт жасалады.

Балл саны тең болған жағдайда үстемдік 2009-2010 жылдарды асхананы жалға алып, есептеуісті жұмыс жасалған қатысушына беріледі.

Ең жоғарғы балл жинаған үміткер жеңімпаз болып табылады.

Өтінім және қажетті құжаттарды қабылдаудың хабарлама шыққанын бастап тендерді бастағанға ең соңғы қабылдау дейін облыстық қаржы басқармасында, аудандық және қалалық қаржы бөлімдерінде қабылданады.

Қосымша ақпаратты Алматы облысының қаржы басқармасынан және аудандық, қалалық қаржы бөлімдерінен алуға болады.

ТЕЛЕФОНДАР:
Талдықорған қаласы – 8 (7282) 27-37-07, 27-36-27, 27-36-39;
Текелі қаласы – 8 (72835) 4 -44 75;
Ескелді ауданы – 8 (72836) 3-11-21, 3-08-52, 3-07-20;
Кеңсу ауданы – 8 (72838) 2-00-24, 2-02-81, 2-0-82;
Қаратал ауданы- 8 (72834) 2-10-89, 2-21-31;
Көрбұлақ ауданы – 8 (72840) 3-11-93, 3-12-82, 3-12-08.

Тендер Талдықорған қаласы, Жансүтіров көшесі, 111-үй, Алматы облысының қаржы басқармасы ғимаратының мәжіліс залында өтеді.

ЖҰМЫР ЖЕР

ҚЫРГЫЗ БИЛІГІНІҢ МӘЛІМЕТІ

Қырғызстанның уақытша үкіметі премьері Өзімбек Бекназаров елдің оңтүстігіндегі маусым айындағы шекісу кезінде 893 адамның қаза тапқандығын жария етті.



Бұл адамат уақытша үкіметтің атының әлеуметтік құрылымдарға жеткізілік етеді. Жанағы сөзі келтірілгендер мәтінінен алынған ресми тіркелгендер болып табылады. Алғыс жүзінде қаза тапқандардың саны бұдан да көп-кем десеңіз қателеспейсіз ресми тіркеуге жеткізілген.

Қаза тапқандардың арасында қырғыздар мен өзбектердің қай қазымы көп екендігін ол ашып айта қоймады.

Бұған дейін елдің уақытша кеңесінің мәлімдеуі бойынша 309 адамның қаза тапқанды айтқан еді.

Сонымен Қырғызстанның оңтүстігіндегі қарулы қақтығыста қырғыз және өзбек ұлтының өкілдері тартылған. Бұл қырғын 11 маусымға қараған түні басталған болатын. Жүздеген адамдар жер күшты. Көптеген үйлер өртелді, тонады. Әсіресе, өзбектер көп шоғырланған жерлердегілер жаппай шекті. Жүз мыңға жуық адам көршілес Өзбекстанға босып кетті. Кейін қайта оралды.

Қырғыз билігіндегілер бұл санағының бүліктен кетірілген Құрманбек Бакиевтің жақтастарының мен халықаралық гер,ұйымдар ұйымдастырды деп есептейді.

УКРАИНАДАҒЫ НАТО ЖАТТЫҒУЫ

Украиндық әскери қызметкерлер өзге елдердегі әріптестерімен бірлесе отырып 12 шілде күні жаттығуды бастап кетті. НАТО елдерімен бірлескен жаттығу өткізу туралы шешімді елдің бұрынғы президенті Виктор Ющенко қабылдаған екен. Ал елдің ішке цет елдік әскерлерді енгізу туралы заңды кәпірт жолары ш ы ғ а р у орны бекітілді.



Жаттығуға украиндықтармен бірге американдықтар, сондай-ақ Әзербайжан, Беларусь, Германия, Грекия, Грузия, Дания, Молдавия, Польша, Түркия, Швеция және Австралияның әскери бақылаушысы қатысуда.

Жаттығуға атқылысушылар бірнеше елдер әлеуетін және жұмыс қорлау органдарының халықаралық терроризмге, тыңшылыққа, жапсай қырғи-қатын қарсы заңсыз таратуға, газестіру-құтқару» операцияларды мен кемелерге бақылау қозға қатысты іс-шараларын біріктіруге деп қоймақ. Барлығы 30 корабль мен қатер, сондай-ақ 12 ұшақ пен тікұшақ тартысқан. Жаттығудың штабы Одесса қаласында орналасқан.

Бұған дейін мәлай жаттығулар Одесса облысы мен Қырымның түрғындары ғаранының сын сағағына алынатын. Соң себепті де, үстімдегі жылы украиндық билік халықтың жаппай наразылығын тудырмау үшін жаттығуды Қырымда өткізбеуге шешім қабылдатты. Мұндағылар әсіресе НАТО елдері әскери қызметкерлерін көргісі келмейді.

НЫСАНАДА – ЕЛШІЛІК ҮЙІ

Пәкістанда түтқындалған 27 жасар неместік исламшыл Рамон деген азаматтың Исламабадтағы Германия Федеративтік Республикасының елшілік үйін жарып жіберемін деп қаупі болыпты. Ол маусым айының соңында көлігі тексерілген кезде қолға түсіпті. Содан бола түрса да, 15 маусым күні бұл азамат

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 86 (17355) Сейсенбі, 20 шілде, 2010 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Алматы облысының Талғар ауданындағы «Ақбұлақ» спорт-сауықтыру кешенінде Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесуі өтті.

Жетісу жерінде

Аурухана ашылды

Жаркент ауылдық округінің Жаркент қаласынан бөлініп жеке отау құрғанына бес жылға жуық уақыт болыпты. «Көш жүре түзеледі» демекші, жас отаудың әлеуметтік мәселелері біртіндеп шешімін табуда.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ, "Жетісу"

Жақында осы округтің орталығы Тәуелсіздік көшесіндегі амбулатория мен Сүттай ауылындағы ФАП-та 2 орынды күндізгі стационарлық бөлімше ашылды. Осы 2 орынның өзінен ауыл тұрғындары жазсызға тауып жүр. Сырқаттар өздеріне білікті қызмет көрсететін дәрігер Нұркен Құсайынова, фельдшерлер Нағима Сұлтанбекова мен Тілеғалдың Іліяшаға, мейірбике Мәрия Дәлдабаеваға және медициналық сарапшаға қызметкері Тұрлыхан Оңғарбаевқа дән риза.

Қала тұрғындары бұл округте жалпы 3 медицина маманы халыққа қызмет көрсетеді. Олар «Жедел жәрдем» көлігімен, қажеттілігіне қарай медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

АДАМЗАТ МӘСЕЛЕСІ АҚБҰЛАҚТА КӨТЕРІЛДІ



● Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесуінен ескерткіш суретте әлем үшін, қауіпсіздік үшін айрықша маңызды шешім қабылдағандар бейнеленген.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

ҰЙЫМНЫҢ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БОЛУЫ АСА МАҢЫЗДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ сөйлеген сөзі



Құрметті кездесуге қатысушылар!
Қадірлі қонақтар!
Ханымдар мен мырзалар!

Сіздерді қазақ жерінде мәртебелі форумда қабылдағаныма қуаныштымын.

Форумға келген Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына қатысушы 56 елдің министрлері мен мәртебелі өкілдеріне және халықаралық беделді ұйымдардың басшыларына шынайы ризашылығымды білдіремін.

Форумды өткізуге осы жердің таңдап алынуында үлкен мән бар.

Бір кездері осы Іле Алатауының әсем баурайы арқылы Ұлы Жібек жолы өтетін.

Өнер арқылы ағылған керуендер лекі ұлан-ғайыр Еуразия кеңістігіндегі түрлі елдерді бірбірімен өзара байланыстыратын.

Сондықтан, бұл жерде Шығыс пен Батыс қауышып, мәдени құндылықтар мен ақпараттар ағыны түйісіп, бабаларымыз идеяларын бөлісіп, тауарларын алмасып жататын.

Бүгінде Қазақстан ЕҚЫҰ-ның Іс басшылағы төрағасы ретінде және серіктерінің белсенді қолдауымен құрлықтар мен өркениеттер арасындағы дәнекерлік дәстүрлерін қайта жандыртуда.

Біздің Ұйымымыз құрылған 1975 жылы, сол тұста әлемнің саяси картасында орын алмаған Қазақстан тәрізді мемлекеттің 35 жылдан кейін оны басқаратыны, сірә, ешкімнің қиялында болмаған шығар.

Тарих үшін тым қысқа уақыт ішінде дүние жүзі мүлдем өзгеше сипат алды. Геосаяси ахуал жаңарып, халықаралық қатынастардың мәні өзгеріп, трансұлттық қауіп-қатерлердің жаңа түрлері пайда болды.

Бұл ретте біздің Ұйымымыздың заман талабына сай болуы аса маңызды. Осыған байланысты біз артықшылықтарымызды айқындап, жаңа қауіп-қатерлерге төтеп беретін қарымта жауаптарымызды белгілеуіміз керек.

Ханымдар мен мырзалар!

Қазақстандық төрағалық мерзімінің алғашқы жартысы артта қалды.

Біз ЕҚЫҰ-ның үш өлшемі аясында, төрт "Г"-дан тұратын – "траст" (сенім), "традиция" (дәстүр), "транспарент" (ашықтық) және "толеранс" (төзімділік) деп жария етілген ұранымыз рухында барлық мәлімдеген басымдықтар бойынша теңдестірілген жұмыс стилін көрсетуге ұмтылдық.

Біз еуропалық қауіпсіздік ұғымы континенттік аядан әлдекайда шығып тұратыны туралы тезисті дәйектілікпен және белсенді түрде ілгерілеттік.

Соның нәтижесінде бүгінде ЕҚЫҰ кәсіпқой ұйым ретінде еуроатлантикалық және еуразиялық қауіпсіздік ұғымдары нық пайдалануда.

"Корфу үдерісі" аясында біз одан әрі жұмысымыз үшін консенсустық салаларды анықтауда прагреске қол жеткізе алдық.

Осының бәрі сенімді нығайту және ортақ сынақтарға ұмтылу үшін жақсы жағдайлар жасайды.

Біз ЕҚЫҰ-ның жауапкершілік аймағындағы "созылмалы" қақтығыстарды реттеу жөніндегі келіссөз форматтарын дәйектілікпен ілгерілетудеміз. "Созылмалы" қақтығыстар жөніндегі Арнаулы өкіл белсенді жұмыс істеуде. Әзірбайжанның, Арменияның президенттерімен Тауды Қарабақ проблемалары бойынша бірқатар кездесулер өткізді.

Қазақстан Ресей Президенті Д. Медведевтің әзірбайжан-армян қақтығысын реттеу жөніндегі күш-жігеріне қолдау білдіреді. Бүгін осында ЕҚЫҰның Таулы Қарабақ бойынша Минск тобы төрағаларының отырысы өтеді. Біз бұл кездесуге шын жүректен табыс тілейміз.

Біздің Ұйымның тиімділігіне Қырғызстандағы соңғы оқиғалар елеулі сынақ болды.

Қырғызстанға қатысты баспасөзде және түрлі саяси саммиттерде көп айтылды. Ахуал қазылтасымның кейбір қырларына ғана тоқталып өткім келеді.

Соңғы 5 жылдағы екі мемлекеттік төңкерістің басты себептері экономиканың дамымағандығы, халықтың кедейлігі, билік тәкәппарлығының әсіредегі және мемлекеттің қалыптасу кезеңіндегі демократиялық институттардың тұрлаусыздығы болды.

Қазақстанның әлемдік көшбасшыларымен келіссөздер күш-жігерін бұл елдегі кең ауқымды азамат соғысының қауіпке жол бермеді.

Жаңа Конституцияны және өтпелі кезеңдегі Қырғызстан Президентін бекіту үшін болған референдум бұл елдің болашағына қатысты мәселелердің аз ғана бөлігіне жауап берді.

Шетін тұрақсыздық кез келген уақытта бұрқылуы мүмкін.

Оның үстіне қазір бұл елдің өмірінде республика парламенті сайлауының қарсаңында саяси күрестің шиеленісуімен сипатталатын өте жауапты сәт басталды.

Қырғызстан халқы бұл кезеңде өз елінің перспективалары туралы байыпты ойлануы тиіс.

Азаматтар сайлау нәтижесінде бұрынғы кателіктерді қайталамайтын, кажетті реформаларды, ең алдымен экономика мен әлеуметтік салада жүргізуді қамтамасыз ететін билік пен оның тармақтарын қалыптастыратын болады.

Қазақстан төрағалығы өз құзырының аясында әрекет етіп, ЕҚЫҰ-ның БҰҰ-мен және Еуропа Одағымен кажетті өзара ықпалдастығын қамтамасыз етті.

Бұл посткеңестік кеңістікте қақтығысты бірлескен тиімді реттеудің алғашқы тәжірибесі болды.

Қазақстан Үкіметінің арнайы құрылған мамандар тобы юмрығы тарабымен бірге қолдау білдіруін кейінге қалдырылмас шараларын анықтады. Бұмылған үйлерге құрылыс материалдары, ТЭЦ үшін отын – бұл шұғыл көмекті біз он миллион долдар көлемінде көрсетеміз. Ресей мен Өзбекстан да көмек көрсетті, алайда бұл жеткілікті емес.

Қырғызстанға қаржылай және изгілендіру көмегін көрсету үшін үстіміздегі жылдың шілдесі мен тамызында екі халықаралық конференция өткізу белгіленген.

Бюджеттің күтілін отырған елеулі тапшылығы және бүгінгі инфрақұрылымды қалпына келтіруге арналған қаржының өтемөте жетіспеушілігі жинақтай алғанда шамамен 1 миллиард долларға бағаланады. Бүгін біз сіздерден елдеріңізді алда болатын форумдардың жұмысына қолдау білдіріп, оған қатысуға шақырамыз.

Ханымдар мен мырзалар!

Біз өзімізді қиын тәжірибеден өткіздік. Бұл ЕҚЫҰ-ның Іс басшылағы төрағасы ретінде Ұйым Саммитін Астанада үстіміздегі жылдың аяғында өткізуді ұсынамыз.

Жоғары деңгейдегі кездесу ЕҚЫҰ-ның осы заманғы сынақтар мен қатерлерге бейімделуіне қуатты серпін беріп қана қоймайды, сонымен бірге Ұйымның өзінің белсенділігін арттырып, оның еуропалық және еуразиялық қауіпсіздік архитектурасындағы рөлін күшейтеді.

Өздеріңізге мәлім болғанындай, ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдердің басым көпшілігі жоғары деңгейдегі кездесуді 2010 жылы өткізу идеясын нық сеніммен қолдайды.

Бүгін оны мазмұндық жағынан толымды етуді айқындау маңызды.

Сіздерге ЕҚЫҰ-ның жаңа Саммитін шақыру қажеттілігі неден туын отырғаны жөніндегі өз көзқарасымды ұсынып келемін.

Бірінші. Тиісті осы жұмыра дейін қалыптасқан әлемдік тәртіп тұрақты да берік болып көрінетін.

Бірақ та осы заманғы қатерлер мен сынақтар – соғыстар мен қақтығыстар, әлемді шайқаған табиғи, техногендік және экономикалық катаклизмдер қазіргі қауіпсіздік жүйелерін мен интеграцияланған әлемдік экономикадағы бар шетін орындарды жалаңаштап, жағдайды шиеленістіріп жіберді.

(Соңы 2-бетте).

Қазақстан-Германия ынтымақтастығы

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың шақыруымен Германия Федеративтік Республикасының Канцлері Ангела Меркель ресми сапармен бізді елімізге келіп кайтты.

Түс ауа Астана әуежайына келіп қонған Федералдық Канцлер бастаған делегацияны Премьер-Министр Кәрім Мәсімов қарсы алды. Сапар басын елорданың әкімшілік бөлімімен танысудан бастаған жоғары мәртебелі мейман алдымен Отан-Ана монументіне гүл шоқтарын қойып, сонынан Мемлекеттер басшылары аллеясына ағаш отырғызу рәсімін жасады. Содан кейін Федералдық Канцлер елімізді Үкімет басшысымен бірге Риксос отеліне келіп, үстел басында бас қосқан келіссөз жүргізді. Екі жақты түсіністікті әңгіме кезінде тараптар сауда-экономикалық салалдағы қазақ-неміс өзара іс-кимылының қазіргі ахуалы мен келешегі, сондай-ақ Қазақстанның жедел индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыру үшін инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту жайлы пікір алмасты.

Бұл Ангела Меркельдің Қазақстан жеріне бірінші келуі болғанымен, екі ел басшыларының бір-бірімен алғаш рет жүздесулері емес. Жалпы, екі дәулеттің өзара тиімді саяси ұнақтасуы олардың арасында дипломатиялық байланыс орнатылған уақыттан бері жалғасуда. Халықаралық жауапты мәселелер турасында көзқарастары мен пікірлерінде алшақтық жоқ. Екі мемлекеттің сыртқы саяси бастамалары мен ұмтылыстары бір-бірінен қолдау тауып жүр.

Кездесу кезіндегі келесі әңгімелердің тақырыбы халықаралық саясат мәселелерімен ұштасты. Оның барысында тараптар Қырғызстандағы ахуалды тұрақтандыру, Ауғанстанды қалпына келтіру жайларын, сондай-ақ халықаралық қауіпсіздік пен өңірлік тұрақтылық төңірегіндегі өзекті мәселелерді талқылады. Бұл халықаралық мәселелер тарапында Астана мен Берлиннің ұстанымы ұқсас екені атап өтілді. Германия өз кезегінде Қазақстанды "өңірдегі тұрақтылық пен дамудың діңгегі" ретінде қарастырды әрі дінаралық және конфессиаралық ұнақтасуды орнықтыруда ЕҚЫҰ төрағалығы аясындағы қазақстандық бастамаларға қолдау көрсетеді. Кездесуді аяктай келе, тараптар келіссөздер екі елдің саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын кеңейтуге және тереңдетуге, сондай-ақ Қазақстан – Гер–ния қарым-қатынастарын стратегиялық әріптестік деңгейіне көтеруге ұмтылысын көрсетіп берілгенін жеткізді.

Германия Федералдық канцлерінің елімізге сапарының аясында сонымен қатар бірқатар құжаттарға қол қойылу рәсімі болды. Олардың қатарында бірқатар үкіметаралық және ведомстволаралық құжаттар бар. Келіссөздер аяқталғаннан кейін Нұрсұлтан Назарбаев пен Ангела Меркель бірлескен баспасөз мәслихатын өткізді.

Малы бардың қамы бар

Биылғы жаз маусымында Жаркент өңірінде жалпы 65142 ірі қара, 353236 қой-ешкі, 17331 жылқы жайлауға шығарылып бағылуда. Қатал қыстан қырылып көрген малшы қауым күйзелген малдың қонын көтеріп, күйекке күйлі түсіру үшін жазғы табиғи жайылымдарды тиімді пайдалануда.

«Малы бардың қамы бар» демекші, қазір ауданда көп жылдық шөптің егіс көлемі 12500 гектарға жуықтады. Мұның сыртында 2266 гектар алқапқа бір жылдық шөп өсірілуде. Бұл көрсеткіш мал азығының екпе түрі көлемінің Панфилов ауданындағы мал шаруашылығы барынша дамыған кеңес кезеңіндегі көрсеткішке жетіп-жығылғанын айғақтайды.

Ауданда жоңышқаның алғашқы орымынан жалпы 38359 тонна шөп жинап алынып, гектар өнімділігі орташа есеппен 31 центнерден айналды. Қазір өңір пішеншілері көп жылдық шөптің екінші орымына қызу кірісті. Шілде айының үшінші онкүндігіне дейін 2000 гектар алқаптың жоңышқасы екінші рет орылып, одан 6000 тоннадан астам өнім жиналыпты. Биыл бұл өңірде бар малға жеткілікті азық қоры жасалатынына сенім мол.

Өз тілшіміз.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

◈МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ



Өр Көксудың өрелі өнері

Облыс орталығын Көксу ауданының өнерпаздары дүбірге бөледі. Олардың Талдықорған төріне әкелген мәдени тартуларының айбыны аскақ, берері мол, беделі биік болды. Әрине, Ескелді би, Балпық би, Қабан жыраудың күтты мекені болған, 25 Социалистік Еңбек Ері, 28 гвардияшылар, Ұлы Отан соғысының Батыры шыққан босағасы берік өңірдің өнері де ер. Елді аталған ауданның мәдениет күндері аясында өткізген шарасынан көргеніміз бен көксейте түйгеніміздің себактастырып көрелік.

Көксу ауданының бір артықшылығы, тарихқа тағзым ету мен тәуелсіз елдің кашан бастап, жастарға үлгінемге көрсетіп жүрген қоғам қайраткері, ақынжазушы, мәдениет саласының сақтақтарына қызмет көрсетуде басқалардан озық тұратыны. Өнерлі жандарға қашанда жоғарыдан орын берілгендігі елеп жүруді дәстүрге айналдырған ел азаматтарының бұл шарасы, әрине, үлкен бөренелі істің бір екендігі шындық. Сондықтан болар мәдениет күндеріне арналған салтанатты шара ең ауыл облыстың С. Сейфуллин атындағы кітапханада Қазақстанның Кұрметті азаматы, актер Әлмағазы Раймбековтың оқырмандармен кездесуінен бастанды. Қазақ ауылдарына «Таңқылы перштең» атымен мәлім Әлмағазы атаның жастарға айтар өсиеті, арқалатар аманаты, берер тәлімі де көп. Өйткені, өмірдің сан сынағынан өткен аға буынның кешегі жеткісті мен жеткізген дәмдарлары – жастарға жол бастайтын үлкен мектеп. Кездесу барысында Әлмағазы ата қапылекке өмір жайлы естеліктер айтып, өнер жолындағы көрген-білгенін жайып салды. Сондай-ақ, жастар жағынан түскен сан сұрақка түшымды жауап берді. Бұл шара көрермендер есінде ағa буын мен жас буын арасындағы рәсімсіз көпір болғанын белгісі ретінде сақталып қалды.

Көксулықтардың игі істері бұдан ары орталық алаңда жалғасты. Данқ ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, перзенттік парызын өтеген делегацияны кешкілік облыс әкімінің орынбасары **Тынышбай ДОСЫМБЕКОВ** қабылдады.

Қажет АҢДАС, "Жетісу"

Делегация құрамында елге танымал азаматтар, өнегелі қарттар мен өмірдің қыры мен сырына қанығa бастаған жастар да болды. Олардың жылы жүз, ыстық ықыласпен қарсы алған Тынышбай Досымбекұлы облыс әкімінің басшылығымен атқарылып жатқан игілікті істерге шолу жасады.

Сәт арасында өңірдің өлеуметтік, экономикалық жағдайының өсуіне ат салысып ауданның қосқан үлесімен қомақты екенін айта кетіп, отыздан аса үлт өкіл тұсып жатқан аудан халқының бейнебірлігі мен ауызбірлігін айрықша атап кетті. Сондай-ақ, ер жұма сайын дәстүрлі түрде өтіп жатқан аудан мәдениет күндерінің маңызды тұстарына да тоқталып, оның дәстүрмен бен мәдениетімізді жаңғыртуда ерекше рөл атқарып отырғанын да тілге тиек етті. Сөз арасында үш ай бұрын қара жазылған Қызылағаш ауылында бұрт әртінен кім шыққандай ауыл әжарының ашылып, ел ешесі қайта киперліп, қатарымызға жаңа бір ауылдың қосылғанын мақтанышпен жеткізді. Бұдан соң сөз кезегін ауданнан келген ағайындарға берді.

(Соңы 2-бетте).

ҰЙЫМНЫҢ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БОЛУЫ АСА МАҢЫЗДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Бірақ та олар жаһандық проблемаларды қазіргі бар бірлестіктер мен ескі көзқарастар аясында ғана шешу жеткіліксіз болатынын көп ретте көрсетіп берді.

Тіпті мұны ЕҚЫҰ-ның Ыстамбұлдағы Саммитінен кейін өткен 11 жыл да көрсетті.

Халықаралық қатынастар жүйесінің дағдарысы әбден айқын болып отыр.

Кез келген дағдарысты ахуал секілді одан шығудың екі жолы бар. бұрынғы тәртіптің түрі сәл өзгерген формасын қалпына келтіру немесе жаңасын саналы түрде қалыптастыру.

Бірінші бағытта әрдайым сындарлы бола бермейтін, бірақта тұтастай алғанда мемлекеттердің айтарлықтай белсенді күш-жігері жұмсалуда.

Екінші бағытта ешқандай қозғалыс білінбейді.

Біз алда болатын Саммитті өзіміз Еуроатлантикалық, Еуразиялық және әлемдік қоғамдастық үшін ортақ қағидаттар мен құндылықтар негізінде көз алдымызға келіретін мақсатқа жетудің жолын ашуға барынша пайдалануға тиіспіз.

Ванкуверден Владивостокқа дейінгі болашақ кеңістікті, ал іс жүзінде ұлан-байтақ Еуразия субконтинентін талқылауға тиісті болатын екінші себеп бар. Ол мынада, кейде тіпті де сындарлы емес идеялар бірінші тұрғыға шығуы мүмкін.

Ал олардың қазір ой-санада ұшып жүргендері көп – бұл, мәселен, лаңкестіктік, есірткі саудасы, трансұлттық қылмыстық және басқа осы заманғы қасіреттер ерте жүретін ұлтшылдық пен діни экстремизм. Кез келген өңірде бетімен жіберілген ахуал американ, европалық континенттердің елдерінде, жаһандық тәуелді бүкіл әлемде сөзсіз көрініс береді.

Бүгінде жоспарланып жатқан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі Кеңесті (АӨСШК) қоса алғанда сегіз аса ірі халықаралық ұйымның басшылары мен мәртебелі өкілдерінің бейресми кездесуінің зор маңызы бар.

Қазірдің өзінде Еуропа үшін бір саясат және Азия үшін мүлдем басқасын әзірлеу мүмкін еместігін мойындау қажет. Ұзақ мерзімді жоспарда бұл кеңістіктегі тұрақтылықты трансеуразиялық қауіпсіздік жүйесін құру жолымен ынталтуға болады.

Ыстамбұлдағы АӨСШК-ның үшінші Саммиті аясында өткен АӨСШК мен ЕҚЫҰ-ның алғашқы институттық форумы болашақта мұндай трансконтиненталдық қауіпсіздік белдеуін құру үшін негіз қалағаны қуанышты.

Екінші. Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысы салдарынан жаһандық әлем тәртібінде тектоникалық жылжулар жүріп жатыр. Және бұл үдеріс тіпті де аяқталған жоқ.

Жаһандық дағдарыстың алғашқы толқыны бұған дейін тұрақты да мығымастай болып келген әлемнің бүкіл негіздерін орынынан қозғады. Бүгінде біз енді оның екінші толқыны туралы айтудамыз.

Болашақтың сан түрлі сценарийлері бар, олар бір мәселелерде үксас келеді, бір мәселелерде қағидаттық тұрғыда айырмасы бар.

Бірақ та дағдарыстан кейінгі әлемнің ортақ, тұтас картинасы бүгінде әлі жоқ.

Жағдайды экология, климат, тәуелсіздік және азық-түлік қауіпсіздігі, басқа да проблемалар секілді ортақ сынақтар күрделендіре түседі.

Басқаша айтқанда, дағдарыстан кейінгі дамудың жаһандық күн тәртібінде қаржы-экономикалық әлем тәртібінің жаңа моделі тұр.

Әлемдік валютаның ақшулы бұрмалануына, "кампиган" ресурстардың алып-сатарлық арналануына және дамыған елдердің тұтынуын дамушы елдердің несиелеуіне жол бермеуді қамтамасыз ететін қаржы ресурстарын реттеу мен қадағалаудың жаһандық жүйесін құру керек.

Бұдан да тұрақты макроэкономиканы құру үшін бірыңғай ұлтүстілік валютаны енгізу талап етіледі.

Тікелей бізден Ұйымның аясында дағдарыс және дағдарысқа қарсы проблематика алғаш рет жұмбағы Астананың экономикалық форумында талқыланды.

ЕҚЫҰ экономикалық-экологиялық өлшемді дамытуға көбірек көңіл бөлуі тиіс деп білемін. ЕҚЫҰ-ның Бонн декларациясы мен Маастрихт стратегиясы өзгерсең жағдайға бейімделуді және "Маастрихт плюсті" құруды талап етеді.

Мен Еуразия субконтинентінде терең де дәйекті интеграциялық үдерістердің сенімді жақтасымын және Еуразиялық интеграцияның негізгі қағидаттарын мен бағыттарын бейнелейтін бірлтұтас құжат әзірленуі қажет деп санаймын.

Бұл құжат дағдарыстан кейінгі нақтылықтарды және әлемнің орта және ұзақ мерзімді перспективадағы даму үрдісін ескеруі тиіс.

Еуропа мен Азия интеграциясының Еуразиялық субконтинентпің тағы емес, сонымен бірге бүкіл дағдарыстан кейінгі әлемнің экономикалық дамуы мен әлеуметтік берекелігіне ой ықпалы болады.

Үшінші. Елдердің барлығында бірдей этностық және діни төзімділік саласында көптеген проблемалар жорталанып қалды. Бүгінде ЕҚЫҰ-ның жауапкершілік аймағында мәдени, өркениетті және дінаралық үнқатысудың өткір қажеттілігі пісіп жетілді.

Көп ұлтты және көп конфессиялы, мәдениетаралық және өркениетаралық үнқатысуды жақтайтын мемлекет ретінде Қазақстан ұлтшылдықты, діни төзбеушілікті, расизмді, ксенофобияны және антисемитизмді тиімді еңсеру үшін ЕҚЫҰ әлеуетін белсене пайдалануды жақтайды.

Кең тұрғыдағы толеранттылық тақырыбы ЕҚЫҰ аясында тағы емес, сонымен бірге біздің 2011 жылы Ислам Конференциясы

Ұйымына төрағалығымыз барысында да Қазақстанның басты назарында болады.

Өткен айдың аяғында Астанада болған ЕҚЫҰ-ның төзімділік және кемсітпеушілік жөніндегі жоғары деңгейдегі конференциясының қабысты қорытындылары ұлтаралық және конфессияаралық келісім саласында пікір алмасудың маңыздылығын қуаттап берді.

Біз бірлесіп соңғы он жылдықтарда төзімділік саясатындағы елеулі ілгерілеушілікке талдау жасауға және "ЕҚЫҰ: жаңа онжылдықта төзімділікке қарай" деген шартты атаумен ортақ құжатқа шығуға тиіспіз деп білемін.

Осылайша, "екінші" және "үшінші" себеттерді толтыру, нақты айтқанда ұлтүстілік дағдарысқа қарсы инновациялар, Еуразиялық экономикалық интеграция мәселелері мен төзімділік тақырыбы алда болатын ЕҚЫҰ саммитінің күн тәртібіне кіре алар еді.

Төртінші – Ауғанстан проблемасы. ЕҚЫҰ-ның Ауғанстанға қатысты жаңа стратегиясының қажет екендігіне еш күмән жоқ. Бұл елді нәрлендіру жөніндегі халықаралық күш-жігерді арттыра түсуі қажет.

Лондондағы халықаралық конференцияда қуатталған, Ауғанстандағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жауынгершілігін жергілікті билікке кезеңкезеңмен беруді көздейтін бастаманың зор маңызы бар.

Елде Талибанды қоса алғанда барлық саяси күштер спектрінің өкілдерін бейбіт өмірге қайта кіріктіру жолымен қантөгісті тоқтату мақсатындағы Кабулдың бағыты да қолдауға лайық. Бұған қалай қарағанда да, олар халықтың интегралдық бөлігін құрайтын түбегейлі ауғандықтар болып табылады. Соның ішінде оларға да өз елінде ары қарай өмір сүріп, енді бейбіт өмірді құру керек.

Бұл ел экономикасының түрлі салалары үшін білікті кадрлар штатын құру Ауғанстанның өткір қажеттілігі болып табылады.

Сондықтан да Қазақстанда ауған азаматтарын еліміздің жоғары оқу орындарында оқыту жөніндегі, құны 50 миллион доллардық білім бағдарламасын іске асыру басталды.

Соған сәйкес 2010-2018 жылдары Қазақстанда мың аудан студенті оқытылады.

Біз ауған жастарына сапалы білім алу мүмкіндігін беріп, бұл елді нәрлендіру үдерісіне ғана емес, сонымен бірге экстремизм және лаңкестік идеологиясының таралуын қысқартуға маңызды үлес қосатынымызға сенімдіміз.

Халықаралық қоғамдастықтың маңызды бір кам-кәрекеті Ауғанстанда есірткінің өндірілуімен және оның трафигімен күрес болып қалып отыр.

Мұнда бұған дейін қолданылғандарынан басқа өте тиімді әдіс елдің ауыл шаруашылығы үшін мамандандырылған бағдарламалар әзірлеу және іске асыру болар еді, олар апиындық көкнәр егістіктерін өңірден шығарудың инталандырар еді

Нақты ұсыныстар мен бірлескен іс-қимыл жоспарларын әзірлеу Ауғанстан проблемасын кешенді ой сарабынан өткізуді талап етеді.

Сондықтан да Ауғанстан тақырыбы транзиттық кіреберіс түрғысынан алғары Саммитте талқылауға лайық.

Құрметті қатысушылар мен мейманлар!

Біздің кездесуіміз ЕҚЫҰ шежіресіндегі өзекті тарихи датаның қарсаңында өтіп отыр.

Гаммада Хельсинки Қорытынды актісіне – "қырғи-қабақ соғыстың" аяқталып, халықаралық қатынастардың демократияландуына жағдай жасаған, XX ғасырдағы барынша елеулі халықаралық-құқықтық құжаттардың біріне қол қойылғанына тура 35 жыл болады.

ЕҚЫҰ мемлекеттері басшыларының Саммитін 2010 жылы өткізу біздің халықтарымызға және әлемдік қоғамдастыққа Ұйымның "Хельсинкиден Астанаға дейінгі" эволюциясын көрсетудің бірегей мүмкіндігін береді.

Біз өткенді өзгерте алмаймыз. Бірақ та біз одан тағылым алуға және болашаққа деген біздің ортақ көзқарасымызды анықтауға міндеттіміз.

ЕҚЫҰ "қырғи-қабақ соғыс" ұзақтығында ғана емес, сонымен бірге бүгін де тиімді болып, осы заманғы жаһандық саясат пен экономиканың жаңды жасушасына тығыз тоқылғандығын дәлелдеуі тиіс.

Бұл саммитті өткізу ядролық полигонды бірінші болып жауып, ядролық қарудан толық бас тартқан біздің халқымызға деген құрметтің көрінісі болар еді. Сонымен қатар бұл ЕҚЫҰ-ның суропалық және азиялық бөліктерін біріктіру факторына айналар еді.

Сізгерге табысты жұмыс тілейміз және назарларыңызға рахмет.

"Ақбұлақ", Алматы облысы, 2010 жылғы 17 шілде.

НЕСИЕҢДІ АРЗАНДАТ!

Сізге несиеңізді өтеуге біреу көмектессе, бұл едәуір көмек болар еді. Мысалы, ол пайызды төмендетсе?! Тек оңдай қайырымды сықыршыны қайдан табуға болады? Мүмкін, бұл біреуге таңғаларлық болғанмен, ал бұған мүмкіндік бар – адал қарыз алушы қайта қаржыландыру қызметінің көмегін пайдаланып, қарыз шарттарын жақсарта алады.

Қүйін секілді өтіп, дабыры енді басыла бастаған дағдарыс салдары кәсіби қаржыгерлерге де, Сіз бен біз сияқты қаржы қызметін пайдаланушыларға да жағымсыз жай тудырған проблемаларды көбейтіп жіберді. Бұл жағдай ел азаматтарына оңай соққан жоқ: кіріс күрт төмендеп, экономика шалықтап түрған заманда алған несиені қайтару түйыққа тіреді.

Өттең, көп сарапшылардың бұл мәселеде сындарлы кеңес беруі сирек. Айталық, көп адамдар берілген несие бойынша – түтынушылық немесе ипотекалық болсын – пайызды төмендету тәсілі бар ма деп сұрайды. Несиені арзандатуға бола ма? Иә, мұның тәсілі бар, бір айта кететін жәйт, оны пайдалану үшін қаржы саласы ғылымын егжей-тегжей жете ұғыну мүлде қажет емес, тек Альянс Банкіне хабарласаңыз болғаны.

Альянс Банкі ұсынған қайта қаржыландыру жөніндегі жаңа бағдарлама қарыз өтеудің аса тиімді шарттарын ұсынады. Атап айтсақ, «қымбат» кредиттерді өтеуге мүмкіндік беретін жылдық атаулы пайыздық мөлшерлемені 15 пайызға дейін төмендетуге жағдай туғызады.

Мысалы, егер қарыз алушыға жылына 20 пайызбен ипотекалық немесе тұтынушылық кредит төлеу қажет болса, онда Альянс Банкінде жаңа несиені рәсімдеп, өзге банктегі өзінің ағымдағы қарызын толықтай өтеп, және бұдан әрі Альянс Банкінде өз қарызына жылына 20 пайызбен емес, 15 пайызбен қызмет көрсетіледі. Жылдық тиімді мөлшерлеме 16,18% құрайды.

Қайта қаржыландыру бағдарламасы бойынша жаңа несие бір жылдан 20 жылға дейінгі мерзімге тең мерзімге беріледі. Бағдарлама бойынша қол жетімді қарыздың ең жоғарғы сомасы – 30 миллион теңге (бірақ жылжымайтын мүліктің нарықтық құнының 70 пайызынан аспайды). Қарыз алушының оң несиелік тарихы, еңбек өтілі кемінде бір жыл құрап және соңғы жарты жыл ішіндегі расталған жалақысы болуы керек.

Оның үстіне Альянс Банкі қарыз алушының несиелік тарихында қарыз бойынша отыз күнтізбелік күннен аспайтын мерзімін өткізуде де рұқсат беруге дайын.

Тағы бір маңызды жағы – қайта қаржыландыру қызметін пайдалану үшін бірлесіп қарыз алушыны – жақын туысын тартуға болады. Бұл жағдайда банктен қарыз алу үшін талап етілетін құжаттардың стандартты пакетіне туыстығын куәландыратын құжаттар қажет болады.

Несиені рәсімдеу тәртібі қарапайым, ал комиссиялар қарыз сомасынан 0,5 пайызды құрайтын тек қарызды ұйымдастырғаны және Альянс Банкінің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес қарыз өтеу сомасын аударғаны үшін ғана алынады. Мұның бәрі қарыз алушыларға кредит бойынша төлем шарттарын жақсарту мүмкіндігі туғандығын көрсетеді. Мүмкіндікті пайдаланып, Альянс Банкіне хабарласыңыз!

ЕЛ МӘРТЕБЕСІН АСЫРАР

саммит Астанада өтетін болды

Үлбосын ИСАБЕК,
"Жетісу"

Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, адамзатқа ортақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жайында өз ойын ортаға салды.

– Форумға келген Еуропалық Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына қатысушы 66 елдің сыртқы істер министрлері мен мәртебелі өкілдеріне және халықаралық беделді ұйымдардың басшыларына шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді форум жұмысын ашқан ел Президенті Н. Назарбаев. – Форумды өткізуге осы жердің таңдап алынуында үлкен мән бар. Бір кездері осы Іле Алатауының өсем баурайы арқылы Ұлы Жібек жолы өтетін. Өңір арқылы ағылған керуендер пегі ұлан-ғайыр Еуразия кеңістігіндегі түрлі елдерді бір-бірмен өзара байланыстыратын. Сондықтан бұл жерде Шығыс пен Батыс қауышып, мәдени құндылықтар мен ақпараттар ағыны түйісіп, бабаларымыз идеяларын бөлісіп, тауарларын алмасып жататын.

Бүгінде Қазақстан ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасы ретінде және серіктерінің белсенді қолдауымен құрылықтар мен өркениеттер арасындағы данекерлік дәстүрлерін қайта жаңғыртуда, – деді Елбасы.

Біздің ұйымымыз құрылған 1975 жылы, сол тұста өлемнің саяси картасында орын алмаған Қазақстан төрізді мемлекеттің 35 жылдан кейін оны басқаратынын, сре. ешкімнің қиялында болмаған шығар. Тарих үшін тым қысқа уақыт ішінде дүниежүзі мүлдем өзгеше сипат алды. Геосаяси ахуал жаңарып, халықаралық қатынастардың мәні өзгерді, трансұлттық қауіп-қатерлердің жаңа түрлері пайда болды.

Бұл ретте біздің ұйымымыздың заман талабына сай болуы аса маңызды. Осыған байланысты біз артықшылықтарымызды айқындап, жаңа қауіп-қатерлерге төтеп беретін қарымта жауаптарымызды белгілеуміз керек.

Жоғары деңгейдегі кездесу Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының заманауи қауіп-қатерлерге бейімделуіне тың серпін беріп қана қоймай, ұйымның беделін көтеріп, оның Еуропалық және Еуразиялық қауіпсіздік құрылымындағы рөлін арттыра түседі, – деген Елбасы ЕҚЫҰ тек қырғи-қабақ соғыс кезінде ғана тиімді болмағанын, тіпсіне жаһандық саясат пен экономиканың заманауи әрі тұтасқан ағзасында өзіндік орны бар құрылым екендігін дәлелдеуі тиіс дегенді атап айтты.

ЕҚЫҰ-ға мүше елдер Сыртқы істер министрлерінің Алатау баурайына жиналып, бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерін талқыға салудың көшбасында тұрғаны да қауіпсіздікті нығайтудың тиімді жолдарын қарастырып, сонымен қатар, өткен жылғы Грекияның Корфу аралында өткен министрлердің бейресми кездесуінде жүзеге асқан Корфу үрдісі аясындағы Еуропа және Еуразия қауіпсіздігі жөніндегі диалогтың қорытындысын саралау еді.

Бүл орайда ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасы, Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев Еуропалық Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының саммитін дәл биыл қазан айының 29–30 күндері Астанада өткізуді ұсынды.

ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері бас қосқан бейресми кездесудің ең негізгісі де – ұйым саммитін өткізу жөніндегі уағдаластыққа келумен қатар, төртқұл дүниені дүрліктірген қаржы дағдарысы, адамзатты алаңдатқан Ауғанстан, Карабақ пен Қырғызстанның саяси, өлеуметтік-экономикалық ахуалын терең талдап, бүл салалардағы өзекті жәйттардың түйінін тарқатуды алдағы саммиттің күн тәртібіне енгізу жайы да басты назарда болды.

Елбасының ұйым саммитін Астана төрінде өткізу жөніндегі ұсынысын бейресми форумға қатысушы жоғары мәртебелі меймандар бірауыздан құптады. Ұсыныстың қуана қолдайтындығын алғашқы боп Еуропалық Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы Парламенттік Ассамблея төрағасы Петрос Эфтимиу білдірсе, бұдан соң

– Қазақстан ЕҚЫҰ-на төрағалық ете белсенді жұмыстар атқарып, бірқатар маңызды мәселе бойынша мол табыстарға қол жеткізді. Мен Қазақстанның ұйымға мүше елдер басшыларының саммитін өткізуін барынша қолдаймын, – деді форумда сөйлеген ЕҚЫҰ-ның Бас хатшысы Марк Перрен де Бришамбо.

Ақбұлақтағы алқалы жиынға қатысушы ЕҚЫҰ-на мүше елдердің Сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесуінде көтерілген, талқыға салынған мәселелерді жаһанға жар сала жеткізуде бірқатар шетелдік ақпараттық агенттіктермен қатар еліміздің БАҚ өкілдері де қатысып, кездесуде көтерілген жайттарға құлақ түріп отырды. Бүл орайда, журналистердің жұмыс жүргізуіне бар жағдай жасалып, интернет пен халықаралық байланыстардың іске қосылғандығын да ерекше атап өтпекпіз.

Журналистерге арналған баспасөз конференциясында Литваның Сыртқы істер министрі Аудроиус Ажубалис Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалығы сәтті өтіп жатқандығын, алдағы күзде саммиттің Астанада өткізілуін бірауыздан қолдайтындығын білдірді. Сонымен қатар, бейресми басқосу барысында қауіпсіздікті сақтау шараларымен қатар ұлтаралық, дінаралық қарым-қатынастарды нығайтуда, Қырғызстанда саяси ахуалды тұрақтандыруда ЕҚЫҰ-на төраға ретінде Қазақстанның белсенділік танытқанын баса айтты.

Ал Еуропалық Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының шиеленістерді алдын алу орталығының директоры Херберт Зальбер БАҚ өкілдеріне берген мәлімдеуінде былай деді:

– Біз баршамызды толғандырып отырған маңызды саяси мәселелерді талқылауға жиналдық. Осы орайда полициялық бақылауды құру қырғыз еліндегі жағдайды қалпына келтіруге біршама көмек болады деген сенімдемін, – деген Х.Зальбер мырза Қырғызстанға баратын полицейлер тобы бастапқы кезде 56 адамнан құралса, кейінден олардың қатары 102-ге жетуі мүмкін дегенді мәлім етті.

ЕҚЫҰ-на мүше елдердің Сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесуі сонында Еуропалық Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының қазіргі төрағасы, Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев журналистермен өткізген баспасөз конференциясында ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттер басшыларының саммитін қазан айында Астанада өткізу туралы ұсынысын бірауыздан қызу қолдауға ие болуы Қазақстан дипломатиясының, тәуелсіздігіміздің және ЕҚЫҰ-на төрағалығымыздың жемісі екендігін айрықша атай келе, еліміздің мәртебесін асырып, абыройын асқақтатар алдағы саммиттің кездесейік деген сәті тілеген білдірді.

Сонымен, өлем назарын өзіне аударған ЕҚЫҰ-на мүше 66 мемлекеттің сыртқы істер министрлері мен мәртебелі өкілдері, халықаралық беделді ұйымдар басшылары бас қосқан келелі кездесудің негізгі өзегі – ұйымға мүше мемлекеттер басшыларының 11 жылдан кейінгі саммитін өткізіп, онда бірнеше қордаланған мәселелердің түйінін тарқату. Атап айтар болсақ, өлемде адамзат баласын алаңдатып отырған түрлі қақтығыстар мен техногендік апаттар: дүниені дүр сілкіндірген қаржы дағдарысы, ұлтшылдық пен діни экстремизм, лаңкестік, есірткі саудасы, трансұлттық қылмыстық топтар секілді қазіргі заманның өзге де қатерлері, бұған қоса оқ пен оттан кез аулақ Ауғанстан, қала берді Қырғызстан мәселелері. Мине, осының барлығы түптеп келгенде келесі саммиті өткізудің кезегі келгендігін айқындай түседі.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

Өр Көксудың өрелі өнері



(Соңы. Басы 1-бетте).

Мәжілге көтерілген аудан әкімі **Мұрат Әсербаев** болып жатқан оң өзгерістер мен елдің еңсесі көтерілгін, еңбегі жанып отырғанын баяндады.

– Бүгінгі таңда ауданның әлеуметтік, экономикалық дамуына біршама жұмыс атқарып, жақсы жетістіктерге жеттік, – деп сөз бастаған аудан әкімінің баяндамасына сүйенсек, елді мекен ауыл шаруашылығын негіз ететіндіктен осы сала бойынша 1 млрд. 214 млн. теңгенің өнімі өндірілген. Бұл сан алдағы уақытта өсе түседі деген сенімдеміз. Өткен жылдың ұқсас мезгілінде Көксу ауданы облыс аумағында 19-орынға табан тіресе, биыл 6-орынға көтерілп отыр. Сондай-ақ, ағымдағы жылы бірнеше ірі кәсіпорын іске қосылып, халықты жұмыспен қамтуға жақсы жағдай өзірленген. Экономика, тұрғын үй, инвестиция тарту, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жағында жақсы көрсеткіштер бар. «Ауыз су» және «Балапан» бағдарламасы аясында да қуанышты жаңалықтар жетерлік. Осы мақсатта бірнеше нысан күрделі жөндеуден өтуде. Сондай-ақ, 6 жылжымалы мен 6 қасапхана ашылып, тұрғындардың күнделікті қажетін шешуде. Ал «Жол картасы» бағдарламасы бойынша биылғы жылдың өзінде ауданға 519 млн. теңге бөлініп, оның да тиянағы келтірілген. Мәдениет пен спорт саласында да мақтанарлық істер баршылық. Қысқасы, қай қырынан келсек те биылғы жылды көксулықтар үлкен табыспен аяқтайды деп сенуге болады.

Келесі кезекте ауданның Құрметті азаматы **Төлеген Ақшанов** мәдениет күндері аясында өткізіліп жатқан іс-шаралардың жастар үшін жасалып жатқан игі бастама болғанын баян етті. Ол: – *Аудан облыстың ғана емес, Қазақстанның қарқындат өрлеп, қанат жайып өсіп келе жатқандығын телеарналардан күнде көріп, газеттерден оқып жүрміз. Алла осы бергенімен айырмасын. Осындай жетістікке қол жеткізгенмиз Президентімз Нұрсұлтан әбіқаевтың сарабдал саясаты. Тынымсыз еңбегі екенін айтуымыз керек. Оған барымыз де күй болып жүрміз. Қашан да биікті көрініп, мәртебемізі есе берсін,* – деген аталық тілеуін жеткізді. Оның сөзін тіп екеткен «Гүсенов» шаруа қожалығының басшысы **Шаһ Гүсен** 37 үлт өкілі қоныстанған аудан халқының ынтымағы жарасқан берекелі тұрмысын енуде етті. Ақсақалдың батасы тілеген Алтын белгі иегері, Көксу ауданы қазақ орта мектеп-гимназиясының түлегі **Айжан Әлиянова** жалғастырды. Жасындай сйнап, жалындап тұрған қыз Көксу жастарының қашанда Елбасымен бірге екендігін айта келіп, қандай да саясатын болмасын ары қарай насихаттауда аянбай еңбек ететінін жеткізді.

Осылайша емен-жарқын отырып сырласқан аудан жұртшылығы шалқыған көңілмен орталық алаңда аудан өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаны тамашалауға шықты. Сан қилы сазды әуеннің сиқырына бөленіп, мың бұралған бимен қала тұрғындарының жандүниесін жадыратқан концерттік бағдарламаға аудандағы барлық өнер ұжымы мен балалар оркестрі және музыка мектебінің бишілері атсалысты. Аудан өнерпаздары дайындаған тамаша концертті тамашалаған облыс басшылары енді кезекте орталық алаңда арнайы әзірленген көрмені тамашалады. Бұл күнгі көрме – халқымыздың ғасырдан-ғасырға жалғасып, құмын жоймай келе жатқан тарихи құндылықтарды насихаттауға арналған. Алаңға ақшаңқан үйлер мен бірнеше шатыр тігілген. Киіз үйлерде үлттық қолөнердің сан түрі жинақталған. Сонымен бірге, аудан жұртының берекелі тіршілігін көрсететін Көксу жерінде қоныстанған татар, орыс, әзербайжан, кәріс мәдени орталықтарының көрмелері қойылған. Салт-дәстүрдің сан түрінен сыр шертетін әрбір шатыр халықтың бірлігі мен ынтымағының куәсіндей. Көксу ауданының мәдениет күндері, міне, осындай көрністермен айшықталып, көрген жанды ерекше сезімге бөледі.

Кешке қарай қала тұрғындары жастарға арналған би кешін тамашалады. Сөуір отшашуға ұласты.



Ақбұлақта асықтаған ұлттық өнер.



Жұмабайдың фотолары.



ТАЛҒАР АУДАНЫ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● №109 (17378) Сейсенбі, 21 қыркүйек, 2010 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Жетісу жерінде

Ақын ағасына арнады

Келесі жылы қазақ әдебиеті үшін ерекше жыл. Қазақ жерін алғашқы таңғажайып ақыны Мұхаметқали Мақатаевтың 80 жылдығы жақындап келеді. Ол келесі жылы халықаралық деңгейде аталып өтілмек. Оған дайындықты облыс әкімі Серік Үмбетов бір жыл бұрын қолына алды.

Раймбек ауданындағы Қайнар ауылында тұрған, қазір Алматы қаласындағы Т. Рысқұлов атындағы кенттегі орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Жайылхан Жошиев ақынның 80 жылдығына арнап бір мақсатты істің басын қайырды. Алпыстан асқан Жайылхан ағa өзі тұратын ауылдан велосипедімен сапарға шығып, Раймбек ауданындағы Қарасаз ауылына, Раймбек бабаның ескерткішіне, Қайнар мен Нарынкол ауылдарына дейін сапарлап қайтты. Жалпы мың шақырымды құрайтын сапардан ағамыздың жиған-тергені көп.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ,
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

Қазақстан -2030 ресми хабарлар

Стратегиялық даму жобасы

Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Көрім МӘСІМОВТЫҢ төрағалығымен «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры АҚ Директорлар кеңесінің кезекті отырысы болып өтті.

Отырыс барысында «Самұрық-Қазына» ҮӘҚ» АҚ-ның 2020 жылға дейінгі стратегиялық дамуының жобасы талқыланды. Қордың стратегиялық даму жобасы Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму бағдарламасы мен елдің 2010-2014 жылдарға арналған Мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын есепке ала отырып, дайындалуда. Жобаны талқылау кезінде Директорлар кеңесінің төрағасы К. Масімов Қор дамуының стратегиялық бағыттарына қатысты мәселелерді шешуді тапсырды. Сонымен қатар, Директорлар кеңесі шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау үшін 2009 жылғы шілденің 1-і мен 2010 жылғы мамырдың 1-і аралығындағы кезеңге Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры бөлген қаражаттың жұмсалуы туралы есебін тыңдап, «Самұрық Қазына» АҚ-ның үйді жалға беру туралы бағдарламасының жүзеге асырылу жағдайымен танысты.

◈ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ЗАМАНАУИ ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ пен Германияның канцлері Ангел МЕРКЕЛЬДІҢ қатысумен Астана қаласында өткізілген бизнес форумда Аксиома-Сервис-Контаркт» құрылыс компаниясымен Германияның «FCP» инвестициялық компаниясы бүгінгі заманға сай өндіріс зауытын салу үшін біріккен кәсіпорын құруға келіскен болатын. Кеше облыс әкімі Серік ҮМБЕТОВ аталмыш компаниялардың жетекшілерін қабылдады.



Аксиома -Сервис-Контаркт» құрылыс компаниясының директоры Қайрат Қамаубаевтың айтуынша, біріккен компанияның алғашқы жобасы бойынша зауыт полиэтиленді құбыр мен жылу құбырларына арналған жаңа технологиялық өнім шығаруды көздеп отыр.

– Финляндия мемлекетінің үлкен кәсіпорны «KWH» компаниясының технологиясы дүниежүзіне белгілі. Бүгінде Солтүстік Америка, Канада, Еуропа, Ресей мемлекеттерінде олардың зауыттары жұмыс істеп жатыр. Енді Қазақстанда алғашқы рет «FCP», «KWH» және «Аксиома -Сервис-Контаркт» компаниялары бірігіп зауыттың жобасын бастауға келісім шартқа отырдық. Зауыт құрылысы қараша айында басталмақшы. Оған лайықты жер Қарасай ауданынан алынды. Жалпы бағасы 27 млн. евроны құрайтын зауытта 150-ден астам адам жұмыс істемек. Жылдық өнім 45-50 мың евроны құрайды деп жоспарланған. Қазақстан үшін мұндай өндіріс орны аса қажет, оның сапасы да жоғары болмақ, – дейді компания директоры.

Аталмыш компанияның жетекшілерімен кездесуде Серік Әбікенұлы қонақтарға Алматы облысы жайында мол мәлімет берді. Кездесу барысында сөз алған Вернард Кнам: «Біз Қазақстанда зауыт салуды қолға алмас бұрын бүл елдің экономикасы мен нарығын егжей-тегжейлі зерттеп шықтық. Зерттеу нәтижесінде Қазақстанның инвесторлар тартудағы әлеуетінің жоғары екендігін түсіндік. Бүгін, міне, облыс әкімі Серік Үмбетов мырзамен арнайы жолығудың сәті түсті. Бұйыртса, алдағы уақытта зауыт құрылысы қызу қолға алынбақшы», – деді.

Кездесу соңында облыс басшысы біріккен үш компанияның жұмысына сәттілік тіледі.

С. ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

◈ Баспасөз – 2011



ЖАППАЙ ЖАЗЫЛАМЫЗ

Биылғы баспасөзге жазылу науқаны басталып та кетті. Оған облысымыздың денсаулық сақтау саласының қызметкерлері де өз үлесін қосуды жоспарлап отыр.

Халықтың тән саулығын ойлайтын дәрігерлер оның рухани еміріне де бей-жай қарамайды. Сондықтан ақ халатты абзал жандар былтыр баспасөзге жазылуда белсенділік танытып, болжамды орындау көрсеткішін 100 пайызға жеткізген болатын. Биыл да белсенділігімізді арттыра түсеміз деген ойдамыз.

Қуанышымызға орай, бүгінгі таңда шығып жатқан салалық басылым көп. Ондай газет-журналдарға дәрігерлер міндетті түрде жазылады. Айталық, «Жәрдем» газеті әр дәрігердің алдынан табылады. Сонымен қатар, «Жетісу», «Огни Алатау», «Талдықорған» сияқты жергілікті басылымдар да назарымыздан тыс қалмайды. Олардың қатарында, жасыратыны жоқ, «Жетісу» газеті көп сұранысқа ие. Газет денсаулық сақтау мәселесіне арналған мақалаларды жиі жариялайды. Жалпы газетте оқитын қызғылықты мақалалар жетерлік. Сондықтан «Жетісудың» оқырмандары көбейе берсін деп тілеймін.

Маралбек МЕЙІРБЕКОВ,
облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

Облыстық «Жетісу» газетіне 2011 жылға жазылу басталды!

Жазылу бағасы:

индекс		1 айға Жазылу бағасы	3 айға Жазылу бағасы	6 айға Жазылу бағасы	1 жылға Жазылу бағасы
Заңды тұлғалар үшін	15470				5700
	18470			3100	
	17470		1900		
	16470	1000			
Зейнеткерлер үшін	35470				3300
	38470			1800	
	37470		1200		
	36470	600			
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45470				3600
	48470			2000	
	47470		1400		
	46470	700			
Жалпы жеке жазылу	65470				4000
	68470			2200	
	67470		1500		
	66470	800			

ЖЫЛДЫҚ БАЛАМА ЖАЗЫЛУ

Жалпы жеке жазылу – 3500 теңге
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін – 3300 теңге
Зейнеткерлер үшін – 2800 теңге

◈ САЯСАТ САХНАСЫНДА

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҮЛГІСІ

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен өткен жылдың наурыз айында еліміздегі саяси партиялардың орталық кеңесі құрылған болатын. Онда «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы, «Әділет» демократиялық партиясы сияқты жеті партия ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, қаржы дағдарысы кезінде туындаған қоғамдық, әлеуметтік қиындықты бірлесе отырып өнімді шешуге уағдаласқан. Аталған кеңес содан бері Астана қаласында 11 отырысын өткізіп, көптеген өзекті мәселені талқылады. Оның дені өз деңгейінде шешімін тауып, қараған мәселер табысты орындалды.



Өткенде Президентіміз партияның бастауыш ұйымдарының жұмысын жандандыру қажеттігін мәселе етіп қойған еді. Осыған орай, орталық кеңестің жұмысын өңірлерде нығайту іс-қолға алынды. Бұл тұрғыдан келгенде «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы мен «Әділет» демократиялық партиясының ынтымақтастығы басқаларға үлгі болғандай.

Осыған орай. Талдықорған қаласындағы М.Жолдасбеков атындағы бизнес және құқық академиясында бас қосқан қос партия өкілдері ынтымақтастықтың тағы бір жарқын үлгісін көрсетті. Кездесуде «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының бірінші орынбасары Айтбай Сейітов, «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының жанынан құрылған партиялық бақылау кеңесінің төрағасы Жомартқали Жексембинов, «Әділет» демократиялық партиясы төрағасының бірінші орынбасары Төлеген Сыдықов сөз алып, бірлесе атқарған жұмыс реті мен алдағы мақсаттар жайында ой бөлісті.

Бір айта кетерлігі, басқосуда өңірдегі жұртты толғандырып отырған нақты мәселелер жайында ашық әңгіме айтылды. Әрине, қоғамның түрлі даму сатысында сан алуан қайшылық туындап отырады. Ол дер кезінде шешілмесе мәселе үлғайып кетуі әбден мүмкін. Бәрімізге белгілі, қазір «Нұр Отан» ХДП-на деген жұрттың ықыласы жақсы. Оның бастамасымен құрылар жұмыстың атқарылып жатқанын көзімізбен көріп келеміз. Дей тұрғанмен, мұнымен ел арасындағы барлық мәселе шешімін тапты деп айта алмаймыз. Тіпті, туындаған келеңсіздікті бір партияның бірден еңсеріп кетуі де қиынды. Бұл тұрғыдан келгенде, саяси партиялардың арасындағы ынтымақтастықтың бергі кәп. «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Айтбай Әсербайұлының айтуынша, өткен жылы аталған партияға 5 мыңнан аса арыз-өтініш келіп түссе, биылғы жылы 3 мыңға жуық талап-тілек қабылданған. Оның дені өз деңгейінде шешімін тапты деліктемей, шешімей отырғаны да жоқ емес. Зерттеу нәтижелерне сүйенгенде сот укімне деген тұрғындардың, наразылығы басым. Ал «Әділет» демократиялық партиясының құрамында заңгерлер кәп. Аталған партия осы мүмкіндігі арқылы өңірлердегі кейбір келеңсіздікті сәтті шешуге көмектесе алады. Ал, «Әділет» Демократиялық партиясы жоспарларын билік партиясының қолдауына сүйене отырып жүзеге асыратынына сенемді. Қос партия халық игілігіне қызмет етуді мақсат ететіндіктен бұл ынтымақтастық қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық, жағдайлар мен жастар саясаты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, қызметтік ұштасып жатса нұр үстіне нұр деген сөз.

Жиын барысында Төлеген Сейдомарұлы «Әділет» Демократиялық партиясының ынтымақтастық, аясында атқарған жұмыстарын айта келіп, аталған партияның облыстық филиалының жетекшісі Мыктыбек Рахымбековтың «Әділет» партиясының атынан «Нұр Отан» ХДП-ның жанынан құрылған партиялық бақылау кеңесінің құрамына кіретінін жеткізді. Сонымен қатар, қос партия филиалдары өңірлерінің ай сайын бір рет кездесіп, туындаған мәселелерді талқылап тұруын ұсынып етті. Билік партиясының мүшелері халыққа пайдалы игілікті істерді қашанда қуана қолдайтынын білдірді. Сондай-ақ, кеңшілік көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, тұщымды жауап алды.

Бұған дейін «Әділет» демократиялық партиясының мұрындық болуымен Қызылорда, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында өткен қос партияның кездесуі ендігі ретте өзге өңірлерде де жалғасын таппақ.

◈ ФЕСТИВАЛЬ АЯСЫНДА

ЖАСТАР ЖАЛЫНЫ

Жалын жүректі, асқақ рухты жастарды ел тіреті деп айтсақ, еліміздің бүгінгі абыройы мен мәртебесін өз бойында сақтап, бірлікті нығайтып, елдіктің рухын асқақтату өскелең ұрпақтың еншісінде. Сондықтан да жастарға берілетін тәрбие мен тәлімнің де маңызы зор. Өскелең ұрпақты елімізді патриоты етіп тәрбиелеу мен сапалы білімін, салауатты өмірін қалыптастыруда соңғы жылда айтарлықтай іс-шаралар жүзеге асырылып жатыр. Соның бірі Алматы облысындағы облыс әкімінің қолдауымен, ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен қолға алынған жастар форумы. Форум маңыздылығы – жастар саясатын іске асырумен бірге келешек жас ұрпақты білімге, отансүйгіштікке баулып, олардың патриоттық сезімдерін ояту. 2009 жылдан бастау алған бұл форумға 80 мыңнан аса жас қатысып белсенділіктерін көрсетсе, биыл да жастар саясатын өз ауматында айрықша насихаттап жүрген аудандар мен қалаларда Жастар фестивалі өз жалғасын тауып отыр. Айта кету керек, биылғы фестиваль таңдан алынған тақырыптың өзектілігі және нақтылығымен ерекшеленуде.



Көктемнің соңғы айынан бері өткізіліп келе жатқан фестиваль көздеген мақсатын межесінен шығуға таяп қалды. Өткен аптаның бейсенбісі мен жұма күндері іргелес жатқан екі бірдей елді мекен, нақтылай айтсақ, Ескелді ауданы мен Текелі қаласында Жастар фестивалі өз жалғасын тапты.

Сарби ӘЙТЕНОВА,
"Жетісу"

Кәсіптік бағдар – келешек жемісі

Осындай тақырыпты арқау еткен Ескелді ауданындағы фестиваль аудан орталығындағы жастар стадионында өткізілді. Биыл да ескелділіктер фестивальге айрықша көңіл бөліп, барын салып дайындалыпты. Жастарға патриоттық тәрбие беруді көздейтін шараға аудан жұртшылығы да үлкен белсенділік танытқан. Қарабұлақ кентіндегі орталық стадионға тігілген ақшаңқай киіз үйлер мерекенің мәнін асырып, сәнін келтірді.

Келген делегаттарды аудан әкімінің орынбасары Қайырғали Айтжанұлы бастаған топ өкілдері қарсы алды. Шара бағдарламасы бойынша қонақтар қарақылды қақ жарған, от ауызды, орақ тілді, данагөй баба Ескелді би ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Ауданнан түлеп ұшқан Кеңес одағының батырлары Матай Байысов пен Константин Шестаков және Ұлы Отан соғысы құрбандарының ескерткіштеріне де арналып гүл шоқтары қойылды. Қазақы ауыл бейнесінде тігілген сегіз бірдей ақшаңқан үйден «қонақтардың келген қадамдарына нұр жаусын» деген ақ тілекпен шашу шашылып, әнжырлар төгілді. Осы күні өңірде мекен еткен ұлт өкілдерінің көрмесі де ұйымдастырылды. Фестиваль салтанатты шерумен жалғасын тапты.

Сол күнгі суыққа қарамастан орталық стадионда қызу қарқынды шеру өтті. Қазақстанның ертеңгі болашағы саналатын әр жастың бойынан Отанына, еліне, жеріне деген патриоттық сезімнің күші есіп тұрды. Фестивальды аудан әкімінің орынбасары Қайырғали Әлібаев құттықтау сөзімен ашты.

– «Берекені көктен тілеме – бірлігі мол көптен тіле» – деп даналарымыз айтқандай, ынтымағы мен бірлігі жарасқан халқымыздың санасына сіңісті ауданымыздың өз тарихы, мәдени, қоғамдық-саяси және экономикалық дамуы күн сайын көркейіп өркендеуде. Бүгін міне, бойларында күш-жігері тасыған аудан жастары бас қосқан күн. Әр өскінің бойынан өз болашағын құруға тас-түйін дайын екендігін де аңғаруға болады. Соңғы жылдары ауданымызда жастар саясатына ерекше көңіл бөлініп, бар мүмкіндік жасалып келеді. Былтырғы жылы жастар тәжірибесі бағдарламасына сай кәсіби мамандығын арттыру курстарына 120 адам жіберілді, оған 3, 4 млн. теңге қаржы бөлінді. Аудандағы жастардың саны он төрт мыңды құрайды. Олардың әркайсысы да өңірдің әлеуметтік, экономикалық дамуына өз үлестерін қосып келеді.

Бүгінгі күн – бәсеке заманы. Жеткен биікке мәз болып, тоқтап қалу, көшкен жұртта қалғанмен бірдей. Ендеше жаңа идея, жаңа ой, жаңа технология алда да тоқтамай өз жалғасын таба бермек. Сонда ғана Қазақстанның бақытты болашағына, бақуатты өміріне кең жол ашылмақ. Бүгінгі фестивальге алыстан ат арытып келген делегаттар мен барша аудан қонақтарына тағы да қош келдіңіздер деп, жұмыстарына жемісті пен табыс тілеймін, – деген ақ жарма тілегін жеткізді.

Мұнан соң мінберге осы фестивальдің өтуіне бастамашыл болған облыстық ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев шығып, құттықтау сөзін жеткізді. Облыс көлеміндегі соңғы және бүгінгі күндегі жастар саясаты бойынша атқарылып жатқан өзекті мәселелерді тілге тиек етken Ғалиаскар Төленұлы, бұл шараның жастарға берері мол екендігін, бастапқыдай емес, биылғы өткізілген фестивальдің тақырып таңдаудағы ауқымдылығы ерекше екендігін жеткізді. Осындай өзекті тақырыпты таңдап, тамаша шеру ұйымдастырған аудан басшылары мен ішкі саясат бөліміне ризашылығын да білдірді. Жастардың келешек ісіне сәттілік тіледі.

(Соңы 2-бетте).

◈ МӘДЕНИЕТ КҮНІ

Қалыптасқан дәстүр бойынша өткен жұмада Талдықорғанның төрінде Үйғыр ауданының мәдениет күні өтті. Аудан әкімі Коюмчан Омаров бастап келген делегация жеті бағытқа бөлініп, мәдениет күндері аясында кездесулер өткізіп, жүйелі түрде жұмыс жүргізе білді.

Армысың деп ақ Жарылды ағайын



Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
"Жетісу"

«Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалы ғимаратында болған кездесуде Үйғыр ауданынан келген делегацияны «НҰР Отан» ХДП облыстық филиалы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Жомартқали Жексембинов қабылдады. Елбасының «Нұр Отан» партиясы халықты біріктіруша күш» деген сөзамен кездесуді ашып, одан әрі атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Әрине, алдағы уақытта істелінетін жұмыстар талқыланып, ұтымды пікірлер ортаға салынды. «Нұр Отан» ХДП Үйғыр аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Нұрекім Есжанов мінбеге көтерілп, аталған ауданда істелініп жатқан жұмыстарды ортаға салды.

Үйғыр ауданынан келген делегация Текелі қаласындағы қарттар үйіне арнайы барып, кездесу өткізіп, сый-сияпаттарын жасады. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Н. Сейітов бастаған топ қарттар үйін аралап, жататын жерлерін, демалыс орындарын өз көздерімен көрді. Қарттар үйіне күлем сыйға тартылды.

«Достық» үйінде өткен кездесуде заман талабына сай салынып, безендірілген әсем ғимаратты аралап көріп танті болды. Ондағы 23 этносөкілдіктерінің арқайсысының жеке кабинеттерне бас сұқты. Әр ұлттың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы сақтала безендірілген бөлмелер керген жанның көзін тойдырады екен. Атына заты сай «Достық» үйінің бірлігін, берекенің, ынтымақтың үйі болғанын ерекше мақтанышпен айтуға болады.

Облыстық балаларды оңалтау және оңалту орталығына аудандық кеспелдік ұйымының төрағасы К. Қожағұлов бастаған топ арнайы барды. Балалардың жүрегінен жылы орын алуға тапшының жасалып, ұлағатты өнеге айтылып, тәрбиелік мәні зор пікірлер ортаға салынды. С. Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасына көрген делегацияны

Жарамсақтың жат қылығы жақпаған,
Жаңқын жанды сыбағадай сақтаған,
Желпудың нақ төріне келгенде,
Өлең жырым жүйрік болғай баптаған
Армысың, деп ақпейілді ағайын,
Өздеріңе ақ тілекті ақтарам, – деп жарышумақтарымен Үйғыр ауданы әкімінің орынбасары Дәулетжан Деменбаев бастап келді. Аудан өнерін алға бастап жүрген ақындар жырдан шашу шашты. Кітапхана ұжымы мен оқымандардан жылған топ жылы кездесуді жарқырата түсті. Ортақ пікірлер, құнды идеялармен бірге айтылып, жақсы қолдау да тапты.

Облыс әкімдігіндегі ресми жиында Үйғыр ауданынан келген делегацияны облыс әкімінің орынбасары С. Мұқанов қабылдады. Мемлекеттік саясатқа сай аудан аумағында атқарылып жатқан жұмыстарды саралай келіп, алдағы уақытта атқарылатын шаралар сараланды. Өз кезегінде аудан әкімі Коюмчан Омаров мінбеге, құнды пікірлерін ортаға салды.

Жастар атынан 11-сынып оқушысы Арайлым Нұрғожаева ортаға шығып, Елбасының «бабаларымыз тәуелсіздік үшін күрес жасаса, енді біз өзге болуымыз үшін күрес жасауымыз керек» деген қанатты сөзамен әңгімесін бастап, одан әрі былай сабақтады. «Ауданымыздағы аға буын өкілдері де жас ұрпақ үшін жылы сайын патриотизм, отаншылдық, елжандылық туралы жастар форумын өткізуді дәстүрге айналдырған. Өркениетке ұмтылған елдің тізгінін ұстайтын жастар ұлтаралық татулық пен достықтың тірегіне айналған. Қашанда ел мен елді, ұлт пен ұлтты теңестіретін білім, мәдениет, әдебиет. Сондықтан ел келешегі, біз, жастар ғылым мен техниканың тілін меңгерген білікті мамандар болуымыз керек, – деп сөзін аяқтады.

(Соңы 2-бетте).

ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУ

ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК МҰҒАЛІМІ

Облыс әкімінің ұстаздарды қолдау мақсатындағы бастамасымен биыл бесінші жыл қатарынан мұғалімдер арасында педагогикалық байқаулар өткізіліп жатқандығы белгілі. Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен жеті номинация бойынша өтетін білім-білік сайысының ең маңыздысы – "Жылдың үздік мұғалімі – 2010" облыстық байқауы. Аталмыш ұстаздар сыны қыркүйектің 17-18 күндері Талдықорған қаласындағы №16 орта мектеп-гимназиясы қабырғасында ұйымдастырылып, онда аудандық, қалалық байқауларда үздік деп танылған ұстаздар бақ сынасты.

Алма ЕСЕНБАЕВА, "Жетісу"

"Бақ сынасты" деуімізге себеп, қомақты жүлделі қоры бар басқа байқауларды айтпағанда дәл осы "Жылдың үздік мұғалімі" атағын иеленген ұстаз ғана облыс әкімінің қолынан Талдықорған қаласынан екі бөлмелі пәтердің кілтін алуға лайықты.

Міне, осындай мұғалімдер үшін аса маңызды байқаудың алғашқы күнгі ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов қатысып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Серік Мейірханұлы өз сөзінде облыс әкімі Серік Үмбетовтің мұғалімдерді қолдау мақсатындағы игі бастамасы басқа бірде-бір облыста қарастырылмағандығын ескә сала отырып, мұндай байқауларды өткізу облысымызда дәстүрге айналып келе жатқандығына тоқталды. Оның әр жыл сайын мазмұны артып, мұғалімдердің де кәсіби білім-біліктілік деңгейі арта түскендігін жеткізді.

Бұдан соң байқау сыны басталды. Облысымыздың барлық аудандары мен қалаларынан бақ сынауға келген 22 мұғалім өзін-өзі таныстыру, қалаған тақырыптары бойынша ашық сабақ және импровизаторлық сабақ өткізу, оқушылармен сұхбат, педагогика-психологиялық тест сындарынан өтті. Байқау шарты негізінде мұғалімнің кәсіби шеберлігі, жеке тұлғалық ерекшелігі, сыырлы-салмалық, ұйымдастырушылық және бастамашылық қабілеттері ескерілді. Сондықтан да болар, байқауға қатысушылар өздерінің білім-білік, іс-тәжірибелерін шығармашылықпен байланыстыра, әр номинацияда оны жеткізудің жаңаша тәсілдерін ұсынып отырды.

Мәселен, байқауды ашқан Алакөл ауданы №1 Үшарал орта мектебінің музыка пәні мұғалімі Айгүл Омарханова өзінің ұстаздық жолдағы ұстанымдарын музыка ноталарына сүйеп жеткізсе, Еңбекшіқазақ ауданының Төле би атындағы орта мектеп мұғалімі Әйгерім Тоқожаева ағылшын тілі пәні мұғалімі бола тұрса да, басты мақсаты ұлттық салт-дәстүрді ұмытпау, соны балалар бойына сіңіру екендігін ортаға салып, сахнаға ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдарын ала шықты. Сонымен қатар Әйгерімнің өзінің де қазақша киінуі көрген көзге көркем көрініп, әрі біздің тәрбиедегі негізгі ұстанымымыз туралы ой салып тұрды.

Келесі кезекте сахна төріне көтерілген Қарасай ауданындағы Әл-Фараби атындағы арнаулы гимназиясының мұғалімі Алмагүл Азанбекова ұстаз келбетін «Хабар» арнасы тілшісіне сұхбат беру арқылы айқындай түсті.

Міне, осылайша байқауға қатысушы әрбір ұстаз педагогикалық қызметтің қыр-сырын өздігінше көрсете білді. Алайда, "жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар озар" ұстаздар сынында бір ғана жеңімпазды анықтау шарт. Осыған орай облыстық білім басқармасы басшысы Ләззат Базарқұлова бастаған әділқазылар тобы әр өткізілген сынақ кезеңі бойынша байқауға қатысушыларға баға беріп, соның нәтижесінде жеңімпаздарды анықтады.

Әділқазылар алқасының қорытындысы бойынша барлық сында алғырлығын танытқан Алматы қаласындағы Ш. Смағұлов атындағы мектеп-интернаттың қазақ тілі пәні мұғалімі Бақытнұр Әділов 1-орынды жеңіп алды. 30 жылдық еңбек өтілі бар ұстаздың басты ұстанымы: «Тәрбиеленуші мектепке қандай күйде келсе, солай қабылдап алып, ата-ана тәрбиесімен ет пен сүйекке сіңген қасиетін одан әрі дамытып, оған өзінің жетістіктері, жаңалықтары, жақсылықтарын қоса отырып, болашағын қалыптастыруға ықпал ету».



Байқауда Бақытнұр Әділов сабақтарды шебер өткізуі, оқушылармен жылы қарым-қатынас жасай білуі, өткізілген сабағының нәтижелілігімен танылды. Оның ашық сабақта «Абайдың махаббат лирикасы» атты тақырыбын таңдауына не себеп болғандығын сұрағанымызда:

– Дүние махаббаттан жаралған. «Махаббатсыз – дүние бос», – дейді ақын. Абай танымы балалардың тәрбиесі, қалыптасуына ықпал ететін болғандықтан осы тақырыпты таңдадым. Оның үстіне өзімнің де бала кезден жақсы көріп оқитыным – Абай шығармалары. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы. Сондықтан Абай тақырыбы маған өтене жақын. Өзімнің бойыма жинаған жақсылықты балаларға сіңіру мақсатым болғандықтан осы тақырыпты таңдап алдым, – дейді ұстаз.

Ал қатысушылардың нағыз сыналар кезеңі – аяқ асты берілген өзекті тақырып бойынша оқушылармен сұхбат ұйымдастыру. Осы сында ұстаздың нағыз кәсіби шеберлігі анғарылды. Ол өзіне берілген «Ана тілім – киелі көктемім» тақырыбында оқушылармен емін-еркін әңгіме өткізіп, тіл туралы өзекті ойлардың қозғалуына ұйытқы болды. Пікірталас өзінің мақсатына жетіп, Шоқан айтпақшы «Қазақ тілі – түрік тілдерінің ішіндегі тамаша тіл». Тәуелсіз еліміздің тірегі – тұғырлы тіліміз» – деген қорытындыға келіп сайды.

Осы сияқты сындардан сүрінбей өтіп, байқауда өздерінің жоғары білім-біліктілік деңгейін дәлелдей білген Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі Диана Байтілеуова 2-орынды, Қаратал ауданының Пушкин атындағы орта мектеп мұғалімі Гүлбақыт Нұрқабыланова 3-орынды иеленді. Одан кейінгі жүлделі үш орын тұғырынан Райымбек ауданының Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп мұғалімі, жас маман Іңкәр Қуанышбекқызы, Үйғыр ауданының №1 Шонжы орта мектебінің мұғалімі Ғалия Есенова, Панфилов ауданының Абай атындағы орта мектеп мұғалімі Алтынай Шүғаева көрінді. Жеңімпаздар қазан айында өтетін мұғалімдердің кәсіби мерекесі қарсаңында марапатталатын болады.

СУРЕТТЕ: 1-орын жеңімпазы, Ш. Смағұлов атындағы мектеп-интернат мұғалімі Бақытнұр ӘДІЛОВ.

Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

САЛАУАТТЫЛЫҚ – ӨМІР САЛТЫ

«Аманат – Талдықорған» жастар қоғамдық бірлестігі салауатты өмір салтын насихаттайтын топтар арасында фестиваль-конкурс өткізді. Топ мүшелерінің өнерін көрсету арқылы салауатты өмір салтын насихаттау, дарын нелерін анықтау және жастарды белсенділікке тарту мақсатында ұйымдастырылған шараға облыстық ішкі саясат басқармасы мен облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы қолдау көрсетті.

Насихат топтарының жарысы

– Үрпағы сау ел ғана болашағына сеніммен қарай алады. Сондықтан әр жас салауатты өмір салтының маңызын сезіне білуі керек. Ал мұндай игі іске жастардың өз арасынан белсенділердің шығып отырғаны қуантады, – дей келе облыстық балалар құқығын қорғау департаментінің бөлім бастығы Аскар Үйсінбеков қатысушыларға сәттілік тіледі.

Келесі сөз кезегін алған «ДОС» жастар денсаулық орталығының менеджері Гүлмира Кенжекова да топтардың сынған сұрибей өтуіне тілектестік білдіріп, оларды «ДОС» жастар денсаулық орталығының ұсынып отырған қызметін пайдалануға шақырды.

Байқауға барлығы алты топ қатысты. Олар үш тур бойынша сайысты. «Жастар салауатты өмір салты үшін» атты бірінші турда насихаттшылар әділқазылар алқасының талқылауына тақырыпқа орай салған суреттерін ұсынды. Келесі «Денінің сау болуы сәнді» және «Денсаулығыңды жасымнан сақтан» тақырыбындағы туларда театрландырылған көріністер қойды. Нәтижесінде Көксу ауданы Балпық би кентіндегі қазақ орта мектеп гимназиясы бес жұлдені жеңіп алды. Ғорын М. Жолдасбеков атындағы академия тобына бұйырды. Ал II орынды облыстық нашар естіртін және сәнарау балаларға арналған мектеп-интернатының, III орынды бизнес, құқық және жаңа технологиялар колледжінің насихатшылары иеленді. Қалған екі командаға мақтаулдыру грамоталары мен сыйлықтар табыс етілді.

Айнұр НҰСІПБАЙҚЫЗЫ.

ЖҰМЫР ЖЕР

ОҢТҮСТІК ОСЕТИЯНЫҢ МЕРЕКЕСІ

Сәйтіп, Оңтүстік Осетия республикасының құрылған күні кеше атап өтілді. Соңау 1990 жылдың 20 қыркүйегінде халық депутаттары автономиялық облыстық кеңесі Оңтүстік осетиялық советтік демократиялық республиканы жариялап, ұлттық егемендік туралы декларацияны қабылдады. Бұл мерекеге әлемнің түкпір-түкпірінен бірақ конақтар келіпті.



Цхинвалидегі театр алаңында әскери гарнизонның парады өтті. Бұл парадқа мұздағы ресейлік әскери базаның қызметкерлері мен шекарашылары да қатысқан. Сонымен бірге республика халық шығармашылығы жетістіктерінің көрмесі ұйымдастырылып, этнографиялық мереке ашылған.

Мерекенің соңында футболдан республика президентінің жүлдесіне бірінші рет ұйымдастырылған. Жалпы бұл мереке тұрғындардың көңілін көтере түскен. Өткен кезеңде республикада көптеген елеулі өзгерістер бел алыпты. Егемендік деген тәтті ғой әрқашан кез-келгенге ештеңе тұздықтаусыз ұнамасқан.

Кешіге кірбің түсірген жайттар да аз ұшырасқаса керек. Мәселен, 2008 жылғы 8 тамызда грузиндік әскерлер Оңтүстік Осетияға шабуыл жасап, оның астанасының бір бөлігін қиратқан. Осы кезде Ресей Оңтүстік Осетиядағы ресейлік азаматтықты қабылдаған тұрғындарды қорғады. Республикаға әскер енгізілп, бес күнге созылған әуе шайқастың салдарынан грузиндік әскерлер бұл өңірден кетіп тынған. Сонымен 2008 жылдың 26 тамызында Ресей Оңтүстік Осетия мен Абхазияның тәуелсіздігін мойындады.

ЛОНДОНДАҒЫ ҚАРСЫЛЫҚ

Өткен сенбі күні Лондонның орталығында адам құқығын қорғау жолындағы мығынан астам белсенділер Рим папасы Бенедикт XVI-ның саясатына және оның Ұлыбританияға сапар шегуіне қарсы шеруге шықты. Аланға шығушылардың арасында қандай да бір дін топтарының өкілдері жоқ. Негізінен алаңда құқық қорғаушылар, актерлер, жазушылар мен журналистер бар.



Бұл акция алдын ала дайындалған сияқты. Рим папасына қарсы наразылық кептеп бере без алаңа. Бірақтар бірталдық ұлттық газеттер мен атақты адамдар да қолдау көрсетіп отыр.

Акцияны ұйымдастырушылар Ұлыбританияға келіп,алғаш Рим папасының кәкі түрмес пен таңдықтықтарға араласуына қарсылықты алдыға шығарып отыр. Жалпы осар Ватиканның презервативтерге салыну жөніндегі тыйымына қарсылық білдірген. Мине, осылайша көптеген кедей елдердегі балалар санының артуына кері әсерін тигізбек. Сонымен қатар, қарсылық білдірген белсенділер бөлек-бөлек билік алғ, әбден жасауға тыйым салу секілді жайттарға да наразылықтарын алға тарпып отыр.

ПУТИН ТӨЛЕМАҚЫНЫ КӨТЕРУГЕ ҚАРСЫ

Ресейдің Үкімет басшысы Владимир Путин жұмысшылық жөнсіздегі төлемақыны үнемі көтеруді дұрыс деп ташпай отыр. Ол сибестікпен төлеу көлемін анықтауда тарапгардың мүдделсін мұқият сараласуға тапсырма берген. Бұл туралы сөзді төуелсіз кәсіподақтар федерациясының бас кеңесі мәжілісінде сөз қозғалған. «Көптеген губернаторлар өз өңірлерінде бұған дейін жұмыс істемеген адамдарды төлемақы кезегіне көптеп келе бастағандығын айтады. Мен мұны жамап құбылысқа балламайтын. Мұның нашар жағы сол төлемақыға нек артып кететтіндер бар» – деп атап өтті Путин.



Оның ықпал бойынша, бұл ретте өзге де жолдарды қарастырып, барынша минималдырудың қиын табу қажет.

Сонымен Ресейде сибекті қорғау жөніндегі заңды бұзғандарға салынатын айыппұл он есеге дейін көбейтілген. Келер жылы кейбестамаға инфляцияға сәйкес көбейту тағы да қарастырылып отыр.

Путин үкімет пен кәсіподақтың төлемақының көлемі туралысында ғана емес, жалпы жалақыны жоғарылату мәселесінде де жақындасып отыруы шарт. Өйтпесеп жағдайда Ресейдің Батыс Еуропа елдерінің тәжірибесін қайталауы әбден ықтимал. «Жұмыс арада барлығы да Қытай мен Үндістандағыдай болатын секілді. Тіпті жоғары технологиялық өндіріс те осы арнадан табылмақ. Нете десеңіз, бұл аталған елдерде жұмысшы күш бүгінгінен әлдекайда арзан», – деп пікірін тұжырымдады Путин. Еңбекке деген монталдыру қай тұрғыдан да қолдау табуы қажет. Еңбек етпеген адамның тапжемейтіндігін еске алатын уақыт жеткен секілді. Бұл тұрғыдан алғанда үкімет пен кәсіподақ табиғи тұрде серіктестік айналуы шарт. Тіл табысып отырып, даму кеңістігіне жол ашу қажет. Сонда ғана елдегі әрбір адамның әл-ауқаты арта түсмек.

ҚЫТАЙДЫҢ ҮН ҚАТУЫ

Қытай өздерінің балық аулаушы кемесі капитанының жапондықтар қолына түсуіне бірден үн қатты. ҚХР биылғы мамыр жағдайда қатаң жауап шараларының бел алатындығын, Жапониямен арадағы министрлік және өңірлік деңгейдегі қарым-қатынасты тоқтатындығын мәлімдеді.



Бұған себеп болып отырған жанары қытайдық кемесін Сэнкаку деп аталатын дау-дамайлы арал ауданында қолға түсуі. Жапондықтар оны 7 қыркүйекте ұстаған. Содан бір апта өткеннен кейін кемесің капитанын бізде барлық мүшелері жеріне қайтарылған. Капитан жапондық жағалау күзеті қызметіне келерді келтірген деп айыптайды жапондықтар.

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ ҚАШАН КӨТЕРІЛЕДІ?

◈ КӨРМЕЙІН ДЕСЕМ...

Орыс тілі қазақ тілімен, яғни, мемлекеттік тілмен тең қолданылуға тиіс болғанымен, мәселенің түп негізі жекеқәсіпорындарды қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің басым көпшілігінде ресми тілдің басымырақ пайдаланылатындығында іс қағаздардың, құжаттардың жүргізілуі, сонымен қатар, ауызекі сөйлеу де бар. Бұл қазіргі таңдағы тіл жанашырларының жаным жарапап жүрген басты мәселе болып отыр. Бұл мәселенің туындауына кім кінәлі? Көбінесе, қарабайырлыққа салынып, өзімізден басқаның барлығын кінәлап жатамыз. Бұл іс қолымыздан жақсы келеді. Аяғы, маңаны кінәлап жатқанша кінәні тура өзімізден бастасақ, артық болмас деп ойлаймын. Бүгінгі қазақтар әрқайда «ҚАЗАҚПЫЗ ҒОЙ»,– деп бір-бірін ренжітіп, сөгіп жатқанын жиі кездестіреміз. Мүмкін, мұндай түрпіні кінәлауларды қойып, тіліміздің болашағын жарқын етерлік маңді, маңызды қорытынды шығарарлықтай іске көшсек болар еді?! Тек терісін көзге түртіп қыла бермей, оңтайлы мәселелерді айта кетпесек болмас. Мәселен, қазіргі таңдағы тіліміздің жағдайы бұрынғы кезге қарағанда, төп- төуір болып қалды. Осы жылдың қыркүйек айында елімізде «Тілдер туралы Заңның» алғашқы нұсқасын қабылдағанына, ана тіліміздің «мемлекеттік» деген биік мәртебе алғанына жиырма бір жыл толмақ. Осынау мерзім ішінде талай-талай құпия замандарды бастан өткердік. Аяғымыздан нық, тұрған Тәуелсіз, дербес, қамалы бопаттан құйылған, шапағаты күн нұрынан асқан мемлекет болдық. Осынау кезең тіліміздің де айтарлықтай сынақ мерзімі болды.

Бізден «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мемлекеттік мекемесіне қарасты Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің мемлекеттік тілге деген назары басым. Мысалы, өткен 2009 жыл мемлекеттік тіл жылы болып жарияланды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2001 жылғы «Тілдерді қолдау мен дамытудың 2001–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Жарлығы және ҚР Үкіметінің 1998 жылғы 14 тамызда шыққан «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» қаулысы қоса бар. Дегенмен де, айтып өтпеске амал жоқ. Астанадағы, Талдықорғандағы, Алматыдағы мекемелерден құжаттардың 98 пайызы ресми тілде келеді десек артық айтқан болмас еді. Сонда осы мекемелерді басқарып отырған аса мәртебелі қызметкерлердің Елбасы жарлығын, Үкімет қаулысын аяққа таптағаны ма, қалай болғаны?! Тура осы мәселеге ешқашпай қоймайды. Тіліміз енді қанша қиын кезеңдерді бастан кешірмек?

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл қазақ тілі, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми қазақ тілімен тең қолданылады. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай тудыруға қамқорлық жасайды».
(Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1-бөлім, 7-бап).

Елбасының «Дауға салса – алмастай қиған, сезімге салса – қырандай қалқыған, ойға салса – қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында ора құру, ери қалқан, ері байырға, ері мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?!» – деген тілімізге бағыштаған осынау ой-елегінің мәні тұңғиық, теңіз терендігінде жатыр. Осындай жарса тасты, бұзса қамалды алатын ата-бабамыздың мұра етіп қалдырған ұлтық дә, ұтымды тілін сақтап қалайық отандастар!

Әлия ТЕМІРГАЛИЕВА,
«Көлсай көлдері» » мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мемлекеттік мекемесінің тіл маманы.

САТЫ АУЫЛЫ,
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

Армысың ден ақ Жарылды ағайын

(Соңы. Басы 1-бетте).

Орталық алаңдағы салтанатты жиында аудан әкімі К. Омаров дүйім жұртшылдың алдына шығып:

– Елбасы «Дәстүрлі мәдени мұраны жаңғырту, өз халқының дәстүрлі тәжірибесіне жүгіну – бүл мемлекет тәуелсіздік алған кезде орын алатын заңды құбылыс». – деп алқалы жиында ұлағатты сөзін айтқан еді. Дәстүрге асыл қазынамыздың қайта жаңғыртумен қатар, ұрпақ жадында мәңгі сақтау презенттік парызымыз болып саналады. Ауданымыздың мәдениет күні елімізді сәлем маңызы зор оқиғалар Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығы, Ата Заңымыздың 15 жылдығы, Абай атамыздың 165 жылдығы аясында және тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында өтуі.

Жыл басынан бері ауданымыздағы мәдениет ошақтарында 1060 мәдени іс-шаралар өткізіліп, оған жер-жерден мыңмыңдап адамдар қатысты. Ауданымызда клуб құрылымдарының саны 68-ге жетті. Кітапханалар бойынша 32 мәдени іс-шара өткізілді.

Ауданымызда 167508 кітап қоры бар. Оқырмандар саны да жылдан-жылға көбейді. Сол кітап қорын толтыра түсу үшін биыл 5460 кітап сатылып алынса, соның 4903-і мемлекеттік тілде жазылған кітаптар. Ауданда халықтық атағы бар «Арзу», «Жазерке», «Шарын саздасы» ән-би ансамльдері, сонымен қатар «Шаттық» вокальды-аспапты ансамльдері қалың ынтымақпен сусындатуда. Ұстаздері жылы «Жол картасы» бағдарламасы аясында Қапшат, Шарын ауылдарындағы Мәдениет үйлері «Сұңқар» ауылындағы мәдени клуб күрделі жөндеуден өткізілді. Аудан аумағында 31 тарихи-мәдени, сәулет тәбғи монументальдық, археологиялық ескерткіштердің кешегі ұрпақты тәсбиелеуде маңызы зор.

Ұлы Отан соғысы 65 жылдығы қарсаңында Келебұлақ, Жаңасай, Ардақтылы ауылдарында ескерткіш тақталар орнатылды. Шонжы ауылындағы ескерткішке 15 млн. қаражат бөлініп, қайта жөнделуден өткізілді.

Шығысы Қытай мемлекеттік шекарасын қорғаушылардың 65 жылдығына орай Қапшағай қаласында Батыстан шығысқа қарай созылған Кеттен тауы, солтүстігінде шығыстан батысқа қарай шапқа дақпа Іле өзені қонаймаңына миллиондаған тарихы бар Шарын шөтен тоғаны және шөтен шатқалы жаңа шаң Арасан ыстық суы аудапымыздың байлығы хам мақтанышы болып саналады.

Облыс әкімі Серік Ғабдуллаұлы «Ұлттық рух адам бойына мәдениеттен енеді» деп айтқан еді. Сол сөзді берік ұстанып, нақты өмірде көрсетуде. Халқымыздың рухани мәдени қазынасын толыққа түсіріп мәдениет күндері жақсы жалғасып, өзінде жемісін беруде.

Қорыта айтқанда Үйғыр ауданы Мәдениет күні шарасына жақсы дайындықпен келіпті. Ұлттық рухымызды көтеріп, жас ұрпақты тәрбиелеуде берер мол мәдениет күндері жұртшылықпен шықты. Орталық алаңда өнерпаздың ақшаңдың үлгісі тәп-тәп қазақ, ұйғыр ұлттарының ұлттық бұйымдарын жайып елге көрсете бөлінді.

ЖАСТАР ЖАЛЫНЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Кәсіптік бағдар беру бүгінгі күнің өзекті мәселесі. Бұл Елбасының дәстүрлі Жолдауларында да басты назарға алынған. Ауандағы кәсіптік білім беретін Көксу әуезшаруашылық колледжінде бүгінде тоғыз мамандық бойынша білім алуға мүмкіндік бар. Аталмыш білім ошағында 600-ден аса жас білім алуда. Фестивальде колледждегі студенттердің колдарымен жасалған бұйымдары да паш етілді.

Фестиваль аясында сахналанған көріністер де ел назарына ұсынылды. Батырлар биі биленіп, «Берекені көктен емес, көптен тілеген» Ескелді бибінәм бейнесі де сомдалды. Осындай тамаша көрністер ауданға келген делегаттар мен көрермен рухын бір көтеріп тастады.

Мұнан кейін жастарға арналған Үндеу оқылды. Сонымен бірге жастар саясатын жүзеге асыруда өзіндік үлес қосып жүргендер облыстық ішкі саясаттың алғыс хаттары және бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Артынша делегаттар жастардың концерттік бағдарламасын тамашалады.

ЕЛДІГІМНІҢ БЕЛГІСІ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР

Қасиетті жұма күні текті қала Текелідө өткен Жастар фестивалі осы таңырып аясын қамтыды. Шараға жиналған қала тұрғындары да ел егемендігінің басты символдарын ұлықтауға өз үлестерін қосты. Фестивальға арнайы келген делегация мүшелері ең алдымен қаладағы №7 кәсіптік лицейдің жұмысымен танысты. Мұнан соң Ұлы Отан соғысында қаза болған ескерткішке келіп тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Орталық алаңдағы қала мектептерінің дайындаған қолөнер бұйымдары мен ұлттық тағамдары да делегаттардың назарынан тыс қалмады. Мерекелік шара жөндеуден өткен жаңа алаңда жалғасын тапты.

Әр жастың рухын оятар, патриоттық сезімді күшейтер «Атамекен» эні фестивальдың ашылуына арқау болды. Осындай рухты әнмен кейін елдігіміздің белгісін асқақтатқан шара салтанатты түрде ашылды. Фестивальге қатысушылар жетістіктерін паш етіп, дүйім елдің көңілінен шықты.

Текелідегі 28 мыңнан астам тұрғынның үштен бір бөлігін жастар құрап отырса, олардың барлығы Отанының, елінің, жерінің өркендеуіне айтарлықтай үлестерін қосуда. Жастардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бүгінгі күнің басты талабы десек, соңғы үш жылда қаладағы 18 жас тұрғын үймен қамтылған. Сонымен бірге Елбасы Жолдауынан бастау алған «Жастар практикасы» бағдарламасы аясында 96 жас жұмыспен қамтылып, 300-ден аса жұмыс орны ашылған.

Фестиваль шымылдығын ашқан қала әкімі Серікжан Бескемпиров жиналған дүйім жұртқа ыстық қошаметін жеткізді. Өз сөзінде қала әкімі жастар саясатын іске асыруда атқарылып жатқан өзекті мәселелерді тілге тиек етті. Қаланың кешегі және бүгінгі қол жеткізген жетістіктерімен де бөлісті. – Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мен спортпен шұғылдануына жағдай жасау басты назарда. Атап айтқанда, Мәдениет үйі жанынан құрылған 22 үйірмеге 271 жас тартылды. «Жастар практикасы» бағдарламасы аясында биылтырғы жылы 58 жас , биылғы жыл басынан бері 36 жас жұмыспен қамтамасыз етілді. Жастардың салауатты өмір салтын ұстануында жабық жүзу бассейні, спорт кешені, стадион күрделі жөндеуден өткізілді, соңғы үлгідегі жабдықтармен қамтамасыз етілді. Жырда жаңадан салынған спорттал және шағын аудандардағы спорттық алаңшалар да жастардың мықты, шымыр азамат болып өсуі үшін жасалып жатқан игілікті істер. Осының бәрі олардың республикалық, облыстық байқаулар мен жарыстарда биік тұғырдан көрінуіне, жүлделі орындар алуына зор ықпал етуде. Еліміздің ертеңгі тұтқасын ұстар өздеріңіздер. Қашанда елдігімізді тұғыры биік болуына өз үлестеріңізді қосып береді деген сенімдемін, – деді Серікжан Ісләмұлы.

Жастар фестивалінің делегациясын бастап келген облыстық ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Ғалиаскар Төлендіұлы да көрікті қаладағы өткізілін жатқан шара аясында өзінің жылы лебізін білдірді.

– «Жас келсе іске» демекші, халық әрдайым жастарын үкілеп, үмт артып жүреді. Олардың жалынды жігеріне, күш-қайратына үлкен сенімен қарайды. Жас буын қашан да алдыңғы ұрпақтың тәп жалғастырушы қоғамның қозғаушы күші болып есептелінеді. Елбасы сенім артқан жастардың жарқын болашағын ойлауда елімізде атқарылып жатқан оңды істер жетерлік.

Жаңөскінінің қоғамдағы ролін арттыру, жан-жақты әлеуметтік көмек көрсету, толыққанды білім алуына да жағдай жасалған. Облыс әкімінің бастамасымен үшінші жыл қатарынан өткізілін келе жатқан Жастар форумы осының айқын дәлелі деуге болады. Қазіргі таңда облысымызда мемлекеттік тіркеуден өткен 45-тен астам жастар қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді. Осыдан бес жыл бұрын облыс әкімінің тікелей ұсынысымен құрылған «Жастар орталығы» да жастарға қолдау көрсетудің нышаны болып отыр.

Талабы бар балаға қамқорлық жасау – баршаның міндеті. Облысымызда оқушылар мен студенттерге қоғамдық көлікте тегін жүру жеңілдігі де жасалған. Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жастарға да көмектер көрсетілуде. Шалғай аймақтардан келген 403 студент облыс әкімінің гранты бойынша білім алуда. Бұл көрсеткіш алдағы уақытта өсе түспек. Облыста жастар саясатын іске асыру жұмысына бөлініп жатқан қаражат та аз емес. Бюджет қорының да жыл сайын өсе түсіп келеді. Мұның бәрі жастар үшін жасалып жатқан игі істер. Енді ше, елімізді гүлдендіруің шынына алып баратын жолда жастар тек биіктерден көрінуге тілектестігі», – деді ішкі саясат басқармасы басшығының орынбасары.

Астанды қара бұлт көмкеріп тұрса да тек елдіктерінің жүздерінде күн нұры ойнады. Аландағы шеруді тамашалаған әр аудан, қаладардан келген делегаттар мен дүйім халық та күшін сынастығын ұмытып, керемет әсерге бөленді. Алакөл ауданынан келген ішкі саясат бөлімінің бас маманы Темірғали Құрманов та әсем қалада өткізілін жатқан фестивальден алған әсерімен бөлісті. – 2009 жылдан бастау алған бұл шараның жастарға ғана емес, сондай ақ осы істің басы-қасында жүрген мамандар үшін де берері көп. Биылғы өтіп жатқан шараның басты өзектілігі таңдап алынған тақырып аясынан ауытқымай, нақтылықтың орын алып отырғандығы. Жастарға жаңаша бағдар беріп, жол сілтейтін осындай игі шаралардың өтіп тұрғаны абзал, – дейді ол.

Алаңға шығып өнер көрсеткен балғын спортшылар да жиналғандарға «Шынықса, шымыр боламын» ісгерімен дәлелдей түсті. Шара барысында белсенді деген жастарға алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді. Енді гі өткізілер фестиваль Аксу және Сарқан аудандарында жалғасын таппақ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 115-116 (17385) Сейсенбі, 5 қазан, 2010 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Алматы облыстық мәслихаты депутаттарының назарына

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, облыстық мәслихаттың кезекті сессиясы Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38, облыстық әкімдіктің ғимаратында **2010 жылғы 13 қазанда, сағат 15.00-де** шақырылады.

Күн тәртібінде:

1. Алматы облысы әкімінің облыс мәслихаты депутаттары алдындағы есебі.
2. Алматы облыстық мәслихатының 2009 жылғы 9 желтоқсандағы «Алматы облысының 2010 – 2012 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» № 26-162 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
3. Өзгелері мәселелер.

◈ БАСПАСӨЗ–2011

Мені халыққа танымал еткен жазушылық еңбегім болса, бұл кәсіпке журналистика арқылы келгенімді ешқашан ұмытқан емеспін. Сондықтан болар, еліміздегі баспасөз тынысын қалт жібермей қадағалап, қоғамдық ойды қалыптастыратын жауынгер жанрдың табыстарына қуанып отырамын.



Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ, Қазақстанның халық жазушысы.

Жетіеудың басты басылымы

Мен өзім біраз жылымды облыстық газетке арнаған адаммын. Онда да қызу еңбек, қызықты күндер, қысылтаяң сәттер болатыны маған таңсық емес. Сол үшін де қолым қалт еткенде кең-байтақ Отанымыздың шалғайында не болып жатқанын білу үшін облыстық басылымдарды алып, шолып отырамын. Арнайы тапсырыспен мектеп отыр демеңіздер, дегенмен маған Алматы облыстық «Жетісу» газетінің бет алысы ерекше ұнайды. Таратып айтар болсам, мұндағы тарихқа, әлеуметтік мәселелерге, ұлттық болмысымызға қатысты жазылған дүниелер республикалық басылымдардан кем түспейді. Аты «қоғамдық-саяси» болғанымен Жетісу өлкесінің әдебиет, өнер саласы, халқымыздың рухын оятып, өгеметендігімізді асқақтатуға қатысты ойлы мақалаларда көптеп жарияланады. Өзендер өрнектеген өлкенің қаламгерлер қауымының аяқ алысын да біз осы газеттен оқып, біліп отырамыз.

Өрине, мемлекеттік саясат, ел экономикасының қадамдары, облыста қолға алынып отырған елеулі істер ең алдымен «Жетісуда» көрініс табады. Бір сөзбен айтқанда, басылым Алматы облысы тұрғындарының ақпараттық сұранымын қанағаттандырумен бірге, елдің рухани дүниесін байытуға да сүбелі үлес қосып келеді. Ендеше, келер жылы да басылымның таралымы артып, жаңа шығармашылық биіктен көрінер берсін дегім келеді.

◈ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

КӨРКЕЙЕ ТҮСКЕН ҚҰТ МЕКЕН

Өткен мен бүгіннің жібін жалған келе жатқан халықтық дәстүріміз ел берекесі мен ырысын шалқытуда. Апта сайын Талдықорған төрінде тоқайласатын мәдениет жәдігерлері тұрғындардың өткенді бағамдап, келешекке кемел ой түйетін байыпты шараның бірегейіне айналды. Қалалықтардың жұма күнді асыға тосатыны да осыдан болса керек. Мұның өзі өлке өнерінің аскақтауына да сеп болуда. Берері мол шараның бұл жұмадағы реті Текелі қаласының еншісіне тиіпті. Туризмді дамытудың түп қазығы саналатын мекеннің таңдай қағып, тамсандырар қырлары да көп көрінеді.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Өрине, жер бығы де, су тұнығы да шөп шүйгін де Жетісуда. Оның ішінде Текелі қаласының орны бөлек. Кезінде қорғасын мен мырыш өндірген күтмекен бүгінде ел экономикасын есеңгіреуге барын салып келеді. Текті жер, бекзат елдің ырысы мен берекесінің алдағы күнде де арта түспесе кемімейтініне аудан делегациясы облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқановтың қабылдауында болғанында көзіміз жете түсті.

Көпшілікке облыс әкімі Серік Үмбетовтің сәлемін жеткізген әкім орынбасары осыдан төп тарихымыз бен мәдениетіміздің бүгінгі жеткен жетістіктерін саралап өтті.

– Осыдан бес жыл бұрын аудандардың мәдениет күндері аясындағы шаралар алғаш басталғанда көп қиындық пен жетіспеушілік болды. Бірақ, қазір тұрғындар әр жұманы асыға тосатын жағдайға жеттік. Тарих қойнауында қалған қаншама құны тозбас мұраларымыз жарыққа шығып, халық игілігіне жарауда. Мұның өзі облыс басшысының үлттандылығы мен көрегендігінің арқасы деуге болады, – деді.

Осыдан кейін, өңіріміздің тыныстіршілігіне ойысып, облыс экономикасы мен әлеуметтік саладағы жарқын істерді тізіп берді. Аграрлық өңірдің кейінгі жылдары өндірістегі, өнеркәсіптегі, индустриялық, инновациялық даму мен өркендеудің жаңа арналарына түсіп келе жатқанын таратып, талдап айтты. Сонымен қатар, рухани құндылық та назардан тыс қалмай, облыс орталығының қазақи сипатқа көшіп, ұлттық құндылықтардың салмақтана түскенін қалыс қалдырмады.

Бұдан соң Текелі қаласының әкімі Серікжан Бескемпіров сөз кезегін алды. Оның айтуынша, Текелде таңдай қақтырып, тамсандырар жобалар көп көрінеді. Жолы жарқын, жүзі айқын елдің әлеуметтік тұрмысы да жақсы. Экономикалық табыстары да ілгерілеген. Осы барыста атқарылған жұмыстарды саралап өткен қала әкімі келесі кезектегі жоспарларын да тілге тиек етті. Оның сөзін ілп әкеткен жеке кәсіпкер Бүркітбай Файзолла, Ұлы Отан соғысының ардагері Николай Волчановский, №8 орта мектебінің директоры Наталья Сибирякова мәдениет күндерінің ұлт мәдениетін түгендеу мен жастарды отаншылдыққа тәрбиелеудегі таптырмас тұстарына тоқталып, осы бастаманың авторы облыс әкімі Серік Үмбетовке деген жүрт алғысын жеткізді.

Осыдан кейін көпшілік естелік суретке түсіп, орталық алаңдағы текелілік каркемөнерпаздардың «Бірлігі берекелі елдің – тірлігі мерекелі» атты концертік бағдарламасын тамашалады. Концертке Текелідегі фольклорлық-этнографиялық ансамблінен тартып, балалар шағармашылық орталығына дейінгі барлық өнер ұжымдары жұмылдырылған.

Бүгінгі Текелі тек туризм мен өндіристің ошағы емес, мәдениетті мәйектеткен жарқын бастамалардың да мекені. Текелілектердің облыс орталығындағы мәдениет күндері аясында өткізген шаралары оймағына дәлел бола алады. Өрине, қалалықтардың бір жақсы қасиеті – үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді көңіл қажеттеріне нық орнатқаны. Сондықтан олар мәдениет күндері аясындағы шараны Текелі қаласындағы қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйіндегі жаны жадау жандарға қайырымдылық көрсетумен бастады. Көпшіліктің ризашылығын алып, кісілігі мен көңілігін паш еткен көпшілік келесі кезекте облыстық С. Сейфуллин атындағы өмбебап кітапханада өткен «Қыян жылдарды есте сақтаймыз» атты текелілік ақын-жазушылардың оқырмандармен кездесуіне қатысты. Кездесу жүйелі өтіп, сұлу сөз, сұңғыла ойлар айтылды. Ән мен күйге кезек берілп, тартымды өлеңдер оқылды. Қарт қаламгерлер жастарға ақылөсиетін айтып, көпшілік бір сергіліп қалды. Осындай көтеріңкі көңіл күй қала делегациясы облыс әкімінің көркемсурет галереясы мен М. Тынышпаев атындағы өлкетану мұражайындағы экскурсия барысында да сақталды. «Данқ» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, перзенттік борышын өтеу кезінде тілті шырқау шыңына шықты. Мұндай берекелі қуаныш тек ырысы мен ынтымағы жарасқан елдің ғана ішінде болады деген ойға келдік.

Ал, орталық алаңдағы «Рухани құтқа бай елім. Мәдениет меңгі мәйегам» атты қолөнер және қылқалам шеберлері мен этномәдени орталықтарының көрмесі тіптен ерекше. Бір сөзбен айтқанда, өткен жұма күні орталық алаңға шағын қалашық орнағандай болды. Мәдениет сарайының қабырғасына ілінген Қора шатқалының көрінісіне көз тоймайды. Сонау биіктен сырғып аққан тау суы жаныңды сергітіп, өзіне ынтықтыра түседі. Оған қарсы қойылған қылқалам шеберлерінің туындылары табиғат көрінісімен өрнектелген кең даланың кішкене топтамасы іспетті. Оның бір қатарына ақшаққан үйлер тігіліп, көшпенділер мәдениетінің барлық жәдігерлері жинақталса екінші жағында этномәдени орталықтардың бары мен базарын паш еткен шатырлар тігілген. Мұнан өзге қаланың спорт мәдениет, туризм саласында жеткен жетістіктері қаладағы өнеркәсіп орындарында өндірілетін, жылжайларда өсірілетін өнімнің үлгілері жинақталған шатырлардан да көп мағлұмат алғасқ. Сондай-ақ, Текелі қаласының мәдениет күндері халықаралық «Күлмисреу күнмен» түспа-түс келгендіктен орталық алаңның бір жағында қаланың мәдениет бөлімінің жамаған құрылған құыршақ театрының ойын өрнегі көрсетілп, бүлдіршіндерге қызық пен күлкі сыйлады. Осы орайда айта кеткен жөн. Өткен аптада І Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен облыс әкімінің жүлдесіне арналған «Жетісу әруа – 2010» байқауында текелілік Жадыра Хамитжанова бірінші орынды иеленіп, текелілектерді қуантып тастаған. Мұның өзі жастарды ұлтжандылыққа баулудың жарқын мысалы деуге болады.

Иә, қай қырынан келсек те, Текелі қаласының мәдениет күндері жоғары деңгейде аталып өтті. Мерекелік шараның соңы «Жалындаған жастық шақ» атты жастарға арналған би кешіне ұласып, түннің бір уағына дейін жалғасты. Таң рауандап атып келе жатқанда текелілктер сүйікті қаласына қайтып бара жатты.

◈ ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШАТТЫҒЫ

ҒАСЫРҒА ҰЛАСҚАН ҒҰМЫР

Сарыбастау ауылында Еңбек Ері Нүсіпбек Әшімбаевтің 100 жылдығы аталып өтті

Райымбек ауданында ғасыр жасаған Еңбек Ері, даланың академигі Нүсіпбек Әшімбаевтің, көктем маусымында өмірден жылы мекен қазақ аттанып кете барған өз атының 100 жылдығы Сарыбастау ауылында кешіпен аталып өтті.

«Ғасырға ұласқан ғұмыр» атты тақырыптық-танымдық конференцияның жұмысын белгілі ақын, көркемсөз қаһілеттер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Айтқожа Әбдікәкімұлы ашып, басқосуда, қалыстық қызметінде С. Сауранбаев атындағы орта мектептің директоры Ауғали Молдасан бүгінгі Сарыбастау ауылын, сондағы Ленин атындағы мектепте 32 жыл басқарған, ғасыр жасап өмірден өткен Еңбек Ері Нүсіпбек Әшімбаевтің кісілік келбеттеріне, даналық тұлғасына, жолын шарықтаған ұйымдастырушылық сан-салалы қарымы мен ісіне, адамгершілік, адамдық қадір-қасиетіне көптеп тоқталды. Қолжазбаны 70 жолды 70 мыңға жетіктеген Еңбек Ері, дала академигінің ерен ісін сарапқа салды.

Еңбек Ері Нүсіпбек Әшімбаевтың 100 жылдығына арналған үлкен той, берекелі аска облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов қатысып, жүректарды ақ тілегін, облыс әкімі С. Үмбетовтің аудан қалқына арнаған құттықтауын, мұстық сәлемін жеткізді. Халықтық мерекеде Райымбек ауданының әкімі Алан Айтжанов, Еңбек Ері Жәнсейіт Молдасанов, Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының мүшесі, заң ғылымының докторы, генерал-лейтенант Ділмұрат Бақтыбаев, еңбек ардагері Бостахан Үздарбеков сөйлеп, Еңбек Ерінің атына, халыққа деген жақсы ойларын бүкпей жеткізді. Республикалық «Жас Алаш» газетінің бас редакторы, қарымды журналист Нұртөре Жүсіп Еңбек Ері туралып, көпшілік-көпшілік, үлкен ауқа өткен Сарыбастауды көлемінекте Нүсіпбек ауылы деп атау туралысында жақсы ұсыныстарын жеткізді.

Мерекені Еңбек Ерінің 100 жылдығына арналған үлкен тойды Нүсіпбектің ұлы, Ұлан селолық округінің әкімі Мақсат Әшімбаев қорытты. Той 5 тұрлі жүлде берілген ат байгесіне ұласты. Оның соңын ала ұлттық ойындар мен тартыстан күйлер, айтылған ғасыр жасаған Еңбек Ері Нүсіпбек атының ұмытылмас келбетін, кісілік бейнесін ұлдарын жеттеді.

Қ. САТЫБАЛДЫ.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

◈ ҒИБРАТ

Иә, Райымбек ауданындағы Тоғызбұлақ деп аталатын әдемі де шағын ауылдан шыққан есімдері республикаға танымал талымдар мен өнер адамдары жетіктілікті. Сан қырлы тұлектері мәртебесі мен мерейін көтерген бақытты елді мекен. Дал осы ауылдың биік белесінде «Отан тарихындағы ел бірлігі мен оның сабақтастығы» деп аталатын республикалық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференция өрнегін тапты.

ЕЛ БІРЛІГІ – ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

Тоғызбұлақ ауылында республикалық ғылыми-практикалық конференция өрнегін тапты

Қанат БІРЖАНСАЛ,
"Жетісу"

Үлкен басқосуға Астана мен Алматыдан белгілі ғалымдар, өнер адамдары, ақындар мен жазушылар, ақпарат құралдарының өкілдері қатысып, күй болды. «Отан тарихындағы ел бірлігі мен оның сабақтастығын» тұрғысында ұрпаққа ұлағат болар өңгімені ғылым докторы, профессор Дөнібек Жексенұлы жеткізді. Бабалардың ел бірлігіне қосқан үлесі жөнінде тарихшы әрі шежіреші Сыпай Дүйсенбай өңгімеледі. Зәңгер әрі тарихшы Сәлімбу Ағыбай ойын ортаға салды.

Ел бірлігін, бабалар дәстүрін өзек еткен халықтық мерекеде Райымбек ауданының әкімі Алан Айтжанов, Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының мүшесі, заң ғылымының докторы, генерал Ділмұрат Бақтыбаев, еңбек ардагері Әріп Сыбанбаевтар ұстым, пебздерін жеткізді.

Құрметті қонақтар мен қалың көпшілік Тоғызбұлақ ауылының төрінен бой көтерген «Ел бірлігі» атты ескерткіш-монументтің ашылуының күәсі болды. Оның пентасын Райымбек ауданының әкімі Алан Айтжанов, Еңбек Ері Жәнсейіт Молдасанов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Совет Оразаев, еңбек ардагері Әріп Сыбанбаевтар құйды. Ауыл тұрғыны, кәсіпкер ақ көкір азамат Қанат Тұрарұлы жоба-жоспарын жасаған монумент көп көпшілік шамқты.

Ел қызметшісына, ұрпақ жақсылығына Астанадан ат арылтып келген Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Жансейіт Сәрсенқұлов пен Парламент Мәжілісінің депутаты Зағипа Балиева ортақтасты.

Үлкен өңбегі сіңген әртіс, анда Рамазан Стамғазиев пен Ұлту Қабаевадай өнер жұлдыздары өсерлі өнге бөледі. Олардың өнердегі шекерттері ән мен жырларын асқақтата тарту етті. Осы күн ат байгесі, ұлттық ойындар өрнегін тапты.

Сөйтіп, Тоғызбұлақ ауылының құшағы мен кең төрі ел бірлігін, бабалар дәстүрін паш етті. Ел қуанышын еселеді. Ұрпақ жақсылығын өнегесін көрсетті. Оған қалың ел, құрметті қонақтарын ортақтастырды.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

◈ КҮЗ – ШАРУА АЙЫ



Жүгері жинау жалғасуда

Жаркенттіктер үшін нағыз жиын-терін науқаны қыркүйек айының алғашқы аптасынан басталады. Егіншілікті жақсы білетін тәжірибелі диқандардың айтуынша, биылғы ауа райы жүгерішілерге жақтасып тұрған сияқты. Бұлай дейтініміз, көктем күндері шуақты болып, топырақтың үстінгі қабатының жылуы дер кезінде жүгері тұқымын егуге сай болып, егіншілер бірден іске кірісті.

Жағдың басы жанбырлатқанымен «дала аруының» суға қанып бой түзеген шағында күн ұзарын аяусыз төгіп мсып берді. Егістікті суарар сәтте су тапшылығы аса сезіле қойған жоқ. Барлық бабы келіскен жүгері дәні жақсы жетілін, пісті. Енді міне, жүгері өнімін суыққа шалдырмай, уақтылы жинап алу.

Бар үмітін өзі бағып өсірген дақылдың өнімділігі мен өтімділігіне артып отырған шаруалар отбасына береке беретін осы науқанға тыңғылықты әзірленген сияқты. Аудандағы ЖШҚ-ның бәрі дерлік өнім өсірген алқаптарының көлемінс карай белгіленген мөлшерде үкіметтен қолдау ақы алды. Сондықтан болар, өңірдегі жүгері егістігінің жалпы көлемі өткен жылғыдан кемігеп жоқ. Яғни аудан бойынша биыл да 21 мың гектарға жуық жерге жүгерінің әртүрлі сорттары өсірілітті.

Науқан қарсаңындағ дайындық шараларын ой сарабынан өткізе отырып, өткен ғасырдың 70 жылдарындағы ауыл шаруашылығын жаппай механикаландыру жөніндегі бастаманың дәуірі қайта туып келе жатқанын сезінгендейміз. Шынында, жүгері өндірісінде колмен атқарылатын жұмыс аз. Негізгі қарекеттің барлығы техника күшіне байланлы. Сондықтан науқанға дайындықтың жайын білу үшін алдымен Панфилов аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас инженері Мәлік әдар Қалиасқаров мырзаға жолықтық.

Бас инженердің айтуынша, жүгері жинау науқанына өңір шаруашылығының меншігіндегі 99 комбайнының 93-і жөндеуден өткізілш, сақадай сай әзірленіпті. Науқанға пайдасы тиеді дейтін 621 трактордың 575-і жөнделіп, жүріп тұр. Орылған жүгері дәнін қырманға тасымалдайтын автокөлік жеткілікті. Өндірсті жыл сайын пайдаланылып жүрген 44 қырманның 30-ы тазартылып, электр қуатымен жарықтандырылған. Науқан кезінде өнім өлшейтін 22 автотаразы қызмет етеді. Жиын-терінге кажет 1737 тонна дизель, 67 тонна бензин, 87 тонна дизель майы бар.

Қазір Жаркент өңірінде ерте пісетін жүгері сорттарының өнімі жиналуда. Науқан басталған 10 күн барысында 'канша жердегі жүгері өнімі жиналғанын ауданның бас агрономы Нұрдың Ибрагимовтан сұрап едік, ол мың гектар алқаптағы өнім қырманға жеткізілгенін мәлім етті. «Дала арушыңа» алғашқы дән тасқыны өнімнің өткен жылғыдан жоғары болатынын қазір-ақ айқындап тұр, – дейді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

Әзірлік ойдағыдай

Қыс қыр астында тұрғаны белгілі. Сондықтан да әрбір шаруа адамы оған тиянақты дайындалғанда ғана өңбегінің өтеуі болмақ. Бұл орайда ілеліктердің өңбегі еңселі. Яғни, қысқа әзірлік жұмыстары мейлінше тиянақты жүргізілп келеді.

Ілияс ЖҰНІС,
"Жетісу"

Ай арасы болғандықтан ба, соңғы күндері ауа райы бұзылып, жаңбыр да жиі жауа бастады. Егтен мынар да бітіп қалды. Бұл орайда шаруа жайы қалай екен деген мақсатпен аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы А. Жүсіповке жолыққан едік. Ол болса «Жағдаймыз жақсы» дегендей, жайбарақат отыр. Расында да, солай екен. Бөлім бастығының айтуынша, алдағы маусымда қыстамаға 61100 ірі қара, 150 мың кей мен ешкі, 3 млн. 440 мың құс, 5 мың жылқы, 3900 түйе баратын көрінеді. Олардың қыстан қысылмауы үшін жал бойы дала тіршілігі еңбек бір толастамапты. Яғни, мал азығын молайту жолындағы диқан-механизаторлардың жұмысында ешқандай кідіріс болмаған. Нәтижесінде қажетті 77 мың тонналың орнына бүтінге дейін 78500 тонна шөп дайындалған немесе бұл жөнінлегі жоспар 102 пайызды құраған. Осы орайда айта кету керек, малы көп Қарой, Междуреченск ауылдық округтерінлегі жұмыс біршама ретті жүргізіліп келеді. Айталық, Қарой ауылдық округі бойынша дайындалуға тиіс шөп мөлшері 14400 тонна болса, бүгінге дейін 15 мың тонна мал азығы әзірленіп, тиісті орындарға жеткізілген. Ал междуреченскліктер жоспарда белгіленген 11 мың тонналың орнына 12 мың тонна мал азығын дайындаған. Осы ауылдық округтердегі жоғышқаның шығымдылығы да жақсы болыпты.

Әзірлік барысында қора-қопсының бүтінгі талапқа сай жөнделуіне баса назар аударылыпты. Егер де аудан бойынша 263 қыстау болса, олардың бәрі дерлік сапалы жөндеуден өткен. Алдын ала әртүрлі ауруларын малды сақтау үшін залалсыздандыру жұмыстары жүргізілген. Бөлім бастығы әңгімесінің тағы бір ретінде жеке шаруа қожалықтарын да қосып отырған үлесінің комақты екендігін жеткізді. Бұл орайда Қарой ауылдық округінлегі М. Аманжолов тың шаруа қожалығы, Байсеркелді И. Керімбеков басқаратын «Димаш», Междуреченскідегі П. Романов басқаратын «Романов» шаруа қожалықтарының алдағы мал қыстату науқанына тыңғылықты әзірленгендерін тілге тиек етті. Сондай-ақ, Күрті ауылдық округіндегі Ж. Байсенбаевтың «Бек», Қарой ауылдық округіндегі Л. Гаврилюк басқаратын жеке шаруа қожалықтары да жаз бойы ісмерлік танытқан. Яғни өз шаруашылықтарындағы мал бітімінің алдағы қыстамадан қысылмауы үшін толық жағдай жасаған.

Аскар Махмұтұлы өзінің әңгімесінде Күрті ауылдық округіндегі «Дәулет-Бекет» ЖШС-ның жұмысына ерекше сүйсіне бсздірді. Иә, Сыдық Дәулет басқаратын бұл ұжымның жұмысымен өзіміз де етене таныс едік. Түйе өсіруде және шұбалы сусын – шұбат өндіруде бай тәжірибе жинақтаған серіктестік ұжымы өткен 9 айда 500 тонна шұбат өндіріп, сатуға шығарды. Сондай-ақ, осы жазда Астана қаласында өткен «Қарапайым жәрмеңкесіне қатысып, І дәрежелі дипломмен марапатталғандығын қуанышпен жеткізді. Қазір бұл ұжым мүшелері 1800 түйені бағып-қүтуде. Олардың қысқа дайындығы да атап айтарлықтай екен. Бір сөзбен айтқанда, алдағы жауапты кезеңге мал өсіруін отырған ауылшаруашылық құрылымдары мен шаруа қожалықтары сақадай сай әзір отыр деуге де болады.

ІЛЕ АУДАНЫ.

◈ ЭНЕРГОҮНЕМДЕУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Заң жобасы әзірленуде

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы «Энергия үнемдеу туралы» Заңының жобасы (ары қарай заң) әзірленуде. Заң жобасында 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап қыздыру шамдарын қолдануға тыйым салынатыны, сол көзден бастап бірыңғай қуат үнемдегіш шамдарды қолдану туралы ұсыныстар бар.

Егер аталған заң қабылдана қалған жағдайда қуат үнемдегіш шамдардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына тигізер зиянын ескере отырып, орын алуы мүмкін проблемаларды шешу үшін еліміздің барлық өңірлерінде люминесцентті құрамында сынабы бар шамдарды жинаумен, оларды залалсыздандырумен және кәдеге жаратумен айналысатын кәсіпорындар жұмыс істеуге тиісті.

Осыған орай істен шыққан, қолданып болған люминесцентті құрамында сынабы бар қуат үнемдегіш шамдарды «Алматыэкологстрой» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына өткізуге болады.

Кәсіпорынның мекенжайы: Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 2 үй. Байзаков көшесінің бұрышындағы көп қабатты үйдің 4-ші қабатындағы 416 кеңсе, тел/факс: 8(727)392-21-22, 392-22-32.

Ы. БЕКТҰРСЫНОВ,
облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының бастығы.

Дәнді дақылдар толық жиналды

Күз айы – жиын-терім аяқталып, еңбектің қорытындысын шығаратын уақыт. Бұл, әсіресе, Жер-Анамен тікелей жұмыс істейтін егін саласында еңбек өтіп жүргендердің асыға тосатын кезеңі.

Сайлаубек БАЙДҮЙСЕНҰЛЫ,
"Жетісу"

Экономикасы жыл сайын өрлеп, ауыл шаруашылығы дамып келе жатқан Қарасай ауданының дала жұмысында жүрген шаруа адамдары биыл да қарқынды жұмыс істеді.

Күздің шуақты күнін дұрыс пайдалана білген қарасайлықтар аудан бойынша 16113 га. жерге сіңірілген дәнді дақылдарды толық жинап үлгерді. Қорытындысы жаман емес. Әр гектардан 24 центнерден өнім алынды. Сөйтіп, қоймаға 38671 тонна сапалы арпа мен бидай дәні құйылды.

Сондай-ақ, биылғы көктемде 250 га. жерге көкөніс себлген болатын. Көкөністің өзінен 57400 тонна өнім жиналды. Бұл есеп бойынша аудан аумағымен іргелес жатқан Алматы қаласының тұрғындарын және аудан халқының біршама бөлігін сапалы көкөніспен қамтамасыз етуге жетеді.

Қазіргі таңда картоп жинау аяқталуға жақын қалды. Атап айтсақ, 3920 га. жерге себлген картоптың 3700 гектары жиналды Әр гектардан орта есеппен 250 центнерден өнім алынуда. Сонымен қатар, жүгері және соя өнімдерін жинау қызу қолға алынды.

Аудандағы диқан қауым бүгінгі күнең шаруасымен ғана шұғылданып қалмай, келесі жылдың қамын да ойластыруда. Келер жылдың өнімне деп арнайы бөлінген 2285 тонна дәнді дақылдар тұқымының 1700 тоннасы зертханалық тексеруден өткізілді. Сөйтіп, күздік бидай үшін бөлінген 11 мың гектар жердің 6 мың гектары қазірдің өзінде себілді. Мұны келер жылдың мол өнімнің негізіне жасалған алғашқы шаралардың басы десек болады.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы Н. Түсіпов сегіз айлық қорытынды саралтама бойынша аудандала өнімдерін жинап, өнім алуда бесінші орынға көтерілгенін айтты.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 119 (17388) Сейсенбі, 12 қаңтар, 2010 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Жетісу жерінде

Ата салты айшықталды

Халқымыздың және де бай ділінің тағы мұнаралық тектерін пайдалана білу, ежелгі салт-дәстүрлерімізді жаңғыртып, жандандыра түсу мақсатында Еліс қаласында аудандық «Отағасы» ансамблінің жетістігі салиқалылық пен парасаттылыққа негіз-инновацияға бастау нәр сыйлады.

Баянды БӘКІРОВ, "Жетісу"

Бейнеуді құттықтау сөзінен бастап берген аудандық мәслихат хатшысы Әділбай Талшынбаев әкелерге аталы да, бағалы тілегін арнады.

Көпті көрген әжелер сахнада өздерін ерекше ұстады. Кейін-кейіптемеп өлеп де оңалды, халық бұл орынды, әрі де айтады.

Қорытындыда сайыс атақтары бойынша бірінші орынға иегерленген Жаңашар ауылының келген әжелер «Жаңаша», екінші жүлде иегері қарағоталықтар «Құрметті», үшінші орынға ие болған Еркін ауылының әжелер «Ерен» атақтарына ие болды.

Әжелер ұжымын сондай-ақ шапалдыру сыйлығымен қамқоратта-дарымдаған атақалдың «Шұрешуқ», Тесіктөбе ауылының «Түсініс» ансамбльдерін тәрбиелік мәні зор шеберлігінің әрлей түсуінен құттықтаған «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалының комиссиясы. Бағдат Рахметов, аудандық әділеттер комиссиясы төрағасы Сағадат Сәлімбаев, әжелер комиссиясы төрайымы Роза Исатаева қатысушыларға мәрапаттар, бағалы сыйлықтар тапсырды.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

Қазақстан - 2030 ресми хабарлар

Тоқаев кездесуі

ҚР Парламент Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде ресми сапармен жүрген Иран Ислам Республикасы Парламентінің Төрағасы Али Ардашир Лариджанимен кездесті.

«Парламент төрағасы Али Лариджани мырза елімізге алғаш рет ресми сапармен әрі үлкен құраммен келіп отыр. Біз бүгінгі кездесу барысында келіссөздер өткізіп, парламентаралық қарым-қатынас туралы, екі елдің арасындағы бірнеше бағыттар бойынша ынтымақтастығы туралысында кеңінен пікір алмастық. Иран Қазақстанның халықаралық аренадағы және Каспий теңізі өңіріндегі маңызды серіктестерінің бірі. Бұл ретте парламентаралық диалог мемлекеттер арасындағы мәдени, саяси және сауда-экономикалық байланыстарды дамытуда ерекше рөл атқаратыны сөзсіз», – деді кездесуден кейінгі брифингте Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен бірге, Сенат спикері Иран Парламенті басшысының бүгінгі сапары елдер арасындағы достық пен өзара тиімді ынтымақтастығы тереңдетуге елеулі үлес қосатынына сенім білдірді.

Өз кезегінде мәртебелі мейман Қазақстан тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып Иран елінің мойындағанын еске сала келе, бүгінгі таңда екі елдің экономикалық ынтымақтастығы қарқынды дамып отырғанын атап өтті.

◈ ҚАЛАНЫҢ МӘДЕНИЕТ КҮНІ

ШАТТЫҚ СЫЙЛАҒАН МЕРЕКЕ

Бұдан бұрын хабарлағанымыздай, сенбі күні облыс орталығында Талдықорған қаласының мәдениет күні кең көлемде аталынып өтті. Бұл мерекеге қала тұрғындарының тыңғылықты зайырланғаны орталық көшелердің сәнді безендірілуінен анық аңғарылады. Халықтың қуанышына ортақ болғысы келгендей, Табиғат-ана бұл күні мейірлене шуағын төгіп, күздің қытымыр суығын кейінге шегергендей. Орталық алаңнан әуелеген әсем саз әуені жүректерге құйылып, көпшіліктің көңіліне мерекелік шаттық ұсынады.



Ескерткіштің ашылу салтанаты.

Қала күні мерекесіне ортақтасу үшін алаңға шыққан облыс әкімі Серік Үмбетов Астана және Алматыдан келген мәртебелі мейімдармен бірге ең алдымен қалалық архитектура бөлімі ұйымдастырған облыс орталығының бас жобасымен танысты. Бұл жерде Талдықорғанның болашақтағы кескін-келбеті, жаңадан салынатын ғимараттар жобасы алыстан меңмұндалайды. Сәулетші Қаби Бауыржанов Талдықорғанның кешегі күнгі бейнесін таныстыра келіп, өті жобаланған мәдени орталықтың қызметі жайлы да айтып өтті. Күн сайын қарыштап дамып келе жатқан ел экономикасының каркыны тежелмейтін болса, таяу жылдары Алматы облысының кәдік қаласы адам танымастай өзгеріп, әлемдегі кез келген шаһармен тереземенестіре алатынын осы жобаға қарап тұрып сенгендей болдық.

Орталық алаңда «Әсем қала Талдықорған» деген тақырыпта сурет көрмесі де ұйымдастырылған екен. Мұнда Талдықорғанның тәуелсіздікке дейінгі көрінісі және бүгінгі әсем келбеті, облыс орталығында өткен мәдени-көпшілік шаралардың фотокамераға тартылған бейнелері орын алған. Осы суреттерге қарай отырып, сүйікті қаламыздың өсу, өркендеу жолынан хабар алуға болады.

Алаңның бір шетінде көлөнер шеберлерінің көрмесі орналасыпты. Мұнда жеке кәсіпкер Әлібек Байжановтың, №19 кәсіптік мектептің мұғалімі Айдар Аскаровтың, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, суретшілер академиясының мүшесі Ермұхан Жүнісханның, №25 орта мектептің мұғалімі Тілеш Намазбековтың, жыл сайынғы облыстық «Алтын сапа» байқауының белгісін жасап жүрген Бақтыбай Найзабековтың майды бояумен салған суреттері, қолдан жасалған өнер туындылары қойылған екен. Мерекеге жиналған көпшілік осы көрмелерді тамашалап, өнерлі жандардың қолтумаларынан рухани дәнеп алып жатты.



Аскақтады тау тұлға.

Қала күніне Талдықорғанда орналасқан дәмханалар, мейрамханалар да тыңғылықты дайындалғаны аңғарылады. Олар үшін арнайы тігілген шатырларға қойылған үстелдердің үсті түрлі дәмдермен көзді де, көңілді сүйсіндіреді. Жұртшылыққа белгілі «Деликатес» кешені өзіне тән тәтті тағамдардың түр-түрін назарға ұсынса, «Жетісу» мейрамханасы қазақтың ұлттық тағамдарынан дастарқан мәзірін әзірлепті. Жалпы, осы дәмханалар қатарынан Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттардың ас мәзірін кездестіруге болады. Мерекеге келген кейбір адамдар осы жерден өздеріне кажетті тағамдарды сатып алып, үйлерінде мерекелік дастарханға қою үшін әкетіп те жатты.

Ой-жыры қуаныштың сәні келеді ме? Бұл күні орталық алаңға қойылған сахнада қаладағы таңдаулы өнер ұжымдарының өкілдері ұлттық әндері мен билерін көпшілік назарына ұсынса, қалалық мәдениет бөлімі ұйымдастырылған концерттерге көпшілік көңілінен шыға білді. Көрмелерді тамашалап, әсем сазды ырғағында тербелген Талдықорған тұрғындары мен қала қонақтары осыдан кейін орталық сәябақта өткізілетін шараларға бағыт алды.

* * *

Қала күні мерекесінде қалалықтар мен қонақтардың есінде қалған тағы бір тамаша әрі тағылымды шара – Жетісудың дарабоз сазгері, Халық қаһарманы Нұргиса Тілендиевке тұғыры беріктастан қаланып, үстіне қолдан құйылып, қияға көз салып тұрған қырандай әсер қалдыратын мүсіні қойылған ескерткіштің ашылуы болды. Алматы облысының әкімі бастаған құрметті қонақтар тобы орталық алаңдағы Талдықорған қаласының болашақ кескін-келбетін білдіретін үлгі-жобамен танысып, мейрамханалар көрмесін көргеннен кейін, Абай көшесімен онға бұрылып, бір орамнан соң орналасқан Нұргиса Тілендиев атындағы саз мектебінің алдына келді. Бұл жерге де бір қаумм ел жиналып қалыпты. Олардың арасында Нұрғағанның өмірлік қосағы Дарига мен бүгінде әке жолын жемісті жалғастырып жүрген қызы Динзухра да болды. Ескерткіш алдына кеңілген көгілдір лентаны Алматы облысының әкімі Серік Үмбетов пен Дарига Тілендіқызы кесті. Сол жерде ұлтымыздың ұлағатты салтына орай шашу шашылып, күтты болсындар айтылды. Осынау салтанатты әрі сәулетті шарадағы әдемі тілек айту, күрметі облыс басшысы Серік Әбікенұлына ұсынылды.

– Күрметті қалың ағайын ағайындар! Бүгін Талдықорған қаласының мерекесі күні сіздер үшін бір шарттатты әрі шуақты шараға келе болып отырсыздар. Сонардың бірі ретінде Халық қаһарманы, бүкіл ғұмырын қазақтың дарынды ұлын әлемге паш етуге, асыл таудай асқақтатуға арнаған, көзі тірісінде-ақ халқының қалауты ұлдарының бірінде айналған Нұргиса Тілендиевке шаркүлінің өзі атындағы сәз мектебінің алдына орнатылған қола ескерткішті ерекше атап өткіп келеді. Нұрғаң ұлықтаған шәкірт тәрбиесін, қазақтың жанына айналған күй өнерінің, сәз өнерінің ата-бабадан қалған ұрдаларын жаңғыртып, өздерінің қатарын өзінің өзіндей тумыдырмысқа одан ары байытып, Оның дарынын мен ұйымдастырушылық қабілетін бізің ел ғана емес, әлемдегі көптеген жұрттар мойындады. Оңтүстік Корея мемлекетіне сапарлап барғанда, сол елдің ең мәртебелі оркестріне дирижерлік етіп, қазақтың әдуынды күйлерін шығыстаттанды, бұрын қазақтың атын естігені болмаса, затына терең мән беріп көрмеген корей халқы да дарабоз дарынға сүйсіне қол соғып, үлкен құрмет көрсеткені әлі күнге жұрт жадында.

(Соңы 2-бетте).

◈ Баспасөз – 2011



БАЙЫРҒЫ ОҚЫРМАН

Сағалы ғұмырым ұстаздықпен өтті. Зейнетке шыққаннан кейін де мектептен қол үзіп кетпей, мұғалімдік мендетімді атқарып келе жатырмын. Ағам, «Жетісу» газетінің байырғы оқырманымын десем артық айтқандығым емес. Неге десеңіз бізде заман газет-журналдардың дәуірі еді ғой. Әйтеуір тыным таппайтын кішкентай ғана радио қабылдағышымыз бар, теледидар қат бүгінгідей компьютер мен интернет дегеніңіз түсімізге кірмеген кез. Бар жаңалықты тек қана басылымдардан күтетінбіз. Содан болар ақпаратқұралдары шеңбе бағе жақсы осы тасқа түскен тәнәрдай, қағаз бетіндегі жаңалықтар. Содан бері үйімізде де, жүрегімізде де төрінде «Жетісу» газеті. Қазір, басылымның атасының айналған біз білетін «Жетісу» талай-талай таланттың қалыптарының қара шаңырағы болға білді. Бүгінгі таңда аты аңызға айналған көптеген жазушылар журналистер осы газеттің босағасынан аттап, батасын алып аттанғандар. Біз де бұл газетке рухани қазынамыздың қайнар бұлағы деп қараймыз. Қай кезде де болмасын бірінші сапмақ ұстаздар қауымына түсетін шығдық, басылым басталғанда да ең алдымен мұғалімдер белсенділік танытады. Сондықтан газет бетінде ұстаздар күнделікті өмірге азық ететін, соны оқушының санасына сынапай сәуле білетін құнды дүниелер көп болса екен деймін.

Мұқаметжан АХМЕТОВ, Қарасаз ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы, зейнеткер-ұстаз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

Облыстық «Жетісу» газетіне 2011 жылға жазылу басталды!

Жазылу бағасы:

индекс		1 айға	3 айға	6 айға	1 жылға
		Жазылу бағасы	Жазылу бағасы	Жазылу бағасы	Жазылу бағасы
Заңды тұлғалар үшін	15470				5700
	18470			3100	
	17470		1900		
	16470	1000			
Зейнеткерлер үшін	35470				3300
	38470			1800	
	37470		1200		
	36470	600			
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45470				3600
	48470			2000	
	47470		1400		
	46470	700			
Жалпы жеке жазылу	65470				4000
	68470			2200	
	67470		1500		
	66470	800			

ЖЫЛДЫҚ БАЛАМА ЖАЗЫЛУ

Жалпы жеке жазылу – 3500 теңге
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін – 3300 теңге
Зейнеткерлер үшін – 2800 теңге

◈ МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Еліміздің бірқатар аумақтарындағы ас атасы нанның бағасы күз келісімен құбылып, 10–15 пайызға қымбаттап кетті. Премьер-Министр бастап, Ауыл шаруашылығы министрі қостап, биылғы ауа-райының тұрақсыздығы мен табиғаттың мың құбылғанына қарамастан өзімізге артығымен жететін азықтық бидай алдық дегеніне қарамастан, нан мен ұнның бағасы бірінші кезекте республиканың астықты облыстарында көтерілді. Алдын ала болжам жасауға құштарлар, бұл қымбатшылық біртіндеп еліміздің барлық өңіріне жетеді және баға бүгінгіден де шарықтап кетуі мүмкін деп сәуегейлік танытуда.

ӘЗІРГЕ НАН БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ

Осыған орай Алматы облысындағы жағдайды білу үшін облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына хабарласқанымызда, осы басқармадағы баға менеджменті мен маркетингі, нарықтарды мемлекеттік реттеу бөлімінің бастығы Надежда Крохмалюк облыс тұрғындарының алаңдауына негіз жоқ екенін айтты.

Облыс тұрғындарына бір жылға 283,8 мың тонна азықтық бидай (айына – 23,6 мың тонна) қажет көрінеді. Жетіспейді-ау деген 100 мың тонна бидайды үш оператор Қарасай ауданындағы «Агро- Фуд» ЖШС, Іле ауданындағы «Байсерке-Агро» ЖШС және Талдықорған қаласындағы «Сардар ЛТД» ЖШС арқылы, тоннасына белгіленген нақты баға 26500 теңгеден алдын ала толық төлемін жасай отырып «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» акционерлік қоғамынан сатып алу жоспарланған. Бірінші сұрыпты ұнның, кірпіш нанның, кеспе өнімдері бағасының негізсіз өсіп кетуіне жол бермеу мақсатында Алматы облысы әкімдігі мен ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, «ҚазАгро» Холдингі» АҚ, «Қазақстан астық одағы» бірлестігі және «Қазақстан наубайлары мен астықты қайта өңдеушілер одағы» арасында азықтық бидаймен қамтамасыз ету жөнінде меморандум жасалған.

Осыдан біраз бұрын облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбековтің төрағалығымен өткен кеңесте 8 қазаннан бастап облыстағы наубайханалар үшін бірінші сұрыпты ұнның келісі 45 теңгеден босатылатыны айтылған болатын. Алматы облысының орталығына негізгі нан жеткізуші болып табылатын «ТалСайӘт» ауыл шаруашылығы тұтынушылар кооперативіндегі әлеуметтік нанның бағасы әзірге бір бөлке үшін 41 теңге болып тұр. Ал бөлшек саудадағы кірпіш нан 43 теңгеден сатылуда.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

◈ КҮЗ – ШАРУА АЙЫ

МОЛ ӨНІМ АЛЫНДЫ

Үлбосын ИСАБЕК, "Жетісу"

Талғар ауданындағы ең ірі шаруашылықтардың бірі және бірегейі «Алматы» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі күзгі жиын-терін жұмыстарын дер шағында аяқтап, мол өнім алды.



Биылғы жауын-шашынның мөлшерден артық түсіп, жердің ылғалды болуы егілген дәннен жылдамдан артық өнім алуға айрықша ықпал еткендігін шаруагерлер ауызынан естідік. Кооператив қарамағындағы көкөніс түрлері отырғызылған жерлерді уақтылы суарумен айналысатын бригаданың жетекшісі Алексей Шоқат бастаған жұмысшылардың 40 гектар картоп, 40 гектар қант қызылшасы, 0,5 гектар қырыққабат пен осы мөлшерде қызанақ өсірілген алқапты ала жаздай күтіп-баптағандағы еңбектері еш кетпеді. Соның нәтижесінде олардың әркайсысынан межеленген артық өнім жинаудың орайы келді. Жиын-терін науқанына қатысатын техника түрлері де сақадай сай етіп әзірленіп, жұмыстың ең кедергісіз жүруіне жан-жақты жағдай жасалды.

– Дала жұмыстарының ең тоқтаусыз әрі кідіріссіз жүргізілуі үшін колда бар мүмкіндіктердің барлығын жұмылдырдық. Соның ең негізгісі еңбек адамдарының уақтылы тамақтануына қолайлы асхана жұмыс істеп, бесаспап аспазшылар қызмет көрсетті. Қысқа жіп күрмеуге келмейтін уақытты ұтымды пайдалану мақсатында алқап басындағы еңбеккерлерге де ыстық тамақ тасымалданып, берілді. Осындай бірлктің арқасында еңбек көрігі еселеме түсті, – деген кооперативтің коммерциялық директоры Марат Мұсырманов жұмыра елімізділ бас қаласы – Астанада ұйымдастырылған күзгі жәрменкеге шаруашылық ұжымы 4 тонна картоп, 4 тонна пияз және жарты тоннадан қырыққабат пен қант қызылшасын жөнелткенін тілге тиек етті.

Биылғы күз айында берекелі өнім алған кооператив еңбеккерлері барлығы 400 тонна картоп жинаған. Айрандай ұйыған ұжым еңбеккерлерінің ауызбіршілігі мен еселі еңбегінің нәтижесінде жиын-терін жұмыстары уақтылы аяқталды.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

СУРЕТТЕ: картоп сапасы көңіл қуантады.

Суретті түсірген автор.

Болжам артығымен орындалды

Жетісулық егіншілер масақты дәнді дақылдарды толығымен жинап алды. Осының алдында жазғандарымызда облыс бойынша 398011 гектар жерге масақты дәнді дақыл әсірілгенін айтқан болатынбыз. Аталған көлемді орып, бастыру барысында көктемде жасалған болжам артығымен орындалды.

Нақтырақ айтқанда, онда айтылған 17,0 центнердің орнына гектарынан 18,7 центнерден өнім алынды. Аудандар арасында гектарынан 25,5 центнерден өнім алған Еңбекшіқазақ ауданының басқалардан аты озық шықты. Сонымен бірге, Балқаш, Ескелді, Жамбыл, Қарасай, Көксу, Панфилов, Талғар, Үйғыр аудандары мен Текелі қаласының диқандары гектар берекелігін 20 центнерден асырды. Осыған сай облыс бойынша жалпы масақты дәнді дақылдар түсімі 742333 тоннаны құрады.

Келер жылдың өнеміне себілетін күздік масақты дәнді дақылдарға 44293 тонна тұқым қажет деп табылса, дүйсенбіге дейін сонын 40 мың тоннасы тексерілп, оның 16565 тоннасы 1 сыныпты тұқымға жатқызылыпты. Сондай-ақ, тұқымға құйылатын 93579 тонна масақты дәнді дақылдардың 44293 тоннасы күздікке арналса, 49286 тоннасы жаздық дақылдардың тұқымы болып табылады. Жыртылуға тиісті суғидердің көлемі 201215 гектар болса, 11 қыркүйекке дейін сонын 128436 гектары жыртылыпты.

Жемшөп дайындығы ойдағыдай

Осы айтанын дүйсенбісіндегі мәлімет бойынша, үстіміздегі жылдың қысына қажетті деп саналған 1546,5 мың тонна шөпті жинауға жасалған болжам артығымен орындалыпты.

Қазіргі кезде 1655,0 мың тонна шөп дайындалып, қыстауларға жеткізілген көрінеді. Сонымен бірге, пішендемеге жасалған болжам да ойдағыдай жүзеге асырылған. Жемге арналған астық бойынша да ойға алғандар артығымен орындалатыны анық. Бүгінгі күні мал қыстатуға қажетті деп жоспарланған 291,9 мың тонна жемдік астықтың 288,9 мың тоннасы әзір болыпты. Астықты сұрыптау әлі жалғасып жатқанын ескерсек, қалған 3 мың тонна жемдік астықтың да қамбаға түсер күні алыс емес екенін аңғарасың.

Қызылша жинау басталды

Биыл қант қызылшасын өсіретін өңірлер қатары арта түскенін көктемде жазған болатынбыз. Бейнеті тым көп техникалық дақылды бұрыннан басты дақыл ретінде өсіріп, зейнетін көріп келе жатқан Көксу, Ескелді, Ақсу, Сарқан, Қаратал сынды аудандар қатарына үстіміздегі жылы Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Талғар аудандары мен Қапшағай, Талдықорған және Текелі қалалары да қосылды.

Қызылша сепкен алқап көлемі бойынша өңірлердің алдына 3 мың гектарға тәтті түбір орналастырған Ақсу ауданы тұр. Сондай-ақ, Ескелді (1800 гектар), Көксу (2700 гектар), Сарқан (1857 гектар) аудандары да қызылшалы алқаптар көлемін азайтпауға бар күштерін салыпты. Соның арқасында облыс аумағында 12807 гектарға тәтті түбір егілген.

Дүйсенбіге дейін осы алқаптың 256,3 гектары жиналып, әзірге облыс бойынша орта есеппен әр гектардан 227,6 центнерден өнім алынуда. Бұл көрсеткіш көктемде жасалған болжамнан біршама төмен. Сондықтан да бар үміт елі жиналмаған гектарларға артылып отыр. Аудандар арасында әр гектардан 316,5 центнерден өнім алып отырған Талғар мен 300,0 центнерден өнім жинап жатқан Ескелді мен Іле аудандарының қарқыны жақсы.

Әзірлеген Б. ҚАБДЕШҰЛЫ.

ШАТТЫҚ СЫЙЛАҒАН МЕРЕКЕ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қай жерде жүрмесін, қандай жағдайда болмасын, халқының өнерін қастерлеп, мақтан тұтқан қандасы алғашқы ауруханада жатқанда Елбасының «Ұлт арнайы» бартын. Халық қаһарманы атанған тағылымды да ағалы-інілі Жетісу журналисіне де сәлем үшін Жетісу журналисіне де сәлем үшін Нұрағаңның 80 жылдығы қарсаңында Талдықорғандағы сол мектепке Тілендиевтің есімі берілуін ел. Енді, міне, сол білім ошағының алдына қола мүсіні қойылды. Мұның барлығы талантқа арналған ғ.

Осыдан бірақ бұрын Астанадағы үлкен концерт залында шет елдерден келген құрметті қонақтар алдында өнер көрсеткен «Отырар сазы» ансамбліне Нұрағаңның қызы Дінзұхра дирижерлік етекпен кереметке тебген кезде екі ең ғана жеткен қалды «Бе жолын жалғастырғы» деген осы болар. Бүгін өздерінің көрік отырғандай ағаның жан-жағы Дариға және Дінзұхра және Нұрағаңның әріптес шәкірттері келіп отыр. Халқының «Өткенді ескерген, өскендіктің белгісі» деген алдыңғы кездері де ел қорғаған батыр бабаларының, халқының үшін ұлы еңбек сіңірген өнер және еңбек майталмандарының есімдерін ескерп жалғасын тапқ беред. – деді Серік Өбікенұлы.

Облыс басшысының толғанысты ойынен кейін, көпшілік алдына шыққан Дариға Тілендіқызы келіні қалың қазақ қазір тұтқан өмірдің қосағына Жетісу жері жұртшылығының да әрдайым құрмет көрсетіп келе жатқанына алғысын білдірді. Одан осы облыстағы Шаған тауының бөктерінде туғанын айта келе: – Мен сіздердің қыздарыңмын. Атақты сазгер осы жақта сапарларының бірінде мені жолықтырып, өзіне өмірлік жар етті. Біз бақытты ғұмыр кештік. Қазір сіздердің араларыңызда тұрған Нұрғиса Тілендиевтің кіші Динзұхра сонын айғағы. Отағасы Жетісу жерін, онда тұратын елді өте жақсы көретін. Оны өздеріңіз де білесіздер. Сондықтан да құрмет көрсетіп, басқа елден бұрын ескерткіш орнатып жатқандарыңызға ризамын. Сонымен бірге, осы іске ұйытқы болған облыс басшысы мен ескерткішті тамаша етіп жасаған ҚР Сәулетшілер одағының мүшесі Қазбек Жарылғапов пен мүсінші Мейірлан Әсемгамбетовке алғысымыз шексіз. Айтпақ келтіріп, тіпті қалқиған құлағының өзі керемет. Бүгінгі құрмет пен айтылып жатқан тілектерді көріп, естіп отырып, «Нұрғиса өлген жоқ, ол осында тұр» дегім келеді. Дәл қазір оған ештене керек жоқ. Алайда, мұндай құрмет қазақтан өнер деп шіркін осы жерге қоятын дарынды балаларына қажет. Олар алдағыға қарап өседі той. Солардың жолы ашық та, жарқын болсын, – деді.

Нұрғиса Тілендиевтің әріптес інісі, қазақтың Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрының директоры Есмұхан Обаев та өзінің ілтіпат сөзін білдірді.

– Мен Нұрағаңмен жиырма жылдай қатар жүріп, қазақ өнерін өркендетуге өзіндік үлес қосуға тырыстым. Осы тұста ағадан үйренгенім көп болды дегенді үлкен мақтанышпен айта аламын. Өнер адамына шығармашылықпен еңбек ету үшін бірінші кезекте жақсы жағдай мен жанды қолдау қажет. Дариға жеңгеміз сол міндет үдесінен шыға білді деген ойдамыз. Сонан соң қазақтың рухани байлығын ойлайтын жандар қолдау көрсетуден кенде болған жоқ. Олардың арасында бүгінгі Алматы облысының әкімі Серік Үмбетов те бар. Дәл қазіргі керемет шараны да сол жанашырлықтың жарасымды жалғасы ретінде атап өткен жөн шығар. Менің естуімше, Серік бауырымыз жүрген жерлерінде қазақтың мықтыларын түгендеп, есімдерін ел жадында қалуы үшін үлкен істер атқарады. Оның бастамасымен тұрғылықтан ескерткіштер саны елуге жуықтап қалыпты және Астана, Алматыдан бастап, елімізді бірақ өңірлерінде тұрған көрінеді. Бұл басқалар үлгі алатын іс.

Сізлерге қуаныштарыңыз құтты болсын! Жетісудан ел мақтанышына айналар тұлғалар шыға берсін демекпін, – деген құрметті қонақтың лебізі де жиналғандарды дұр сілкіпті.

Нұрғиса Тілендиевтің ескерткішінің ашылу салтанаты марқұмның қызы Дінзұханың дирижерлік етуімен қазақтың күмбірлі күйлерінің орындалуымен аяшықталды. Осылайша, Жетісудың кіндік қаласында қазақтың тағы бір тұлғасына ескерткіш қойылды.

* * *

Келесі кезекте облыс әкімі Серік Үмбетов бастаған алқалы топ орта-



Ескендір мен Біржан Хасанғалиевтер "Атамекен" әнін әуелетті.



Қаланың құрметті азаматтары.

зық саябақтағы «Балалар әлемі» алаңына ат басын бұрды. Мұнда балалар көркемсурет мектебі оқушыларының қолынан шыққан өнер туындыларды көңілдің қалаулары ұсынылды. «Таңдықорғаным менің сүйікті қалам» атты сурет көрмесіне қылқалам шеберінің үздік шығармашылық жұмыстары қойылды. Атап айтқанда, Сымбат Сәрсенбаеваның «Қыз Жібек», Диляра Ботабекованың «Ғасыр үні», Индира Қайнованың «Таңертеңгі тұман», Арайлым Магзумованың «Парк», Алена Крашенің «Қыз ұзату», Айман Жамикованың «Венеция» атты өнер туындылары балғын суретшілердің қиялдағы армандарын, табиғаттың тылсым сұлулығын, қаланың әсем де көркі жерлерін бейнелей отырып, қиял қанатымен биікке самғайды.

Сурет салу өнеріне бала жастан құмартқан №1 орта мектептің 7«Г» сынып оқушысы Кристина Найденованың «Күзгі уақыт» атты өнер туындысы түрлі-түсті бояуларының қанықтығымен қатар көз жауын алатын әдемілігімен көңілге әсер қалдырды. Ол сурет салу өнерімен тығыз байланыста екенін және жан дүниесіндегі түрлі құбылысты, сезімді, көңілдегі қуаныш-реңішті тек сурет арқылы көрсетіп, сол арқылы дем алатындығын айтты.

Сонымен қатар «Хайуанаттар әлемі» деп аталатын жануарлар көрмесі қаламұздың кішкентай тұрғындарын ерекше бауырап алды. Атап айтқанда «Тотықұстар әлемі», «Төбет иттер», «Алтын жұмыртқа» ертегісі бойынша ұйымдастырылған көрмелер кішігірім хайуанаттар мекеніне айналғандай. Оған себеп, Абай атындағы №1 орта мектептің оқушылары Мәрия Айтжанованың «Хоходлон» атты тотықұсы, Алина Немытованың сүйкімді күшігі, Артур Скалозубовтың аппақ тышқаны, Катя Суслованың мамық мысығы қала бүлдіршіндері үшін кездесе бермейтін тосын сыйлық ретінде көрсетілді.

«Ертегілер әлеміндегі» қуыршақ театры көйген көрермен де назардан тыс қалмады. Балалар үшін арнайы дайындалған әртүрлі сахналық қойылымдар да олардың көңілін қуанышқа бөледі. Сондай-ақ, қала күні мерекесіне жиналған қала тұрғындары мен қонақтары да осындай көрсетілімдерден соң балалық шақтың бал татыған думанды әлемнің бір мезет сапар шегіп, саяхат жасап қайтқандай әсерде қалды.

«Сүйкімді хаңшаймм» байқауына қатысып отырған кішкентай бүлдіршіндер де қатардан қалыспай өз өнерлерін ортаға салды. Байқауға үлкен жауапкершілікпен дайындалып келгендері бал-бұл жайнап, құлкі үйірілген жүздерінен аңғарылып-ақ тұр. Әсіресе, № 42 балабақшаның жас өскіні Динара Қалыбованың би билеу сынында өнерге деген құштарлығы мен ынтасы әділқазылар алқасы мен көрермен қауымның көңілін серіліктің тастады.

Бұл күні жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін «Жырымсай сөз»Талдықорған» атты байқаудың қала күніне арналған жыр мүшәйрасына 25 мектептен оқушылар сайысқа түсіп, бағын сынады. Байқаудың мақсаты белгілі ақындарымыздың өлең-жырларын мәнерлеп оқу мен сынға қатысушы жас ақындарымыздың өз туындыларын көпшілік назарына ұсыну. Ұйымдастырылып отырған шараның жас ақындарымыз үшін алатын орны ерекше. Олар өлең оқу арқылы өнерге деген құштарлығы мен рухани байлығын арттырып, сөз шеберлігі мен тіл көркемділігін дамытады. Отанға, елге, жерге деген патриоттық сезімде тәрбие алады. Байқау арқылы балалардың жылдан жылға қалыптасып, талабы шыңдалып, өлеңжырға деген сүйіспеншілігінің артып, ой-өрісінің дамып келе жатқандығы байқалды. Осы орайда байқау ережелерінің шарттарынан сүрінбей өтіп, мәнерлеп оқудан әділқазылар алқасының көңілінен шыққан І. Жансүгіровтің «Құлагер поэмасынан үзінді» № 17 орта мектептің оқушысы Арай Бұлшықан, Ж. Әмірееевтің «Кіндігі Жетісудың Талдықорған» атты өлеңін жатқа айтқан №24 орта мектептің оқушысы Мөлдір Аранова, Жомарт Иғманның «Менің қаламұ» өлеңін жатқа айтқан № 25 орта мектептің оқушысы Гүлсанат Өтегенова мен «Талдықорған» атты өз өлеңін нақышына келтіре мәнерлеп оқудан көзге түскен жас талант иесі Жомарт Алтынардақ сынды жастарымыздың алдағы күндерден үлкен үміт күттіретіндей болып өсіп келе жатқандығы көңілге зор қуаныш сыйлады.

Орталық саябақтың сәнін келтіріп, аспан астын ән-думанға белеген «Әнші балапан» байқауының көрермені болашақ әншілердің өнеріне демеу болып, оларды ынталандырады. Мақсаты талапты балалардың өнерін жарыққа шығарып, халыққа таныстыру. Мұнда әр мектептің оқушыларынан және балабақша бүлдіршіндерінен іріктеліп алынған дарынды балалардың бойындағы әншілік және орындаушылық қабілеттерін сынған өткізіп, өнерлерінің шыңдалып өркендеуіне жол ашу. «Атап айтқанда, №2 орта мектептің оқушысы Аружан Бейсібековаиың орындауындағы «Мектебім» ән, №5 орта мектептің оқушысы Әйгерім Асланованың «Талдықорған» және №1 балабақшаның тәрбиеленушісі Әлібек Әділжанның «Алға, қазақ жігіттері» атты әні патриоттық сезімде орындалғаны ерекше әсер қалдырды», – дейді ҚР білім беру ісінің үздігі, композитор, өнер мектебінің «Ән салу» пәнінің ұстазы Нүсіпқызы Әжібекова. Сонымен бірге, «Гүлденген Талдықорған» түлі-түсті реңге боялған гүлдер көрмесі де қатарынан тізіліп, көз жауын алды.

* * *

Қала күні мерекесі орталық «Жетісу» стадионында жалғасты. Спорт нысанындағы бұл мереке жыл сайынғы осындай шаралардан бөлек, ерекше көркемдік деңгейде жарасымды ұйымдастырылды.

Жасыл алаңды жағалай қоршаған орындықтарда, бірте-бірте биіктей түсетін стадион мінберлерінде ине шаншарлықтай бос орын қалмаған. Нақтырақ айтар болсақ, мерекені тамашалауға келген талдықорғандықтар мен қала қонақтарының санында есеп болған жоқ. Бұл жерге келген жұрт назарының бірден қызылды-жасылды күйге түрлене құлпырып, той-думанды пақыштаған әдемі тулар мен жалынды сөздер жазылған бильбордтарға ауатыны сөзсіз.

Көрермендің тағатсыздана күткен мереке басталатын сәт те келіп жетті. Тойдың басында қазақтың ата салтымен «Тойбастар» жыры орындалып, әжелер шадыман шаттыққа дайындап әкелген шашуларын шашты. Қала тұрғындарымен қуанышты бөлісуге келген облыс әкімі Серік Үмбетовті жұртшылық ыстық ықыласпен қарсы алды. Шашуымыз шашылып, мерекені айшықтайтын шаттықты әуендер стадион төрін жаңғыртқаннан кейін ортаға облыс әкімі Серік Үмбетов шақырылып, талдықорғандықтар мен қала қонақтарын Қала күні мерекесімен құттықтады.

– Бүгін бүтінгі думанды мерекеге отырғанымыз, Талдықорғанның жыл санап емес, ай санап айшықталып келе жатқаны осында тұратын әр адамның қажырлы еңбегінің арқасы, – деп сөз бастаған облыс басшысы – Атап айтсақ республикамыздың бірде-бір облысында жоқ «Тілі сарайы», «Достық үйі», төнлесі жоқ «Спорт сарайы» бой көтеріп, күні кеше ғана алыс шетелді тұрғын үй коныстануышыларға есігін айқара ашты. Жетісудың бес қаласы – Талдықорғанның дамуы өзіңмен тоқтап қалмақ емес. Алда әлі де атқарылатын жұмыстар мен жоспарлар көп. Солардың қатарында балашақта үлкен теннис алаңы мен мұз айдыны салынбақ.

Облыс басшысының құттықтау сөзінен кейін қала әкімі Сәкен Жылқайдаров қаламұздың әлеуметтік-рухани жағынан өркендеуіне үлкен үлестерін қосқан композитор Мұратхан Ертібаев пен «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Жомартқали Жексембиновке және Талдықорған қалалық мәслихатының депутаты Галима Әбішевага «Талдықорған қаласының Құрметті азаматы» атағын тапсырды. Салтанатты шараның соны әсем көріністермен айшықталған әсерлі концертке ұласты.

Бұл күні көпшіліктің көңілін ерекше еткізген тағы да бір елеуін оқиға – орталық «Жетісу» стадионында «Қара жорға» биін бір уақытта екі мыңға жуық адамның билейтіні болды. Аланды айнала қоршаған көпшілік көрерменнің назарына театрландырылған көрініс, арнайы дайындықтан өткен әскерлер шеруі мен бүлдіршіндердің дайындаған шағын би көрінісі ұсынылды. Бұған қосымша, қала тұрғындарының мақтанышына айналған спорттық жарыстар жүлдегерлерінің арнайы дайындаған көріністері де болекше көз тартты.

Көпшілік алдына қаламұздың әсем әруақы жарқырап шықты. «Талдықорған әруы» тәрізді байқауларда ажар-көркімен қатар сыршымбатымен де ерекшеленген сұлулар тағы бір рет көрермендер көзайымына айналды.

Бұл күні көпшілік көрермен стадионның шығыс минберіне де жиі көз тігумен болды. Елбасымыздың суреттерімен айшықталған бұл минберде жаңа жылы, көгілдір шатық көрінетін «Қазақстан», «Атамекен», «Жетісу», «Талдықорған», «Алматы», «Тойі» деген сөздер айшықтала жазылып, құлпыра көз тартты.

Аспан көгіне қарай жол тартқан алуан түсті шарлар да шаттық әуенін бұрынғыдан да шалықытып, мерекенің сән-салтанатын арттыра түскендей еді.

Қаумалай қоршаған халықтың тапжылмастан тоскан аса қуанышты сәті – ұлттық «Қара жорға» биінің орындалуы болды. Жорғаға мінген сұлудың нақышына келтіре билеген би, балабақша бүлдіршіндері мен жастардың бір мезетте осы бір әсем биді бұрала билеп, жиырған жұртшылықтың ризашылығына бөленгені мерекенің мәнін мен әнін одан әрі асыра түсті.

Қала тұрғындарының есінде ерекше қалған салтанатқа белгілі әнші, ҚР еңбегі сіңген әртісі Ескендір Хасанғалиев пен баласы Біржан Хасанғалиевтің орындауындағы «Атамекен» әнімен нүкте қойылды.

Дәл сол күні халық игілігіне арналған ойын-сауық кешендері ашылып, пайдалануға беріледі. Салтанат соңы мерекелік концертке ұласып, би кешімен жалғасты.

ӨЗ ТІЛШІЛЕРІМІЗ.

Суреттерді түсірген Жұмабай МУСАБЕКОВ.

Дара дарын иесі

Қазақ халқының мәңгілікке берген, өнер өлкесіндегі қайталанбас тұлға, 100 жылда бір туатын ерекше дарын иесінің бірі – Нұрғиса Тілендіұлы. Оның есімін Талдықорған қаласындағы музыка мектебіне беруі, ақыдық өнмен қайырған шебер күйшіге көрсетілген құрмет деп білемін. Жақында дара дарын Нұрғиса Тілендиевке арналған ескерткіштің ашылу салтанатына куә болдым.

Өзінің атымен аталатын музыка мектебінің алдындағы бикі тұғырға тұлғасының қойылуы дұрыс та еді. Нұрғиса Жетісу өңірінің бір пұшпағында дүниеге келсе, осы бір шырайлы аймақтың құтты мекенінің бірінен қыз алған. Атап айтар болсақ, Дариға Тіленді келіні есімі үш жүзге мәлім Қабан жырау бабамыздың кіндік қаны тамған Ақтөкшеде дүниеге келген. Дариға менің өнерлі де, өнегелі, зерделі де зерек шәкіртімнің бірі. Осыдан болар, шебер Алла оған сарабдал сазгердің жары болуды несіп етіпті. Нұрғисадай біртуар перзенті бар қазақ елі бақытты. Нұрғиса мен Дариға айдының қос аққуындай, домбыраның қос ішегіндей жарасымды жұп еді. Атағы алты Алашқа мәлім өнер иесін Дариға ардақтай да, аялай да білді. Оның тың туындылары жүрегімізге әдемі ән мен күмбірлеген күйдің нерін құюға мүмкіндік жасай білді. Нұрғиса бір әулеттің ғана емес, халқының ерке ұлы еді. Ел ерекелеткен өнердегі еріміз өзіңің ғана емес, сол елінің еңсесін көтеріп өтті. Мінезі қандай болса, сол аң жарқын пак көңілімен , дархан пейілмен туған халқын сүйе білді. Елінде деген перзенттік махаббатының белгісі ретінде қуанғанда қанаттандырып, қиналғанда қуат беретін шығармаларды бірінен кейін бірін сыйға тартты. Бойына ана сүтімен дарыған өнегелі өнері кейінгі жас урпақтың жарқын, болашағына бағдаршам. Өзін шексіз сүйген халқы барда Нұрғиса есімі ұмытылмайды. Домбыраның қос ішегіндей әуен боп өрілп, шанағынан күй боп төгілп, ғасыр ғасырға жалғаса бермек. Ендеше, өнер керуенінің көші жалғасын тауып, Нұрғисадан қалған ән мен күй өнері әр жүректі қашан да тербете берері сөзсіз. Бүгінгі ескерткіштің ашылу салтанаты да дарынға деген құрмет болса, оны танып, білуге құштар жастардың санасына сіңікіпіс екені шындық.

Ұрпағымызға ұлағатты жолдың нұсқаушысы іспетті мұндай игі шараларымыз көп болсын дегім келеді.

Стан ӘЛІКЕНОВ,
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.




"Қара жорға" қанат жаюда.

ЖҰМЫР ЖЕР

ҚЫМБАТҚА ТҮСЕДІ

АҚШ-тың ғаламдық ерекшеліктерінің сайлауаралық кезекті сайлауында қымбатқа түсетін түрі бар. Үміткерлер үгіт жұмыстарына жалпы алғанда 3,4 млрд доллар жұмсаған. Ал 2006 жылғы мұндай шығын 2,9 млрд. доллар, 2002 жылғы шығын 2,2 млн. доллар құраған.



Сайлауға кететін шығынның артуының басты себебі, жұрттың қабылданған заң жобасына сәйкес сайлауға жіберілетін қаржыға шек қойылмайтындығы, тіпті белгілі түрде де қаржы тартуға болатындығына қатысты ережелердің өмірге келбеуі болып табылады.

Аралық сайлауда өкілетті палатасы мен 37 сенатор толықтай қайталай сайланады. Қазіргі таңда американдық екі палаталы парламенттегі көпшілік қалаулылар демократиялық партиядан шыққан. Алайда, қоғамдық пікірдің мен-меншігімен қарағанда, алдағы сайлауда республикашылдарға оң көбек танытылатын секілді.

АҚШ-та сайлау науқандары азаматтар мен ұйымдардың ерікті қаржылары есебінен жүргізіледі. Ал мемлекеттік қаржы бұл мақсатта президенттікке кандидаттар үшін ғана бөлінеді.

Бұл тәлеті аралық сайлау АҚШ-тың кезекті президенті өкілеттігінің жартысы артта қалған шақта өткізілді екен. 2010 жылы сайлауға 2 қарашада ұйымдастырылмақ.

ҚЫРГЫЗСТАНДАҒЫ САЙЛАУ

Қырғызстанда заңшыларды сайлау нәтижесінде ел парламентіне кімдер құрамға енетін партиялар анықталды. Орталық сайлау комиссиясының мәліметіне қарағанда, «Ата-Жұрт» комиссиясы алда келеді. Бұл сайлауға жеңілде 155 адам дауыс беруге укілдік етеді. Демек, аталмыш партия тиісті деңгейде дауыс жинап, парламентке өтпек. Қырғызстандық орталықсыздық сайлау комиссиясының мәліметтеріне сәйкес парламентке өту үшін партиялар сайлауға тіркеуге енгізілген азаматтар санының 5 пайызынан кемдеу дауысын жинаса жетіп жатыр. Бұл дегеніміз, кемінде 141828 дауыс алу деген ұғымға сайды.



«Ата-Жұртпен» бірге парламентке елдің социал-демократиялық партиясы да өтпек. Сондай-ақ, алдағы бестікке «Республика», «Ар-намыс», «Атамекен» партиялары да енеміті.

Барлық партияларға сайлаушылардың 0,5 пайызы қарсы дауыс берген екен. Жалпы алғанда қырғыз парламентіне елдегі 29 сайлы партияның өкілдері бақ сынасқан.

Агенттіктің хабарлауынша қарағанда, «Ата-Жұрт» партиясы өткендегі палатадей ойып кете қоймаған жоқ.

Қырғызстанның парламенті 2010 жылғы сәуір айынан бері қызметін тоқтатқан. Сол жолы мемлекеттік төңкеріспен таратылған еді. Сайлау елдегі демократиялық институттарды құрудың басты қадамы болып табылады. Сондай-ақ, жаңа және өткіргі билікпен беделін көтере түспек.

Барлығы бұл жолғы сайлауға жалпы сайлаушылардың 56, 59 пайызы атсалысыпты.

ДЕМОКРАТИЯҒА ҚАУІП БАР

Мәскеудің бұрынғы мэрі Лужков Ресейде демократияға қауіп төнің тұрғандығын айтыпты. «Сізді неліктен қызметтен алып тастады?» деген журналистің сауалына Лужков 2012 жылғы президент сайлауының қарсаңында билеттілер өзінің кандидатурасын ұсынып отыр. Өздерінің айналасындағы адам керек бұл Мәскеуге. Ал Лужков болса, дербес, маңайға жығыла бермейтін жан. Билеттілер үшін бұйрықты ләпай тақсыр, деп орындайтын адам қажет, деп жауап беріпті.

Әлгі журналист Лужковқа сол Медведевті көпшіліктің көзшіне сындырып той, сөйтіп ресейлік сайсы өмірдің жазылмаған алтын заңына нұқсан келтіргенді дегендей сауал тастаған той. Бұған Лужков мәскеулік мэрдің соңғы 20 жыл көлемінде тәуелсіз болып келгендігін, ал билікке мұндай тәуелсіздікпен умаймайтындығын айтқан.

Лужков Медведевтің өз кезегінде Путиннің халыққа жасаған ұсынысы арқасында билікке келгендігін, енді өз бетінше билік құруға деп қойып отырғандығын да тілге тиек етіпті. Халықтың президентке сенімі елдегі жағдай түзелгенде ғана бекітілгендігін, ал енді оқ басшылардың бірін алып, бірін салып, жаңа жобаларды тек қағаз жүзінде ғана қалдырып жатса, мәселенің қалайша бел алатындығын ұзақ көрсетпек. Кез келген бастаманы оңды қабылдауға болады, тек оның түпкі нәтижесін айтыңыз алдымен.

Лужков өзін Путиннің қорғамағандығына қатысты берілген сауалға да оңды жауап бере отырып, жалпы мәскеулік мэрді оның дұрыс бағалайтындығын алға тартқан.

Иә, қалай десек те, әлемдегі ірілі-ұсақты мемлекеттердің бірінің астанасын ондаған жылдар бойына басқарып келген салмақты адам қызметтен кетті. Басшылықпен тіл табыса алмағандығы бесенеден белгілі. Медведевтің саяси тұрғыдан келіп оны ілп түскенінен астырында да көп мән жатқан секілді.

Лужковтың әйелінің әлемдегі ең бай әйелдердің қатарына қосылатындығы да ләле болып жабысыпты. Лужков әйелінің қала тапсырысы бойынша жобаның небәрі 2 пайызын ғана алғандығын мәлімдеуге әйелінің бойындағы қабілетті жоғары бағалап, тәкәр жерде бизнес бастағандығын, жиырма жыл Мәскеуден тысқары жерде бизнес жүргізіп келе жатқандығын мақтан тұтыпты. Аталдығына кір келтірмеген.

Лужков қызметтен кетсе де, саясаттан кетпейтін секілді.Оған көптеген басшылар мен қарапайым адамдар елдегі бостандық пен демократияның тұншығып бара жатқанына аландаушылықтарын білдіре үн қатып отырған секілді.Әлі жетекшілік ететін қоғамдық қозғалыстың партиялық болмыстың қайсыбір қырларын алатындығын, ең бастысы өңірлер басшылары мен Мәскеу және Петербург қалалары мэрлерінің сайлау арқылы бекітілуіне қол жеткізуге күш салатындығын білдіреді.

Лужков ешқандай шет елге де кетпейтіндігіне сендірген. Өйткені, оның саяси қызметі өзінің туған елінде өрбіп, туған халқына жемісін беруі қажет екен.



Ауық-түлік өнімдерінің сәл де болса қымбаттауына байланысты, қала тұрғындарының жеңілдікпен алаңдаушылық таныткан облыс әкімі Серік Үмбетовтің бастамасымен ұйымдастырылып отырған күзгі ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі жалғасуда. Қыркүйектің алғашқы айтасының сенбісінен бастап, суық түскенге дейін өтетін шараларды шаруаның Алматы, Талдықорған, Қапшағай қалаларында да дәстүрге сай өтуі базарлы күндердің шырайын келтіріп, берекесін тасытуда.

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Таң бозарып атқаннан жәрмеңкеге ағылған қала халқы бағасы қалта көтерерлік сапасы жоғары әрі экологиялық жағынан таза, күнделікті тұтынатын азық-түлік түрлерін сатып алуға асығуда.

Осы орайда облыс орталығы – Талдықорған қаласындағы «Жер-ұйық» коммуналдық базары мен «Самал» шағын ауданында және орталықтағы тәуелсіздік көшесінің бойында өткен сенбілік жәрмеңкеге тиісті аудандар мен қалалардан келген ауыл шаруашылығы саласының еңбекқорлары базардың кәрігін қыздырды. Онда өңірдегі аудандардың дақандары мен малшылары, балықшылары, қайта өңдеушілері өздерінің табан ет, мандай терлерімен дайындаған тауарларын тұтынушы көңілінен шығатындай етіп өткізуде. Сонымен қатар биылғы жылдың құрғақшылығына қарамастан ауыл шаруашылығы құрылымдары мен жеке шаруа қожалықтары өсірген күзгі көкөніс өнімдері мен бау-бақша дақылдары да сауда көрігін қыздыра түсті.

Мұнда ет пен балық және жеміс-жидек, көкөніс, бақшалық дақылдар жақсы өтті. Қаратал ауданы, Үштөбе қаласының сүт өнімдері, сары май, сүзбе, кілегей, айран және нан өнімдерін алушылар да көп болды. Лепсінің балы мен Панфилов ауданының Пенжім, Басқұншы, Үлкенішаған, Көктал сынды ауыл округтерінен келген сатушылардың алма, алмұрт, жүзімдері де көздің жауын алып, жұртты өзіне қаратты. Алакөл мен Балқаш көлдері жағалауындағы балықшы ауылдардан жеткізілген балық түрлері де сан алуан. Сонымен бірге барлық аудандардан жеткізілген қой, сиыр, жылқы және шошқа еттері де сауда сөрелеріне лық толып, өз алушыларын тапты. Қазы-қарта мен жал-жаяға да сұраныс аз болған жоқ. Талдықорған мен қала маңындағы аудандардағы қайта өңдеу кәсіпорындары шұжық, пен сүт өнімдері және тоқаштың небір дәмділерін ұсынды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы базардағыдан әлдеқайда төмен болды. Мысалы, базарда сәбіз, картоп, жуанның келісі 60–80-нен болса, мұнда 40–50 теңгеден көлемінде сатылды.

– Мен осы шараның ұйымдастырылып отырғандығына өте қуаныштымын. Себебі, былайғы кезде кездесе бермейтін, ал табыла қалса, бағасын қалта көтермейтін балық, сүт бал, сары май, көкөніс пен жеміс-жидектің, бақшалық дақылдардың барлық түрлерін осы жерден аламын. Әр сенбі сайын өткізілетін жәрмеңкеден бір алталық азық-түлігімді қамтып, келесісін асыға күтемін. Жалпы, мен осы жәрмеңкенің тұрақты тұтынушысымын. Қазір де керек-жарағымды арзан бағамен алып, қайтып барамын – дейді, қоржынын лықа толтырған Гүлжас Шүленбаева апай риза көңілмен.

– Биылғы жылы 2500 гектар жерге картоп егіп, одан 35 тонна өнім алдым. Одан басқа қызылша, қырыққабат та бар. Жәрмеңкеде жазда йғы күтіп-баптап өсірген өнімді келісімді бағамен тұтастай өткізіп, бұйырған несібені алып қайтамын. Негізгі береке бастауы ауылда ғой, сол себепті шаралары мол осындай игі бастамаға шексіз алғысымды білдіре отырып, келешекте де жалғаса берсе екен, – дейді Көксу ауданы, Талапты ауылының «Қарлыға» шаруа қожалығы басшысы Ғани Бейсібеков. Осылайша, таң бозынан басталған күзгі жәрмеңкеге келушілердің қатары түске дейін толастамады. Артының-тартының қала халқы керек-жарақтарын базар арқылы түгендеп, сауда тамашасын қыздыра түсті.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

◇ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

ТАЛАПҚА САЙ ТІГІЛГЕН

талғамнан шығар киімдер өзімізде шығарылады

Талдықорған қаласындағы «Ажар» ЖШС -тігін фабрикасы еліміздегі бұрынғы жұмыс істеп келе жатқан іргелі кәсіпорындардың бірі. Кезінде 2,3 гектар жер учаскесін алып жатқан өндіріс алаңы мың адамның жұмыс істеуіне лайықталып салынған болатын.

Аталмыш кәсіпорын 1933 жылы құрылған. Ал, 1991 жылдан бастап «Ажар» жекеменшік кәсіпорны болып аталған фабрика бүгінгі күндері өз алдына өндірістік және сауда-саттық қызметі бар жеңіл өнеркәсіп кәсіпорны. 1996 жылы «Ажар» ЖАҚ болып аталса, 2004 жылы «ТФ Ажар» ЖШС болып тіркелді. Кәсіпорын жылдар әкелетін жаңа талаптар, қазіргі заманғы сұранысқа сай өндіріс желісін шетелдік құрал-жабдықтармен жаңартып, тұтынушы көңілінен шығатын жоғары сапада тігілген киім өнімдерін шығарып келеді.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
"Жетісу"



Қазіргі кезде фабрикада арнайы сынамдалып, көп сатылы тігін машиналары, оның ішінде «Пфафф», «Дюркопп», (Германия), «Римольди», (Италия), «Уайзи спешал» (Америка), «Джуки» (Жапония), «Панпония» (Венгрия) сынды шет ел фирмаларының жабдықтары орнатылған.

Фирма бұйымдарының басқа құрастырушылардан айырмашылығы, пайдаланатын мата сапасының жоғары болуына ерекше мән беретіндігінде. Сонымен қатар матаның беріктігі мен төзімділігін, химиялық қосындысын тексеретін және талапқа сай сапасы мен сәйкестігін бақылаудан өткізетін арнайы зертхана жұмыс істейді. 1992 жылдан бастап аталмыш кәсіпорын Қазақстан Республикасының әлеуетті күштерімен тығыз қарым-қатынас жасай бастады. Мұнда Ішкі істер министрлігінің ішкі әскері және Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің шекара қызмет қызметкерлері үшін арнайы пошинде әскери киім үлгілері тігілетін болды. Бұл өз кезегінде шет ел мемлекеттерін де мойындатты. 1997 жылы Германиядағы Майндағы Франкфурт қаласында жоғары технология мен үздік сапасы үшін жүлдеге ие болды. Ал 2004 жылы ИСО 9001–2000 Халықаралық стандарттарға сәйкестігі сапа менеджментінің жүйесі енгізілсе, 2006 жылдың қараша айында бірінші республикалық « Алтын Сапа» байқауы-нын

«Халыққа арналған үздік тауарлары» номинациясындағы дипломанты атағын алды. Аталмыш фабрика облысымыз таяу емес, сонымен қатар республикамыздағы әскери зәуе, құрлық, теңіз күштерін төрт маусымға арнайы тігілген әскери киім-кешек үлгілерімен қамтамасыз ететін жағдайға жетті. Тіпті, шет елден түскен сұраныста да назардан тыс қалдырмайды. Сонымен қатар мұнайшылардың жұмыс киімдері, медицина саласындағы қызметкерлерге арналған халаттар мен мектеп оқушыларының формалары да осы фабрикада тігіледі.

– Мұнда 200-ге жуық адам еңбек етеді. Оларды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында көптеген игі істер атқарылуда. Айталық, жылына кемінде 20 шақты тендерге қатысамыз. Биылғы тапсырыстардың ішінде Қорғаныс министрлігі, «Қазақстан теміржолы», «КЕГОК»АК және тағы басқалары бар. Тендер ұтып алу арқылы өндіріс ауқымын үнемі кеңейтіп отырамыз. Мұның өзі үлкен еңбекті қажет етеді. Оған білетіндей, Елбасы отандық тауар өндірушілерді қолдап тұтынушылардың бірінші кезекте Қазақстанда шығарылған тауарларды алуы қажеттігі жайлы айтқан болатын. Соған сай біздің кәсіпорын негізінен отандық әлеуетті құрылымдардың тапсырыстарын орындайды. Сонымен бірге, басқа да салалардың сұранысын қанағаттандырамыз.

Мектеп киімдерін де арнайы тапсырыспен тігеміз. Оның матасын, түсіне, сапасына ерекше көңіл бөлеміз. Біздің Ресей мемлекетінен де жеңіл киім үлгісін тігуге сұраныс келіп түсуде. Шикізатты негізінен Ресей, Беларусия, Қытай мемлекеттерінен аламыз. Қазіргі заманға сай жабдықтарды Қытайдан сатып алып, шетінен жаңартудамыз. Фабрикада еңбек ететіндердің көбісі байырғы кадрлар. 30 жылдан астам еңбек өтіл бар тәжірибелі оқат тігушілер. Мерекелік күндері күрметке лайық мұндай жандарды ескеруді қалдырмай, арнайы сыйлықтар мен сыйақы тәбық етеміз. Мұндай шараларды ұйымдастырып, жыл сайын өтуіне белсене атсалысып жүретін кәсіподақ комитетінің төрайымы Тигай Лиляның еңбегін ерекше атап өткім келеді. Осындай еңбек ошаттарының есімдерін атап өтетін болсақ, Орынбасар Байғабылова, Дәмеш Толкымбекова, Мереке Сатыбалдина, Любовь Тощаева, Ақмарал Сыздықбаева, Айхан Баубековалардың сіңірген еңбегі орасан зор. Үштөбе қаласында да 30-ға жуық тігушілермiз жұмыс істейді. Олар да қатардан қалыспай еңбек етуде, тағы бір айта кетерлік жайт, кадр мәселесі. Өкінішке орай қазіргі жастардың тігін тігуге, еңбектенуге деген ешқұлқы жоқ. Себебі, осы істе жүрген жастарды сирек кездестіресіз, тіпті, жастың қасы десем артық айтқандық болмас, – дейді кәсіпорынның бас директоры Хамидолла Ержанов.

ЖҰМЫР ЖЕР

Еуропаға ескерту жасады



Сауд Арабиясының арнайы қызметінің өкілдері еуропалық әріптестеріне «Әл-Каида» террорлық ұйымының жаңадан терактілер жасауы мүмкін екендігіне байланысты ескерту жасады. Атап айтар болсақ, мұндай оқиға Францияда етек алуы әбден мүмкін.

Соңғы айларда Еуропалық елдер мен АҚШ-тың арнайы қызметі аталмыш халықаралық террорлық ұйымның Еуропа жерінде теракті жасауы мүмкіндігіне қатысты бірнеше ескертулер алыпты. Алайда бұл хабарламаларда нақтылы елдер мен қалалар аталмаған. Бұл ретте ең алдымен көлік торапторы мен туристік орындардың нысанаға алынуы әбден ықтимал.

Жапония мен Ұлыбритания сыртқы істер министрліктері, сондай-ақ АҚШ мемлекеттік департаменті туристердің сақтанып әрі мұқият жүруларіне тән ескерту жасаған ресми мәлімдемелері таратылды. Еуропадағы терактілер 2008 жылғы Мумбайға жасалған шабуылдар үлгісінде етек алуы мүмкін екендігі атап көрсетілген. Сол жолы лаңкестердің бірнеше тобы бір қалада бірнеше жерлерде адамдарды кепілдікке алған. АҚШ-тың туристері орналасқан қонақ үйге де басып енген.

Су апатының құрбандары



Ресейдің Краснодар өлкесінің Туапсе ауданында 18 қазан тау өзендерінің тасуы салдарынан қаза тапқандарды еске алуға байланысты қаралы күн болып жарияланды. Соңғы мәліметтерге қарағанда, Кубаньдағы су тасқынында 14 адам құрбандыққа шалыныпты, 8 адам ұшты-күйлі жоғалған. Сонымен қатар, 26 адамға медициналық көмек көрсетілуде.

Туапсе ауданындағы екі өзеннің бірдей ернеуінен аса тасуына нәсер жауын себеп болыпты. Барлығы 22 елді мекен су астында қалып, 8 көпір бұзылған. Елдің төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің мәліметтеріне қарағанда, мыңнан астам үй су астында қалыпты.

Краснодар өлкесінің губернаторы су тасқынынан келген шығынның жүздеген миллион сомға ұласқандығын айтып отыр. Қаза талқандарды жерлеу үшін отбасыларына тиісті қаржы бөлуге билеткчілер уәде етіпті.

◇ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

САРА апаның қамқорлығы

Нақты мәліметке жүгінсек, бүгінгі таңда облысымыздағы 35 оқу орнында 187 бала Сара Назарбаеваның стипендиясымен білім алып жатыр. Таратып айтар болсақ, бір бала өніріміздегі жоғары оқу орнында, 63-і колледжде, қалған 123-і кәсіптік лицейлерде болашағына жол ашуда. Олар 2010 жылдың 1 маусымына дейін 9 мың теңге көмек алып келе, қазіргі кезде көмек мөлшері 15 мың теңгеге өскен. Сонымен қатар, көмекке ие болған балалардың материалдық және тұрмыстық жақтан қамтамасыз етілуін Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаменті қадағалап отырады.



Суретті түсірген А.ҚАЖЕКЕ

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Осындай қамқорлық пен қатаң қадағалаудың нәтижесінде қам көңіл балалардың жүрегінде ертеңгі күнге деген терең сенім ұялаған. Бұған аталған департамент директорының орынбасары Самғат Долаевпен бірге Текелі қаласындағы №17 кәсіптік лицейінде болған сапарымызда көз жеткіздік.

Өніріміздегі кәсіптік лицейлер арасында өзіндік беделі биік оқу орнында 8 студент Сара Назарбаеваның стипендиясын алады. Сонымен бірге, оларға оқу орны тарапынан да стипендия төленіп, жатын орын, үш уақыт тамақ, басқа да тұрмыстық қажеттіліктер тегін беріледі. Лицей директоры Гүлнар Қоқымбаеваның бастауымен жатақхана, асхана, тәжірибе алаңдарын аралап, оларға жасалып жатқан жақсы жағдайлармен танысып өткен соң білім ордасының әдістемелік кабинетінде шағынкездесу өткіздік.

Бізді көргенде жапырлай амандасып, жатырқамай сыр бөліскен балалар «Сара апамыздың көмегінің арқасында жақсы оқып жатырмыз», – деп жамырай жөнелді.

Балаларға лицей тарапынан жасалған жағдайларды жоғары бағалаған Самғат Долаев Республикалық «Бөбек» қорының тарапынан атқарылған жұмыстар жайын тілге тиек етіп, Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаментінің өніріміздегі балалар құқығын қорғаудағы атқарған шараларын тізіп айтты. Ұстаздар мен студенттер де өз жетістіктерін қағыс қалдырмады. Білгеніміздей, олардың үйренуге деген белсенділігі жоғары, қоғамдық шараларға да қызу араласатын көрінеді. Араларында халықаралық, республикалық, облыстық жарыстардың жеңімпаздары да бар. Тіпті, оқу орнының даңқын асырып жүрген балалар да солар болып шықты. Текелі қалалық ішкі істер бөлімі көмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімнің бастығы Батыр Құрманғалиевтің айтуынша, олар тәртіпке де саналы түрде бойұсынады екен.

Иә, құқықтық мемлекет құру бағытын ұстанған елімізде балалар құқығын қорғау өз мәнінде атқарылуда. Әсіресе, Қазақстан Республикасының бірінші ханымы Сара Назарбаеваның көмегімен оқу орындарында білім алып жатқан шәкірттер арасынан да ел намысын ұштайтын талай дарынның өсіп шығатыны анық.

◇СЕЛЕКТОРЛЫҚ КЕҢЕС

Жобалар бақылауда

Қазақстан Республикасының Үкімет басшысы Кәрім Мәсімовтің төрағалық етуімен селекторлық кеңес өтті. Онда бүгінгі күннің өзекті мәселесі саналатын бірнеше мәселе талқыланды. Кеңеске Алматы облысы әтынан облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов пен орынбасары Ансар Мұсаханов және облыстық деңгейдегі басқармалар мен департаменттердің басшылары қатысты.

Кеңес басталар алдында Кәрім Қажымқанұлы Мемлекет басшысының бір ай мерзім ішінде мектеп, балабақша, дәрухналар құрылысы кезіндегі құрылыстық нормалар мен тәртіптерді қайта қарау жөнінде берген тапсырмасы туралы жиындағыларды ескертіп өтіп, сөзді Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Ө.Шүкеевке жұмыстарды ұйымдастыру, сәрсенбіде әкімдердің қатысуымен кеңес даярлау және келер жылдың бірінші қаңтарынан бастап құрылыс жұмыстарын жаңа нормалар мен тәртіптерге сай жүргізу үшін бір апта ішінде аталған мәселеге қатысты шешім қабылдау жүктелді. Премьер-министрдің орынбасары Ерболат Орынбаевқа аз қамтылғандарды қолдаудың біріктірілген түрлері бойынша тұрғындарға жасалатын әлеуметтік көмектердің тізімін ретке келтіру тапсырылды. Сонымен бірге білім және денсаулық сақтау салаларындағы аудандық бөлімдердің жай-күйі мәселесі қаралды.

Отырыстағы бірінші мәселе – «Қазақстанның үдемелі индустриалды-инновациялық дамуы жөніндегі республикалық басқару орталығы аясындағы жыл соңына дейін пайдалануға берілетіндерді қоса алғандағы инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы» Индустрия және жаңа технологиялар министрінің орынбасары Берік Камалиев хабарлама жасады. Қазақстанды индустрияландыру картасына сәйкес, үстіміздегі жылы жалпы сомасы 840 млрд. теңгенің 144 жобасын іске қосу және барлығы 20 мың жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланыпты. Алғашқы жартыжылдықта пайдалануға берілген жобалар толық күзтымен іске қосылғанша тұрақты бақылауда болады. Жыл соңына дейін тағы 72 жоба аяқталады. Екінші жартыжылдықта орындалатын жобалар түгел есепке алынып, өлшемдерінде түскеннен соң пайдалануға берілетін жобалар саны 80-ге жетіпті. Отырайша биыл 152 жоба аяқталып, 24 жұмыс орны құрылмақ.

Бұдан соң Мұнай және газ, Көлік және коммуникациялар, Ауыл шаруашылығы министрліктері мен «Самұрық-Қазына» және «КазАгро» акционерлік қоғамдарының өкілдері пікірлерін білдірді.

Аймақтар жетекшілерін тыңдау барысында Амандық Баталов облыстағы үдемелі индустриалды-инновациялық жобалар жөнінде айтып өтті.

Кеңес соңында Кәрім Мәсімов барлық шенділер 20 желтоқсанда Мемлекет басшысына тапсырылатынын айта келе, вице-премьер Өмірзақ Есекешовке осының басты назарда ұстауды тапсырды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Чавестің қадамы



Венесуэланың президенті Уго Чавес өзінің белорусстық әріптесі Александр Лукашенконы өз елінен мұнайдың тұрақты түрде келіп тұратынына сендірді. «Біз сіздердің мұнай өңдеу зауыттарыңыздың шикізатқа зәру екендігін жақсы білеміз. Өз тарапымыздан белорусстық мұнай өңдеу зауыттарының алдағы екі жүз жыл бойына мұнайдан тапшылық көрмейтінін сендіреміз», – деп мәлімдеді ол.

Венесуэланың президенті мұндай мәлімдемені Минскіде ел басшысымен жолыққанда жасады. Бұл кездесу жабық есіктің ар жағында үш сағаттан астам уақытқа созылыпты. Негізінен алғанда екі елдің өзара ынтымақтастық мәселелері қаралған. «Біз достармыз, сол себепті де империализмге альтернативті құрылымды бірге құрысамыз», – деп атап өтіпті Чавес.

Жаңағы келіссездердің қорытындысында Венесуэла мен Белоруссия 2011–2013 жылдары 30 млн. тонна мұнай жеткізуге байланысты келісімге қол қойыпты. Үстіміздегі жылдың наурыз айында Лукашенко Каракасқа барған кезінде Уго Чавеспен мұнай өңдеу саласында ынтымақтастықты дамыту туралы келісімге келген екен. Сол жолы Венесуэла Минскіге тәулігіне 11 мың тонна көлемінде мұнай жіберуге міндеттеніпті.

Ресей өз кезегінде Белоруссияға жіберілетін мұнайға экспорттық төлем енгізгеннен бастап Минскідегілер Каракасқа жалтақтап қарай беріпті. Белоруссиядағы ресейлік жаңа қадамның салдарынан келген шығын 2 млрд.долларға жетіпті.

Армениядағы әуе жолы

Арменияның оңтүстігінде 5,7 шақырымға созылатын әлемдегі ең ұзын канаттық жол пайдалануға берілпті. Оның алғашқы жолаушысы елдің президенті мен діни басшысы болған екен. Сондай-ақ, сол маңдағы селолардың 6 баласы ілігіпті.

Бұл жолдың пайдалануға берілуіне Арменияның ұлттық бәсекелестік қоры үлкен үлес қосыпты. Осы жобаға сәйкес жалпы құны 45 млн.доллар тұратын жаңа туристік инфрақұрылым түзілмек. Канаттық жол құрылысымен бір уақытта Татев монастрына баратын 26 шақырымдық жол да қайталай қалпына келтірілмек.

Сайдтағы жобаның көрінісіне қарағанда, канадттық жол екі стансының арасына орналасқан 3 тіректен тұрады. Стансының біреуі Алидзор селосының үстіндегі жотаға орналасқан, ал екіншісі Татев монастрының маңында тұрғызылған. Кабинаға бір уақытта 25 адам енеді екен. Сағатына 37 шақырым жылдамдықпен жүреді. Сонда бір бағытқа жүретін жол уақыты 11 минөтке созылады екен. Канадттық жолдың биіктігі 360 метр құрайды. Мұндай тіпті дүниелер біздің елімізде де кенінен етек алса дейміз ғой.

Мейірімділік шапағаты

Балалар үйі. Бұл атаудың құлаққа сіңісті болғалы қашан. Осы бір мекеменің есігін айқара ашқан сайын көңілің құлазып, жаныңа еріксіз ұялған жасты тия алмай қалып жататын кездер аз емес. Ондағы өтілетін мерекелік шараларға қатысып, балалардың концерттік бағдарламасын тамашалаған сәттерде жаның еліп, санаң терең ой құшағына көмкерілді.

Сонсын, шіркін осы балалардың өміріне сәттілік тілеп, тезірек жазылып, аяғынан тік тұрып кетсе деген арманыңмен аласапыранға түсесің. Тағы бірде «қолымда сиқыр таяқ болса, өмірдегі тастанды, мүмкіндігі шектеулі балаларды болдырмас едім» деген қиялға да шомып кетесің. Алайда, өмірдің өз заңдылығы бар. Ал одан асып ешкімде бара алмайсың. Десек те, еліміз егемендік алғаннан бері балалар үйлерінің де жағдайы жақсарып, мемлекет тарапынан барынша қамқорлық көрсетіліп келеді.

Соның бір айғағы ретінде ірғетасы 1972 жылы қаланған Талдықорған қаласындағы «Қамқор» балалар үйін атауға толық негіз бар. Отыз жылдан астам уақыт жұмыс істеп келе жатқан мекеменің алғашқы кездегі жағдайлары мәз емес болған дегенді. Бірақ, білікті де, білгір басшы Айгүл Болатбекқызының ықпалды арқасында балалар үйі бүгінде таңдай қағып, тан қалатындай дәрежеге жетіпті. Осының бәрі жыл санап елімізді өсіп-өркендеуімен де тікелей байланысты.

Бүгінде 150-ден астам баланы құшағына алып, мәпелеп отырған «Қамқор» балалар үйі заман талабына сай жұмыс істеп келеді. Мұндағы әр баланы өзінің туғанындай көретін тәрбиешілердің де еңбегі ерен. Өткен аптада аталмыш мекемеде «Мейірімділік күні» өткізілді. Мерекелік шараға облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Үмсын Балабиева, Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаменті директорының орынбасары Самғат Долаев, «Нұр Отан»ХДП Талдықорған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әсия Ахметова, Алакөлден ат арылтып арнайы келген аудан әкімінің орынбасары Салтанат Меңлібаева және қаладағы банк өкілдері қатысты.

Мерекелік шара басталмас бұрын балалар үйі жайындағы түсірілген бейнефильм көрсетілін, тамашаланды. Дәл осы күні бұл үйден мейірімділіктің самалы есіп тұрды.

Балаларды мерекемен құттықтай келген қонақтар өздерінің жылы лебізін білдіріп қана қоймай, арнайы әкелген сыйлықтарын да табыс етті. Балалардың жүрегіне қуаныш сыйлаған қонақтарға Айгүл Байсымақова да ризашылық лебізін жеткізіп. Мерекелік шара балдырғандардың мың бұралған бір мен әсем әнімен ұласқан концерттік бағдарламамен жалғасты.

Сарби ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

● Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 91 (17504) Сейсенбі, 9 тамыз, 2011 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

ҚҰРМЕТТІ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

2011 жылғы 12 және 13 тамыз күндері Талдықорған қаласындағы «Талдықорған» облыстық ипподромында, «Жастар» спорт сарайында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған ұлттық спорт түрлерінен облыстық фестиваль өтеді.

Жарыстың салтанатты ашылуы: **2011 жылғы 12 тамызда,** сағат **10.00-де.** «Талдықорған» облыстық ипподромы

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.





Елбасы алдағы міндеттерді айқындады

Ақордада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалық етуімен кеңес өтті.

Кеңес жұмысына Премьер-Министр Кәрім Мәсімов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Аслан Мусин, Астана, Алматы қалалары мен облыстардың әкімдері қатысты.

Мемлекет басшысы елімің экономикалық дамуы жөнінде тиісті бағдарламаның әзірленгенін атап өтті. Ең алдымен, бұл үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы, «Жұмыспен қамту», «Өнімді ауыл», «Ауыз су», «Бизнес-жол картасы» және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысты. Осы бағдарламаларды іске асыруда, индустрияландыру бағдарламасына қатысты бюджеттің өзінде мемлекет тарапынан 165 млрд. теңге бөлінген. Бұдан басқа бірқатар өзге-бағдарламалар іске асырылуда. Президент өңірлер трансферт түрінде 1,5 трлн. теңге алғанын атап өтті.

Президент жыл басынан бастап барлық өңірде азық-түлік тауарларына бағаның өскеніне тоқталды. Әлеуметтік мәні бар азық-түлік тауарларына бағаның ең көп өскені Жезқазған қаласында тіркелген. Атырау, Алматы, Талдықорған, Астана және Ақтөбе қалаларында бага 10-12 пайызға өскен.

Бірақ, оның себебі жанар-жағармай бағасының өсуімен түсіндірілуі ешкандай сын көтермейді, деді Н.Назарбаев. Үкімет пен әкімдер аталған мәселемен әзірше жүйелі түрде айналыспай отыр.

Мемлекет басшысы, сондай-ақ, келесі жылды да ойлау қажеттігін атап өтті. Бұл жақсы жыл болады. Барлық дақылдар бойынша жақсы өнім алуға мүмкіндіктер мол. Жәрменкені кең ауқымда өткізіп, көкөніс бағасын арзандатып, адамдардың қысқа дайындалуына жәрдемдесу керек. Аудандар қаламен бірлесіп жұмыс істеп, азық-түлікпен қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекет басшысы басқа да өзекті мәселелерге назар аударды. Қысқа дайындықты бақылауға алыңдар. Коммуналдық қызметке бағаны, Үкімет жұргізіп отырған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бағдарламасының жүзеге асып жатқанын бақылаңыздар, деді Елбасы осы туралы.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының жұмысына тоқталды. Кеңесте Мемлекет басшысы өңір басшыларынан өзекті өзге де мәселелердің қалай шешілін жатқанын сұрап білді.

Әкімдерге алда тұрған жылыту маусымына тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарын әзірлеу, олардың тұрақты қызмет жасауын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды мұқият жүргізуді тапсырамын. Семей мен Приозерскіде орын алған жағдай қайталанған жағдайда жеке жауапкершілік тиісті әкімдерге жүктелетін болады, деді Президент.

Президент кеңесте Тәуелсіздіктің 20 жылдығын мерекелеу бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіліп жатқанын атап өтті. Кеңес соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырмалар берді.

● *Әкім бол, халқыңа жақын бол*

ЕЛ СЕНІМІ – ЕРГЕ СЫН

Қазақстан Президенті Әкімшілігінің келісімімен, жергілікті мәслихат депутаттарының қолдауымен үш ауданға жаңа әкім тағайындалды

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ. Облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ аудандық мәслихаттың кезектен тыс 57 сессиясына қатысып, депутаттардың назарына Қобылан Тоқбергенұлы Манаповтың кандидатурасын ұсынды.

Сессияны ашып, жүргізіп отырған аудандық мәслихаттың хатшысы Қалабек Тастанбеков аудандық мәслихатқа сайланған 13 депутаттың 10-ы сессияға қатысып отырғанын, ал үшеуі себепті жағдайлармен келе алмағанын айта келіп, Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 4 маусымдағы «Аудандардың, облыстық мәні бар қалалардың, қалалардағы аудандардың әкімдерін тағайындау туралы» № 339 Жарлығына сәйкес күн тәртібіне аудан әкімін тағайындалуына келісім беру мәселесі қойылып отырғанын жеткізді.

Хабарлама жасау үшін сөз алған Ансар Тұрсынханұлы қызметтегі әкім Сұлтан Дүйсембиновтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты аудан әкімі қызметіне ұсынылып отырған Қобылан Тоқбергенұлы Манаповтың еңбек жолымен қысқаша таныстырып өтті.

Бұдан кейін минберге көтерілген аудандық мәслихаттың депутаты Қасен Досанов облыс әкімі ұсынып отырған Қобылан Манаповтың кандидатурасын депутаттар толық қолдайтынын жеткізіп, өздерімен 13 жыл бірге қызмет жасаған Сұлтан Дүйсембиновтың қызметіне табыс, денсаулық тіледі.

Сессияның күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша Ескелді ауданы әкімінің қызметіне Қобылан Тоқбергенұлы Манаповты тағайындау туралы ұсыныс депутаттар тарапынан бірауыздан қолдау тапты.

Өз кезегінде сөз алған Сұлтан Дүйсембинов әріптестеріне бірге еңбек еткен жылдары көрсеткен қолдаулары үшін ризалық сезімін жеткізсе, Қобылан Манапов облыс әкімі мен ел сенімін ақтау үшін еселі еңбек ететінине сендірді.

Осыдан кейін минберге көтерілген Ансар Тұрсынханұлы алдымен ауданның қол жеткізген табыстарына тоқталып өтті. Ансар Тұрсынханұлы орын алып отырған кемшіліктер жайына да назар аударып, аудан әкімі мен мекемелер ұжымы басшыларының алдына нақтылы міндеттер қойды.

Ансар Тұрсынханұлы аудан әкімінің орынбасарларын, білім бөлімі басшысын, аудан прокуроры мен ішкі істер басқармасы бастығын орындарынан көтеріп, алда тұрған ауқымды істерді нақтылай келе, бірлесіп еңбек етуге шақырды.

– «Жұдырық жұмылған кезде күш болады, – деді ол сөзінің соңында. – Бір ғана әкімнің ешнәрсе бітіре алмасы белгілі. Сондықтан, татулықта, бірлікте тәуелсіз Қазақстанның абыройын асқақтата беру жолында ақнбай еңбек етейік!».

ҚАРАТАЛ АУДАНЫ. Алматы облысының әкімі Ансар МҰСАХАНОВ өткен сенбі күні Қаратал ауданы активінің кеңейтілген мәжілісінде қараталдықтарға жаңа әкімді таныстырды. Аудан әкімі болып бұған дейін Ескелді ауданының әкімі қызметін атқарған Сұлтан Мырзабекұлы Дүйсембінов тағайындалды. Қаратал ауданы әкімінің қызметін атқарып келген Қылыркелді Медеуов облыс әкімінің өкімімен басқа жұмысқа ауысуына байланысты қызметінен босатылды.

Басқосу барысында Қылыркелді Медеуов сөз алып, бірлесе жұмыс істеген алты жылдың ішінде барлық бастамалары бойынша өзіне қолдау көрсеткені үшін аудан активіне алғыс айтты. Содан кейінгі кезекте сөз алған жаңа әкім Сұлтан Дүйсембинов облыс әкімі мен қатысып отырғандарды өзіне көрсетілген сенімді ақтап, Қаратал ауданының бұдан әрі дамып, өркендей беруі жолында барлық күш-жігерін жұмсайтындығына сендірді.

Мәжіліс қорытындысында облыс әкімі Ансар Мұсаханов сөз алып, Елбасының «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауы мен басқа да стратегиялық құжаттарды жүзеге асыру жайында әңгіме қозғай келіп, ауданның жаңа басшылығынан алдына нақты міндеттер қойды. Мәселен, егін шаруашылығына интенсивті және озық технологияларды белсене енгізе отырып, мал шаруашылығында дайын ет өнімдерін экспорттауға бағытталған ірі қараның асыл тұқымын өсіру жөніндегі жұмыстарды тездету, ұсақ шаруа қожалықтарын ірі агроқұрамаларға айналдырып, ірілендіру жөніндегі жұмыстарды қарқынды жүргізу қажеттігі айтылды. Аталған жұмыстарды атқару барысында баға саясатын басты назарға алып, азық-түлік өнімдері бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу міндеттелінді. Өнеркәсіп өндірісінде және шағын және орта бизнес саласында объективті себептерге байланысты тоқтап тұрған кәсіпорындарды іске қосу үшін қажетті барлық жағдайларды жасау керек. Елді мекендерді абаттандыру және көркейту, жол бойындағы сервис барлық санитарлық және эстетикалық нормаларға сәйкес болуы тиіс. Білім беру мен денсаулық сақтау салаларында ауылдық жерлерге мамандарға дипломды кадрларды тарту жөніндегі жұмыстар мақсатты жүргізілсін. Облыс басшысы бұқаралық спорт түрлерін дамытып, ауданда «Саламатты Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруға да айрықша назар аударды.

Бір мезгілде облыс әкімі қараталдықтарды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеуге арналған шараларға белсене қатысуға шақырды. Ансар Тұрсынханұлы сөзінің қорытындысында қараталдықтарды жаңа басшылығымен тағы бір құттықтап, еңбектеріне жемісті тіледі.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ. Облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ таулы өңірге барған сапары кезінде аудандық мәслихат депутаттарының келісімімен Қылыркелді Өміржанұлы Медеуовті Райымбек ауданының әкімі етіп тағайындап, активке таныстырды.

Бұған дейін аудан әкімі болып еңбек етіп, өз өтінуі бойынша қызметінен босаған Аян Айтжанов сөз алып, аудан активі мен жұртшылығына жүрекжарды алғысын жеткізді. Бұдан соң Райымбек ауданына әкім болып тағайындалған Қылыркелді Медеуов сөз алып, өзін осы ауданға әкім етіп тағайындап, үлкен сенім көрсеткен үшін облыс әкімі Ансар Тұрсынханұлына үлкен алғысын білдірді. Аудан активімен бірлесе жұмыс жүргізетінін айтты.

Кезекті кезекте аудандық ақсақалдар мен ардагерлер кеңесінің төрағасы Совет Оразаев сөз алып, ауданда екі жарым жыл жемісті еңбек еткен Аян Айтжановқа өңір тұрғындарының алғысын жеткізді. Жаңа әкім Қылыркелді Медеуовтің қызметіне жемісті тілеп, ақ батасын берді.

Жиында облыс әкімі Ансар Мұсаханов қорытынды сөз сөйледі.

– Райымбек ауданының әкіміне, жергілікті атқарушы органдардың басшыларына бірқатар міндеттер жүктеймін. Дақылдардың өнімділігін арттыруды, мал тұқымын асылдандыруды тапсырамын. Ауыл шаруашылығы құрылымдарын ірілендіру арқылы еңбек өнімділігін арттыру қажет. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу жүйесін дамыту арқылы азық-түлік бағасын негізсіз өсіруге жол бермеуді тапсырамын. Суармалы жерді тиімді пайдалану, егістіктен шығып қалған жерлерді қайта айналымға енгізу жөнінде үлкен жұмыстар жүргізілуі тиіс, – деді облыс әкімі Ансар Мұсаханов.

Облыс әкімі жиында аудан әкімінің ауыл шаруашылығына қатысты орынбасарын тұрғызып, сұрақтарын қойды. «Игерілмей жатқан, айналымнан шығып қалған 6 мың гектар жерді игеру үшін үлкен жұмыс жүргізу қажет», – деп тиісті тапсырмасын берді. Сонымен қатар, алдағы орақ жұмысын сапалы өткізуді, өнеркәсіп секторында шағын және орта бизнесті, тоқтап тұрған нысандарды іске қосып, жаңа жұмыс орындарын ашуды, үдемелі индустриялы-инновациялық жобаларды енгізу үшін қажетті шараларды қабылдап, жұмыс жүргізуді тапсырды. Облыс басшысы ауданның жаңа әкіміне, оның орынбасарларына, мекеме басшыларына аудан экономикасын дамытып, халықтың әл-ауқатын жақсарту бағытындағы көптеген міндеттерді жүктеді.

ӨЗ ТІЛШІЛЕРІМІЗ.

● *Мәдениет күндері*

ҚАРАСАЙ мен АҚСУДЫҢ АРАСЫНДА

бір байланыс орнады жарасымды

Иә, кешегі кешегі кешегі сәтсіз жүйенің салдарынан ұмыт бола бастаған бағалы құндылықтарымыз тәуелсіздік тақымен бірге түлеп, Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жаңғырып, жалпықазақтық тағылымның түйініне айналды. Сонымен бірге, айтулы тұлға Серік Үмбетовтің бастамасымен қолға алынған «мәдениет күндері» аясында өтетін шараның халыққа берерінің мол екендігі күн өткен сайын айқындалуда. Бұл өскендікті, көретендікті көрсетіп, көпке үлгі боларлық шара. Оның артықшылығы – аудан тұрғындары облыс орталығының тығыс-тіршілігімен танысып, күн сайын өркендеп келе жатқан жаңалықтан хабардар болса, қала тұрғындары мәдени мұраларымызбен сусындап, ауыл өнерпаздарының өнерін тамашалап, сергіп қалады. Міне, осындай берері көп шараны облыс басына келген Ансар Мұсаханов жаңа қырынан жалғастырып жөнеді.



Жетісу

Қажет АНДАС

Енді мәдениет күндері аясында ұйымдастырылатын шараны әр жұмада екі аудан бірлікте өткізетін болды. Мұның себебін облыс әкімінің орынбасары **Серік МҰҚАНОВ** айтып өтті.

– Облыс әкімі Ансар Тұрсынханұлы алғаш қызметке кіріскен кезден бастап «мәдениет күндерін» жаңаша тәсілмен өткізу керектігін тапсырды. Осыған орай, екі ауданды біріктіріп өткізу ұйғарымына келдік. Яғни, бұрынғы Таздықорған облысы мен Алматы өңіріндегі аудандарды біріктіруді негіз еттік. Онда да жай ғана біріктіре салу емес, өткен жылда ие болған нәтижесіне қарай біріктіруді назарда ұстадық. Өткен жылдары әр аудан қала тұрғындарына өнерін көрсетіп қайтушы еді. Әрине, мұнда ешқандай бәсекелестік болмайтын. Енді, міне, қарап тұрсаңыз, бір аудан екіншісінің қандай артықшылығы мен кемшілігі болғанын анық аңғара алады. Соған сай барының бағасын асырып, жоғын түгендеуге мүмкіндік алады. Бір жағынан, уақыт үнемделеді. Айтса айтқандай, облыс әкімі жаңалығының мағыналы шараға жаңа тыныс беретіні анық, – деді.

Жаңа бастаманың жаршысы болып мәдениеттің көш керуенін бастап өткен жұмада Ақсу мен Қарасай аудандары келді. Олардың өткен жылғы байқау жеңімпаздары болғаны жұрт есінен шыға қоймаған шығар. Қызылағаш ауылын қайта түлеткен ақсуықтар қоналық жүргенше қарамастан «мәдениет күндері» аясындағы шараларды жоғары деңгейде өткізіп, бас жүлдені жеңіп алса, қарасайлықтар бірінші орынға табан тіреген болатын. Жаңа бастаманы жақсы қырынан көрсетуге ұмтылған қос аудан тұрғындарының биыл облыс орталығына мықты дайындықпен келгені анғарлық.

Үлкен дайындық, жоғары жауапкершілікпен облыс орталығына ат басын тіреген қос ауданның делегациясын облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов жылы шыраймен қабылдады. Делегация құрамында аудандағы соғыс және еңбек ардагерлері, облыстың және ауданның Құрметті азаматтары, аудандық мәслихаттың депутаттары, білім саласының мамандары, ақын-жазушылар болды. Алдымен облыс әкімі Ансар Мұсахановтың сәлемін жеткізген Серік Мейірханұлы одан ары облысымыздың экономикалық, әлеуметтік даму көрсеткіштерімен таныстырды.

Сөз ретінде ағымдағы жылы өңірімізде атқарылған жарқын істерді тізіп айтқан әкімнің орынбасары алдағы міндеттер ауқымын да анықтап көрсетті. Биылғы жоспарланған жұмыстардың жақсы нәтижелермен орілуіне Ақсу және Қарасай аудандарының қосып жатқан үлестерін атап айтып, алғысын білдірді, әрі бұдан кейін де осындай ұмтылыспен жұмыс істеп, өңір экономикасының өрлеуі мақсатында еселі еңбек ету керектігін тапсырды. Сонымен бірге, биылғы жылы мәдениет күндері жүлде қорының 4,5 миллион теңгеге артқандығын білдік.

Бұдан соң минберге көтерілген Қарасай аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сайлаубек Қыдыралиев, облыстық мәслихаттың депутаты, «Масхұт» ЖШС-нің директоры Валерьян Матюкова, Ақсу аудандық халық театрының жетекшісі, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген әртіс Өмірсерік Қалиев, облыстық мәслихаттың депутаты Амантай Зияданов жылы лебізін білдірді. Сөз орайында қарасайлық ағайындар келесі жылы берері мол, бедел үстем шараға өздерінің жаңа театр ұжымымен келетіндіктерін білдіріп қалды. Мүмкін болса, қала сахнасы қарасайлық әртістердің үнімен тербеліп, кимылымен ширай түседі деген сенімдеміз.

(Соңы 2-бетте).



Әуестік ән салалы.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен **Қылыркелді Өміржанұлы МЕДЕУОВ** Райымбек ауданының әкімі болып тағайындалды. Ол бұған дейін Қаратал ауданының әкімі қызметін атқарған.

Алматы облысы әкімінің өкімімен **Сұлтан Мырзабекұлы ДҮЙСЕМБІНОВ** Қаратал ауданының әкімі болып тағайындалды. Ол бұған дейін Ескелді ауданының әкімі қызметін атқарған.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен **Қобылан Тоқбергенұлы МАНАПОВ** Ескелді ауданының әкімі болып тағайындалды.

Қобылан Тоқбергенұлы МАНАПОВ



1975 жылы туған. І. Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтын және М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясын бітірген. Мамандығы бойынша кәсіптік-техникалық пәндер оқытушысы, инженер-құрылысшы.

Еңбек жолын Жезқазған қаласындағы «СП Желдорстрой-Жезқазған жолдары» ЖШС-де көлік техигі болып бастап, «Көмек» фирмасының бас механигі, Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бас маманы, бөлім бастығы, басқарма бастығының орынбасары болып қызмет атқарды.

2010 жылдан облыстық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бастығы.

Хроника

Облыс әкімінің өкімімен басқа жұмысқа ауысуларына байланысты:

– Қобылан Тоқбергенұлы **Манапов** облыстық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бастығы қызметінен;

– Сұлтан Мырзабекұлы **Дүйсембінов** Ескелді ауданы әкімі қызметінен;

– Қылыркелді Өміржанұлы **Медеуов** Қаратал ауданының әкімі қызметінен босатылды.

Облыс әкімінің өкімімен өз өтініші бойынша Аян Айтжанұлы **Айтжанов** Райымбек ауданының әкімі қызметінен босатылды.

● *Жаз – шаруа айы*


ЕГІНЖАЙДА ЕРЕН ЕҢБЕК



Бидай

Биыл жазираалы Жаркент өңірінің дақандары 781 гектар талма жерге күздік, 1719 гектар суармалы алқапқа жаздық бидай өсіріген болатын. Жақалып жетілген астыққа шілде айының орта шенінде орақ салған егіншілер күздікті тамыздың соңына дейін жинап болады. Өнімділігі өңірдегі осы дақылдың өсу мүмкіндігіне қарай жаман емес. Күздік бидайдың өнімі орташа, әр гектарға шаққанда 21 центнерден айналыпты.

Қазір ауданда жаздық бидайды жинау науқаны да аяқталуға таяу. Тамыз айының алғашқы аптасында мың гектардан астам алқаптағы астық комбайнмен орылып, өнімі қырмандарға жеткізілді. Бидайды өзгелерден мол өсірген Басқұншы, Қоңыралең, Талды, Сарбел ауылдық округтерінің егіншілері гектар өнімділігін аудан бойынша жоғарылататынына ауылшаруашылық мамандары сенімді.



Жүгері

Өңір тұрғындарының тәп дақылына айналған жүгерінің егіс көлемі биыл тағы мың гектардан астам алқапқа үлғайды. «Дала аруы» атанған бұл дақыл құнарлы топырақ пен жылуы мол күн нұрын және жетілгенше үздіксіз бабымен берілген суды қалайды. Сондықтан, аудан егіншілері қазір жүгері суару жұмыстарымен шұғылдануда.

Тамыз айының алғашқы аптасына дейін ауданда өсірілген 22502 гектар жүгерінің 20 мың гектарға жуық алқабының алғашқы 10 мың гектарға жуық егістігінің екінші суару жұмыстары атқарылды. Жүгері егістігін суару жұмыстары Үшарал, Бірлік, Басқұншы және Пенжім ауылдық округтерінде қарқынды жүргізілуде.

Көкөніс



Жаркент өңірінің тұрғындары өздерінің бау-бақшасында көкөністі көп өсіреді. Олар негізінен өз отбасының қажеті үшін қамданса, кейбір ЖШҚ-тары көкөністі қолмақол пайда беретін табыс көзіне айналдыра бастады.

Үстіміздегі жылы аудан бойынша жалпы 777 гектар алқапқа көкөніс өсірілген. Оның егіс көлемі жағынан алда 25 гектарды қамтыған көктапдық шаруалар тұр. Биылғы өсірілген көкөністерді қыс маусымында сақтау шаралары да ұйымшылдықпен жасалып, жалпы сыйымдылығы 3060 тонна қойма өзірленді.

Көкөніс өсіретін шаруаларға Үкімет көмектесіп, әр гектарына 10 мың теңгеден қаржылай қолдау көрсетуде. Ал жылыжай салып, қыс маусымында көкөніс өсіріп сатқан шаруалардың әр гектарына бір миллион теңге субсидия берілмек. Бұл қаржыны биыл алатын Жаркент қаласында 60 сотық жылыжайы бар Зуқра Қасенова мен Айдарлы ауылдық округінде 20 сотық жылыжай салған Со Кен Нам есімді бағбандар құжаттарын тапсырып, күтуде. Сонымен қатар, «Ирада» ЖШҚ күзде 1 гектар 20 сотық жерге 25 жылыжай салып, алдағы қыста көкөніс түрлерін өсірмекші. «Байсерке-агро» ЖШҚ Айдарлы ауылдық округінде 4 гектар жерге 3 жылыжай салып, оның екеуіне көкөніс, біреуіне гүл өсірмекші. Осылайша жазиралы Жаркент өңірінде көкөніс өсірушілер қатары көбейіп келеді.

М. МАНАПҰЛЫ,
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.



● *19 тамыз – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауы*

ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

Алматы облысынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат Лаззат Тұрлашов Қапшағай қалалық мәслихаты депутаттарымен және қала активімен кезекті кездесуін өткізді.

Кандидаттың сенімді өкілі К. Темералиев жиналғандарды Лаззат Тұрлашовтың өмір, еңбек жолдарымен таныстырып өткеннен кейін ол сайлаушыларға өзінің сайлау алдындағы бағдарламасы жайында айтып берді. Нақтырақ айтқанда ол білім беру жүйесін жетілдіру және жастардың кәсіби дайындығын жақсарту, денсаулық сақтау жүйесін және өңірдің автомобиль қатынасын дамыту, тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, экологиялық қауіпсіздік, демалыс және спорт аймақтарын, санаторийлер мен профилакторийлер жүйесін кеңейту мәселелеріне баса көңіл бөлетіндігін білдірді. Ауыл шаруашылығына қолдау көрсетуге де баса назар аударылмақ. Кандидат мәслихаттардың өкілеттігі мен функцияларын күшейтпейінше осынау маңызды міндеттерді шешудің мүмкін еместігін атап өтті.

Кездесуде сөз алған депутат Н. Абдрахманов, Шеңгелді селолық округінің әкімі Е. Қойлыбаев және басқалар алдағы болатын сайлауда Л. Тұрлашовтың кандидатурасын қолдайтындықтарын білдірді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

● *Мемлекеттік қызмет*

Дәуірлеудің басым күші

ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, Астананың жергілікті атқарушы органдарының қызметі тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Жарлығының орындау барысын және мемлекеттік қызметке қатысты мәселелерді қамтыған семинар-кеңес Еңбекшіқазақ ауданында болып өтті.

Жетісу

Бияңды ЗӘКІРОВ

Оған аудан әкімі мен аудандық мәслихат аппаратының қызметкерлері. Есік қаласы мен селолық округ әкімдері, сондай-ақ, олардың орынбасарлары, кадр мәселесімен шұғылданатын мамандар, аудандық және облыс басқармаларының басшылары мен орынбасарлары, кадр жұмыстарын жүргізетін қызметкерлер қатысты.

Мәселе көтерілген ҚР мемлекеттік істер агенттігінің Алматы облысы бойынша аумақтық басқармасының бастығы – Тәртіптік кеңес төрағасы С. Нұрғисаев

– Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының экономикалық даму және сауда министрлігі құрастырған және бекіткен халыққа мемлекеттік қызмет көрсету тізіміндегі 214 түрлі қызметтің, 184-і облыстық, атқарушы органдар тарапынан, оның ішінде аудандық, қалалық, атқарушы органдарда 79 түрі көрсетіледі және олар бойынша бағалау жүргізіледі, – деп атап өтіп, мемлекеттік қызметтің түрлі бағыттарын, пилоттық жобасы жайлы психометриялық тест туралы, аттестациялау жөнінде жаңа жобалар жүргізіліп жатқанын тілге тиек етті. Мемлекеттік қызметкердің жеке басына қатысты әдеп-әдет үлгілеріне тоқталды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін қызметкердің міндеті екенін түсіне, беріп, жергілікті атқарушы органдар ерекше назар аударатын жағттарды өңгімеледі. Халықаралық конвенциялық, дипломатиялық өгемендік туралы да жан-жақтан түсінік, жан-жақты мағлұмат берді.

Семинар-кеңестен соң Серікбай Нұрғисаев Еңбекшіқазақ ауданының прокуроры, аудандық, сот төрағасы, Қазақстан Республикасы ҰҚК Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық бөлімшесінің, аудандық ІІБ және Қазақстан Республикасы экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің Еңбекшіқазақ аудандық басқарма басшыларының қатысуымен азаматтарды қабылдады.

Қабылдауға жазылғандар мемлекеттік қызмет және өздерін толғандырған көкейкесті мәселелер жайында сұрақтар қойып, қанағаттанарлық жауап алды.

Семинар-кеңес соңында аудан әкімі Өлжан Тойбаев аудандағы мемлекеттік қызмет жүйесіндегі бірқатар жақсы істерді атап өтіп, аталмыш жылда кәсіпкерлік мәртебесін алғыс білдірді.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

ҚАРАСАЙ мен АҚСУДЫҢ АРАСЫНДА





(Соңы. Басы 1-бетте).

Шырайлы әңгімемен бір сағат уақытың қалай өткенін сезбей қалған көпшілік естелік суретке түсіп, әкім қабылдауын қорытындылады.

Бұдан соң көпшілік Тәуелсіздік көшесіне жиналай тігілген ақшақұлан үйлер мен этномәдени орталықтардың шатырларын аралап шықты. Ондағы құлды дүниелер көрушілерді таңғы етпей қоймады. Бір сөзбен айтқанда, ауылдағы талант атаулыға жол ашқан, қалалықтарға көңіл ашар шараның тиімді түсі көп деуге болады. Бұл туралы Қарасай аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сайлаубек Қыдыралиев былай дейді:

–Басталғанына алты жыл болған шараның жүрт көңілінен шығып келе жатқаны жасырын емес. Осы уақытта көптеген құндылығымызды түгендеуге мүмкіндік болды. Быыдан бастап екі ауданнан жұлтасып өткізу қолға алынды. Мұның да өзіндік артықшылығы бар екен. Себебі, екі аудан тұрғындары бары мен базарын ортаға салып, бірбірімен тәжірибе алмасады. Бірінде жолың енді бірі толық тайды. Бұдан ұтарымыз көп. Тіпті, өнерлі жастар өзара танысып жатыр. Бұл той тойға ұласатын жақсылықтың бастамасы емес пе? Ал өнерпаздар тәжірибе алмасып, білгенін толықтырады.

Бәсеке қазақтың қанында бар қасиет. Бірақ, мәдениет күндері аясындағы шара өзу мен артта қалуды ажыратудан гөрі ел болып жұмылып, мәдениетті түгендеуге деп қойғаның байқадық. Мұны С. Сейфуллин атындағы кітапханада өткен «Бірлігі жарасқан тәуелсіздігім бар» атты тарихи-танымдық кеш дәлелдей түсті. Қонақтар ескерткіштерді аралап, гүл шоқтарын қойып, перзенттік борыштарын өтеді. Түрлі кездесулер ұйымдастырылып, қала мен дала мәдениетін жақындастыруға жол салды.

Осы тұста бір байқағанымыз, аксулықтар тіккен киіз үйлерге жинақталған жәдігерлер негізінен қазақ ұлтының мәдениетіне деп қойған. Мұның өзі өңірдің қазақы қаймағының қоюлығын аңғартты. Қарасай ауданындағы этномәдени орталықтар мен кәсіпорындар көрмесі көз тартады. Батыр баба атындағы ауданнан келген өзге ұлт өкілдері аксулықтардың коленер тұмбаларын аралап, қызығушылық танытса, Ілиястың жерлестері этномәдени орталықтардың құндылықтарымен қанығып, өндіристің ел өркениетіндегі басымдығына көз жеткізді. Ал орталық алаңдағы концерттік бағдарлама шараның шырайын асырды.

Аксулықтардың өнері дауылдап үзіліп басталып, алаң төріне көтерілген жастар ел қорғаны болған батыр бабаларының, ақындардың, еңбек ерлерінің бейнесін сомдады. Олардың ұлттық биі, ұлттық аспаптарда ойнаған күйлері тыңдармашы тәнті етті. Ал тәуелсіз Қазақстан мен ұлттар достығын айшықтап көрсетіп, жарқын келешекке деген ел ынтасын көркем көріністермен бейнелеген қарасайлық өнерпаздардың эстрада бағытында орындаған нөмірлері мен өзге ұлт өкілдерінің музыкалық тартуы тыңдарман тарапынан қолдау тапты. Әсіресе, Қарасай ауданындағы «Нұр Таш» отбасылық ансамблінің мүшелері Нұрлан Ташев, Қалбибі Абдуллаева, Бексұлтан Нұрғисаев, Кәмила Ақашева орындаған нөмірлерді көпшілік жылы қабылдады. Қос ауданның дайындаған концерттік бағдарламасы бір-бірінен кем соққан жоқ. Қайта бірін-бірі толықтап, ұлттық өнердің қасиетін өрлетті деуге негіз бар.

Бұл жолғы шара елді елең еткізер тағы бір жаңалығымен есте қалды. Яғни, Аксу халық театры Тәнірберген Қалиляхановтың «Абылайдың аманаты» тарихи драмасын қалалықтардың назарына ұсынды. Олар ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен Аксу ауданының құрылғанына 80 жыл толған мерекеге жоғарыда аталған спектакльді тарту етті. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарының басында ауданның алғашқы басшыларының бірі Нұрбопа Омірзақов Аксуда өнер байқауын ұйымдастырып, үздік өнерпаздарды жинап, театр ұйымдастырады. Ол «Аксу колхоз-совхоз театры» деп аталып, бірталай жыл өнімді жұмыс істеді. Арада театр Қызылорда облысына көшірілп, бір мезгіл жұмысын тоқтатады. Ал 50-ші жылдардың ішінде театр жұмысы аудандық партия комитетінің хатшысы Аймұханбет Байтуғановтың басшылығымен қайта қолға алынып, республика көлеміндегі халық театрларының бірі болады. Сол тұста республика аумағында өткен байқауларда топ жарып, шет елдерге шығып өнер көрсетеді. Кейінгі тоқырау жылдарында театр ұжымы тарап кетеді.

«Ел іші – өнер кеніші» дегендей, тәуелсіздік алып, еңсемізді көтерілген кезде жоғалтқанымызды түгендеуге мұршамыз келді. Биыл Аксу халық театры қайта ашылып, оған 14 штаттық бірлік бөлініп, материалдық-техникалық базасы нығайды. Өнерпаз жастарға басшылық жасау үшін облыстық Бикеш Римова атындағы драма театрының әртісі, «Парасат» орденінің иегері Омірсерік Қалиұлы Аксуға арнайы жіберілді. Бұл өнер ұжымының бір артықшылығы, ауыл жастарының ішінен өнерге бейімі бар таланттарды таңдап алып, театр ұжымын құрып шыққандығы. Спектакльді тамашалаған көпшілік әртістердің шеберлігіне тәнті болды. Әсіресе, Абылай ролін сомдаған Жасұлан Китапияның, өзге роллдердегі Қали Қапар, Марат Жабықбаев, Тайыр Жолдыбаев, Бауыржан Сатыбалдин, Ілияс Нұрланбеков, Арда Елубаева, Әділхан Жақынов, Олжас Макан, Сұлтан Жақыпбеков, Бағлан Жүнісов, Шынар Тәнсібековалардың актерлік деңгейі кәсіби мамандардан кем түспегеніне көз жеткізді. Батыр бабаларымыздың өшпес өнегесін, аманатын аңыстап жеткізіп, айшықтап берген театр ұжымына көпшіліктің алғысы көп. Мұның өзге халықтық театрларға үлгі болары анық.

Қашанда «Той – көпшіліктің қызығасы» деген нақыл сөз бар. Жалпы, кандай той болмасын ол халықтың береке-бірлігін көрсетеді. Олай болса, талай талантты тұлға мен дарынды ұрпақ өсірген, қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Аксу өңірі мен ірі мегаполис саналатын Алматы қаласының маңында орналасқан Қарасай ауданының тұрғындары ұсынған мәдени шаралар мәдениет күнінің сәнін салғанатын асырып, қалалықтарды тамаша көңіл-күйге бөледі деген сенімдеміз. Қос ауданның көркемөнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламасын жастарға арналған би кешіне ұласып, түнің бір уағына дейін жалғасты.

Суреттерді түсірген Аскар ҚҰРАНБЕК және В. АРДАШЕВ.

ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕ

СИРИЯ

СИРИЯДАҒЫ ЕЛШІСІН КЕРІ ШАҚЫРДЫ

Жексенбі күні Сауд Арабиясының королі Абдолла ибн Абдел Азиз осы елдің Сириядағы елшісін кері шақырғанын мәлімдеді.

Ол Сирия билігінің шерушілерді аяусыз басып жаныштауын қабылдауға келмейтін әрекет деді. Мұны алдында Араб елдері лигасы да Сирияны ресми түрде айыптады. Лига – араб елдері мен ұйымдары тарапынан Сирияны айыптаған алғашқы шара.

Сирия әскер танкілер мен зенбіректердің көметімен азаматтық қарсылық көрсеткен қалаларды қорғауын тоқтатар емес. Құқық қорғаушылардың айтуынша, өткен жексенбі күні елдің үш қаласында 39 адам қаза тапты.

ҮНДІСТАН

САЯСИ МҰРАГЕРІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Дүйсенбі күні Үндістанның солтүстігіндегі Дхарамсала қаласының орталық ғибадатханасында далай-ламаның саяси мұрагерін ұлықтау рәсімі өтті. Саяси мұрагер Гарвард құқық мектебінің аға ғылыми қызметкері, 43 жастағы шетпер Лобсанг Сангей.

Ол 76 жастағы XIV Далай-лама саяси мансаптан біс тартқан соң 20 шілдеде өткен премьер-министр сайлауында жеңіске жеткен болатын.

"Құғындағы Тибет үкіметінің" басшысын сайлауға Үндістанда, Непалда, Америкада, Ресейде және басқа да елдерде тұратын 80 мыңнан астам тибеттік қатысты. Нәтижесінде Сангейдің 55 пайыз дауыс жинағаны хабарланды.

Тибет премьері бес жылға сайланады. Ал XIV Далай-лама тибеттіктердің "рухани басшысы" болып қала бермек.

ОҢТҮСТІК ОСЕТИЯ

СААКАШВИЛИ ЖАУАП БЕРУІ ТИ

Оңтүстік Осетия президенті Эдуард Кокойты 2008 жылғы тамыз оқиғасында қаза тапқандарды еске алу акциясына қатысты. Оның ойынша, Грузия президенті Михаил Саакашвили халықаралық трибунал алдында жауап беруі тиіс. Бұл жөнінде «Эхо Москвы» хабарлайды.

«Эхо Москвының» «Интерфакспен» сілтеме жасап хабарлауынша, 2011 жылы 8 тамызға қараған түні Цхинвал алаңында мыңдаған халық жиналды.

Естеріңізге сала кетейік, 7-сінен 8 тамызға қараған түні грузин әскері Цхинвал қаласын оқ астына алды. Күш нұсқасы бойынша, қарулы қақтығыста Осетия тарапынан жасалған шабуыл себеп болған. Ал Оңтүстік Осетия мәліметінше, оққа ұшқаны жоққа шығарып отыр. Ресей де 8 тамызда орын алған қақтығысқа араласып, Осетияға қолдау көрсеткен болатын.

ҚЫРГЫЗСТАН

РОЗА ОТУНБАЕВА МАРАПАТТАЛДЫ

Қырғыз Республикасының президенті Роза Отунбаеваға өткен сенбіде Қазақстан журналистер одағының наградасы тапсырылды. Шолпан-Ата дағы мемлекеттік резиденциясында Қырғыстан баспасөзына баспасөзге көрсеткен қолдауы және журналистермен өзара түсіністігі үшін арнайы диплом табыс етілді, сондай-ақ ол «Қазақстан журналистер одағына 50 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды.

«Мен Қазақстан Журналистер одағының бізге деген ілтипатына, әсіресе Қырғызстанның осынау бір қиын кезеңінде бөлген көңілге риза мын. Әрине, бүгін мемлекет көрші мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың назарынан тыс қалған емес. Мен үшін жұмысымның шынғармалық одақ тарағының бағалануы зиял күйіндіретін және күштірсе-жігерді болғанын жасырмаймын. Оның үстіне мен награданы өзімнің сүйікті Ыстықкөлімнің жағалауында қысқа мерзімдік демалысым аяқталып келе жатқанда алып отырмын», – деді Р. Отунбаева.

«Бұл наградалар – сіздің жұмысыңызды қоғамның мойындауының нәтижесі», – деп Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейтқазы Матаев атап көрсетті. Роза Отунбаева төрт рет Қырғызстан Сыртқы істер министрлігін басқарды, ЮНЕСКО істері жөніндегі Кеңестер Одағы комиссиясының басшысы болды, ол БҰҰ Бас хатшысының тұрақты өкілінің орынбасары ретінде грузин-абхаз шиеленісін реттеуге қатысты. 2004 жылы отаншыл оралып, оппозицияның лидерлерінің бірі болды.

2010 жылы халық сенімі үкіметінің басшысы, кейін Қырғыз Республикасының өтпелі кезеңінің президенті болып сай...

● *«Бизнестің жол картасы – 2020»*

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

«Нұр Отан» ХДП «Бизнестің жол картасы–2020» бағдарламасының жүзеге асырылуын қатаң қадағаламақ. Бұл бағдарлама кәсіпкердің өзінде кең құлаш жайып үлгерді. Осы орайда облыс орталығында «Нұр Отан» ХДП Талдықорған қалалық филиалының ұйымдастыруымен «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында мемлекеттік қолдау бойынша «Азаматтарды қабылдаудың бірыңғай ашық есік күні» атты республикалық акция басталу алды. Аталмыш акцияға байланысты азаматтарды қабылдау Еркін ауылынан басталып, қалалық филиалда жалғасты.

Баскосуға Талдықорған қаласының экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Ерлан Жетібаев, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының іске асырулары бойынша бас менеджер Дәурен Мырзатаев және «Даму» корының өкілдері, банк қызметкерлері мен жеке кәсіпкерлер қатысты. Жиынды «Нұр Отан» ХДП Талдықорған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әсия Ахметова ашып, жүргізіп отырды. Мұнда кәзіргі қоғамда Бизнестің жол картасы стратегиялық бағдарламасының қалай жүзеге асырылып жатқаны жөнінде әңгімеленді.

Сонымен бірге 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған ҚР дамыту стратегиялық жоспарының негізгі қағидалары түсіндіріліп, оны іске асыру жұмысын ұйымдастыру жайы да тілге тиек етілді. Сондай-ақ, аталған бағдарламаны іске асыру барысында халық арасында туындаған әртүрлі мәселелердің шешілу жолдары қарастырылып, кең көлемде сөз қозғалды. Жиын соңында Әсия Ахметқызы баскосуда көтерілген көкейтесті барлық мәселенің жауапсыз қалмайтынын айтып, ой қорытты.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ПӘРМЕНДІ

«Бизнестің жол картасы – 2020» және жұмыспен қамту мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру жергілікті атқарушы органдардың барынша маңызды міндеттеріне айналып отыр. Содан кейін де бизнес-құрылымдар мен екінші деңгейдегі банктер, жұмыспен қамту орталықтары басшыларының, облыс кәсіпкерлерінің қатысуымен Қапшағай қаласында өткен «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалы партиялық бақылау комиссиясының мәжілісі осынау маңызды мәселені өзек еткен болатын.

Аталған басқосуда кәсіпкерлік пен өнеркәсіп басқармасының бастығы Төлеген Шойынбеков, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Үмсын Балабиева аталған бағдарламаларды жүзеге асырудың барысы орын алып отырған проблемалар мен оларды шешу жолдары жайын баяндады.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры облыстық филиалының басшысы Ринат Талтұсов осынау маңызды жұмыстың барысына мемлекеттік бағдарламаның барлық төрт бағыты бойынша талдау жасады. Бұл төрт бағыт жаңа бизнес-бастамаларды қолдау, кәсіпкерлік секторды сауықтыру, кәсіпкерлердің әлеуметтік, тәуекелге азайту және кәсіпкерлік әлеуетін күшейту болып табылады.

Облыс бойынша алып қарағанда бірінші бағытта жатқатын 24 жоба үшінші бағытқа жататын 2 жобаға қолдау көрсетілген. Аудандар мен қалалар бойынша алып қарағанда Қарасай ауданында 11, Іле ауданында 9, Талғар ауданында 3, Қапшағай қаласында 3, Еңбекшіқазақ ауданында 2 жоба, тағы бірнеше ауданда бір жоба ғана жүзеге асуда. Ал Балқаш, Қаратал, Панфилов, Райымбек және Сарқан аудандарындағы кәсіпкерлердің бірде-біреуі өз ісін ашуда немесе дамытуда мемлекет қолдауын осы күнге дейін пайдалана қойған жоқ. Жамбыл, Үйғыр және Көксу аудандарының кәсіпкерлері өндірісті сауықтыру бойынша субсидия алуға тілек білдірді. Жалпы облыс бойынша алғанда 19 аудан мен қаланың 11-инде жеңілдікпен берілетін несиені пайдаланатын бірде-бір жоба жоқ деуге болады. Іле ауданындағы бір ғана мықты жобаның 18 млрд теңгені құрап отырғандығын ескерсек, қандай мүмкіндіктің пайдаланылмай отырғандығын бағамдауға болады.

Банктердің арасында мемлекеттік бағдарлама бойынша субсидия беруден «БТА Банк», «Банк ЦентрКредит» және «Халық Банк» кеш басынан көрініп отыр. Барлығы 28 компания несие алса, олардың екеуі, нақтырақ айтсақ, «Жетісу» мен «Қайнар» экспорттық бағыттағанған.

Бағдарламаның «Бизнес-кеңесші» және «Іскерлік байланыстар» бөлімдері бойынша облыстың барлық өңірлерінен 656 тыңдаушы оқытылып, сертификат алды. Үшеуі инвесторлармен танысу үшін Германияға жүріп кетті.

Партиялық комиссияның мәжілісінде бұдан кейінгі кезекте консалтингтік компаниялардың, ресейлік Жинақбанкі және біздің «Банк ЦентрКредит» филиалдарының басшылары нақты ұсыныстарын ортаға салды.

«Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Айтбай Сейтов шағын және орта бизнесті дамытудың шетелдік тәжірибелерінен жарқын мысалдар келтіре отырып, банкирлерді өздерінің әлеуеттік борышкерлері мен серіктестеріне барынша жақын болуға, клиенттермен барынша икемді несиелік саясат жүргізуге шақырды.

Мәжілісте бизнес пен кәсіпкерлікті дамытудың, сонымен қатар тұрғындарды еңбекпен қамтудың мемлекеттік бағдарламаларын мүлтіксіз орындауға партиялық ықпал етуді белсендіре түсуге бағытталған шешімдер қабылданды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

● *Ғылым – өндірісте*

Төлімі аймақта ауылшаруашылық дақылдарынан жоғары және тұрақты өнімге қол жеткізу үшін оларға қолайлы су режимін жасау қажет. Су режимін жақсартудың нәтижелі құралы – ол ауыспалы егіске таза сүрі танапты енгізу. Төлімі жерлерде ауыспалы егістерді жасаудың негізгі талабы – осы аймақтағы жетекші дәнді дақыл саналатын күздік бидай егісін оның мейлінше жоғары өнімін алу мақсатында ең үздік алғы дақыл бойынша орналастырған жөн.

ТАЗА СҮРІ ТАНАПТЫҢ ТИМДІЛІГІ

Қазақстан диқаншыларының көп жылғы тәжірибесі күздік дақылдардың жаздық дақылдармен салыстырғанда айтарлықтай тұрақты және жоғары өнім беретін көрсетті. Бұл күздік дақылдардың биологиялық ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Қазақстанның оңтүстік-шығыс облыстарында көктемде және ерте жазда қуаңшылық жиі орын алады, ол жаздық дақылдардың өнімділігін төмендетеді. Сол кезде таза сүрі жерге себілген күздік бидай көктемгі және жазғы қуаңшылықтан азырақ зардап шегеді, өйткені ол екі ауылшаруашылық жылдың жауын-шашынын тиімді пайдаланады, сүрлеу және вегетация мерзімдері Атмосфералық жауын-шашынын түсуіне қарай төлім жерлер үш аймаққа бөлінеді: жауын-шашынының жылдық жиынты 200-280 мм ылғалмен қамтамасыз етілмеген төлім жер, жартылай қамтамасыз етілген – 280-400 және қамтамасыз етілген – 400-600 мм және астам. Әсіресе, ылғалмен қамтамасыз етілмеген төлім жердегі ауыспалы егістің ең тиімді алғы егіс сүрі танап болып табылады. Қазақ егіншілік ҒЗИ-нің көп жылғы зерттеулерінің нәтижесінде анықталғандай, ылғалмен қамтамасыз етілмеген төлім жер жағдайында дәнді-сүрі танаптың ауыспалы егістегі таза сүрі танаптың үлесі 20–25 пайызды құрау қажет.

Қуаңшылық жағдайында таза сүрі жердің агротехникалық рөлі үш негізгі мәселені шешуге әкеледі: су режимін жақсарту, арамшөптермен күрес және өсімдіктерді қоректендіру элементтерін мобилизациялау. Таза, жақсы сүрленген сүрі жерде микробиологиялық процесстер қарқынды жүреді. Сондықтан топырақта көбірек нитраттар жинақтып, жоғары өнім алуға септігін тигізеді. Төлім жерлерде таза сүрі жерлердің бірінші міндеті – күздік бидайды себу қарсаңында топырақта ылғалды жинау және сақтау. Ылғалмен қамтамасыз етілмеген аймақта таза сүрі жердің агротехникалық маңызы оның климатының ерекшеліктерімен белгіленеді мұнда егін орағы мерзімге дәнді дақылдар топырақтағы өнімді ылғал қорын толық тауысады.

Сонымен қатар, жаздың екінші жартысы мен күздің басында жауын-шашын болмайды және күздік бидайдың өскіндері сүрі танаптан өзге алғы дақылдар бойынша тек қана күзгі жауын-шашындардан соң шығады. Сиреген өскіндер мен түптенп үлгермеген өсімдіктер қыстауға әлсіз болып кетеді, бұл, әсіресе көктемде жеткіліксіз жауын-шашын болса, өнімді қатты төмендетеді. Сүрі танаптан өзге алғы дақылдар бойынша күздік бидайдың өскіндері жиіленіп, келесі жылдың көктемінде ғана өскін береді. Сүрі танапта топырақтың су режимінің мүлдем басқа жағдайлары жасалады. Біздің көп жылғы бақылауларымыз бойынша ылғалмен қамтамасыз етілмеген төлім жердегі топырақтың метрлік қабатында көктемгі өнімді ылғал қоры 130-дан 147 мм-ге дейін құрайды.

Күздік бидайдың жақсы өскін дерін алу үшін топырақтың жоғарғы 0-10 см қабатында ылғалдың болуы өте маңызды. Бұдан зерттеулерімз көрсеткендей, сүрі танаптан өзге алғы дақыл бойынша күздік бидай егісін себу алдында жыртылған қабатта көп ретте өнімді ылғал болмайды. Сол уақытта сүрі жер танабында ылғал құрамы ең есе көп болады. Бұл күздік бидайды тиімді мерзім ішінде себуге және ылғалдылығы бойынша қолайлы емес жылдарда да орташа өскін алуға мүмкіндік береді. Өскіндер уақытылы пайда болады және жақсы түптелген күйде, күшті дамыған тамыр жүйесімен қыстауға кетеді. Күзгі-қысқы және ерте көктемгі мерзімде жинақталған топырақ ылғалы күздік бидай өсімдігінің дамуына оның вегетациясының соңына дейін жеткілікті болады. Осының барлығы таза сүрі жер бойынша жоғары және тұрақты өнім алуын жағдай жасайды. Қазақ егіншілік ҒЗИ-нің көп жылғы мәліметтері бойынша төлім жердегі сүрі жерге себілген күздік бидайдың өнімділігі 17,8 ц/га, құрады, ал оны сүрі жерден кейін екінші дақыл етіп және көп жылғы шөп қыртысында орналастырғанда өнімділік екі есеге, ал ауыспырмай өсірген кезде үш есеге азайды.

Таза сүрі жердің тиімділігі қуаңшылық жылдары тез артады: егер осындай жылдары таза сүрі жер бойынша күздік бидайдың өнімділігі 10,5 ц/га құраса, ал оны сүрі танаптан өзге алғы егіс бойынша орналастырса, ол 2,7 есеге, ал ауыстырмай сепкенде төрт есеге төмендеді. Осылайша, сүрі жер танабы мен сүрі танаптан өзге алғы егістердің топырақ ылғалының түрлі қорлары осы танаптарда күздік бидай өнімінде үлкен айырмашылықты көрсетеді. Жауын-шашынның орташа жылдық жиыны 414 мм құрайтын, ашық-қоңыр топырақта ылғалмен жартылай қамтамасыз етілген төлім жер жағдайында таза сүрі жер тиімділігі ылғалмен қамтамасыз етілмеген төлім жермен салыстырғанда біршама төмендейді. Егер сүрі танапқан өзге алғы егіс (сұлы) бойынша күздік бидайдың өнімділігі 20,5 ц/га құраса, ал таза сүрі жер бойынша 29,6 ц/га құрады немесе 1,4 есеге көп. Бұл мелиоративтік ылғалмен қамтамасыз етілмеген төлім жерде күздік бидайдың алғысы ретінде таза сүрі жердің тиімділігі өте жоғары және бұл аймақта ауыспалы егістер міндетті түрде сүрі жермен болуы тиіс.

Жылына 400 мм жауын-шашын түсетін, ылғалмен жартылай қамтамасыз етілген төлім жер аймағында сүрі жер тиімділігі сүрі танаптан өзге алғы егістермен салыстырғанда едәуір төмендейді. Сондықтан, ылғалмен жартылай қамтамасыз етілген төлім жерде таза сүрі жердің тиімділігінің төмендігін ескере отырып, біз оны тек ылғалмен қамтамасыз етілмеген төлім жерде күздік бидайдың алғысы ретінде қолдануға, ал танаптың сүрі жерге арналған, жартылай қамтамасыз етілген төлім жерінде дәнді, дәнді бұршақ немесе майлы дақылдар себуге кеңес береміз. Күздік бидайдың жақсы алғысы ретінде асбұршақ-сұлы бұркемесі немесе таза түрде сұлы, сондай-ақ нохат, мақсары, ал жауын-шашынмен қамтамасыз етілген аймақтарда жасымық саналады. Біздің мәліметтер бойынша ылғалмен жартылай қамтамасыз етілген төлім жерде таза сүрі жер орнына сұлы отырғызғанда «сұлы – күздік бидай» ауыспалы егіс бұзынбаған дән шығымы «таза сүрі жер – күздік бидай» бұзынбамен салыстырғанда 1,5 есеге артты. Таза сүрі жердің тиімділігі кебіне шешуші деңгейде болмаса, оны кәтеру мен топырақ өңдеуді қабылдауға байланысты болатынын атап өткен жөн.

Өткенде орай, түрлі себептерге байланысты сүрі жерді өңдеу уақтылы жүргізілмеу фактілері тәжірибеде жиі кездеседі. Өндіріс жағдайында, шаруашылықтардың көбінде таза сүрі жерді негізгі өңдеуді жазғы мерзімде, күздік бидайды себуден 3-4 ай бұрын қайырмалы соқамен жүргізеді. Сол уақытта едәуір нәтижелі болып күзден өңделген қара сүрі жер саналады. Осыған байланысты күзден сүрі жерлер өңделмеген шаруашылықтарда, сүрі жерлерді негізгі өңдеуге көктемде, яғни көктемгі алқалтық жұмыстар аяқталған соң, мамыр айының кешіктірмей кіріскен жөн. Ылғалмен қамтамасыз етілмеген және жартылай қамтамасыз етілген төлім жерде өңдеуді сыдырпа жыртқышпен 10-12 см, тереңдікте жүргізген жөн. Таза сүрі жер рентін бағалау кезінде оның қолайсыз жақтарын да ескермеуге болмайды жоғары эрозиялық қауіптілік, ылғалдың өндірістік емес шығыны, топырақта өсімдік қалдықтарының түсуінің қысқаруы, органикалық заттың жоғары минерализациясы, нитраттардың тамыр жайылатын қабаттан тыс миграциясына байланысты азот жоғалту.

Ылғалмен қамтамасыз етілмеген төлім жерде сүрі жерменғұрлыми негізделген ауыспалы егісті және жартылай қамтамасыз етілген төлім жерлердегі өнімді ауыспалы егістерді (таза сүрі жерсіз) өндіру өңделетін төлім жерді тиімді пайдалануға және мен басқа да өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруді арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, біздің облысымыздың төлім егіншілік аймақтарының табиғи-климаттық жағдайларының, қар түрлілігі осы аймақта күздік бидайдың алғы дақылын таңдауда нақты қадам жасауды талап етеді. Жауын-шашынмен қамтамасыз етілмеген төлім жерде таза сүрі жер бойынша күздік бидай себу – қуаңшылықпен күресудегі едәуір сенімді әсерлі агротехникалық тәсіл.

А. А. АҚЫНБЕКОВ
«As Group LTD» компаниясының директоры ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты
А. Қ. КИРЕЕВ
ҚазЕжӨШГЗИ егіншілік бөлімінің меңгерушісі ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, профессор, ҚР АШҒ академигі
А. Э. ХИДИРОВ
ҚазЕжӨШГЗИ ғалым хатшысы ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 93 (17506) Сейсенбі, 16 тамыз, 2011 жыл. ●e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

● *Тәуелсіздік шуағы*

ТҰРАР ТҰРҒАН үй айшықталды



Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы елшілігі хабарлағандай, Мәскеу қаласының Покров бульварындағы ескі ғимараттардың біріне Тұрар Рысқұловтың осы үйде тұрғандығынан хабар беретін мемориалдық тақта ілінді.

Бұл күнде мәдени мұра саналатын осы үйде өткен ғасырдың отызыншы жылдарының басында Ресей Федерациясы Совнаркомы төрағасының орынбасары қызметін атқарған Тұрар Рысқұлов тұрған екен.

Мәскеудегі мемориалдық тақтаның ашылу салтанатына қазақстандық мәжілісмендер, Ұлттық ғылым академиясының, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің басшылығы қатысты.

Қазақстанның Ресейдегі Төтенше және өкілетті елшісі Зауытбек Тұрысбеков алқызыл лентаны қиды. Тұрар Рысқұловқа арналған мемориалдық тақтаны орнатудың маңызын Ресей жағынан келген өкілдер де атап өтті.

● *Мәдениет күндері*

Тау ТАЛҒАР мен айдынды АЛАКӨЛ

талдықорғандықтарды өнерімен тәнті етті



Ежелгі Жібек жолының бір тармағы Талғар арқылы өтсе, енді бірі Алакөлдің бойын сағалап, ежелгі Қойлық қаласы арқылы керуен тартты. Сол тұстағы Талхиз бен Қойлық қалалары туралы жазылған мәліметтерді Еуропа, Қытай жазбаларынан көптеп кездестіруге болады. Әлбетте, бүгінде сол мәдениеттің жібін жалғап, ежелгі тарихи қоныстардың атын еншілеген елді мекендер тарихтың жаңа парақтарын жазуда. Соған орай, олардың бүгінгі ел өмірінде алатын орындары да ерекше. Бірі Алатаудың бойын жағалап, Алматыға иек артып, өнеркәсіптің өркендеуіне елеулі екпін берсе, енді бірі Жоңғар тауларының табиғи көркемдігі мен көлдердің мүмкіндігін пайдаланып, туризмнің дамуына жол ашуда. Қай жағынан алып қарасақ та, екі өңірдің өзіндік жақындығы бар. Сондай-ақ, мәдениет саласындағы жетістігі де жетерлік. Мұны өткен жұмада Талғар және Алакөл аудандарының мәдениет күндері аясында ұйымдастырылған мәдени шарада айқындады.

(Соңы 2-бетте).

● *Дөңгелек үстел*

ЕЛ БАҚЫТЫ – БІРЛІКТЕ

Алматы облысындағы «Элефтерия» грек қоғамы ұйымы» қоғамдық бірлестігі және облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен Еңбекшіқазақ ауданында «Қазақстанның ұлт бірлігін жүзеге асырудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі» атты «дөңгелек үстел» өткізілді. Алқалы жиынға облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызметкерлері, аудандағы ұлттық-мәдени бірлестіктердің, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдардың жетекшілері қатысты.

Жетісу
Баянды ЗӘКІРОВ

"Дөңгелек үстел" жұмысын аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Қуат Байтөжаев ашып, сөз тізгінін қонақтарға берді.

– Біздің ортақ еліміз, ортақ Отанымыз бар. Ол – Тәуелсіз Қазақстан. Тарихи тағдырымыздың ортақтығын түсіну және осы тәндауды түйсіне білу елдің барша азаматын біріктіретін ең басты негіз, – деп сөз бастаған «Алматы облысы «Элефтерия» грек қоғамы» бірлестігі төрағасының орынбасары Георгий Иорданиди «Қазақстанның Ұлт бірлігі доктринасы және оны 2011-2014 жылдары жүзеге асыру жоспары мен бағыттары туралы» баяндама жасап, ел бірлігін сақтау, ұлтаралық татулық жайында әңгіме өрбітті.

«Бір ел – бір тағдыр» тақырыбында баяндама жасаған этносаралық көшейкесті мәселелерді зерттеу жөніндегі орталықтың меңгерушісі, психология ғылымының кандидаты, доцент Лаззат Көмекбаева біздің ұлттық бірлігіміз, этникалық шығу тегіне қарамастан, әрбір адамның Қазақстанмен етене бірігуіне негізделген – деп, Қазақстанның әрбір азаматы қоғам және мемлекеттің, халықтың, болашақ ұрпақтың алдында өз жауапкершілігін сезінуі керек екендігіне тоқталды. Басты бір кағидат этникалық, болмаса басқа да шыққан тегіне, дін ұстанымына және әлеуметтік жағдайына қарамай барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру. Осы жөнінде талдау жасап, «Тегі бір – тендігі бір» деген тақырыпта сөз қозғаған Қазақстандағы орыс, славян және казактар қауымдастығы ұйымы төрағасының орынбасары Анатолий Чесноков бүдан епмізде мемлекет тарапынан барлық адамға бірдей әділетті және тең мүмкіндік жасалады. Меншік еркіндігін дамыту – ел өркендеуі үшін қажетті шарт. Орташа тапты жедел қалыптастырудың экономикалық және құқықтық негіздерін жасау – Қазақстанның бүгіні мен болашағы үшін өмірлік қажеттілік десе, «Облыстық татар және башқұрт этно-мәдени ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, педагогика ғылымдарының докторы Гриф Хайруллин «Ұлт рухының дамуы» атты баяндама жасап, ұлт бірлігінің тағы бір негізгі қағидаты – біріктіруші және бекітуші бастау ретінде ұлт рухын нығайту және дамыту жайлы сөз етті.

Жарысқа шыққан қоғамдық бірлестік, ұйым өкілдері және қонақтар ұлт бірлігін сақтау, ел тәуелсіздігін нығайту, сондай-ақ, ең алдымен, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қолданыс аясын кеңейту жөніндегі ой-тұжырымдарын жеткізуде аскан ауызбірлік танытты. Әркайсысының сөз түйіні «Қазақстан – алтын бесігім» деген жүрекжарды оймен астасып жатты. Жиынды Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы секретариатының бас маманы Сәуле Сұрабалдина қорытындылады.

Жиын соңынан сөз алған аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Қуат Сұлтанұлы аудандағы халық бірлігінің жемістері, оны сақтау мақсатында игі шаралардың жүргізілуі жайлы айта келіп, "дөңгелек үстелді" ұйымдастыруышыларға аудан әкімі атынан алғыс білдірді.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

● *Жайдарман жаңалық!*

Н. НАЗАРБАЕВ:
Республиканың әр облысында климаттық және ауа-райының ерекшеліктерін ескере отырып, өңірлерде нақты дақылдарды өсіру қажеттігіне көңіл бөлу керек.

(Ұйымдастырылған мәжіліс қорытындысы бойынша)

"ҰЗЫНАҒАШ" бидайы



Ауданымыздағы «Светлана» шаруа қожалығында әр сабағында 40 дән өсетін, әр гектарынан 45 центнер өнім алынатын «Ұзынағаш» бидайы өсірілді. Жаңалыққа жаны құмар Александр Назаренко «Светлана» шаруа қожалығын құрғалы бері егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен бірге бидайдың артүрлі сұрпын өсіріп, тәжірибе жасап, егін шаруашылығында шетелдіктердің де тәжірибесін қолданып көріп, соның арқасында нақты нәтижеге қол жеткізіп отыр.

Аграрлық саланың жұмысын ғылыми негізде ұйымдастыру керектігін үнемі қадағалап отыратын аудан әкімінің қуанышында шек жоқ. Бинәлі Әбдікапасұлы жуырда осы ғылыми жетістіктерді пайдалана отырып егілген осы егінжайда болып, жаңалықты өз көзімен көріп, «Ұзынағаш» бидайын өсіруге тікелей атсалысқан ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Жұмағали Оспанбаевпен пікір бөлісті. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, ғалым-агроном Жұмағали Оспанбаевтың айтуынша, жерді тереңдеп жыртып, оған дәнді себу қазіргі заманда ескірген. Мұндай тәсілмен өркениетті елдердің бірде бірінде егін егілмейді. Керісінше жерді қопсытып, жұмсартып, сеялкамен жол-жол үйілген атызға егін егу керек. Мұндай әдіспен өңделген жер былғарыдай былқылдап тұрады, соның нәтижесінде шығалды бойына тез сіңіреді. Бидай өсіру үшін қыруар қаржы жұмсайтын дикандар үшін мұның экономикалық тиімділігі өте зор. Егін себуде осы әдісті қолданған дикан әр гектардан 17-19 мың ақша үнемдей алады. Егістікті қайта-қайта өңдеп әуре болмайды. Егістікке жұмсалатын су да, тыңайтқыш та үнемделеді. Биология және биотехника институты осы ауданда 7-8 жылдан бері тәжірибе жасап келеді. Тәжірибеден өткен осы тиімді жобаны «Светлана» шаруа қожалығы ұтып алып, енді міне, сол жобаның жемісін көріп отыр.

– Бұл «Ұзынағаш» бидайын осы Ұзынағаштың құнарлы топырағында ғана емес, топырағы құнарсыз жерлерге сепсе де мол өнім береді. Себебі, егін себудің ең тиімді тәсілі – жерді жұмсартып, қопсытып себу. Қазіргідей су тапшы заманда жерді тереңдетіп жыртып, оның үстінен су жүгірту дұрыс емес, – дейді профессор агроном Жұмағали Оспанбаев. Оның айтуынша, ең тиімді әдіс – жерге дәнді тікелей себу және күзде сабанды сол жерге майдалап шашып тастау. Ағаштың өз жапырақтарымен қоректенетіні сияқты егістік те өзінің құраған сабағымен қоректенеді. Расында да бұл егін шаруашылығындағы назар аударуға тұратын айрықша әдіс. Бимығы жаз құрғақ болды. Соған қарамастан «Светлана» шаруа қожалығы егістіктен бұрын-соңды болмаған мол өнім алмақ. Ғалымдармен бірлесе отырып егін өсірудің озық тәжірибесін жүзеге асырған «Светлана» шаруа қожалығының тиімді тәсілін дикандар арасында кеңінен насихаттап, осы озық тәсілді барлық шаруашылықта жүзеге асыру қажет. Аудан әкімі Бинәлі Ысқақтың ауыл шаруашылығы мамандарына жүктеген тапсырмасы осы.

Есенқұл ЖАҚЫПБЕКОВ.

PS. **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі «КазАгроИнноваций» АҚ Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты «Үшқоңыр» білім тарату орталығы ауданымызда «Ұзынағаш» бидайымен қатар бидайдың тәлімі құрғақ жерлерге егілетін түрлерін өсірудің тәжірибесін жалғастыруда. Атап айтқанда, тәлімі жерлерге егілетін «Наз» және кез келген жерге егуге болатын «Алмалы» сортын өсірудің тәжірибесін жалғастырып келеді. Алғашқы тәжірибелер өйдағыдай нәтиже берді.**

● *Жайлау*

МАЛШЫ МЕРЕЙІ ШАЛҚЫДЫ

Ақсу ауданы шопандар тойының негізгі тұжырымы осы болды

Төрт түлігін түлеткен ата-бабамыздың төл кәсібі ұрпақтарына мирастықпен жалғасып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Соның ішінде халқының 78,8 пайызы ауылды аймақтарда тұратын Алматы облысы да мал шаруашылығына бейімделген өлке болып есептелінеді. Міне, сондықтан да бүгінгі күндері жер жаннаты Жетісуда мал шаруашылығын өркендетудің маңызы ерекше болып отыр.

Жетісу
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Төсінде марал өріп, көгінде ұлар ұшқан кәсіпті Қапал өңірі қашаннан бері дүбірлі думандардың ордасы болып келгені анық. Осы жерде түнеу жылдары Ғали Орманұлтың, ақын Сараның мерейлі мерекелері аталып өткен болатын. Қарағай, шыршалары көкке ұмсынып, мұздай бұлақтары еркелей аққан Мұзбұлақ жайлауы ежелден облыстық малшылар слетінің өтетін орны болғаны да белгілі. Міне, осындай берекелі өлкеде Ақсу ауданының мал шаруашылық еңбеккерлері бас қосты.

Салтанатты жиында ашқан аудан әкімі Әскербек Дүйсембаев ата кәсібімізді заман талабына сай дамытып келе жатқан мал шаруашылығы еңбеккерлерін осынау мерейлі шараларымен құттықтап, осы салада атқарылып отырған жұмыстарға сараптама жасап өтті.

– Биылғы жыл біздің бәріміз үшін ерекше жыл, – деді ол сөзінің басында. – Яғни, ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойын атап өткелі отырмыз. Және бұл айтулы мерекеге барлық кәсіп иелері лайықты табыстармен келіп отыр. Солардың бірі – малшы қауымы десек, Ақсу ауданы да бұл салада айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген. Атап айтқанда ірі қара малы 81572 басқа жетіп, былтырғымен салыстырғанда 104,9 пайызға өсті. Қой, ешкінің саны 364607 басқа жетсе, жылқы түлігі 20996 басты құрап отыр. Үй құстары мен басқа да түліктер саны артуда.

Мал шаруашылығын дамыту тек мал басын көбейтумен өлшенбейді. Осы орайда үкіметіміз мал өсірушілердің алдына бірінші кезекте мал тұқымын асылдандыру, сапалы мал өнімдерін өндіру және оларды өңдеп, халықты отандық тауарлармен қамтамасыз ету міндеттерін жүктеп отыр. Бұл бағытта ауданда атқарылып жатқан шаруалар көңілге қуаныш ұялатады.

(Соңы 2-бетте).

ҚАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен **Серік Сейітжанұлы Керімқұлов** облыстық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бастығы болып тағайындалды.

к Сейітжанұлы КЕРІМҚҰЛОВ



1973 жылы туған. М. Тынышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік көлік және коммуникация академиясын бітірген. Мамандығы – инженер-құрылысшы.

Еңбек жолын 1999 жылы «Афдан-5» ЖШС шебері болып бастаған. Балқаш қаласындағы «Жезқазған жолдары» АҚ прорабы, «SeiSer» ЖШС-да учаске бастығы, Астана қаласында ҚР Көлік және коммуникация министрлігі Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетінің сарапшысы, бөлім бастығы, Алматы қаласындағы «Қаздорпроект» ЖШС бас директорының орынбасары қызметтерін атқарған.

2010 жылдан – облыстық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бастығының орынбасары.

Ресми хабарлар

ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

2011 жылғы 12 тамызда ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушы Роман Скляр темір жол жүк вагондарын уақытылы қамтамасыз ету мәселесіне қатысты жиналыс өткізді.

Жиналысқа индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Альберт Рау, екі министрліктің комитеттері, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және жүк жөнелтушілер компанияларының басшылары қатысты.

Роман Скляр жиналысты аша отырып, қазіргі таңда экспорттық қатынаста жоспарды орындамаудың негізгі себептері – инвентарлы парктерде жүк тиеу-жөнелтулердің жетіспеушілігі, қазақстандық вагондардың ұзақ мерзімде қайтарылуы, жүк жөнелтушілердің тапсырыстарынан бас тартқан құжаттар ұсынуы және тапсырыстарды растау құжаттарының жоқтығы болып табылатындығын атап өтті.

Өткізілген жиналыстың қорытындысы бойынша, жүктердің уақытылы және толық тасымалын қамтамасыз ету мақсатында шешімдер қабылданды.

Жиналыс барысында теміржол саласының негізгі көрсеткіштерін жанарту жұмыстарының жүргізілім жатқандығы атап өтілді. Атап айтқанда, мемлекеттік органдар мен жүк жөнелтушілер жасаған «Қазақстан темір жолының» бес жылдық инвестициялық бағдарламасы Үкімет тарапынан қолдау тапты

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Қызықты ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІНДЕ...



САРҚАН. Жадыраған жаз айында жасыл желекке оранған әлем ерекше құлпырды. Осындай әсем табиғат аясында балалардың көптен асыға күткен жазғы демалысын дұрыс, қызықты да мағыналы өткізу мақсатында М. Жұмабаев атындағы орта мектеп жанынан күндізгі демалыс лагері құрылған болатын. Лагерь жұмысын жандандыру С. Қасымбаева, Т. Севериненко, Г. Дәулетбаева, М. Тұрғымбекова, К. Оразбаева сынды бастауыш сынып мұғалімдеріне жүктелді.

Лагерьге қамтылған балалармен қызықты спорттық ойын түрлерінен жарыстар, өнер сайыстары өтті. Қабілетті балалардың шығармашылық шеберліктерін шыңдау барысында пәнге негізделген түрлі үйірмелер жұмыс істеді. Сондай-ақ, оқушылардың ой-өрісін дамыту үшін Черкасск қорғаныс мұражайына, Теректі, Ащыбұлақ өзендеріне бір күндік саяхаттар да ұйымдастырылды. Лагерьдің соңғы күндерінде атқарылған жұмыстар бойынша құшылардың ойын анықтау үшін «Нені үйрендім, нені білгім келеді?» деген тақырыпта тілхаламасу шарасы және түрлі суреттер мен шығармалар көрмесі ұйымдастырылды. Жазғы жақсы демалыс ұйымдастырған жас жеткіншектерге жас ерекшеліктеріне сай сыйлықтар берілді, лагерь жұмысы сәтті аяқталды.

К. ҚОРЛЫБАЕВА.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Мал тұқымы ЖАҚСАРТЫЛУДА



ПАНФИЛОВ. Мал өнімдерінің қымбаттауы қала халқының қалтасына салмақ салғанымен, ауылдағы төрт түлік өсірген ағайынның жағдайын жақсара түскен сияқты. Олай дейтініміз, қазір ауылда үй-жайын жөндеп, қымбат автокөліктер сатып алушылардың қатары көбейді.

Отбасына малдың да мол табыс әкелетініне көздері жеткен жұрт енді оның тұқымын жақсартып, етті салмақты, сүті мол, терісі мен жүні қымбат өтетін түлік түрлерін бағуға ден қойып отыр. Әсіресе ірі қараның сүтті, етті тұқымдарына сұраныс жоғары. Ауыл тұрғындарының бұл тілегінің орындалуына жазиралы Жаркент өңірінде барлық жағдайлар жасалған десек те болады. Өйткені, өңірдегі ірі-ірі 17 елді мекенде ірі қараны қолдан ұрықтандыратын орындар жасақталған. Олардың әркайсысында арнайы білімі мен тәжірибесі бар мамандар тұрақты жұмыс істейді.

Үстіміздегі жылы осы орындармен келісімшарт жасасқан «Асыл» мал тұқымын асылдандыру орталығы» ЖШС жаркенттіктерге сиырдың сүт бағытындағы асылдандырылған Алатау, етті санта- гертруда тұқымдарын мол мөлшерде жеткізіп берді. Өткен жарты жылда ғана 4467 ірі қара қолдан ұрықтандырылды. Аудандағы мал мамандары болашақта ауыл, қала тұрғындарының меншігіндегі сиырдың 85 пайызын қолдан ұрықтандыруға қарекет жасауда.

М. МАНАПҰЛЫ.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Жөндеу жұмыстары КӨҢІЛДЕН ШЫҚТЫ



ІЛЕ. Бүгінгі ғаламтор заманында да кітап өз құнын жоғалта қойған жоқ. Сондықтан болар, ауданда кітапхана жұмыстарына айрықша деп қойылуда. Қазірдің өзінде аудан бойынша 10 кітапхана жұмыс істейді. Оқырман саны 10 мыңнан асып жығылады.

Ал кітап қоры да жыл өткен сайын молая түсуде. Ең бастысы, соңғы жылдары таза қазақ тіліндегі кітаптар қоры мейлінше көбея түскен. Кітапты насихаттау бағытында үстіміздегі жылдың алғашқы жарты жылдығында 80-нен астам әртүрлі мәдени шаралар өткізілді. Бірқатар кештер қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың 80, ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналды. Айта кетерлігі сол, аудан басшылары кітапханалардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға мейлінше ден қойып отыр. Кітапханаға жергілікті бюджеттен кітап қорын молайтуға 835 мың теңге бөлінген. Осы алынған кітаптар аудандағы барлық кітапханаларға теңдей таратылып берілді. Кітапханаға жиһаз алу үшін 680 мың, электронды ресурстарға 1 млн. 223 мың теңге бөлінді. Осының есебінен Өтеген батыр кентіндегі аудандық кітапханадағы барлық жиһаздар жаңартылды. Ал ағымдағы жөндеу жұмыстарын кітапхана қызметкерлерінің өздері өте ұқыптылықпен атқарды. Кітапхана директоры М. Жәбиеваның айтуы бойынша, бұл шаралардан барлық кітапханашылар тыскары қалған жоқ.

І. ЖҰНІС.

Тау ТАЛҒАР мен айдынды АЛАКӨЛ

Талғар ауданы VII қысқы Азиада ойындары өткен өңір ретінде әлемге танымал болғаны анық. Аудан спортшыларының жетістіктері жиналған шатырға ары-бері өткендер қызыға қарап, таңданып жатты.



Ағлыз, қара, сарымыз, Тұяқсанбыз бәріміз.

Облысымызда өнеркәсіп саласы бойынша

196,6

млрд. теңгенің өнімі өндірілді

Өткен жылмен салыстырғанда

37,3

млрд. теңгеге артық

Жалпы құны

8,1

млрд. теңгені құрайтын сегіз жобаның бесеуі пайдалануға берілді



Суретті түсірген Асқар БАЖЕКЕ.

Алаколдік ағайындар да білім, өнеркәсіп, спорт және басқа салалардағы жетістіктерден көрме ұйымдастырды. Ұлтымыздың салт-дәстүрінен көріністер көрсетіп, ұлттық мұрамыздың ұлылығын паш етті.

Қазақстанның жетістігін анғартатын дүниелерге толы екен. Ұлттық рухты көтеріп, жас ұрпаққа салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптан мағлұмат беретін дүниелермен айшықталған. Әсіресе, Талғар ауданының Көксай ауылынан келген ісмер Қайрат Төленбаевтың жылқының терісінен оюлап жасаған бұйымдары көрген жанды қатты таңғалдырды. Бұл туралы шебер:

– Осы өнермен айналысқаныма он жылдан аса уақыт болды. Басында қызығумен басталған еді. Уақыт өте келе

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мәдениет, ең алдымен, елге, содан кейін балашаққа қызмет етеді. Осы тұрғыдан келгенде, бұл жолғы мәдениет күнінің бірқатар көңіл толқытар жаңалықтымен есте қаларлығы анық. Бастысы, аудандардан келген делегацияны облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ қабылдап, ағайындарды өңірімізде атқарылып жатқан игілікті жұмыстардан хабардар еткен болды. Облыстық әкімдіктің үлкен жиын залында өткен кездесуде өңір басшысы мәдениет күндері аясында өтіп жатқан шараларды беруінің молдығын айтып өткен соң облысымыздағы атқарылған игілікті жұмыстарға тоқталды.

– Жыл басында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өңірімізді экономикалық-әлеуметтік жағдайына жоғары баға беріп аттанды, – деп бастаған облыс басшысы, экономика мен ауыл шаруашылығында, тұрғын үй құрылысында қол жеткізген көрсеткіштерді тізіп шықты. – Биылғы жетістігімізге көңіл қуантады. Айталық, облысымызда өнеркәсіп саласы бойынша 196,6 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 37,3 млрд. теңгеге артық. Жалпы құны 8,1 млрд. теңгені құрайтын 8 жоба биылғы жылы пайдалануға берілуі тиіс еді. Қазірге дейін бесеуінің түсауы кесілді, қалғандары келесі жартыжылдықта іске қосылмақшы. Бұл қатарда Талғар ауданындағы «Нұрлы-Дәу» автомобиль шығаратын дәуірлеу сияқты ірілі-ұсақты кәсіпорындар бар. Сонымен қатар, «Мойнақ» ГЭС-і мен Қоргас-Жетіген темірқолы да биыл пайдалануға берілмекші. Шойын жолдың 18 шақырымының Талғар ауданы аумағынан өтетін қуантады. Жалпы жоспарланған барлық жоба іске қосылғанда өңірде 3 мыңнан астам адам жұмысқа орналасатын болады. Мұның өзі халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, жұмыссыздықты жоюға қосқан үлкен үлес болмақшы. Ал ауыл шаруашылығы, тұрғын үй құрылысы, білім және денсаулық сақтау, спорт салаларындағы нәтижелі жұмыстар да көңіл қуантады. Мұның ішінде Талғар, Алакөл аудандарының да үлесі басым. Ал мәдениет саласына келер болсақ, аталған салаға бөлінген қаржы мөлшері жыл сайын өсіп келеді. Биылғы жылы Алакөл ауданындағы бірқатар мәдениет ошақтарына тиісті қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары жүртілсе, Талғар ауданындағы Нұра ауылдық Мәдениет үйіне, Төңкеріс, Белбұлақ, Еркін ауылдық кітапханаларына жаңа штаттық бірлік бөлініп, жұмыс жалғасуда. Қадірлі ағайын, ағымдағы жылы облыс орталығында өткізілетін аудан-қалалардың мәдениет күндері тәуелсіздігімізбің 20 жылдығына арналып отыр. Бұл игі бастамаға қала тұрғындары мен қонақтарының қызығушылық танытары сөзсіз, – деді ол.

Осыдан кейін минберге көтерілген Алакөл ауданының тұрғыны, еңбек ардагері Мұхтар Жолжанов қос аудан тұрғындарына ізгі ниетін білдіре келіп, облыс әкімне Қабанбай батырдың бейнесі салынған картинаны аудан тұрғындары атынан сыйға тартса, Алакөл өңірінің көркемдігі кестеленген картинаны «Орамал тон болмайды, жол болады» деген ниетпен талғарлық ағайындарға ұсынды. Өз кезегінде талғарлықтар да қарап қалмай, алакөлдік әріптестеріне естелік ұсынып, мәре-сәре болысты. Мұны да жаңа бастаманың жарқын белгісі деп ұғындық.

Келесі кезекте сөз алған Қазақстан Республикасы көркемсурет академиясының президенті Лаура Оразбакова мәдениет күндерінің өнер адамдарының шығармашылығын артыруға дем бергені игілікті жақтарын айта келіп, «Талхиз» қорының атынан сый-сияпатты, жас қылқалам шеберлері дайындаған ақын Қалыр Мырза-Әлінің өлеңдері өрнектелген бұйымды естелікке ұсынды. Өз кезегінде ақын Сәкен Иманасов облыс әкімінің жаңа бастамасына деген жүрекжарды лебізін білдіре келіп, жазушы Әнуар Әлмажановтың ескерусіз қалып бара жатқанын түгел тиек етіп, қаламгер еңбегін дәріптеуге қолдау көрсетуін сұрады. Облыстық мәслихаттың депутаты, Талғар агробизнес колледжінің директоры Нәйла Үмбетова, тәуелсіздіктің күрдасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің студенті Маржан Болысбекқызы да тәуелсіздіктің білдірді. Осыдан кейін естелік суретке түскен көпшілік Тәуелсіздік көшесі жағалай орналасқан ақ шанқан үйлер мен этномәдени орталықтардың шатырларын аралап, аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасын тамашалады.

Мәдениет күні аясында облыс орталығына ат басын тіреген ағайындардың С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапханада оқырмандармен кездесіп, шырайлы әңгіме өрбіткен де көпшілге қонымды болды. Таратып айтар болсақ, екі ауданда мәдениет, әдебиет, өнер саласында елеулі еңбек жасап, аты ел жадында қалған тұлғалар жетерлік. Бүгінде әдебиеттің айдынында, мәдениеттің мәйегінде жүрген қаламгерлер қаншама?! Кітапханалағы кездесу, әлбетте, сол тұлғалармен мақтануды мақсат етпейді. Қайта ата буын мен жас қаламгерлер арасындағы шығармашылық байланысты нығайтып, әдебиеттің өркенін өсіруге мақпал етеді. Бұл күнгі кездесуде алакөлдік оқырмандар осы ауданның тумасы, ақын Сәкен Иманасов, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұратбек Иманғазинов және жас ақын Жангелді Немеребайұлымен әңгіме өрбітіп, олардың шығармашылығымен танысты. Талғарлық ағайындар ақын Қамнұр Тәлімұлының «Көңіл көзі», «Мінәжат» атты кітаптарының тұсаукесер рәсімін өткізіп, қаламгерлің болашағына сәт сапар тіледі. Тұсаукесерге халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қажытай Ілиясұлы, «Жетісу» газетінің жауапты хатшысы Жұматай Оспанұлы, «Алатау» газетінің бөлім меңгерушісі Айдын Кәлемхандар қатысып, өрелі ойларымен бөлісті. Ал айтыс ақыны Әбділдин Бәзілған суырыпсалма өлеңмен қаламгер ағасының ақындық, адамдық болмысын айшықтап көрсетті. Кездесу барысында Набат жырау Ойнарова шәкірттерімен бірге ақынның өлеңіне жазған әндерін орындап, кештің шырайын аша түсті.

Халқымызда: «Ештен кеш жақсы» деген нақыл сөз бар. Қамнұр Тәлімұлы ақындығымен ел аузына ерте шықса де, кітап шығаруға асықпаған қаламгер. Бұған жағдайдың мәжбүрлеуі емес, қайта ақынның әдебиетке деген шынайы сүйіспеншілігі себеп болған. Әлбетте, әрамызда атын өлең жазып, ақындық деп айдаһар шығып келетіндер жетеді. Бірақ, өңдайлардың көп өтпей әдебиет майданынан өздігінен сырылып шығып жатқанын да көріп жүрміз. Салыстырмалы түрде айтқанда, Қамнұр бұларға үлгі болардық ақын. Сондай-ақ, ол имандылық ірімдерін өлең тілімен өрнектеуге ден қойған ақындардың бірі. Өйткені, оның шығармалары таза адамгершілік, имандылық, әдептілік, кішіпейілділік арнасына құрылады. Сол арқылы оқырман жүрегінен ойып тұрып орын алады. Бүгінгі қазақ поэзиясына жаңаша леппен келген ақынның тұңғыш жыр жинағы салтанатты түрде оқырманына ұсынылды. Көпшілік алдағы уақытта да оқырманына ой салар дүниеге көп болсын деген ниетпен тарады.

Шараның шырайын, салтанатын мәдениет жадыгерлері жинақталған көрмеден ангаратынымыз анық. Биылғы мәдениет күндерінің негізгі тақырыбы ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында өтіп жатқандықтан Тәуелсіздік көшесін бойлай тігілген киіз үйлер мен шатырлар тәуелсіз көргендердің қызығушылығын арттыра түсті. Қазір менің қолымнан шыққан өнер туындысына тапсырыс беретіндер көбейді. Өз туындыларымды жұрттың назарына бірінші рет ұсынып отырмын. Бүгінгін өзінде бірқатар дүниеме тапсырыс берін, сатып алып жатыр. Мұның өзі де мәдениет күндерінің биздің өнеркәсіпке жол ашқаны деп білемін. Берері мол шара алдағы уақытта да жалғаса берсе екен деп тілейміз, – дейді ол.

Талғарлықтар осылайша зергерлік бұйымдары мен қылқалам шеберлерінің ғын туындыларын және де сирек кездесетін аң-құстардың бейнелерін тұрғындардың назарына ұсынды. Сонымен қатар, Талғар ауданы VII қысқы Азиада ойындары өткен өңір ретінде бүкіл әлемге танымал болғаны анық. Аудан спортшыларының жетістіктері жинақталған шатырға ары-бері өткендер қызыға қарап, тамашалап жатты. Сондай-ақ, этномәдени орталықтары да жылдағыдан өзгеше дайындықпен келгендерін бірден аңғартты. Алакөлдік ағайындар да білім, өнеркәсіп, спорт және басқа салалардағы жетістіктерден көрме ұйымдастырды. Ұлтымыздың салт-дәстүрінен көріністер көрсетіп, ұлттық мұрамыздың ұлылығын паш етті. Соларды бірі Ақтүбек, Бескөл, Жаңама ауылдық округтері колонер шеберлерінің туындылары жинақталған «Отаным – шаттық мекенім» атты көрме. Мұнда Жаңама ауылдық округінің тұрғыны Қияқ Сабырдың қолынан шыққан дүниелер көркемдігі және нәзіктігімен өзіне бауранды. Мұмкіндігі шектеулі жастың бұл талпынысына риза болдасың. Мектеп оқушыларының балық пен сүйек қабыршағынан жасаған туындыларынан өнердің жаңа бір ұшқынын ұғынасың. Тоқыма және киіздең жасалған тұрмыстық бұйымдардың өзгешелігі өз алдына. Бір бұрышта ел тәуелсіздігінің 20 жылдығында жеткен ауданжетістігі жинақталған стенд тізіп тұр.

Айтса айтқандай, қос ауданның көрмесі бірінен бірі өтеді. Бәрі де жұртшың көңілінен шығып, ризашылығына бөленді. Облыс әкімі бастаған топ оларды жоғары бағалады. Барлаының көңілінен шыққан мәйекті шара аудан көркемөнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты. Мұнда тәрихтан сыр шертетін қойылымдар көрсетілп, өткенімізді жаңғыртты. Мың бұралған би, әуелеген ән, күмбірлеген күй төгілген мерекелік шара жастардың би кешіне ұласып, түнің бір уағына дейін жалғасты.

Қ. АНДАС.

КАЗАКСТАН

КОНСТИТУЦИЯ

АЙБАРЫМЫЗ – АТА ЗАҢ



Биыл Конституциямыздың 16 жылдығы. Бұл Ата Заңымызда тәуелсіз Қазақстанның негізгі мерекелерінің бірі деп танылады. Қолданыстағы Конституциямыз бүгінгі күні барлық мәселелерімізді қамтып, азаматтардың құқықтарына толық түсінік беріп, құқықтық мемлекет екенімізді айшықтап отыр.

Замана талабымен жаңартылған Конституциямыздың ең басты мақсаты – адам және оның өмірі, құқығы мен бостандығы.

Ата Заңымыздың қабылдануының нәтижесінде, тәуелсіз елімізде көл жеткен табыстарында бізбің көп ұлтты халқымыздың әрбір азаматының өзіндік үлесі бар екені сөзсіз.

Елімізді, тіліміздің, салт-дәстүрімізді сүюге, оларды құрметтей отырып, Қазақстанның егеменділігін нығайтатын кейінгі жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру – бізбің мемлекеттік қызметкерлерінің міндетімізі. Осыған орай, әділет органдарының құқықтық көмекті және заң қызметін көрсетуді ұйымдастыру мен құқықтық насихатты қамтамасыз етудегі жұмысына деген талап күннен күнге күшейіп келеді.

Осы ретте Талғар ауданы әділет басқармасының ауданымыздың әлеуметтік, мәдени, құқықтық дамуына қосып отырған үлесі де сүбелі. Әділет басқармасы бірталай іс-шаралар жоспарлап, халыққа құқықтық қызмет көрсету сапасын, әділет органдарының бейнесін және мүдделі мемлекеттік органдар қызметін көтеруге, барлық сұрақтар бойынша тығыз қарым-қатынас орнатып, мамандардың кәсіпкойлығын, жауапкершілігін, халыққа көрсететін қызметімізбің сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізіп келеді.

Атап айтсақ, ҚР Конституциясының негізгі ережелерін түсіндіру бойынша *«Мемлекет және тұлға: Іргелі жолындағы Қазақстан дамуының 20 жылдығы»* атты оқиғалар шараларын өткізу жоспары бекітілді. Осыған орай, аудандық әкімдік және құқық қорғау, прокуратура органдары қызметкерлерінің, «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы, «Жас Отан» Жастар қанаты аумақтық филиалының қатысуымен Зияткерлік меншік құқығын қорғау саласы бойынша *«Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында тойланғалы отырған Ата Заң – Конституциямыздың 16 жылдығына, Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық және Әділет органдарында Зияткерлік меншік құқығы комитетінің құрылғанына 10 жыл толуына толымды тартуымыз»* атты тақырыпқа «дөңгелек үстел» өткізуге дайындық жүргізілуде.

Әділет басқармасында мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жалпы халық арасында ҚР Конституциясының негізгі ережелері мен қағидаларын түсіндіру бойынша ақпараттық-насихат топтары құрылып, насихат жұмыстары аудан деңгейінде орындалуда.

Республикамыздың демократиялық жолмен дамуы барысында Қазақстан халқының құқықтық жағдайына баса назар аудара отырып, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда және оларға қатысты іс-шараларды жүзеге асыруда олардың өздерімен етене байланыста болуымыз қажет.

Ө. ІЗБАСАРОВ,
Талғар аудандық әділет басқармасының бастығы.



КӨГІЛДІР АСПАН, КӨКБАЙРАҚ

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Гимн.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Туының сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде пакыштанған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Туының ені мен ұзындығының ара қатынасы – 1:2».

(Қазақстан Республикасы Мемлекеттік нышандары туралы Заңынан).

Жетісу

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Есте жоқ ескі заманнан бері Тудың адамзат өмірінде алар орны айрықша болып келген. Өзін-өзі сыйлайтын әрбір дербес мемлекет шекарасын бекемдеумен бірге азаттығын айшықтайтын нышандарын алдымен белгілеуі осының айғағы болса керек. Жаугершілік заманында кез келген әскери құраманың өз жауынгерлік туы болған. Ал туынан айырылған құрама дереу таратылып отырған. Сондықтан да соғыс кезінде әр жауынгер туды көзінің қарашығындай сақтауға міндетті еді.

Қазақ халқының санғасырлық тарихына көз жіберер болсаңыз, сонау сақ, ғұн заманынан бері Көкілбайрақ астында бас біріктірген көк түркілердің ұрпақтарын көрер едіңіз. Қалмақ шапқыншылығына қарсы бас құраған ру-тайпалар да Абылайдың ақ туының астына топтасты емес пе.

Осы туға қатысты қазақ-қалмақ соғысында болған бір оқиға бүгінде ел жадында. Астындағы аты болдырып, топ қалмақтың қоршауында қалған Абылай хандың Жәнібек құтқарады. Жеңіспен аяқталған ұрыстан кейін нояндарға алғысын білдіріп отырған хан әлі батырлығымен таныла қоймаған жас Жәнібекті алдына алдырып, тілегін сұрайды. Сонда ер Жәнібек:

«Шашырап кеткен жұртымды жинап, елетсем деп едім. Енді сіздің заманыңызда енсе көтеріп, оң тізеңізден орын алсақ деймін!» – деп бірінші тілегін қабыл етеді.

Батырдың екінші тілегі – жауға шапқанда сайлап шабатын өз туын белгілеп беруі еді. Хан оның бұлтілегін де орындайды. Ер Жәнібектің осы ақ туы Шыңғыннің Алтай аймағын мекендейтін батырдың ұрпақтарында сақталып, Ослан батыр Қытай басқыншыларына қарсы көтеріліс бастағанда қазақ жасақтарының тәу етер туына айналған.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік Туы азаттығымыздың айғағы ретінде айшықталып келеді. Бүгіндері ол әлемнің ең беделді деген ұйымдарында азуын айға білеген алып мемлекеттердің туларымен қатар желбіреуде. Әсіресе, айтулы басқосулар, маңдели байрақты бәсекелерде еліміздің Туында сұңқар жерлер аспанмен үндесе көкке өрлегенде кез көктемде, ағын мәзді қуаныш пен мақтаныш сезімдерінің жұмыстар кернейтіні рас. Туды қастерлеу арқылы біз мыр айналған еліміздің еркіндігін, жеріміздің тұтастығын, ел бірлігімізді сақтаймыз, намысымыздың қайзағайлығын бекемдейміз.

Туға құрмет көрсету – әрбір қазақстандықтың қасиетті борышы.

МАЛШЫ МЕРЕЙІ ШАЛҚЫДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Осылай дей келе Әскербек Тұрарбекұлы мал тұқымын асылдандырумен айналысып жүрген «Николай К», «Амиров Ш», «Балтабек», «Болашақ», «Өтебай», «Әмина», «Сәхмет», «Смағұл», «Жасын», «Жақсылық», «Қопа» шаруа қожалықтарын атап өтті. Мысалы Арасан ауылындағы «Сұлтан» шаруа қожалығының жетекшісі Н. Көлдейбаев қой санын 3350 басқа жеткізсе, егінсулық «Болашақ» шаруа қожалығының жетекшісі Қ. Баяхметов жылқыны 103 басқа, құраксулық К. Жұмашев ірі қараны 314 басқа жеткізген. Аудан әкімі қол жеткізген табыстарды айта келіп, мал шаруашылығында орын алып отырған кемшіліктерге де баса тоқталып өтті. «Шыны керек, жайлауды адам да, мал да сағынды. Себебі, жасыл жайлаудың балбырап тіскен құнарлы шөбіне отыққан мал қысқа қон жинап қайтады. Бұл ата-бабамыздан келе жатқан ежелгі дәстүр», – дей келе Әскербек Тұрарбекұлы малшы қауымын тағы бір құттықтап өтті.

Ақсу ауданының малшылар тойына арнайы келген облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков сөзінің басында слетке қатысушыларға облыс әкімі Ансар Мұсаханов-тың ыстық сәлемі мен ізгі тілектерін жеткізді.

– Бүгінгері мал шаруашылығына мемлекеттік қолдау нақтылы істерде көрініс тауып отыр, – деді ол өз сөзінде. – Өздерің қатысып отырған шопандар тойын осы қамқорлықтың көрінісі десек те болады. Малшылар қауымы да осы сенімді ақтауда. Былтыр 227,8 млрд. теңгенің өнімі өндірілсе, биыл бұл көрсеткіш 264 млрд. теңгеге жетеді деп күтілуде. Қазіргі күні облысымызда 830 мың ірі қара, 335 мыңнан аса жылқы, 3 миллионнан аса қойешкі, 6200 түйе, 10 миллионға тарта құс өсірілуде. Өндірілген өнімнің құны жөнінен Алматы облысы республика бойынша бірінші орында келеді.



Суретті түсірген автор.

Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын дамытуға 11 млрд. теңге субсидия бөлінді десек, оның 2 млрд.-тан астамы мал шаруашылығын дамытуға бағытталған. Демек, бүгінгері төрі тұлкіті түсіп қана қоймай, оның сапасын арттыруға да мүмкіндік мол.

Осылай дей келе Тынышбай Досымбекұлы малды жайлауға шығарын бағудың артықшылықтары туралы баяндап, шаруа қожалықтарын жаз мезгілінде жайлауға шығуды ұнатті.

Салтанатты жиында сөз алған «Ь Жүнс» шаруа қожалығының төрағасы Бөранхан Жүнісов, «Дидар» шаруа қожалығының төрайымы Тұрсын Әкімова және «Сұлтан» шаруа қожалығының басшысы Нұрболат Көлдейбаевтар өздеріңде атқарылып жатқан ізгі істер жөнінде әңгімелеп, еңбектерінің арқасында алғыс хаттарын жеңімпаздарға салтанатты түрде тапсырып, бағалы сыйлықтармен марапаттады. Жиын үстінде "Қабырғатал" кооперативінің төрағасы Амантай Зияданов өз әріптесіне ақшалай сыйлық тапсырса, "Иманбаев" шаруа қожалығының төрайымы Тұрсын Әкімова облыс әкімінің алғыс хаттарын табыс етті. Ал аудан әкімі Әскербек Дүйсембаев облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының және аудан әкімінің Құрмет грамоталары мен



бинік межелерге қалай жеткені жайлы айтып берді.

Осыдан кейін мал шаруашылығын дамытуға сүбелі үлестерін қосып жүрген малшы қауымды марапаттау рәсімі басталған. Осы орайда Тынышбай Досымбекұлы құраксулық Қанат Жұмашовқа, арасандық Нұрболат Көлдейбаевқа облыс әкімінің Құрмет грамоталары мен бағалы сыйлықтарын, Қарасу ауылынан келген Тұрсын Әкімоваға, суықсайлық Игорь Кузнецовқа, қызылағаштық Мүсеке Амировқа облыс әкімінің алғыс хаттарын табыс етті. Ал аудан әкімі Әскербек Дүйсембаев облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының және аудан әкімінің Құрмет грамоталары мен жеңіп алды. Құнан бәйгеде кордайлық А. Шынтасовтың, талдықорғандық М. Барлыбаевтың, Жансүгіров ауылынан келген Т. Тоқтышевтың үкілеп қосқан үміттері алғашқы үштікке ілінсе, тай жарысында талдықорғандық А. Әбішевтің, қараталдық Е. Нұрмашевтің және ескелділік С. Думанбаевтың аттары жеңіске тұғырына көтеріледі. Бәйгеден келген жүйріктердің иелеріне бағалы сыйлықтар тапсырылды.

Ой жылдан аса өткізілмей, ұмыт бола бастаған шопандар тойына жиналған қауым бір-бірімен жүздесіп, бүгінгі күннің талабына сай мал шаруашылығын өркендетудің қыр-сырына қанығып, мол дастарханнан дәм татысып, риза көңілмен тарасты.

● *«Мектепке жол»*



КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫНА КӨМЕК

«Баланы мектепке жинайық!» республикалық акциясы аясында «Нұр Отан» ХДП Талдықорған қалалық филиалының ұйытқы болуымен «Аялы алақан жылуы» атты іс-шара басталып кетті. Осыған орай «Нұр Отан» ХДП Талдықорған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әсия Ахметова бастаған топ «Қаратал» шағын ауданында тұратын Абеевтер отбасында болып, олардың жай-күйімен танысты.

Жетісу

Алма ЕСЕНБАЕВА

Үй иесі Айгүл Абеева 6 бірдей баланы өзі тәрбиелеп отырған ана. Жолдасы шөкпекке сальынып, отбасының берекесін қашыра берген соң 2002 жылы ажырасып, өмірдің ыстығына да, суығына да мойымай төзіп келеді. Алты баланы бағып-қағып жеткізу бір ана үшін оңай жұмыс емес. Алайда, Айгүл соңғы жылдары жанын денден алған дертке де бой берместен, қайсарлықпен алға қадам басып келеді.

– Балаларымды үйге қамап, бірінбіріне тәбыстап кетіп жүріп, таңғы сағат 6-дан түнгі бір уағына дейін бірнеше жұмыс істеген кездерім болды. Осы балаларды жеткізу үшін табыларыма қарай астыз да, төрбеше де, құрылысшы да болдым. Арақшарап шығаратын зауытта да, кілт жуатын жерде де еңбек еттім. Сонау салдарынан ба, соңғы жылдары екі бірдей бүйрегім ауыра бастады. Содан ауыр жұмысқа жарамсыз болып қалдым.

Күйеуімнен де алимент алмаймын. Мектеп жасындағы үш баламның үшін мемлекеттен 4500 теңге жәрдемақы және ай сайын 5-6 мың теңге көлемінде атаулы көмек алып тұрамын. Бұл әлбетте, бүгінгідей қымбатшылық заманында жетпейді. Мектеп бітіріп кеткен үш баламның да айтарлықтай жұмыстары жоқ. Үлкен қызым тұрмыста, одан кейінгі ұлым әр жерде құрылыста істеп, азды-көп тиын-тебен тауып келеді. Сонымен күнелтіп жатқан жайымыз бар. Бүгінгідей қоғамда бәз сиықты нақты істейтін жұмысы жоқ адамдарға күн көру қиын. Сонда да болса өмірдің қиындығына көнді келе жатырмыз, – деп ол бізбен сыр бөлісті.

Сырқатына байланысты соңғы кездерх үйде отырып қалған Айгүлдің бір жеңілдеу жұмыстың шығайы болса, еңбек етсем деген арманы бар. Бітіккелә де қанаты қатаймаған балаларын жеткізіп, қатарға қосуы керек-ақ. Айгүлдің бұл тілеген құп алған «Нұр Отан» ХДП Талдықорған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әсия Ахметова мәселенің шешімін табуға өз тарапынан ықпал ететіндігін айтып, осы отбасында тәрбиеленіп жатқан балаларға арнайы ала келген сыйлықтарын табыс етті.

Бұл күнгі жүздесуге ұйытқы болған «Жаңа Қаратал» жеке пәтер иеленушілер кооперативінің төрайымы Динара Нығметулина да балаларға өз атынан сый-сияпат ұсынды.

Суретті түсірген А. ҚҰРАНБЕК.

ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕ

КЫРГЫЗСТАН

АТАМБАЕВ БАСШЫЛЫҚТАН КЕТЕДІ

Алмазбек Атамбаев уақытша Қырғызстан премьер-министрі қызметінен кетеді.

Қырғыз Республикасының жаңа Конституциясында премьер-министрдің республика президенті сайлауына түсуіне байланысты шешім қабылдауына орай осындай норма қарастырылған.

Жексенбі күні Қырғызстанның Социал-демократиялық партиясы съезі болып, делегаттар Алмазбек Атамбаевты Қырғыз Республикасы Президентіне ұсынған шешім қабылдады.

ҮНДІСТАН

ҮНДІСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМЫ ТОЙЛАНДЫ

Кеше Үндістан Республикасының Ұлттық мейрамы – Тәуелсіздік күні (1947) тойланды. Үндістан – Оңтүстік Азияда орналасқан мемлекет.

Солтүстігінде Қытай, Непалмен, солтүстік-батысында Пәкістан, Ауғанстанмен, солтүстік-шығысында Бангладешпен, шығысында Бутан, Бирмамен (Мьянма) шектеседі. Мемлекет құрамына Араб теңізіндегі Лаккадив, Аминдив, Бенгал шығанағындағы Андаман, Никобар аралдары да кіреді. Халқының саны жағынан Қытайдан кейінгі екінші орында. Астанасы – Дели қаласы. Ресми тіл – хинди, ағылшын тілдері, сондай-ақ әртүрлі штаттарында мемлекеттік тіл дәрежесінде қолданылатын 10-нан астам тіл бар. Жалпы Үндістанда 1600-дан астам тіл мен диалект бар. Үндістан 25 штаттан және 7 одақтас аумақтан тұратын Федеративті Республика. Әр штаттың және кейбір одақтас аумағының министр басқаратын үкіметі және заң шығару жиналысы бар. Үндістанның мемлекет басшысы – Премьер-Министр. Ақша бірлігі – рупий.

Қазақстан Республикасы мен Үндістан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылғы 23 ақпанда орнатылды.

ЕГИПЕТ

МҰБӘРӘКТІҢ СОТЫ ЖАЛҒАСТЫ

Кеше Египеттің бұрынғы президенті Хосни Мұбәрәктің соты қайта жалғасты.

Оған тағылған айыптар дәлелденсе, ол өлім жазасына кесілуі мүмкін. Мұбәрәк бейбіт шерушілердің қазасы мен жемқорлық үшін айыпталып отыр. Оның бірге екі ұлы да жемқорлыққа барғаны үшін жауапқа тартылып жатыр.

Мұбәрәктің биліктен кетер кезінде шеруге шыққан 850 адам әскер қолынан қаза тауып, алты мың адам жараланды.

Мұбәрәктің соты 3 тамызда басталған болатын.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 96 (17509) Сейсенбі, 23 тамыз, 2011 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

●*Көкейкесті*

ҮЛЕСКЕРЛЕР ҮМІТІ АҚТАЛАТЫН БОЛДЫ

Жуықта республикамыздың шығыс өңірінде, соңынан Алматы қаласында болған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Өмірзақ Шөкеев Алматы облысының Қарасай ауданына келді. Мұндағы мақсат жуықта тоқ өмірге енгізілген екі бірдей салалық бағдарламаның іске асу барысын байқап, көру болатын. Оның бірі - «Тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық жүйесін модернизациялау», екіншісі үлескерлердің жағдайын шешу еді

Жетісу
Сайлаубек БАЙДҮЙСЕНҰЛЫ

Ө. Шөкеев мырза өңірің кезекті іссапарының мақсаты жөнінде жиналған қауымға қысқаша мағлұмат берді.

– Бірінші, «Тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық жүйесін модернизациялау» бағытына тоқталсақ, көптен бері шешілмей отырған ескірің, тозған үйлерді жөндеу болып табылады. Бұл қазір күрделі мәселеге айналды, – деді Шөкеев мырза. – Бұл мәселе соңғы 20 жыл бойында өз шешімін таппай келе жатыр. Оның қиындығы сол, ескірген пәтерлердің бәрі жеке адамдардың меншігіне өтіп кеткен. Заңға сәйкес бұл салаға мемлекеттен тікелей қаржы бөлуге ешкімнің құқысы жоқ. Ал екінші жағынан тұрғындардың үйлерді күрделі жөндеуіне қаржылық жағдайлары көтермейді. Ойластыра келгенде осы мәселеге жаңа бір тәсіл табу қажет болды. Үстіміздегі жылы жаңа бір жолы табылды. Айталық, жөндеуге тиісті тұрғын үйлерге жұмсалатын қаржы көлемі анықталған соң белгіленген соманың жартысы мемлекет тарапынан несие түрінде бөлінеді, ал екінші жартысын тұрғындардың өздері төлейтін болады. Мұның ерекшелігі, атқарылатын барлық жұмыс түрін тұрғындардың өздері шешіп, өздері қабылдайды. Айталық, әр үйге қандай жұмыс түрі жүргізілуге тиіс. Қандай құрылыс материалдарын пайдалану керек? Қандай құрылыс компанияларын таңдауы да тұрғындардың еншісінде. Ал мемлекет тарапынан салынған қаржының екінші бөлігін тұрғындар 7-10 жыл көлемінде қайтара алады. Бұл, әрине, үлескерлерге жасалған үлкен жеңілдік.

Алғашқы кезде осы жасалып отырған жеңілдікті тұрғындар жете түсінбей жатты. Түсіндіру жұмысының нәтижесінде бұл шара қазір қарқынды іске асырылуда. Мәселен, Алматы қаласында нәтижелі ұйымдастырылып отыр. Шығысқазақстандықтар, әсіресе Өскемен қаласында аталған шара мықтап қолға алынды. Міне, осы екі қаланың үлгісімен келешекте республикамыздың үлкен қалаларындағы тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық мәселесін кезеңімен шешуді іске асыратын боламыз, – деді ол.

Екінші мәселе – үлескерлердің мәселесі. Өздеріңізге белгілі, 2007 жылы қаржылық дағдарыс басталған кезде еліміздегі 450 құрылыс нысаны жұмысын мүлде тоқтатқан еді. Демек, 62 мыңнан астам үлескер өз қаржысын салып, тиесілі пәтерін ала алмай қалған қиын жағдайда болатын. Сөйтіп, көптеген үлескердің үй алу үміті үзілгендей болды. Қиын жағдайдан соң жаңа бағдарламалар қолға алынды. Сөйтіп, жаңа бағыттағы 7-8 механизм іске асырылды. Осының нәтижесінде республикадағы 57 мыңнан аса үлескер өз пәтеріне не болмаса Қалған 5-6 мың үлескердің мәселесін үстіміздегі жылы шешуге жағдай жасалып жатыр. Кешегі және бүгінгі тексерудің барысында байқағанымыз, бұл үлескерлердің мәселесі толық шешіледі деп күтілуде.

Ал Алматы облысындағы үлескердің мәселесі әлі де болса қиын жағдайда. Бұл жерлегі 7-8 үлкен құрылыс компаниясы үлескерлердің есімін пайдаланып, қаржысын жинап алып, кейбірі құрылысты бастамай-ақ тастай кеткен. Қазір олар алаяқ компаниялар атанды. Әсіресе, Алматы қаласы мен облыс аумағында көптеп орын алды. Солардың бәрімен облыс әкімдігі айтарлықтай жұмыс жүргізді. Оның ішінде бұрынсоңды жұмыс барысында қолданылмаған тәсілдер қолға алынды. Айталық, 6 комиссияның үлескери бір жерге шоғырландырып, қосалалы қызмет көрсететін тұрғын үй «Премьера» кешені қайта ұйымдастырылды, – деді Өмірзақ Шөкеев.

Шындығында, біз көріп отырғандай, қазір әр күн сайын көпқабатты тұрғын үйдің бір қабатының қабырғасы қаланып жатқан үлкен алаңдағы құрылыс жұмысы қызу қолға алынған екен. Бұл Қарасай ауданына қарасты «Қалқаман» шағын ауданында іске асырылуда. Ө. Шөкеев мырза атап өткендей, қазір құрылыс алаңында 12 қабатты екі, 14 қабатты екі, 16 қабатты жиырма төрт тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізілуде. Кешендегі көлемі 196 мың шаршы метрді құрайтын 2139 үйден үй алуға мүдделі 2111 үлескердің мәселесі енді түбегейлі шешілетін болады. Алматы облысы үлескерлерінің мәселесін шешу үшін республикалық бюджеттен 28 721 млрд. теңге бөлінген. Оның 11556 млрд. теңгесі инженерлік-катынас жүйелері жұмысына бағытталатын болады. Үстіміздегі жылдың соңғы дейін 28 тұрғын үйдің сыртқы қоршы түгелдей қаланып, қаңтар айынан бастап құрылыстың ішкі өңдеу жұмысына кіріседі деп жобалауда. Құрылысты толығымен аяқтау алдағы жылдың мамыр айында іске асырылады деп күтілуде. Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Ө. Шөкеевті құрылыс басында қарсы алған облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов және облыс әкімінің орынбасары Болат Төкенов құрылыс алаңын аралатып, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен жан-жақты таныстырып өтті.

Республика Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ө. Шөкеев атқарылып жатқан жұмыстарға разылығын білдіріп, алдағы мақсат-кемшіліктерге жол бермей, жұмыстың сапасына жіті көңіл бөлу кеңдігін еске салды.

КАРАСАЙ АУДАНЫ.

●*Білім қызметкерлерінің тамыз кеңесі*

Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Бүгінде мектептерді компьютерлендіру толықтай аяқталды. Орта білім берудің 12 жылдық моделі енгізілуде. «Өмірбойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс.

Н. НАЗАРБАЕВ.

КОНСТИТУЦИЯ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» атты Жарлығының орындалуы жыл Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығын дәл жоғарылатпаны мәлім.

Демек, егеменді елімізден ең басты құндылығымызға айналған Ата Заңымыздың, яғни Конституциямыздың қабылданғанына 16 жыл толған мерейтойын Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл толуына байланысты болатын ұлан-ғайыр дәйектері көйлекке ұласып отыр.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Конституциямыз басты жетістіктерінің бірі онда демократиялық қоғам құру принциптері айқындалады.

Конституцияның басым құндылықтары: ол адам және оның өмірі мен құқықтары бастаңдығы.

Ата Заңның 1- бабы 1-тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілген.

Жыл сайын жаңадан қабылданып, қолданыстағы заңдарға өзгерістер енгізіліп, заман талабына сай тиімді жаңғыртылып, соған тиісті заңдар мен құқықтық нормативтік актілер шығарылады.

Қазіргі кезде халықтың құқықтық мәдениеті, құқықтық белсенділігі бұрынғы жылдармен салыстырғанда өлшеусіз артып, халық өздерінің құқықтары мен бостандықтарына қатысты мәселеге сергектікпен қарап бағуда.

Ата Заңның 83-бабымен мемлекеттік дереккөздегі мәртебесі, қызметі белгіленген прокуратура органдарының қоғамдағы заңдылықты сақтау, қадағалауға орай жүктелген жауапкершілігі тоқталсақ, ағымдағы жылдың жартышылдық қорытындысында Алматы облыстық прокуратурасы тарапынан қабылданған кешенді шаралардың нәтижесінде қылмыстық істер бойынша сот актілерінің түрақтылығына қол жеткізіліп, сот әділдігін салаусыз мен тиімдігі біршама жақсарды.

Облыс соттарында 1700 тұлғаға қатысты 1335 қылмыстық іс қаралып, оның 1149 тұлғаға қатысты 884 қылмыстық іс бойынша сот үкімдері шығарылған болса, ақтау негізінде 475 тұлға жөнінде 386 қылмыстық іс қысқартылған.

Прокуратура тарапынан жалпы соттармен шығарылған заңсыз үкімдерге келтірілген апелляциялық наразылықтың қанағаттандырылуы 98,5 пайызды құраған.

Қылмыстық істер бойынша соттарда прокурордың мемлекеттік айыптау қолдау тиімділігі – 736 пайызды құрады.

Егеменді еліміздің ең құқықтық мәселелерін ғана қамтып қоймай, жалпы қоғам дамуындағы біршама өзекметті істердің арқауы болып отырған Ата Заң қоғамымыздағы болып жатқан барша жетістіктердің бастауы екенне ешкім дау тудырмайтыны хақ.

Т. ҚАЛИЕВ,
облыстық прокуратура басқармасының аға прокуроры.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ ҰЛТ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙДЫ



Білім және ғылым министрі Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ Қаптағай қалалық №3 орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі Марзия НҰРТАНОВАҒА Ы. Алтынсарин атындағы төсбелгіні тапсыруда.

«Парасат қайда болса, ұлылық сонда, білім қайда болса, биіктік сонда» деп Жүсіп Баласағұн айтпақшы, еліміздің білім көшін алға сүйреп келе жатқан ұстаздар қауымы бас қосқан жиын қашанда жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне қатысты көпшілікті толғандырар өзекті мәселелерге толы болмақ. Осындай нағыз болашақтың бағыты мен бағдарын белгілеп, оқу-білім саласында атқарылар міндеттерді саралайтын білім қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз кеңесі І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өтіп, оған ҚР Білім және ғылым министрі Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ, облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ, сондай-ақ, облыстық құрылымдар басшылары, аудан, қала әкімдері, кәсіподақ ұйымдарының, білім беру мекемелерінің басшылары мен өкілдері, педагогтар, ата-аналар комитеттерінің төрағалары қатысты. Кеңесті облыс әкімінің орынбасары Сәкен Жылқайдаров жүргізіп отырды.

(Соңы 2-бетте).

●*Мәдениет күндері*

КӨРШІЛЕС ЖАТҚАН ҚОС АУДАН

аралас, туыс қашаннан

Соңғы жылдары ит дәстүрге айналған аудан мәдениет күндерін бұл аптада Балқаш пен Кербұлақ аудандары өткізді. Балқаш деп тегін аталмаса керек. Соңау Малайсары жотасы мен Балқаш көлінің арасын жайлаған ел ешқашан тарығып көрмеген. Осы өлкенің бір байлығы Іле өзені мен Балқаш көлі болса, екінші байлығы – ән-құсы мен жануарлар дүниесі. Ал балқаштықтардың азаматтығы өз алдына үлкен әңгіме.



Жетісу
Қажет АНДАС

Міне, осы береке-бірлігі жарасқан, отыз мыңнан аса адам қоныстанған аймақтың бүгінгі мәдени өмірі жандана түсуде. Жыл сайын мәдениет ошақтарының қатары толығып, штаттық бірліктері артып, тың жетістіктерге жетіп отырғаны қуантады. Аудан халқы биыл мәдениет күніне мығым дайындықпен келген екен. Орталық алаңдағы көрме тақырыбының сан алуандығымен ерекшеленеді. Қойылған дүниелер де көптігімен көз сүріндіреді. Ал аудан өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарлама қала халқын жылы сезімге бөледі.

Кербұлақ өңірі – Сақ тайпасының басты алатын жоырма жеті ғасырлық тарихы бар құтты қоныс, ізгі мекен. Кешегі өмір – бүгінге тарих. Уақыт өткен сайын тарих беттерінің қалындай беретіні анық. Оны қаншама қайтара алады. Бұл, әрине, үлескерлерге жасалған үлкен жеңілдік.

Алғашқы кезде осы жасалып отырған жеңілдікті тұрғындар жете түсінбей жатты. Түсіндіру жұмысының нәтижесінде бұл шара қазір қарқынды іске асырылуда. Мәселен, Алматы қаласында нәтижелі ұйымдастырылып отыр. Шығысқазақстандықтар, әсіресе Өскемен қаласында аталған шара мықтап қолға алынды. Міне, осы екі қаланың үлгісімен келешекте республикамыздың үлкен қалаларындағы тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық мәселесін кезеңімен шешуді іске асыратын боламыз, – деді ол.

Екінші мәселе – үлескерлердің мәселесі. Өздеріңізге белгілі, 2007 жылы қаржылық дағдарыс басталған кезде еліміздегі 450 құрылыс нысаны жұмысын мүлде тоқтатқан еді. Демек, 62 мыңнан астам үлескер өз қаржысын салып, тиесілі пәтерін ала алмай қалған қиын жағдайда болатын. Сөйтіп, көптеген үлескердің үй алу үміті үзілгендей болды. Қиын жағдайдан соң жаңа бағдарламалар қолға алынды. Сөйтіп, жаңа бағыттағы 7-8 механизм іске асырылды. Осының нәтижесінде республикадағы 57 мыңнан аса үлескер өз пәтеріне не болмаса Қалған 5-6 мың үлескердің мәселесін үстіміздегі жылы шешуге жағдай жасалып жатыр. Кешегі және бүгінгі тексерудің барысында байқағанымыз, бұл үлескерлердің мәселесі толық шешіледі деп күтілуде.

Ал Алматы облысындағы үлескердің мәселесі әлі де болса қиын жағдайда. Бұл жерлегі 7-8 үлкен құрылыс компаниясы үлескерлердің есімін пайдаланып, қаржысын жинап алып, кейбірі құрылысты бастамай-ақ тастай кеткен. Қазір олар алаяқ компаниялар атанды. Әсіресе, Алматы қаласы мен облыс аумағында көптеп орын алды. Солардың бәрімен облыс әкімдігі айтарлықтай жұмыс жүргізді. Оның ішінде бұрынсоңды жұмыс барысында қолданылмаған тәсілдер қолға алынды. Айталық, 6 комиссияның үлескери бір жерге шоғырландырып, қосалалы қызмет көрсететін тұрғын үй «Премьера» кешені қайта ұйымдастырылды, – деді Өмірзақ Шөкеев.

Шындығында, біз көріп отырғандай, қазір әр күн сайын көпқабатты тұрғын үйдің бір қабатының қабырғасы қаланып жатқан үлкен алаңдағы құрылыс жұмысы қызу қолға алынған екен. Бұл Қарасай ауданына қарасты «Қалқаман» шағын ауданында іске асырылуда. Ө. Шөкеев мырза атап өткендей, қазір құрылыс алаңында 12 қабатты екі, 14 қабатты екі, 16 қабатты жиырма төрт тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізілуде. Кешендегі көлемі 196 мың шаршы метрді құрайтын 2139 үйден үй алуға мүдделі 2111 үлескердің мәселесі енді түбегейлі шешілетін болады. Алматы облысы үлескерлерінің мәселесін шешу үшін республикалық бюджеттен 28 721 млрд. теңге бөлінген. Оның 11556 млрд. теңгесі инженерлік-катынас жүйелері жұмысына бағытталатын болады. Үстіміздегі жылдың соңғы дейін 28 тұрғын үйдің сыртқы қоршы түгелдей қаланып, қаңтар айынан бастап құрылыстың ішкі өңдеу жұмысына кіріседі деп жобалауда. Құрылысты толығымен аяқтау алдағы жылдың мамыр айында іске асырылады деп күтілуде. Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Ө. Шөкеевті құрылыс басында қарсы алған облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов және облыс әкімінің орынбасары Болат Төкенов құрылыс алаңын аралатып, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен жан-жақты таныстырып өтті.

Республика Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ө. Шөкеев атқарылып жатқан жұмыстарға разылығын білдіріп, алдағы мақсат-кемшіліктерге жол бермей, жұмыстың сапасына жіті көңіл бөлу кеңдігін еске салды.

Әкім қабылдауында

Қос ауданның делегациясын қалыптасқан дәстүр бойынша облыс әкімі **Ансар МҰСАХАНОВ** қабылдады. Қабылдауда қос ауданның әкімі Ерғазы Қошанбек пен Нұрбай Жантілеуов бастаған аудандардың құрметті азаматтарының, зиялы қауым өкілдері мен жастардың алдында сөз алған өңір басшысы зймағымыздың даму көрсеткіштеріне тоқталып, барлық салалағы жетістіктерді тілге тиек етті:

– Қадірменді қауым, облыс орталығында қала мен аудандардың мәдениет күндерін өткізу ізгі дәстүрге айналды. Мұндағы мақсат – ұлттық мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді дәріптей отырып, өскелең ұрпаққа отаншылдық, ұлттық құндылықтарды насихаттау. Қала мен ауыл арасындағы рухани-мәдени байланысты нығайту. Бұл ізгі бастама қала тұрғындары мен қонақтары тарапынан қолдау тауып, қызығушылығын туғызуда. Биылғы мәдениет күндері аясындағы шаралар тәуелсіздіктің 20 жылдығы аясында өтіп отыр.

Экономика алға басқан жерде мәдени-рухани құндылық та сыр қалмайды. Ойлағымыздай атқарылып жатқан жұмыстарға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс сапары барысында оң бағасын беріп кетті. Өңірімізде қазірге дейін экономиканың барлық салаларында тұрақты өсу қарқыны сақталды. Өңіріміздің 228,7 млрд. теңгенің өнімі өндірілсе, 109,8 пайыздық өсім көрсеткішін көрсетті. Қазақстанда бұрын-соңды болмаған бірегей іргелі жоба іске асырылуда. Мұның ішінде Балқаш ауданындағы 5 мың малды бордақылау алаңы республикалық картаға енгізілген. Ауыл шаруашылығы, құрылыс саласында да тың жетістіктер жетістікті.

Мәдениет саласына бөлінген қаржы көлемі де жыл сайын артып келеді. Биыл бұл салаға 1 миллиард 771 миллион теңге қаралтырылған. Мұның ішінде Балқаш ауданындағы мәдениет мекемелеріне 129,6 млн. теңге бөлініп, Ақши ауылдық Мәдениет үйіне қосымша қаржы қаралтырылды. Сондай-ақ, Бақанас ауылдық Мәдениет үйіне 25 млн. теңге бөлініп, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бірқатар ауылдық кітапханаға қайта ашылып, жұмысын бастады. Ал Кербұлақ ауданының мәдениет саласына 100 миллион теңге қаржы бөлініп, Басшы ауылының Мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, Шәуілдір ауылдық Мәдениет үйінің материалдық-техникалық базасы нығайды, кітапханалар ашылып, тұрғындар қызмет көрсетіп берілді. Бүгінгі мәдениет күндеріне келіп отырған екі аудан да облыс экономикасына өз үлестерін қосып келеді. Сондықтан сәлемдеу сөздерінің тиімділігі, – деді ол.

(Соңы 3- бетте).

●*Қысқа әзірлік*

Барлық мүмкіндік пайдаланылуда

Алдын ала болжам бойынша қыс айлары суық болмақшы. Осыған байланысты жаз айларында қора-қопсыны бүтіндеп, жемшөптің қорын молайту көптеген мүмкіндіктерге жол ашатын болады.

Жетісу
Ілияс ЖҮНІС

Алдағы қыска Іле ауданы бойынша күз пен шопанды былай қойғанда, 48 мың ірі қара, оның ішінде 23 мың сауын сиыр, 125 мың қой мен ешкі, оның ішінде 65600 саулық, 5 мың жылқы, 4 мың түйе түсінеші. Оларға қажеттісі 77 мың тонна шөп. Бұл мал 263 қыстауға орналастырылады. Солардың 219-ы қазірдің өзінде күрделі, ағымдағы жөндеуден өтті. Яғни, мал қыстату орындарының 90 пайызға жуығы әзір деуге болады. Ал қазан айының басына дейін жөндеу жұмыстары толығымен аяқталмақшы.

Аудандық ауыспаруашылық бөлімі мамандарының айтуынша, жоғарыда көрсетілген шөптен басқа науқан барысында 5600 тонна пішендеме салынып, 9,5 мың тонна сабан жиналуы тиіс. Сондай-ақ, алдағы уақытта 28900 тонна сүрлем салу міндеті тұр. Шөп жеткілікті, жем мол болғанда ғана малдың қоңы түспек емес. Осы орайда аудан бойынша 17,5 мың тоннадан астам жем құйып алу қажеттігі туындайды. Ал бүгінге дейін аудан шаруашылықтары бойынша 64 мың тоннадан астам шөп дайындалып, тиісті орындарға жеткізілді. 8 мың тоннадан астам сабан тайланып, буылды. Бұған қоса 10 мың тонналық үстінде жем құйылды. Ал сүрлемдік жүгерінің күтіп-баптау жұмыстары мейлінше ұтымды жүргізілуде. Қазір алқаптар 3-4 дүркін суарылды. Мұның өзі алдағы науқан барысында мол түсімділікке қол жеткізуге толық кепілдік болмақшы.

Жемшөп әзірлеу жұмыстары Ө. Әбдірайымов басқаратын «Қаскелең» акционерлік қоғамында, Қаройдағы «Дала-Инвест» ЖШС-інде, Л. Гаврилов басқаратын шаруа қожалығында, Международник ауылындағы С. Шерубаевтың «Серке» қожалықтарында мейлінше табысты жүргізіліп келеді.

ІЛЕ АУДАНЫ

●*Жазғы дала жұмыстары*

ЕҢБЕК КӨРІГІ ҚЫЗДЫ

Жемшөп



Қысқа қажетті мал азығын дайындау жұмыстары да сәтті аяқталып келеді. Шөпке байланысты облыс тарапынан берілген алталық тапсырма жоспардағыдан алдекайда жоғары.

Жемшөп әзірлеуде Жамбыл мен Қарасай аудандары болжам биігінен көрінді. Талдықорған мен Еңбекшіқазақ, Қаратал, Сарқан, Талғар аудандының диқандары шөптің нәрлілігін жоғалтпай, дер кезінде шауып алды. Ал пішендемеге жасалған болжам ойдағыдай жүзеге асырылып, қазіргі кезде ол толығымен дайындалды. Жемге арналған астық дайындау істері де қызу жалғасуда. Бүгінгі күні мал қыстатуға қажетті деп жоспарланған 293,5 мың тонна жемдік астықтың 146,1 мың тоннасы әзірленіп, уақытша сақтау орындарына жөнелтілді. Бұл жұмысты Талдықорған, Ақсу, Жамбыл, Қарасай, Көксу, Талғар аудандары жүз пайызға орындады. Сонымен бірге, сабан жинау да қарқын алды. Қажетті деп саналған 172,4 мың тонна сабанның бүгінде 104,8 мың тоннасы дайын.

Темекі



Биыл темекі өсірумен тек Еңбекшіқазақ ауданы ғана айналысады. Көлемі 700 гектар аумаққа себілген темекінің бүгінге дейін 161 гектары жиналды. Қазіргі кезде жалпы түсім 330 тонна болып тұр.

Сүдігер жырту



Келесі жылдың өніміне сүдігер жырту басталды. Облыс бойынша ол 201215 гектарға межеленіп, бүгінгі күнде соның 37509 гектары жыртылып болды.

Ауа райының қолайлы сәтін тиімді пайдалана білген Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Қарасай, Көксу, Сарқан, Талғар аудандының еңбеккерлері бұл іске бірден кірісіп кетті. Яғни, жұмыс талапқа сай жүргізілуде.

Дәнді дақыл



Жетісулық диқандар осы алтаның басына дейін барлығы 391094 гектарға себілген масақты дәнді-дақылдардың 275579 гектарын немесе 70,5 пайызын орып, жинап, бастырып алды. Өзірге облыс бойынша әр гектардан 20,0 центнерден дән айналуда.

Жалпы түсім 550429 тоннаны көрсетеді. Сондай-ақ, келесі жылдың өніміне себілетін күздік масақты дәнді-дақыл тұқымының сапасы зертханаларда тексеруден өтіп, қамбаға құйылуда. Оған қажет деп табылған 44524 тонналың қазірге дейін 10827 тоннасы тексеруге түскен. Ал тексеріліп болғаны 6580 тоннаны құрайды. Соның ішінде тұқымның 3943-і бірінші, 2457-і екінші, 180-і үшінші класқа жатқызылған.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА.

Жеміс-жидек



Көкөніс пен жемісті ағзаға дәрумен жинау үшін өзінде, көзін де тоя жейтін шақ дал осы кез. Оларды нәлиз піскен шағында жинап алмаса, өнім ысырап болады. Сондықтан ауыл еңбеккерлері жеміс-жидек жинау жұмыстарына белсене кірісті.

Облыс бойынша барлығы 13157 гектар алқапқа жеміс-жидектің түрлері өсіріліп, осы алтаның алғашқы күніне дейін соның 7285 гектары жинап алынды. Орта есеппен алғанда әр гектардан 40,5 центнерден айналуда. Жалпы өнім түсімі 29499 тоннаны құрайды. Яғни, бұл көрсеткіш өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда алдекайда жоғары. Соның ішінде 4280 гектар жерге жүзім егілсе, қазіргі кезде соның 285 гектары терілді. Бұл істі Еңбекшіқазақ пен Панфилов ауданының еңбеккерлері бірінші болып бастады.

Мектебім айтар әнім,
Сан рет қайталадым.
Өзіңнен алғанымды,
Өзіңе қайтарамын.

Мұқағали МАҚАТАЕВ.

КӨРШІЛЕС ЖАТҚАН ҚОС АУДАН
аралас, туыс қашаннан

Балқаш өңірінің мәдениет ордасында бүгінгі ұрпақ ең алғаш кімдер бар. Орын бастар, Мәслихат, Білімдіріп шығып, Қоғамдық келісімдегі, Бейсебаев, Мәдениет ата. Сол алғашқы ұлы тұлғаға – ақын күнін әлеуметтік бедел



Суреттерді түсірген Асылан КАЖЕКЕ

Алматыдағы жылы мәдениет салаларына бір миллиард
771
миллион теңге қаражат бөлінеді

Балқаш ауданындағы мәдениет мекемелеріне
129,6
млн. теңге бөлінген

Кербұлақ ауданының мәдениет саласына
100
миллион теңге қаржы бөлінді



"Алтынемел" мемориалдық мұражайының қызметкері Шынар БАЙЗАҚОВА.

Кербұлақ өңірі де өзіндік мәдениеті бай өлке. Аталмыш ауданда «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі орналасқан. Оз 520 мың гектар жерді алып жатыр. Онда «қызыл кітапқа» енген онлаған аса күзет мекендейді. Кирген жанды тәнті ететін Бесшатыр мен Айгайқұм да осы жерге орналасқан. Сондай-ақ, Шоқан Уәлихановтың мемориалдық кешенді бүкіл әлемізге әлемге танымал десек артық айтпаған болар едік. Кәнірі таяда ауданда 29 мәдениет ошағы тұрғындарға қызмет көрсетеді. Мәдениет үйлерінде хор, ұлттық аспаптар оркестрі, вокал, би, көркемсөз оқу, драма үйірмелері жұмыс істейді. Мәдениет күндері жасында өткен шараға аталған ұжымдар толық атсалысты. Орталық алаңда меңмұндалаған киіз үй мен шатырдан асқақ әрі әдемі көлбеген елдің назарын өзіне аударды. Елінің мерейін өсіріп, есімі алты Алашқа таныған өнер майталмандарының суреті «Аудан мақтаныштары» тақтасына тігілген. Түрлі байқауларда жүлделі орын алып жүрген жас дарындардың бейнелері олардың қатарына қойылыпты. Аудандағы қылқалам шеберлерінің туындылары да көрігі жанды бірден баурап алады. Сөйтіп, сланий ұлттарының салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігін көрсететін көрмелер де жиі-жиі ұйымдастырылып тұрады екен. Концерттік бағдарлама шағын сахналық көрініспен шымылдығын ашты. Өнерпаздар салған ән, билеген би қала тұрғындарын бір желпінтіп тастады. Вокалды ансамбль орындаған өнімірлер көрерменді тан-тамаша етті. Иә, ақынынан әкіміне дейін өнер дарыған өлкенің мәдениет күні, міне, осылайша ерекшеленіп, көрген жанға ұмытылмас әсер сыйлады.

Кешке қарай көпшілік екі аудан өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаны тамашалады. Бұлғы көңілдерінің негізгі тақырыбы ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында өтіп жатқандықтан. Тәуелсіздік көшесін бойлай тігілген киіз үйлер мен шатырлар тәуелсіз Қазақстанның жетістігін ағартатын дүниелерге толы болса, концерттік бағдарлама ұлттық рухты көтеріп, жас ұрпаққа салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптан мағлұмат беретін жаңалықпен айшықталған. Мұнда тарихтан сыр шертетін қойылымдар көрсетілді, өткеніміздің жаңғыртты. Мың бұралған би, әуелеген ән, күмбірлеген күй төгілген мерекелік шара жастардың бір кешіне ұласып, түннің бір уағына дейін жалғасты.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Осыдан кейін мінберге көтерілген Кербұлақ ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Төленді Сарыбаев, Балқаш ауданының Құрметті азаматы Жақатай Нұрбаев, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті, «Алтын белгі» иегері Гүлнар Данияқызы, Балқаш ауданындағы Д. Қонаев атындағы орта мектептің директоры Әлия Ауғанбаевалар мәдениет күйлерінің маңызы мен ұлт өркениетін өріге бастырудағы игілікті тұстарын тілге тиек етті. Оз кезегінде балқаштық ақын Женіс Демеуқұлтегі жүрекжарды өлеңін оқып, кездесуді шырайландыра түсті. Кербұлақтықтар Күренбел өңірінің көркем табиғаты бейнеленген картинаны, балқаштықтар заманның зангар тұлғасы Д. Қонаевтың бейнесі сомдалған мүсінді облыс әкімдігіне сыйға тартты. Осыдан кейін естелік суретке түскен көпшілік Тәуелсіздік көшесін жағалай орналасқан үйлер мен этномәдени орталықтарының шатырларын аралап, аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасын тамашалады.

БАЛҚАШТЫҚТАРДЫҢ ТАРТУЫ

Аудан делегациясы өз жұмысын "өткенге – құрмет, болашаққа өнеге болсын" деген ниетпен облыс орталығындағы ескерткіштерге гүл шоғын қоюмен бастады. Облыстық С. Сейфуллин атындағы кітапханада оқырмандармен кездесуді де жоғары деңгейде ұйымдастырды. Осыдан кейін Балқаш ауданы әкімінің бірінші орынбасары Қанат Ақылбеков бастаған аудан ақын-жазушыларының бір тобы облыстық "Жетісу" газеті редакциясының ұжымымен кездесті.

Кездесуге келгендері "Жетісу" газетінің бас редакторы Жақыпжан Нұртөжаев кабылдан, алдымен ауданнан келген ағайындардың кал-жайын сұрап өткен соң тоқсаннан асып, қанаты қатая түскен ага газеттің ел мен жұртшы тынысы болып келе жатқанын айтып өтті. Емен-жарқын әңгіме барысында Балқаш өңірінен шыққан акын-жазушылар бүтінгі әдебиет майданындағы жетістіктер мен басты бағыттар жайындағы ойларын ортага салды. Алғашқы сөз кезегін алған ақын Асылхан Елбосынов жылы тілегін өлеңмен жеткізді. Осыдан кейін сөз алған Шұға Смағұлова:

– «Жетісу» газетінің бізді қызықтыратыны ішкі нірімдері. Ондағы қанатты сөздер, ақыл-нақылдар, кешегі ел билеген бабалардың дуалы сөздерінен азаматтық бейнесін көріп отырамыз. Әсіресе, сенбі күні шығатын нөмірден біз өзімізге керекті көптеген мағлұмат аламыз, – деп ой-ойын түйіндеді.

Аудамдық экономика және бюжеттік жоспарлау бөлімінің бастығы Нұрланбек Рақышев, "Балқаш өңірі" газетінің бас редакторы Құмісбек Ербай біз кандай бөлекке шыксақ, неидей жетістікке қол жеткіксек те осы "Жетісу" газеті көпшілік оқырманға қуана хабарлайды деген ойын ортага салып, газет ұжымы бұдан былай да жемісті еңбектер жасай берсін деген тілектерін білдірді.

«Балқаш өңірі» газетінің қызметкері Мұсахан Әбдіханұлы:

– Мен елге алғаш таныстырған "Жетісу" елі, тақырыбы алуан түрлі, титі, кейбір республикалық газеттерден де қызықты шығатыны рас, – дей келіп, бірнеше сыкак өлеңін оқып, көпшілікті бір желпіндіріп алды.

Оз кезегінде аудан әкімінің бірінші орынбасары Қанат Ақылбеков «Жетісу» газетінің облыстық деп саналғанымен шығармашылық тұрғыда республикалық газеттермен терезесі тең екенін, тіпті кейбір жактан мойны озық тұратынын нақты мысалдармен айта келіп, өнер тұрғындарының ең сүйікті басылымына айналғанын жеткізді. «Сондай-ақ, мұнан кейін де сүйікті газетіміздің аткарған жұмыстарымыз жөні жазылып отырса, нұр үстіне нұр болар еді», – деген ұсынысын білдірді.

Әлбетте, ел газеті «Жетісу» үшін ең басты мәселе – ауылдағы ағайындардың үмітін ақтау. Бұл ұсынысты қуана қолдаған «Жетісу» газетінің бас редакторы Жақыпжан Нұртөжаев Балқаш ауданынан арнайы жазып тұратын тілші белгілесе, оның жазгандарын шығарып тұруды назарға алатынын жеткізді.

Балқаштық ағайындар қазақ баспасөзінің қарашаңырағынан «Ең үлкен табысымыз осы болды», – деп қуанышпен аттанды.

Ал Балқаш ауданының кормесі ауыл бойы жұмыс істеді. Бұл шарага ауданның 15 ауылдық округ түгел дерлік атсалысты. Әсіресе, «Д. Қонаев мұражайы» орын алған киіз үйдің маңы ығы-жығы адамға толы. Мұның да өзіндік себебі бар. Заманымыздың зангар тұлгасы Дінмұхамед Қонаевтың өз аудандарына қатысы барлығын осы өңірдің тұрғындары мактанышпен айтады. Өйткені саясаткердың еңбегі мен өмір жолына арналған кормеге Желторанғы ауылындағы Д. Қонаев атындағы орта мектебіндегі мұражай мұрагаттары қойылған. Бұл мұражайдың алғаш шаңырагын көтерген Мырзабек Қожамқулов еді. Ал немересі Дияр Қонаев атамыздың тірлігінде тұтынған заттары мен кітаптарын және естелік суреттерін елдің игілігіне ұсыныпты. Кенес Аххадиев, Ізбасар Балтагұлов сияқты осы өңірден шыккан қайраткерлердің ұлы саясаткер жайында жазған дүниелері назар аударай қоймайды.

Келер жылы Д. Қонаевтың туғанына 100 жыл толады. Осыған орай, республика, облыс, аудан деңгейінде бірқатар шаралар ұйымдастыру жоспарлануда. Д. Қонаев атындағы орта мектептің директоры Әлия Ауганбаеваның айтуынша, аудан мектептерінде «Д. Қонаевтың 100 жылдығына менің қосар үлесім» атты 100 шара өткізу колға алынған. Шара аясында сынып сағаты, байқау, конференция, түрлі кездесулер өткізіледі деп күтілуде.

Балқаш өңірі Ұлы Отан соғысының батыры Бақтыораз Бейсекбаевпен де мактана алады. «Батыр жолы – баумр жолы» экспедициясының өтінжесінде ерлігі мәлім болған. Кенестер Одағының Батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы Бақтыоразды бүтінгі ұрпақ ерекше құрметпен кастерлейді. Соғыс басталған алғашқы күндері Маслов экипажының құрамында болған жерлесіміз 21 жасында қайтыс болып, ерлік өнежесін жазып кетті. Ақшанқан үйге орналаскан «Б. Бейсекбаев атындағы мұражайда» батырдың өмірінен сыр шертетін естеліктер жинақталған.

Балқаш ауданық өлкетану мұражайында бүтінгі таңда елі мынча жұық жәдігер бар. Орақ батыр, Малайсары, Бөлтірік шешен, Қонаев ескерткіші, Бейсекбаев, Ақжүніс ақа, Солтанай ауылы, Мәмбет акын шыраты – өткен күнің өнеше белгісі. Ал Манат Жәменке кажымыққа барғанда жүз қарының құнына багалап сатып желіген, 1713 жылы «Шүкрат» баспасынан шыккан Құран кәрім Алланың хақтығын ұрпакка аманаттап тұрғандай.

Ақтам бекінісі XII ғасырдан сыр шертеді. Сүлейтбай қажы дирменді, аудан орталығы 1928 жылы Көктала көшкенде алғаш келіп орнықкан Дәркембай тамы тарихпен сусындап, ел өмірімен танысуға үлкен көмек беретіндігі анық.

Тәуелсіздік көшесін бойлай тігілген шатырлардағы көрмені тамашалаған ересектерді мұрагаттар мен аудан шежіресі қызықтырса, балалар Балқаштың табиғи байлығы – ақ-күміс тамшылап, мәре-сәре болды. Қылкалам шеберлерінің туындыларының туған жер, ескен елге деген сүйіспеншілік айқын аңғарылады. Аудан шеберлері жасаған тұрмыстық бұйымдары, ат әбзелдері кашан да сұранысқа ие. Аскан шеберліктен жасалған дүниелер көрген жанды баурап алады.

КҮРЕҢБЕЛДІҢ КҮН КЕЛБЕТІ

Талай талантты тұлғалар мен дарынды ұрпақ өсірген Күренбел өңірі тұрғындарының облыс орталығына үлкен дайындыкпен келгені бірден-ақ аңғарылады. Кербұлақ ауданы облысымыздағы астық өсетін ең үлкен аудан. Одан тыс алтын, күміс, ақ мәрмәр, қара мәрмәр сияқты жерасты байлықтары да ел өзгіп талдырмайды. Ал жер емшегін емген халықтың өркенді өмірге деген ұмтылысы да өз алдына үлкен әңгіме. Күренбелдіктер негізінен ауыл шаруашылығымен айналысатын болса да, іргелі кәсіпорындардың жұмыс өнімділігі куантарлық дәрежеде. Сошымен бірге, жаңа жұмыс орындарының ашылуы қарқын алып отыр. Мәдениет пен өнер саласында да тың жетістіктер бар. Ағымдағы жылы бірнеше ұжымға Халықтық дәрежесі берілді, үйірме, ансамбль саны артты. Бір сөзбен айтқанда, қай саласы болсын орнықты, орнегілу бар.

Оз жұмысын қайырымдылық шарасымен аяқтаған күренбелдіктердің өнер сапарын С. Сейфуллин атындағы кітапханада жалғасын тапты. Онда Кербұлақ ауданының мактанышына айналған жүрек қалаулылар өнерпаздарымен кездесті. Шара барысында ақындар өз кәнігерлерін оңаша, өлеңін қалрей жайлы тың ойларын ортага салды. Әдебиет пен мәдениет тақырыбында сұхбаттасты. Сондай-ақ,



Кербұлақ өңірі де өзіндік мәдениеті бай өлке. Аталмыш ауданда «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі орналасқан. Оз 520 мың гектар жерді алып жатыр. Онда «қызыл кітапқа» енген онлаған аса күзет мекендейді. Кирген жанды тәнті ететін Бесшатыр мен Айгайқұм да осы жерге орналасқан.

● Назар аударыңыз!

Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялау туралы хабарландыру

Барлық конкурсқа катысушыларға қойылатын талаптар:

Е-3 санаты үшін: білімі жоғары кәсіптік, мемлекеттік кызмет өтілі бір жылдан кем емес, не осы санаттағы нақты лауазымдағы функционалдық бағытталуына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі болған жағдайда орта кәсіптік білімі барлардың рұқсат етіледі.

Е-G-3 санаты үшін: білімі – жоғары кәсіптік, мемлекеттік кызмет өтілі бір жылдан кем емес, не осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытталуына сәйкес облыстарда бір жылдан кем емес жұмыс өтілі болған жағдайда орта кәсіптік білімі барлардың рұқсат етіледі.

Е-R-5 санаты үшін: білімі – жоғары немесе орта кәсіптік;

Е-G-4 санаты үшін: білімі – жоғары немесе орта кәсіптік не орта.

I. «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ, Талдықорған қаласы, Кабанбай батыр көшесі, 26, тел.: (7282) 271451, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

еңбек көші-қоны бөлімінің бас маманы (D-O-4).

Функционалдық бағыттары: басқарма құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, педагогикалық, гуманитарлық, компьютерде жұмыс істей білу.

II. Аксу ауданының әкімі, Жансүтіров көшесі, Желтоқсан көшесі, 5, тел.: (72832) 21164, 22158, факс: 21136, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Ертіс ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы – мал дәрігері (E-G-3).

Функционалдық бағыттары: округ әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – мал-дәрігерлік; компьютерде жұмыс істей білу.

III. Алакөл ауданының әкімі, Үшарал қаласы, Д. Қонаев көшесі, 74, тел.: (72833) 21001, 23150, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

І. Алакөл ауданының әкімінің көмекшісі (E-3).

Функционалдық бағыттары: аудан әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – педагогикалық, экономикалық, заңгерлік; компьютерде жұмыс істей білу.

2. Үшбұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы – мал дәрігері (E-G-3).

Функционалдық бағыттары: округ әкімі аппаратының бас маманы – мал дәрігері (E-G-3).

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – мал-дәрігерлік; компьютерде жұмыс істей білу.

IV. Балқаш ауданының әкімі, Бақанас ауылы, Д. Қонаев көшесі, 68, тел.: (72773) 91236, 91443 бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

1. Ақдала ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы – салық инспекторы (E-G-3), ұжымдық, нетізгі кызметкерін бала күту демалысына шығуына сәйкес.

Функционалдық бағыттары: округ әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, заңгерлік, педагогикалық, гуманитарлық, компьютерде жұмыс істей білу.

2. Бақанас ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (E-G-3).

Функционалдық бағыттары: округ әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – заңгерлік; компьютерде жұмыс істей білу.

V. Кербұлақ ауданының әкімі, Сарыөзек ауыл, Б. Момышұлы көшесі, 10, тел.: (328-40) 31705, 31507 бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

«Кербұлақ аудандық ауылшаруашылық және ветеринария бөлімі» ММ ауылшаруашылық секторының бас маманы (E-R-4).

Функционалдық міндеттері: бөлімнің құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – ауылшаруашылық; компьютерде жұмыс істей білу.

VI. Талғар ауданының әкімі, Талғар қаласы, Қонаев даңғылы, 65, тел.: (72774) 21287, 20106, 20762, факс: 21094, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Мемлекеттік-құқық бөлімінің бас маманы (E-4).

Функционалдық міндеттері: аудан әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – заңгерлік; компьютерде жұмыс істей білу.

VII. Панфилов ауданының әкімі, Жаркент қаласы, Гоголевский көшесі, 129, тел.: (72831) 51364, 51509, 51673 бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Жаркент қаласының әкімі аппаратының бас маман – салық инспекторы (E-G-3).

Функционалдық міндеттері: бөлімге жалпы басшылық жасау, бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына жауап беру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, заңгерлік; компьютерде жұмыс істей білу.

VIII. Райымбек ауданының әкімі, Кеген ауылы, Б.Момышұлы көшесі, 9, тел.: (72777) 21560, 21513, факс: 21404, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

ұйымдастыру, мемлекеттік-құқықтық және кадрларымен жұмыс бөлімінің бас маманы (E-4).

Функционалдық міндеттері: аудан әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – заңгерлік, экономикалық, ауылшаруашылық, техникалық; мемлекеттік және жергілікті басқару; компьютерде жұмыс істей білу.

IX. Уйгур ауданының әкімі, Шонжы ауылы, Ражабаев көшесі, 73, тел.: (32778) 21532, 21739, 21331, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

І. Басар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (E-G-3), ұжымдық, нетізгі кызметкерін бала күту демалысына шығуына сәйкес.

Функционалдық міндеттері: аппарат құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, заңгерлік, педагогикалық, ауылшаруашылық, гуманитарлық, медициналық, техникалық, мәдениеттану, мемлекеттік және жергілікті басқару; компьютерде жұмыс істей білу.

2. Дардамты ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (E-G-3).

Функционалдық міндеттері: аппарат құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, заңгерлік, педагогикалық, ауылшаруашылық, гуманитарлық, медициналық, техникалық, мәдениеттану, мемлекеттік және жергілікті басқару; компьютерде жұмыс істей білу.

X. Қаскелең қаласының әкімі, Қаскелең қаласы, Жамбыл көшесі, 13, тел.: (72772) 41583, 42552, факс: 42195, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

1. «Қаскелең қаласының экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі» ММ сектор меңгерушісі (E-R-3).

Функционалдық міндеттері: бөлім құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: бөлімі – экономикалық, компьютерде жұмыс істей білу.

2. «Қаскелең қаласының экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі» ММ жетекші маманы (E-R-5), ұжымдық, нетізгі кызметкердің бала күту демалысына шығуына сәйкес.

Функционалдық міндеттері: бөлім құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: бөлімі – экономикалық, компьютерде жұмыс істей білу.

XI. «Балқаш ауданының экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі» ММ сектор меңгерушісі (E-R-3).

Функционалдық міндеттері: бөлім құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: бөлімі – экономикалық, компьютерде жұмыс істей білу.

XII. «Ескелді ауданының экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі» ММ, Есік қаласы, Жамбыл даңғылы, 21, тел.: (72775) 41491, факс: 40436, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

бас маман (E-R-4).

Функционалдық бағыттары: бөлім құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: бөлімі – экономикалық, компьютерде жұмыс істей білу.

XIII. «Жамбыл ауданының экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі» ММ, Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі, 56, тел.: (72770) 20071, факс 20785, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

сектор меңгерушісі (E-R-3).

Функционалдық бағыттары: бөлім құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: бөлімі – экономикалық, компьютерде жұмыс істей білу.

XIV. «Сарқан ауданының экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі» ММ, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 111, тел.:(72839) 23374, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

бюджеттік жоспарлау секторының меңгерушісі (E-R-3), ұжымдық, нетізгі кызметкердің бала күту демалысына шығуына сәйкес.

Функционалдық бағыттары: бөлім құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: бөлімі – экономикалық, компьютерде жұмыс істей білу.

XV. «Талдықорған қаласының экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі» ММ, Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 256, тел.: (7282) 273231, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

бас маман (E-R-4).

Функционалдық бағыттары: бөлім құзырындағы міндеттердің бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: бөлімі – экономикалық, компьютерде жұмыс істей білу.

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерге арналған тест бағдарламасы:

Е-3, Е-R-3 санаты үшін Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік кызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығымен бекітілген ҚР «Мемлекеттік кызметшілерінің ар-намысы» Кодексін (мемлекеттік кызметшілерге кызмет этикасы ережелері) білуге арналған тест, мемлекеттік тілді білу және логикалық тесттерді қамтиды.

D-O-4, E-4, E-R-4, E-R-5, E-G-3, E-G-4 санаттары үшін: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік кызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік кызметшілерінің ар-намысы" Кодексін (мемлекеттік кызметшілерден кызмет этикасы ережелерін) білуге арналған тест, мемлекеттік тілді білу тестінен қамтылды.

Өнгімелесуге жіберілген үміткерлер, одан аталымын конкурс бойынша тестілеу рәсімін өткізілген кейін бес жұмыс күні ішінде конкурс жариялаған мемлекеттік органдарда өтеді.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру жарияланған мекеттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде көрсетілген мекенжайлары мемлекеттік органдарға тапсырылуы тиіс.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан тұлғалар үшін конкурс ақы шығындары, тұрғын үй және жолдықтер берілмейді.

● Дін – діңгегің

ҚАЛЫПТАСҚАН САЛТ-ДӘСТҮР БАР

Халықтар арасында айрандай ұйыған татулықты ту етіп, әлеуметтік ахуалы мен экономикасының дамуын берекелі арнаға салған зайырлы Қазақстан қоғамы уақыт өткен сайын рухани болмысын байытып, діни көзқарас деңгейі де толығып-толысып келеді. Тұғырнамасы Ата Заңда тұжырымдалған мемлекетіміздің ең ізгі құндылығы – ырысты ынтымағы болса, қай қоғамның болмасын наным-сенімінің дара діңгегі іспетті дін саясаты елімізде салиқалы бағыт ұстанып, жүйелі жүргізілуде.

Толғауы тоқсан дін мәселесі дүниежүзін дүрліктіріп, құрлықтардағы ойран-топаландар адамзат баласын үрейге бой алдырып, діни көзқарасқа байланысты бір-біріне жауыға қараған кезеңде Қазақстан барша әлемді аузына қаратып, төбе биден міндетін атқарып, көрегендік танытты. Бұл бағыттағы игі бастамалардың барлығы Елбасымыздың даркан пейіл, дара стратегиялық саясатының негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің тұғыры мен тірегі, абыройы мен арқасында іспетті Астана қаласындағы Бейбітшілік пен келісім сарайы діни сенім мен тұрақтылықтың орталығына айналып, тек қазақстандықтардың ғана емес, күллі дүние жүртшылығының жұмақ ордасына, бейбітшілік пен конфессияаралық келісімнің алаңына айналуы әр қандасымыздың көңілне мақтаныш ұялататыны да даусыз.

Қазақстанда 2003 жылдан бері әр үш жыл сайын өткізілп жүрген әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің басқосуында түрлі елден келген сан алуан дін өкілдері қазақстандық діни саясат ұстанымдарының мемлекеттік деңгейде дұрыс жолға қойылғанына оң баға беріп, адамзат баласын ортақ адамгершілік сүрлеуге бастау, ізгілік пен имандылыққа шақырудың қажеттілігіне баса назар аударды.

Дін басыларының қоғамдық пікір қалыптастырудағы әлеуетінің күштілігіне сүйенген Қазақстан Президенті Н. Назарбаев өз сөзінде: «Бүгінде алдыңғы түрғыда ізгілік бастаулары шығуы тиіс. Осынау маңызды құралсыз қоғамның дағдарыстан дамудың әлдекайда жоғары траекториясына шығуы мүмкін емес. Мен бұған әбден сенемін. Барлық кезеңде мәртебелі моральдық құндылықтардың сақтаушылары діни лидерлер – түрлі діндердің басшылары болған және болып отыр. Сондықтан да осынау күрделі кезеңде дін қайраткерлеріне айрықша үміт артылады», – деп, жекелеген елдердегі тәжірибелер мен әлемдік қарым-қатынастардың бір-бірімен байланыста оң бағдарларға нұсқаушы болатынын көрсетті.

Қазақ жері – қашан да татулық пен ынтымақтың ұйытқысы ұйғырлп, ұрығы бүр жарған өлке. Бағзы замандардан ұлы дала төсінде түрлі ұлттар мен ұлыстар өмір сүріп келеді. Олардың әрқайсысы өз жүрегінін қалауы бойынша түрлі конфессияға жататын діндерді ұстанады.

Ата Заңымыздың аясында еліміздің әрбір азаматының құқығы қорғалып, еркін өмір сүріп, жүріп-тұруына барлық жағдай жасалып отыр. Елміз егемендік алғалы бері мемлекет дін саясатында азаматтардың еркіндігіне жол берді. Соған сәйкес халықтың діни құқығы заңмен қорғалады. Еліміздегі 40-тан астам конфессиялардың қызметіне ешқандай кедергі келтіріліп тұрған жоқ. Қазір жер-жерде бой көтеріп жатқан мешіттер мен шіркеулер, басқа да діни ғимараттар осының айғағы. Қазақстанның ұстанған бағыты тұрақтылық пен діндарлық келісімді сақтай отырып, ғаламдық қауіпсіздікті нығайтуға лайықты үлес қосу.

Елімізде жақында ғана құрылған дін істері жөніндегі агенттік өз жұмысына Қазақстандағы екелден қалыптасқан дәстүрлі діндерді діңгек ететіндігін жария етті. Бұлда біздің мемлекетте дін мәселесіне ерекше назар аударылатындығының айғағы және халықты әбігерге салатын теріс пиғылды ағымдардан сақтандырудың жолы. Бүкіл еліміздегі сияқты біздің қазақ халқымен бірге 36 ұлт өкілі тұратын жазиралы Жаркент жерінде де барлық этностардың мәдениетін, салт-дәстүрлерін, тілін дамыта отырып, сол ортада қазақстандық ұлтжандылықты қалыптастыру үшін барлық мүмкіндік жасалуда. Бұғанауданда 35 мешіт, 2 православ шіркеуі, «Таурат орталығы», «Мол өмір» діни бірлестігі, «Благовестие» шіркеуі, «Агапе» ізгі хабар орталығының діни бірлестігінің филиалы тіркелін, жұмыс жасал отырғанын мысалға алсақ болады. Алайда кейбір діни ағымдар жергілікті халықтың екелден қалыптасқан діни нанымына, салт-дәстүрне керағар келетін өз ұстанымдарын көлденең тартқысы келетінін де жасыруға болмайды. Қазіргі кезде "Иегова куәгерлері" – жедел өсіп келе жатқан конфессиялардың бірі. Есіктен кіріп, төр менкі деуге ұмтылыс білдіргісі келетін азаматтардың пиғылын ара-тұра байқауға болады. Олар Жаркент қаласы мен ел тығыз орналасқан ауылда белсенділікпен уағыз айтып, өз қатарларын көбейтуге тырысуда. Сол сияқты исламдық керегар ағымдардың да елесі бой көрсетіп қалады. Өсіресе шет елдерге барып исламдық білім алып, дәстүрлі діннен басқа ағымға бой алдырғандардың ықпалына түскендер қазақ даласындағы тұрмыс-тіршілікке сәйкес ежелден қалыптасқан діни салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты жоққа шығарып, өз ұстанымдарын енгізгісі келетіндер мешіт қауымы мен жергілікті халықтың наразылығына ұшырауда. Мұндай әрекеттер қайтыс болған адамды соңғы сапарына шығарып салу, нәзір-құзырын өткеру сәттерінде бой көрсетіп қалады.

Қазақ халқы мен жергілікті мусылмандардың салт-дәстүрі исламның имам ағзам мәзһабы бойынша қалыптасқан. Яғни, қаза болған адамды арулап шығарып салу үшін, жетісін, қырқын және жылын өткеру негіздері бар. Діни танушы Ибн Тайми деген ғалым: «Қайтыс болған адам рухына бағышталып оқылған құран сауап болып тиеді», – деп, өзінің «Әл-жаузия» атты кітабында жазған. Біздің нәзір-құзыр өткеру салт-дәстүріміз осындай негіздерге сүйенеді. Ал, исламдағы сәлафи сияқты ағым өкілдері "өлімге құран оқылмайды, қазалы үйде от жағылып, ас пісірілмейді" деп, ежелден қалыптасқан дәстүрлерімізді бұзғысы келеді. Олар өздерінің сыртқы пішінмен де ерекшеленеді, балағы қысқа шалбар кию, жұма намазында талтайып тұрады. Сақал қоюды уәжіпке (міндетке) айналдырған. Құранда мусылманның сақал қоюы сүннет деп жазылған, яғни қойсаң сауабы бар, қоймасаң еркінде деген мағына береді.

Ислам – бірлік пен татулықтың, берекенің, адамгершілік пен адалдықтың діні. Оның қазақ даласындағы екелден қалыптасқан өз салт-дәстүрлері бар. Дінмен сіңіскен кейбір әдет-ғұрыптың адамгершілік қарым-қатынастарға пайдасы болмаса зияны жоқ. Тіпті әлем діндері бүгінгі қиын кезеңде қазақ жерінде бірлік тапса сол ата-бабаларымыз қалыптастырып кеткен кеңпейіл салт-дәстүрлеріміздің игілікті ықпалы болар. Біз сол дәстүрлі дін діңгегімізден айырылып қалмайық.

Құндызбек МЕДЕТБЕКОВ,
Панфилов ауданының бас имамы.

Тақырыпқа орай

САҚАЛЫ ӨСКЕН, балақ кескен... масқара!

Еліміз күннен күнге жаңарып, құлпырып келеді. Жастарымыз білімді, тәрбиелі, саналы, мәдениетті. Біз соған қуанамыз. Жасым сексенге келді. Картайған шағымда бір дүниеге таңым бар. Ол дініміз туралы. Бұрынғыдай емес, жасы бар, жасамысы бар дінге бет бұрып, жаман әдеттен аулақ болуда. Ол құптарлық дүние. Әйтсе де сол жастарымыз қай дінде деген сұрақ туындайды. Олай дейтінім, көзім көрген бір жағдайды сіздермен бөлісейін. Түс м

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 103 (17516) Сейсенбі, 13 қыркүйек, 2011 жыл. ●e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Ресми хабарлар



«ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ» ІЛІКІ ЖОБАСЫ

Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов Астанадағы №53 мектеп-лицейінің базасында енгізілген «электрондық оқыту» ілікі жобасының таныстырылымына қатысты.

«Осы «электрондық оқыту» білім беру жүйесін енгізіп отырмыз. Енді оқушылар ноутбуктер мен планшеттік компьютерлер арқылы оқу үдерісіне қатыса алады. Бұл өз электрондық жүйеге Қазақстан тарихын толығымен енгізеді. Ең бастысы, балалар қай жерде жүрсе де өзінің компьютері арқылы кезекті ұяны бойынша сабағын жасай алады», – деді ведомство басшысы.

Министрдің сөзіне қарағанда, сонымен қатар ата-аналарының балаларының күнделікті мен оларның оқу үлгерімі, құлық-көсегесі жайында интернет желісі арқылы өз балаларын бекітілген арнайы логинді терін, барлық ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

Б. Жұмағұловтың айтуынша, бұл жүйеге 2,5 млрд. теңге бөлінді. «Алдағы оқылы оқыған 500-ден астам ерлестерді қосатын боламыз. Оған, бұл бағытта игерілетін қаржы 10 есе есетін болады», – деді ол.

Бұл жүйеге бастапқы кезеңде ірі қалалар, облыс орталықтары, содан кейін аудан орталықтары мен ауылдар да қосылады деп жоспарланып отыр.

ШЕТЕЛГЕ ЕМДЕЛУГЕ ЖІБЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №2016 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулыға қол қойды.

Бұл қаулы республика азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетел медициналық мекемелерына емделуге жіберу тәртібін және жағдайларын реттейді, деп хабарлады ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі.

Қаулыда Қазақстан азаматтары бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберудің тиісті дәрігерлік-консультациялық комиссиялардың шешімдері негізінде жүзеге асырылатыны, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберілетін республиканың жеке санаттағы азаматтарының тізбесі енгізілді.

Айғақтары болған және республиканың денсаулық сақтау ұйымдарында диагностика мен емдеудің қолдануға рұқсат етілген барлық әдісі пайдаланылған, бірақ емнің оң нәтижесі болмаған жаңа туған сәбилер мен 18 жасқа дейінгі балалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, ҚР Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша ерекше жағдайларда қызметтік міндеттерді атқару кезінде ауыр жарақат алған және мертіккен еліміздің денсаулық сақтау ұйымдарында диагностика мен емдеудің қолдануға рұқсат етілген барлық әдісі пайдаланылған, бірақ емнің оң нәтижесі болмаған құқық қорғау органдарының қызметкерлері, республика Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері тізбеге енгізілді.

● *Облыстық мәслихат сессиясы*

ОБЛЫС БАСШЫСЫ ДЕПУТАТТАРҒА ЕСЕП БЕРДІ

– Құрметті депутаттар! Құрметті сессияға қатысушылар! Бүгінгі бізде кездесуіміз Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 18 қаңтардағы №19 Жарлығын орындау аясында өткізіліп отыр, – деді облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ. – Облыс әкімінің жұмысы, Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауында қойған міндеттерін, бізді облысқа жұмыс сапарымен болған кезде берген тапсырмаларын орындауға, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығын өткізу жөніндегі мәселелерге және аймақтың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жетісу
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Облыс басшысы одан әрі облыста осы кезге дейін атқарылған, қол жеткізілген табыстарға кеңірек тоқталды. Мәселен, **өнеркәсіп саласында 228,7** млрд. теңгенің өнімі өндірілген. Пайдалануға **29 жаңа өнеркәсіп нысаны енгізіліп, 6** жұмыс істеп тұрған өндіріс орны кеңейтілген, қосымша **813** жұмыс орны ашылған.

Өткен жылы **2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік үлемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы** қабылданды. Бағдарлама шеңберінде бұлтыр **10** нысан іске қосылған. Алғашқы жылы **8,1** млрд. теңге көлемінде **8** нысанды іске қосу жоспарланып отыр, олардың ішінде **4,3** млрд. теңгенің **5** нысаны бірінші жартыжылдықта пайдалануға берілді. Екінші жартыжылдықта жалпы құны **3,8** млрд. теңге болатын **3** нысанды іске қосу көзделіп отыр. Сонымен қатар, Индустриалдық картасына қосымша **2** жоба қосып, жүзеге асыру жоспарда бар көрінеді *(инвестиция сомасы 1,5 млрд. теңге, 76 жұмыс орны)*.

2011 жылы Республикалық Карта аясында жалпы құны **207,3** млрд. теңге құрайтын **2** нысанды пайдалануға беруді жоспарланып отыр *(Мойнақ ГЭС-і және «Жетіген-Қорғас» теміржол желілері)*. Ауылдық секторда **87,6** млрд. теңгенің өнімі өндірілген *(2010 ж. – 77,4 млрд. теңге)*.

(Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясы туралы көпшілікке материалды газетіміздің келесі санымыздан оқи аласыздар)

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.



● *Мәдениет күндері*

Өнері өрлеген өлке

Мәдениет күндері аясында өтіп жатқан іс-шаралардың артықшылығы – қала тұрғындары аудан өмірінің тығыс-тіркілімен танысып, күн сайын өрлеген келе жатқан елімізбің жағдайынан хабардар болады. Мәдени мұраларымызбен сусынған, ауыл өнерпаздарының өнерін тамашалап, серпін қалады. Өткен жұма Еңбекшіқазақ және Ескелді аудандары үшін ерекше күн болды. Қасиет тұлған көс өңір өзіне тән ерекшелігі мен өнерін паш етті. Мәтымақ пен бірлік жүрген жерден дәулеттің де тамылатыны бар. Еңбекшіқазақ өңірі – Сақ тайпаларынан басту алатын жұмыра жеті ғасырлық тарихы бар құтты қоныс, киелі мекен. Ескелді ауданы да дарынды ұл-қыздарымен мақтана алады. Ең алдымен аудандардың делегаттары облыс орталығындағы «Дәнқұ» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, перзенттік борышын өтеді. Осыдан кейін көс ауданның мақтанышына айналған жүрген қаламгерлер мен өнер майталмандары С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапханада қала тұрғындары және оқырмандармен кездесу өткізді. Кездесу барысында қонақтар мәдениет күндері аясында өтетін шаралар жайлы тың ойларын ортаға салды.

Жетісу
Қажет АЙДАС

Міне, осындай мықты лайынды кен келген екі ауданның делегациясын облыс әкімінің бірінші орынбасары **Амандық БАТАЛОВ** қабылдады. Қабылдауда аудан әкімдері Әлихан Тойбаев пен Қоблан Манапов бастаған аудандардың құрметті ақсақалдарының, шалы қауым өкілдері мен жастардың алдында сөз алған өңір басшысы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерине тоқталып, барлық салалағы жетістіктерді тілге тиек етті.

– Мұндай шаралар бүгінгі кезеңде тіпті керек. Өйткені, ешқандай қиындық рухы мығым елдің еңсесін түсіре алмайды. Аталмыш шара халыққа қимандықты жеңетін күш-жігер береді, – деп сөз бастаған Амандық Ғаббасұлы бұдан соң өңірімізде атқарылып жатқан игілікті жұмыстарға тоқталды.

– Осындай игі бастамалардың изгісінде облыс экономикасының өрлендеуі мен тұрғындарының әлеуметтік жақтан қамтамасыз етілуі және спорт саласындағы тың нәтижелерімізді адамды қуантарлық деңгейге. Бір сөзбен айтқанда, облысымыздың экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштері жақсы қарқынмен дамып келеді. Осы ретте, аудан тұрғындарының бережебірлікпен жұмыла ел үшін еңбек етіп жатқанын атап айтуға болады. Еңбекшіқазақ ауданы – арыдан-бері өткен шетелдік қонақтардың ең бірінші көзіне түсетін өлке. Олар соған қарап, еліміздің хал-жағдайын бағамдайды, сондықтан аудан тізгінін ұстап отырған ел ағаларын жұмыла жұмыс істеуі керек. Ал Ескелді ауданы болса Талдықорғанның іргесінде жатыр. Елуден аса ғалым шыққан өңірде сол бабалардың жеткен жетістігіне кір түсіріп алмауы керек, – деді.

Осыдан кейін сөз кезегін алған Ескелді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қалабек Тастанбаев, Еңбекшіқазақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбілбек Айтақынова, Абылайхан атындағы әлем тілдері және халықаралық қатынастар университетінің студенті Мұрат Сыламжанов, Ескелді аудандық «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысы Индира Асанова аудан тұрғындарының бересекелі тұрмысы мен мәдениет күндерінің халыққа берер тағылымы жайындағы ойларымен бөлісті. Сондай-ақ, ақын Сайлаубай Тойлыбаев жырдан шашу шашты. Кездесудің соңын Аманлық Баталов қорытындылап, аудан делегациясымен бірге өстелік суретке түсті. Бұдан соң салтанатты шара орталық алаңдағы аудандардың өнермесін тамашалауға ұласты.

Алқалы топты алдымен ән мен жырдан шашу шашқан ескелділіктер қарсы алды. Тәуелсіздік кешесін бойлай тігілген ақшаңқан үйлердің алды-жағы адамға толы. Жанарынан жалын, өнінен жылылық ескен жастар қонақтарды құрметпен қарсы алып жатты.

Бәрімізге аян, жердің сұлуы да, сұлуы тұнығы да, өнердің өрлеп де Жетісуда. Оңды қоластағаған елді мекендердің өзіра айырмашылығы, мақтанышы мен өнер, әлбетте, мәдениет саласындағы жетістіктері бір-бірімен сабақтасып жатады. Ескелді би атындағы аудан өзінің дарынды ұл, білімпаз қыздарымен мақтана алады. Сондықтан да мәдениет күндері аясындағы шараған осы артықшылығын айқын аңғаруға болады. Өйткені бұл ауданнан 54 ғылым докторы мен кандидаты, Қазақстан Республикасының тұңғыш атағын иеленген 37 дарын түлеген. Айтыс өнерінің пірі Сара Тастанбекқызы, әрқалы ақын Бақтыбай Жолбарысұлы, Ұлы Отан соғысының батыры Матай Байысов, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов жерлестеріне үлгі болар тұлғалар. Сайын Мұратбеков, Ғали Орманов сияқты сыршыл қаламгерлердің тумысқы ескелген ұрпаққа жолбасшы. Сондықтан ескелділіктер өздерінің мақтаныштарына арнап кітап үй тігіп, мұражай ашып қойыпты. Кітап үйге бас сұққан қалалықтар керекті мағлұматтар алып, көңілге ләп ой түйіп жатты. Тағы бір айта кетерлігі, Жетісу өңіріндегі алғашқы білім нұрын шашқан оқу орны да ескелділіктердің еншісінде. Құрылғанына 135 жыл болған Көксу ауыл шаруашылығы колледжінің көрмесі де көпшілікті қызықтырды. Оған 9 мамандық бойынша білім алып жатқан студенттердің қолынан шыққан дүниелер жинақталған. Аудандағы «Қарлығаш» балабақшасындағы балғындардың қолөнер тумындары да жұрт назарынан қағыс қалмады.

(Соңы 2-бетте).

● *Күз – шаруа айы*

Табиғат берген мол ырыздықты жинап алу жұмыстары қарқынды жалғасуда. Оған ауа райының жайлылығы да айтарлықтай демеу болып тұр. Яғни, ауыл еңбеккерлеріне қысқы азықты қамдап алуға еш кедергі жоқ.

Жұмыс қарқыны ойдағыдай



Малдың қыстан қысылмай шығуы үшін барлық аудан мен қалаға қосымша жем-шөп дайындау жаппде тапсырма берілді. Қазіргі кезде облыс бойынша барлығы 2000,0 мың тонна жем-шөп қажет деп белгіленсе, шөптілер бүгінгі күнге дейін 1885,5 мың тонна шөпті жинап алды. Шөпке байланысты облыс тарапынан берілген апталық тапсырма болжамдағыдан өлдеқайда артығымен орындалды. Сондай-ақ, биыл 77,0 мың тонна пішендеме дайындау керек деп болжанса, бүгінгі таңда ол толығымен жуз пайызға дайындалды. Жемге арналған астықтың қажеттілігі 293,5 мың тонна деліпсе, алтаның алғашқы күні сонын 191,5 мың тоннасы уақытша сақтау орындарына жеткізілді.

Жетісулық диқандар барлығы 391094 гектар алқапқа себілген масақты дақылдардың бүгінде 346086 гектарын орып, одан 692194 тонна өнім алды. Әзірге облыс бойынша әр гектардан 20,0 центнерден дән алынуда. Өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда түскен өнімнің көрсеткіш біршама жоғары. Бұл кті Алакөл, Кербұлақ, Райымбек, Сарқан аудандарынан басқасы толығымен аяқтады. Егін орағын аяқтағандардың ішінде әр гектардан 27,3 центнерден өнім алып, гектар берекелігін тасыпқан Текелі қаласы мен әр гектардан 25,9 центнерден өнім алған Еңбекшіқазақ ауданының аты басқалардан озып тұр.

Облыс бойынша келесі жылдың өнімне 192869 гектар жерге күздік себу 201215 гектар алқапқа сүдігер жырту қарқын алды. Осы кезге дейін 35757 гектарға күздік себілп, 120380 гектар сүдігер тырмаланды. Ауа райының жағима-шуақ мезгілін тиімді пайдалана білген Еңбекшіқазақ, Райымбек, Талғар, Үйғыр ауданының еңбеккерлері сүдігер жыртуды бірінші болып тамамдады. Яғни, жұмыс талапқа сай жүргізілуде. Сонымен бірге, дәнді-дақылдардың тұқымын құю жұмыстары да өз деңгейінде жүргізілуде. Жалпы алғанда, барлық құйылатын тұқымның мөлшері 92429 тонналы құрайды. Бүгінде осы тұқымның 75239 тоннасы тиісті орындарға жеткізілді.

Сонын ішінде барлық ауданда күздік дақылдардың тұқымын қамбаға құю толығымен аяқталды. Ал, жаздық дақылдардың тұқымын құю әлі де жалғасуда Сондай-ақ, келесі жылдың өніміне себілетін күздік масақты дәнді-дақылдар тұқымының сапасы зертханаларда тексеруден өтіп, қамбаға құйылуда. Оған қажет деп табылған 44524 тонналың, қазіргі дейін 40322 тоннасы тексеруге түскен. Ал, тексерілп болғаны 25287 тоннаны құрайды. Сонын ішінде тұқымның 14563-і бірінші, 9655-і екінші, 1069-ы үшінші класқа жатқызылды.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

Ресми хабарлар

Жәрмеңкелері

Соңғы жылдары Алматы, Талдықорған, Қапшағай және Текелі қалаларында ауыл шаруашылығы тауарларының жәрмеңкесін өткізіп тұру дәстүрге айнала бастады. Шарапатты шаруа биыл да жалғасын тауып, сенбі күні жәрмеңкелердің күзгі маусымы ашылды.

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алматы қаласындағы арнайы белгіленген орындарда Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Қарасай, Райымбек, Талғар, Үйғыр аудандарының еңбеккерлері сөрелерін жайып, жұртшылыққа өз тауарларын тиімді бағада ұсынды. Жәрмеңкеде ет-май, сүт, көкеніс және өзге де тұрмыстық өнімдер жақсы өтті. Осы күні Алматы аумағы бойынша азық-түліктің отыз түрі сауданып, барлығы 11075,6 мың теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері сатылды. Ал Қапшағайда осы қалалық аумақтағы шаруашылықтар мен Балқаш ауданының көкеніс өсірушілері мен диқандары сенбілік базардың шырайын кіргізді. Қайта өңдеу кәсіпорындары шығарған дәмнен өнімдер де үлкен сұранысқа ие болды. Қапшағайда өткен жәрмеңкеде 1256,6 мың теңгенің өнімдері сатылды. Текелде осы қаланың өзінде орналасқан қайта өңдеу кәсіпорындары мен қала аумағына қарасты жерлерде көкеніс өсіретін ауыл шаруашылығы құрылымдары мен жеке шаруа қожалықтары да сауданы жандандырды. Мұнда 650 мың теңгенің азық-түлігі сауданылыпты. Осылайша үстымздегі жылы атылған қалаларда өткен алғашқы күзгі жәрмеңке жоғары деңгейде ұйымдастырылғанымен есте қалды.

Облыс орталығындағы «Жерұйық» коммуналдық базары мен бесінші шағын ауданында және орталықтағы Тәуелсіздік көшесінің бойында өткен сенбілік жәрмеңкеде Талдықорған мен қала маңындағы шаруашылықтар және Қаратал, Ақсу, Панфилов, Алакөл, Ескелді, Сарқан, Көксу, Кербұлақ аудандарынан келген ауыл шаруашылығы саласының тауар өндірушілері базар саудасын қыздырды. Облыс өкімінің орынбасары **Сәкен ЖЫЛҚАЙДАРОВ** бастаған облыстық ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және көлік-логистик салаларының басшылары мен аудан әкімдері жәрмеңкелерді аралау барысында сатушы диқандармен өнімдерін, саласына қатысты мәселелерді талқылады. Сауда мәдениеті мен өнімдердің сапасына назар аударды. Талдықорған қаласының үш жерінде өткізілген биылғы жәрмеңкеде өнім түрлерінің барынша артқаны байқалады.

Мұнда базар сөрелерінде бұлайғы кезде кездесе бермейтін, алтабалға қалған жағдайда бағасын қалта көтере қоймайтын ет, балық, шұжық, бал мен сүт тағамдары және жемс-жидек пен көкеніс түрлері, бақшалық дақылдар молынан жеткізілпті. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы да базардағыдан өлдеқайда төмен болды. Мәселен, картоп пен пияз 40-45 теңгеден, сиыр 45-50-ден, қырыққабат 25-тен, қызанақ пен тәтті бұрыш 40 теңге шамасында сауданды. Қаратал ауданы, Үштөбе қаласынан келген «Үштөбе-Айдын» ЖШС-нің сары май, сүзбе, кілегей, айран секілді сүт өнімдері мен «Үштөбе-Мираж» ЖШС-нен ұсынған шұжық түрлерін алушылардан қатары кем болды. Осы ауданның Мәдениет үйінің өнер көрсетушілері ән мен күйден мың бұралған биден шашу шашып, базарлы күнді өңдуменга беледі. Сонымен бірге, Панфилов, Сарқан, Ескелді аудандарының ауылдық округтерінен әкелінген алма, алмұрт, жүзімдердің түр-түрі көздің жауын алып, жұртты өзіне қаратты.

Қоғалының қызыл картобы да тұтынушылардың көңілінен шықты. Алакөлден әкелінген балықтың түрі де сан алуан. Жалпы, тиісті барлық аудандардан жеткізілген қой, сиыр, жылқы және шошқа еті сауда сөрелерне лық толып, өз алушыларын тапты. Қазы-қарта мен жал-жаяға да сұраныс аз болған жоқ. Талдықорған мен қала маңындағы аудандардағы қайта өңдеу кәсіпорындары шұжық, пен сүт өнімдерін және ас атасы наннын небір дәмдісін ұсынды. Осылайша, таң бозынан басталған алғашқы күзгі жәрмеңкеге келушілер түске дейін топастамады. Артының-тартының қалалықтар керек жарағын сенбілік базар арқылы түгендеп, сауда кеңірін қыздыра түсті.

Талдықорған өңірі бойынша тұтынушылар үшін тағамның 27 түрі әкелініп 9542,4 мың теңгенің саудасы жасалды. Облыс жұртшылығы сенбілік жәрмеңкеден 22524,6 мың теңгеге сауда жасап, азық-түліктерін қамдап алды.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Алматы аумағы бойынша
11075,6
мың теңгенің өнімдері сатылды

Талдықорған өңірі бойынша
9542,4
мың теңгенің саудасы жасалды

Облыс жұртшылығы
22524,6
мың теңгеге сауда жасады

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

«Жерұйық» фильмі ҚАРАТАЛДА



ҮШТӨБЕ. Ардақ тұтар Ата Заңымыздың мерейлі мерекесі қарсаңында қараталдық қалың көрермен «Жерұйық» көркем фильмінің шығармашылық тобымен жүздесіп, бір серпіліп қалды. Аудандық Мәдениет үйінде өткен кездесуде түсірілімнің бас режиссері Сламбек Тәуекел, сценарий авторы Лаврентий Соя, композитор Яков Хан, актерлар Әдуард Пак, Татьяна Цой, Мери Ли, тағы басқа артистер болды.

Олар алдымен Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы түсірген сүбелі туындының ел тарихындағы, халықтар достығын нығайтудағы алатын орнын әңгімелеп берді. Фильмнің бас режиссері Сламбек Тәуекел:

– Асан қайғы бабамыздың желамаға мініп, желе жүріп, шарқ ұрып іздеген жерұйық өлкесін Қазақстанның әр түкпірінен жолықтыруға болады. Соның бірі жер төресі Жетісу, оның бір аймағы Қаратал. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары туған жерінен ерікті көшіріліп, Қазақстанға қоныстандырылған ұлттар мен ұлыстар үшін қазақ жері сүйікті Отанына айналса, жүдеп-жадап келген ағайынды қамқорлық құшағына алған қазақ халқы болатын. Фильмнің негізгі идеясы, басты мұраты қиын күндерді басынан өткерген жандардың қазақ халқының меймандостығына рахмет айту болатын. Сол мақсаттан шыға алдық деген ойдамыз. Туындының әсерлі түсірілуіне ауданның бір топ жанашыр азаматы көп жәрдемдесті. Бір жағынан бүгінгі кездесуімізді пайдаланып оларға алғысымызды айтпақ ойдамыз, – деді.

Мұнан соң көрермендердің ыстық ықыласына бөленген «Жерұйық» фильмі көрсетілді. Абай әндерімен әспеттелген, сылдырап аққан Қаратал өзені мен жер шоқтығы Бастөбені экраннан көріп, үлкен әсерге бөленген қараталдықтардың алғысын «Шығыс Қаратал» ЖШС-нің төрағасы В. Ли жеткізді.

К. ҚАРАМАН.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Колледж АШЫЛДЫ



ҮЙҒЫР. Елбасы өзінің дәстүрлі Жолдауында «Ауыл тұрғындары үшін медициналық көмектің қолжетімділігін кеңейтуге айрықша назар аудару қажет» деп атап өткен болатын.

Осы бағдарламаны іске асыру жолында ауданда біршама игілікті істер атқарылуда. Осы қадірлағы жандандыру мақсатында жақында аудан орталығында «Шонжы медициналық колледжі» жаушкерлігі шеңтеулі серіктестігі ашылды. Бұл оқу орнына Магауя Мәуленов жетекшілік етеді. Ол өткен жылы осы оқу орнын ашқан еді. Алғаш рет 25 студент қабылданды. Бірақ, лицензия жоқ деген себептен оқу орны іс тоқтатқан болатын. Биыл жаңа оқу жылында бұл оқу орны қайта ашылды. Бес аудитория мен екі іс-тәжірибе жүргізетін бөлме толық жөнделуден өтіп, 15 студент оқуға қабылданды. Өткен жылғы 25 студентті қосқанда студенттер саны 80-ге жетті. Сонымен қатар, оқу орнында 15 қызметкер жұмыс істейді.

Ашылу салтанаты мемлекеттік Әнұранмен ашылып, сөз кезегі колледж директоры Магауя Мәуленовке берілді. Ол осы аудан әкімдігі мен №4 Шонжы орта мектебінің директоры Ноғайбек Дәуренбеков сынды жігіттерге ыстық лебізін білдіріп өтті. Бұдан кейін сөз алған аудандық мәслихаттың хатшысы Мәуіен Нұров, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрбек Сейітов, «Ұрпақ парасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жанет Керімқұлов, аудандық ұйғыр этно-мәдени орталығының төрағасы Закир Мамыров, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бастығы Тілепжан Рахмаев, колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Марс Ахметов, ата-аналар атынан С. Рәшахунова, студент С. Ағлиляевалар жиналған қонақтарға құттықтап, студенттерге жаңа оқу жылында сәт-сапар тіледі. Ашылу салтанатының соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Е. СӨРСЕНБАЕВ.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Ақынын АРДАҚТАДЫ



РАЙЫМБЕК. Ақын – ананың ұлы, халқының мақтанышы. Жүрегінен жыры, көмейінен өлең төгілген ақындарға деген ел құрметі болек. Олардың жыр жауһарлары, өлең кітаптары қашанда ұрпаққа рухани азық.

Райымбек ауданынан шыққан белгілі ақын Оразбай Байбақовтың есімі оқырман қауымға жақсы таныс. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын ағамыздың оннан аса жыр жинағы жарық көрді. Балаларға базарлық істетті дүниелерінің өзі бір төбе.

Жақында Жаланаш ауылында Оразбай Байбақовпен кездесу кеші болып өтті. Ақынға арналған жыр кешінің беташарында ауыл әкімі Төнесбек Әлдибеков Оразбай ағаны құттықтап, Райымбек ауданының Құрметті азаматының төсбелгісін кеудесіне тақты. Ақсақалдар алқасының төрағасы Әріп Сыбанбайұлы ақынның арқасына шапан жауып, ыстық ықылас білдірді. Кеште Айдана Байғайып, Фариза Жақсылыққызы, Айзада Оразалы секілді өнерлі оқушылар ақын өлеңдерін жатқа айтты. Осы күні ақын шығармашылығына арналып көрме ұйымдастырылды. Кітапхана меңгерушісі Нұркүлсін Құдайбергенова ақынның жыр жинақтарымен таныстырды. Таулы аймақта өткен жыр кеші әр жүректің түкпірне сиқырлы сезім ұялатты. Әуезді ән, жауһар жырмен өткен әдеби шара ауылын ардақтаған ақынның да шабытын еселей түсті.

Қ. БІРЖАНСАЛ.

ҚҰРМЕТТІ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

Сіздерді, **2011 жылғы 16 және 22 қыркүйек** аралығында Талдықорған қаласындағы «Жастар» спорт сарайында Қазақстан Республикасы III жазғы спартакиадасының бағдарламасында ерлер мен әйелдер арасында ауыр атлетикадан жарыстарды тамашалауға шақырамыз.

Жарыстың салтанатты ашылуы **2011 жылғы 17 қыркүйекте, сағат 15.30-да** «Жастар» Спорт сарайында өтеді.

Жарыстар күнделікті сағат **10.00-де** басталады.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Өнері өрлеген өлке

Айтыс өнерінің бірі Сара Тастанбекқызы, арыстың ақын Бақтыбай Жолбарысұлы, Ұлы Отан соғысының батыры Матай Бапысов, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов жерлестеріне үлгі болар тұлғалар.



(Соңы. Басы 1-бетте).

Ал Еңбекшіқазақ ауданы – өнеркәсібі өркендеген өңір. Бүгінде ауданда 98 кәсіпорын бар. Онда жеті мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Мұнда ағымдағы жылдың жеті айында 15 млрд. 200 млн. теңгенің өнімі өндірілген. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, облыс бойынша өндірілетін сүт өнімдерінің 53, ірімшіктің 80, жеміс-жидек шырынының 35, жүзім шырынының 40, коньяк өнімдерінің 15, құрылыс материалдарының 3, асфальт төсеудің 25 пайызы еңбекшіқазақтықтардың еншісінде. Шара барысында өнеркәсіп көрмелері арқылы жетістіктерін көрсетуге тырысты. Тағы бір айта кетерлігі, ауданда құсбегілік жақсы дамыған. Еңбекшіқазақтық құсбегілер Англия, Венгрия, Франция, Германияда өткен байқауларда бірінші орынды иеленіп, шет елдегі әріптестерге құс баптаудың сан түрлі әдіс-тәсілін насихаттап келеді.

Сондай-ақ, елімізбойынша құсбегілік мұражайы Еңбекшіқазақ ауданында болғаны да мақтанарлық жағдай. Нұра ауылындағы «Жетіқазына» құсбегілік мұражайы елімізге ғана емес шет елдерге де танымал. Мұражай директоры Динара Серікбаеваның айтуынша, мұражайға Еуропа, Орта Азия елдерінен келген қонақтар қатты қызығушылық танытады екен. Өйткені, мұнда бірнеше ғасырлық жәдігерлер бар. Айталық, «Ойрантөбе» шайқасында Райымбек батырдың тұтынған дүниелері, Нарынқол өңірінде өткен Есенаман атаның бүркітке су беретін құралы, жалаңаштық бүркітші Дәулетбақ қариянның түз бүркітін ұстауға арналған құралы көпшіл көзі ретінде жақсы бағаланады. Тұмаға, биялай, балдақ, қол балдақ, ақсүңкір, ителгі, қарғының тұзғы, салпышақ, 300 жылдық тарихы бар қайыс арқан, жемқап, тағы басқа да құсбегілікке қатысты құралдар көздің жауын алады. Франция, Араб елдерінен келген қонақтардың қолтаңбаларын қалдырған бұйымдар мұражайдың сәулетін аша түседі. Мұражайды тамашалаған қалалықтар үлкен қызығушылық танытып жатты.

Бүгінде ауданда 98 кәсіпорын бар. Онда жеті мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Мұнда ағымдағы жылдың жеті айында 15 млрд. 200 млн. теңгенің өнімі өндірілген.



Қос ауданның мерейін өсіріп, есімі алты Алашқа танылған өнер майталмандарының сүрлеуі «Аудан мақтаныштары» тақтасына тіркелген. Түрлі байқауларда жүлделі орын алып жүрген жас дарындардың бейнесі олардың қатарына қосылыпты. Аудандардағы қылқалам шеберлерінің туындылары да көпшілік жанды бірден баурап алады. Ұйғыр, түрік, күрд, неміс, нешен, славян, орыс ұлттарының салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігін көрсететін көрмелер де қалыс қалмаған.

Кешке қарай көпшілік екі ауданөнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаны тамашалады. Бұлағы мәдениет күндерінің негізгі тақырыбы ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында өтіп жатқандықтан концерттік бағдарлама ұлттық рухты көтеріп, жас ұрпаққа салт-дәстүр мен әдет-ғұрпынан мағлұмат беретін жаналықпен айшықталды. Мың бұралған би, зүлеген ән, күмбірлеген күй төгілді. Өнерпаздар салған ән, билеген би қала тұрғындарын бір желпінтіп тастады. Вокалды ансамбль орындаған әуендер көрерменді тәнтамаша етті. Ескелді ауданының концерттік бағдарламасы қазақ даласының мамыражай тіршілігін көрсететін шағын сахналық көріністен шымылдығын ашты. Одан ары жоңғар-қазақ соғысы бейнеленген көрініс революция, азамат соғысы, Ұлы Отан соғысы бейнеленген сюжеттермен, Желтоқсан көтерілісімен шырайланып, тәуелсіздікке ұласады. Әлбетте, осы көріністер арқылы көпшілік тәуелсіздікке деген күрестің тамыры тереңде жатқанын ұғынды. Дәл осы жолда аудандық Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Дәнияр Кемелбаевтың және сценарийін жазып, көріністі сахналаған Жетісу ауылдық Мәдениет үйінің директоры Қайрат Қанкенұлының еңбегіне риза шылығын білдірген елдің ыстық ықыласын естіп қалдық. Еңбекшіқазақтықтар тарихтан сыр шертетін қойылымдар көрсетіп, өткенімізді жаңғыртты Пә, ақынынан әкіміне дейін өнер дарыған өлкенің мәдениет күні, міне, осылайша ерекшеленіп, көрген жанға ұмытылмас әсер сыйлады.

Мерекелік шара жәстардың би кешіне ұласып, түнің бір уағына дейін жалғасты.

Сырт көз

Жетісу жері – тарихқа бай өлке. Далаөлкәдегі күмбезін күн шалған ғажайып ғимараттар, сан-салтанатқа бөленген сырлы сахналар, бик тұғырларда орнатылған алып ескерткіштер, таңғажайып жазбалар, сырлы суреттер – ата-бабалар тәжірибесінің жарқын үлгісі. Бұл мұраларды көздің қарашығындай қорғап, ел игілігіне асыратын ұрдіс бүгінде өз мәресіне жетіліпті, жалғасын табуда. Басқасын айтпағанның өзінде, Талдықорған қаласындағы мәдениет күндері аясында өтетін шаралар елдің ризашылығын тудыруда. Біз өзге облыстың тұрғыны болсақ та елдің мәдениетін мойнектеп, жоғалтқанын түгендеп жатқан игі шараға қызығушылық танытамыз. Әрине, жыл сайын Талдықорғанға қонаққа келгенде мүдетті түрде осы уақытқа тұралайтынын ескертеміз. Осы күні көрмелерді аралап, жадығерлерімізді тамашалаймын. Сондай-ақ, ата-бабаларымыздың парасатына тәнті болатын. Осындағі игі бастамалары бар жұртшылық тар бақыты десем де болады. Ауылға қайтқанда көп емдеріммді немерелеріме ертегіше бастап, Мұндай жақсы бәдел өлкеде жасасаң құбаң-ай! болар еді.

Қамаш ҚАБАТАЕВА,
зейнеткер, алтын алқалы ана.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

● *Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация*

СЕРВИСТІК-ДАЙЫНДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫН ҚҰРУДА

ҚР Үкіметінің Мемлекет басшысы тапсырмасын жүзеге асыруға байланысты арнайы дайындаған бағдарламасына сәйкес «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы сервистік-дайындау орталықтарын құруға мықтап кірісті. Осы бағыттағы қанатқақты жобаларды орындау мақсатына республикалық бюджеттен бөлінген 697,9 миллион теңге ретімен игерілуде. Өткен жылы алғашқы сервистік-дайындау орталықтарын құру және іске қосу мақсатында облыстың үш аймағында: Панфилов, Балқаш және Көксу аудандарында сервистік- дайындау орталықтарының алғашқы кезеңдері пайдалануға берілді.

Жетісу
Болат АБАҒАН

Панфилов ауданында құрылған «Жаркент сервистік-дайындау орталығы» ЖШС-нің таңдаған бағыты – дәнді жүгеріні өңдеу және өткізу. МТС құрып, дәнді жүгеріні қабылдау, тазалау, кептіру, сақтауды жүзеге асырады. Жобаны жүзеге асырудың алғашқы кезеңіндегі басты шара – МТС құруға 210 миллион теңге қаралтырылған. Екінші кезеңде 230 миллион теңгеге кептіру қондырғысы орнатылады. Жобалық құн «КазАгро» ҰБХ» АҚ арқылы пизингке алынады. Жобаның құрылтайшылары «ЖетісуАгроСауда» ЖШС», «Жаңатағұлова» шаруа қожалығы, «Арман» ауылдық тұтыну кооперативі, «Салиұр» ЖШС.

Балқаш ауданында құрылған «АгроФудСауда» ЖШС-нің басты бағыты – көкөніс сақтайтын қойма салып, оны соңғы үлгідегі технологиямен жабдықтау. Мұнда да бірінші кезекте МТС салынады. Бұған 1216 миллион теңге жұмсалған. Екінші кезеңде 3110 миллион теңгеге көкөніс сақтайтын қойма салынып, жабдықталады. Жобаның қаржылық-экономикалық негіздемесі жасалып, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен мақұлданыпты. Аталған жобаға «ЖетісуАгроСауда» ЖШС, «Ақ жолтай» ауылдық тұтыну кооперативі, «Жетісу» шаруа қожалығы «Agro Food» ЖШС, «Фрегат-Сервис» ЖШС, «Динара» ӨК құрылтайшылық етуде.

«Көксу сервистік-дайындау орталығы» ЖШС соңғы жылдары проблемасы көбейіп тұрған қант қызылшасы сынды күрделі салаңы таңдапты. Бұлар да бірнеше кезекте МТС құрып, сонан соң ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерге әмбебап қызмет көрсетуді қолға алыпты. Тек МТС құрудың өзіне 200 миллион теңге жұмсалған. Аталған сервистік-дайындау орталығының құрылтайшылары: «ЖетісуАгроСауда» ЖШС, «Мағжан» ауылдық тұтыну кооперативі, «Арұжан» және «Сәрсекұлов» шаруа қожалықтары.

«Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы басшыларының айтуына қарағанда, жоғарыда аталған жобалардың қаржылық-экономикалық негіздемесі директорлар кеңесінің отырысында бекітілген. облыстың стратегиялық дамуына сәйкестігі облыс әкімдігімен мақұлданған. Қазіргі кезде сервистік-дайындау орталықтары құрылып, құрылтайшылары жалпы жиналыстарында бекітілген қажетті техникаларға қатысты сұраныстарына сәйкес қаржыландырылып, алынуға тиісті 111 дана ауыл шаруашылығы техникасының 106 данасы келісімшарт бойынша тиісті орындарға жеткізілген. Қалған техникалар жақын күндері әкелінеді. Қолға тиген техникаларды тиімді пайдаланған сервистік-дайындау орталықтары ауылшаруашылық тауар өндірушілерге 111091 мың теңгеге қызмет көрсеткен көрінеді.

«АгроФудСауда» ЖШС жобаның екінші кезеңін жүзеге асыру мақсатында Балқаш ауданындағы Миялы ауылында сыйымдылығы 5400 тонна көкөніс сақтайтын қоймаңың құрылысын бастапты. Құрылыс алдағы айда толық аяқталып, пайдалануға беріледі.

● *Маман мінбері*

ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ ЖАСАҒЫ ЖҰМЫСҚА КІРІСТІ

Ауыл шаруашылығы саласында залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу мал мен өсімдік арасында түрлі жұқпалы аурулардың таралуына бірден-бір тосқауыл болады. Кейінде аталған қызметке үлкен мән беріліп, науқан уақыттарында арнайы жасақтар нақты іс-шараларды жүзеге асыратын. Жасырарға жоқ, кейінгі жылдары елеусіз қалған жұмыстың маңыздылығы бүгінде қайтадан айқын сезіле бастады. Өйткені ауыл шаруашылығында, оның ішінде мал және өсімдік шаруашылықтарында өнімділікке тікелей кесірін тигізетін жұқпалы аурулар асқынып, шаруа адамдарын алаңдатуда. Осыған орай осыдан тура 20 жыл бұрын тарап кеткен залалсыздандыру жасығы Алматы облысы әкімдігінің ұйғарымымен қайта құрылып, «Жетісу Нан» тұрақтандыру астық қоры» МКК құрамына енгізіліп, өз міндетін атқаруға кірісті.



Әкімдік қолдауы мен көмегі арқасында облыс бюджетінен бөлінген қаражатқа сыйымдылығы үш тонна болатын 5 және сыйымдылығы алты тонналық 2 көпсалалы залалсыздандыру автокөлігі сатып алынып, бюджеттік саудаға бастап жұмысымызды бастадық.

Ветеринариялық-санитарлық шаралар арасында ауылшаруашылық малдарының жұқпалы ауруларын болдырмау мақсатындағы дезинфекциялау, дезинвазиялау, дезинфекциялау және дератизациялау үлкен маңызға ие. Бұлай қысқартып айтқанда, мақсатқа да жоғарыда аталған шараларды дер кезінде және талапқа сай өткізу арқылы сыртқы ортадағы жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын жою, таралуына жол бермеу.

Дезинфекция (des – жою, infectio – жұқтыру) – сыртқы ортада патогенді микроорганизмдерді жоюға бағытталған шаралар жиынтығы. Дезинфекция бірнеше тәсілмен жүргізіледі: ылғалды; аэрозольды; газды және көбікті. Осылардың ішіндегі кең тараған және әмбебап түрде қолданылатын тәсіл – ол ылғалды дезинфекция.

Бұрындары қолданылып келген 5 пайызды кальцинденген сода, 3 пайызды каустикалық сода, керосин сынды микробтарға қарсылығы төмен, оған, керісінше, токсикалық әсері жоғары дәрілердің орнына бүгінде жаңа заман сұранысына сай шығарылған дәрілер қолданылады. Олардың вирустарға әсері жоғары және токсикалығы төмен. Дәрілердің құрамында йод болғандықтан бос йодтарды болу арқылы микроорганизмдерді тат алмасу процесін бұзып, олардың тіршілігін жояды. Препарат сыртқы қабық түзетін және сыртқы қабық түзбейтін вирустарға, грамм он, грамм теріс бактерияларға, спораларға, ауру туғызатын саңырауқұлақтарға, вирусты энцефаломиелитке, ішек таяқшаларына, риккетсилерге, хламидиларға, токсоплазмаларға, қарапайымдылар мен тағы басқа ауру қоздырғыштарды жояды.

Облыс аумағында ірі қара малының шыққан сарып ауруына қарсы залалсыздандыру және сауықтыру жұмыстарын жүзеге асырдық. Сонымен қатар, 21300 гектар жерге аса қауіпті зиянды өсімдіктер: у кекіреге, сары шөпке және шегіртке лерге қарсы химиялық залалсыздандыру жүргіздік. Талдықорған және Үйғентас орман шаруашылықтарындағы 600 гектарда ағаштарға да химиялық залалсыздандыру шарасы қолданылды. Бүгінгі бір арнайы автокөлік 8 сағатта 300-400 гектар жерді химиялық тұрғыда залалсыздандырады.

«Жетісу Нан» тұрақтандыру астық қоры» МКК облыс аумағында ветеринария саласындағы алдын алу және сауықтыру шараларымен қатар мал қоралары, мал сою алаңдарын, қоймаларды дезинфекциялық, дезинсекциялық, дератизациялық залалсыздандыру жұмыстарын жүргізеді. Сонымен бірге, ауылшаруашылық өнімінде, жеміс-жидек бақтарында, жүзімдікте, шешендік, жайылымдық жерлерде, жол бойындағы ағаштарда, ормандағы зиянкестерді залалсыздандыру мен өндіс шараларын атқарады.

Барлық жұмыс жеті бірдей дезинфекциялық автокөліктерді қолдана отырып, орындалады. Қазіргі кезде барлық керек-жарақтармыз түгенделіп, қолжетімді өрнаңда әзірлете тұрмыз. Соған сай бізден жасақ өз міндетін атқаруға сақалай сай десем артық айтқандық бола қоймас. Бізбен байланыс телефондарымызды қазып немесе есте сақтап алыңыздар **27-37-30;** факс **21-48-45.**

Төктарбек БЕКЕТОВ,
залалсыздандыру жасағының
бас ветеринар дәрігері.

● *Бәрекелді!*



Газетіміздің өткен санында жазғанымыздай, Шымкент қаласында бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің арасында белгілі спорт журналисі Сейдахмет Бердіқұловты еске түсіруге арналған республикалық спартакиада өткізілген болатын. 5-10 қыркүйек аралығында өткен бұл жарыста Алматы қаласы мен Алматы, Ақтөбе, Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан , Маңғыстау мен Оңтүстік Қазақстан облысының журналистері спорттың бес түрі бойынша бәсекеге түсті.

ЖЕТІСУЛЫҚТАР ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

Жетісу
Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ



Жетісулық жеңімпаздар Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ мен Мәрат ҚАШҚЫНБАЕВТЫ марапаттау сәті.

Әдетте журналистер қауымы басқа мамандық иелерінің жетістігіне қуанып, жалпақ жұртқа жария етіп жатады ғой. Сейте тұрып жүйке жүйесіне ең көп салмақ түсіретін өз жұмыстарының нәтижесі көп ретте елеңсіз қалып жатады. Журналистер арасындағы мұндай жарыстар да жиі өткізіліп тұрады деп мақтана алмаймыз. Содан кейін де шығар, ҚР Туризм және спорт министрлігі мен Байланыс және ақпарат министрліктерінің ұйытқы болуымен, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің белсене қолдауымен өткен бұл кеңейтілген жарыс тілшілер қауымын елең еткізіп, қолдауын туғызды.

Кеңейтілген жарыс деп өтеше айдар тағып отырғымыздың да өзіндік мәнісі бар. Олай дейтініміз, қазақ спорт журналистикасының негізін қалаған Сейдахмет Бердіқұловты еске алуға арналған турнир бұған дейін Алматы қаласында мини-футболдан ғана өткізіліп келген болатын. Жоғарыда аталған министрліктер мен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен биылғы жылы бұл жарыстың аукымы кеңейіп, журналистер Шымкент қаласында мини-футболдан басқа волейбол мен үстел теннисінен, шахматтан дойбыдан шеберлік сынасты. Болашақта бұл жарыс дәстүрлі бәсекеге айналады деген бозамықтың да жаны бар сияқты.

Жарыстың ашылу салтанаты 5 қыркүйек күні Шымкенттің Кажымұқан атындағы орталық стадионында өткізілді. Салтанатқа Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Әли Бектаев қатысып, жарысқа қатысушыларға жақсы ниетін арнағаннан кейін ҚР Туризм және спорт министрлігі спорт комитеті төрағасының орынбасары Әбіл Дөнбай мен Ұлттық штаттық командалар және спорт резерві дирекциясы директорының орынбасары, спартакиаданың бас төрешісі Қаныбек Иманғали, Сейдахмет Бердіқұловтың ұлы Заңғар Бердіқұлов спортшыларға табыс тіледі.

Төрт күнге созылған жарыс барысында жетісулық журналистердің тасы өрге домалады деген түйін жасауға болады. Нақтырақ айтатын болсақ, құрамында облыстық «Жетісу» телерадиосының қызметкерлері Жеңіс Әбдірешев пен Думан Алтынбекұлы бар футболшылар алғашқы күшпен-ақ пағыл бабында екендіктерін танытып, жеңістен жеңіске жетумен болды. Олар осынау жолғы қарқындарын жарыстың аяғына дейін сақтап, жүлделі бірінші орынға табан тіреді.

Футболшылардан үстел теннисі бойынша сынға түскен спортшыларымыз да қала қойған жоқ. Бағдат Көпенова мен Қанат Амангелдұлы, Нұрлан Дүйсенбіновтер жеңіс баспалдақтарымен бірден-бірге ормелеумен болып, түптеп келгенде бірінші орынға табан тіреді.

Дойбышылар да жеңіс тұғырынан көрініп, Жетісу жерінің данқын асырды. Талдықорғандық Екатерина Ким мен балқаштық Мәрат Қанжамбаев және осы жолдардың авторы бірдық қарсыластарының басым түсіп, командалық жеңіске өздерінің қомақты үлестерін қосты.

Маңғыстаулықтар жарысқа шахматшыларын ғана үкілеп қоскан екен... Соған орай оларды тандап қоскан жүйріктері ешбір команда ойыншыларына дес бермеді. Нәтижесінде құрамында қалалық «Талдықорған» газетінің корректоры Роза Мүсекенова мен Серік Мақлушов, Вадим Индустриев бар жетісулық шахматшылар командасы мақтаныштылықтардан ғана жеңіліс тауып, екінші орынды қанағат тұтты.

Волейболшылар бәсекесі жарыс жабылар алдында ғана мәреге жетті. Жерлестерімізбарған бойда Жамбыл облысының журналистерінен ұтылып қалса, екінші күн серпілің, Ақтөбе облысы мен Алматы қаласының командаларын ұтты. Бірақ, үшінші күнгі бәсекеде сәттілік тарағысының басы алаң иелері – Оңтүстік Қазақстан облысының журналистері жағына қарай ауып кетті. Олар содан кейін барып Солтүстік Қазақстан облысының журналистерімен жүлделі үшінші орын үшін таласқа түсті. Алғашқы ойында жеңіліс тапқан жерлестерімізкимылдарын бірте-бірте шыңата түсіп, келесі екі ойында жеңіске жетті. Сөйтіп, волейболшыларымыз да жүлдесіз қалмай қола медальді қанағат тұтты. Осылайша жетісулық журналистер жалпыкомандалық есепте 77 ұпай жинап, алаң иелері – Оңтүстік Қазақстан облысының спортшыларын 8 ұпай сонына тастады. 62 ұпайдан жинаған Жамбыл мен Ақтөбе облыстарының командалары үшінші, төртінші орындарды өзара бөлісті.

Осы жерде осынау үлкен жетістікте ойыншыларды алдын ала іріктеумен айналысып, оларды жарысқа дайындаған, барлық ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасында болған облыстық тоғызқұмалақ федерациясының президенті Бекасыл Қожығұлов пен республика бойынша жоғары дәрежелі төреші Рашид Пармановтың еңбектерін атап өтпей болмайды. Аталған азаматтардың белсене араласуымсыз Алматы қаласы мен Оңтүстік Қазақстан облысы сияқты іргелі командалардың ойыншыларын ұту өте қиынға түскен болар еді.

Әрине, басты мұрат – жарыста жеңіп шығу емес, сол бәсекеге қатысу дейтін болсақ, еңбегін жоғары бағалап, сыйлық тапсырып, марапаттауға болады. Бұл жағынан алғанда арқалағандары алтын болғанымен жегендері жантақ дегендей жүрген жалпы журналистер қауымы үшін жақсы бір демалыс болды. Ұйымдастырушылар айтқандай, бұл жарыс алдағы уақытта дәстүрлі түрде өткізілуі тұратын болса, иәр үстіне иәр.

«Бәрекелді!» дейтін тағы бір мәселе – Шымкент қаласындағы «Комби-строй-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Нұралы Әбіш азаматтық танытып, жарыстың бас жүлдесіне автокөлік тіккен екен. Жеңімпаз атанған жерлестерімізосынау бас жүлдені иелеңіз. Жетісу жерінде абыройымыз асады.

ТАЛДЫҚОРҒАН – ШЫМКЕНТ – ТАЛДЫҚОРҒАН.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ

«ЖАС ОТАУ» АКЦИЯСЫ – ЖАС ОТАУДЫ ҚОНЫСТОЙҒА ЖАҚЫНДАТАДЫ!

Қазіргі таңда, әр қазақстандық жас отбасы тұрғын үйді қажет етеді немесе тұрмысын жақсартуды қалайды. Алайда, жас жанұяға қымбат ипотекалық несиелеуді қолдану шарт емес. Тұрғын үй мәселесін шешуге арналған қолайлы балама бар, ол – тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі. Оның мүшесі болу үшін ерлі-зайыптыларға «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» арнайы «Жас Отау» акциясы шеңберінде шарт жасау қажет.

Тұрғын үй, әсіресе, жаңа отбасына әлі де өзекті мәселе болып отыр. Жаңұяның құрылуы тұрғын үйді болуды немесе өз тұрмысын жақсартуды талап етеді. Оның қалыптасуы барысында әрдайым тұрғын үйді сатып алу мүмкіндігі бола бермейді. Сонымен қатар, «қоғам тетігіне» қаланған кезден бастап әр адамның өмірінде маңызды кезең туады. Өйткені нәрестеде дүниеге келгісімен тұрғын үй алаңын кеңейту қажеттілігі туады.

Соңғы кездері, жастардың отау құруда және тұрғын үй жағдайын жақсарту жолында сенімді қадам жасап келе жатқандары айқын көрініс табуда. Міне, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» бағдарламалары осыған ықпал етеді. Банк қызметінің басталу уақытынан, үстіміздегі жылдың 1 шілде аралығындағы көрсеткіш бойынша 188,3 мың салымшылар жинақ жүйесінің қатысушысына айналды. Ал тұрғын үй құрылыс жинақ шарттарының сомасы 50,0 млрд. теңгеден асты (http://www.pm.kz/program/event/view/188).

Сонымен қатар, қол жеткізсек деген арман-тілек... Жақындар мен жолдас-жоралардың жаңа үйде немесе патерде бик шаңырақ, кең кереге тілеуі бұл арманының еселей түседі.

Мінеки, баспана жағдайларын жақсартуда жас отбасыларына қол ұшын беру мақсатында «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» «Жас Отау» акциясын жариялады. Жас отау үшін бұл – баспаналы болудың қайталанбас мүмкіндігі. Акция мерзімі – 2011 жылдың 1 қыркүйегінен 30 қыркүйегіне дейін. Аталған бағдарламаға жасы жиырма тоғызға толмаған жас жұбайлардың екеуі де қатыса алады. Акция бойынша жинақ шотын ашу кезінде жұбайлардың әрқайсысының комиссиялық алымынан 75%-ын ғана төлеуі көзделеді. Мұндай жағдайда, тұрғын үй құрылыс жинақ шартының сомасы 1,0 млн. теңгеден аз болмауы шарт.

«Жас Отау» – баспаналы болудың бірден-бір жолы.

Мендельсон вальсінің үнімен маңғі бірге болуды қалаған екі жас қол ұстасып келеді. Аққайнарды аспанға шашыратта атып, жастарға күттықтаулар айтылады. Әрі қарай дүркіреген шат-шадыман той... Туыстар, жолдастар шын жүректен бақыт, маңғі махаббат, тілектердің орындалуын және көп балашаға болуын тілеп, жастарды шаттыққа бөлейді.

«Жас Отау» акциясының арқасында «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» бағдарламаларын қолдана отырып, жас отау баспаналы болады.

Сіздің жинақ пайызының жылдан-жылға өсе беруі. Тұрғын үй салымы бойынша жылдық 2% сыйақы қарастырылған. Ал салымның жылдам өсуінің нышаны – жинақтың мемлекеттік сыйлықақы есебінен жыл сайын 20% көбеюі. Тек ынталандыру көлемінің 200 АЕК-нен аспайтының ескерген жөн.

Пайыздық мөлшерлеме жинақтаған қаражат сомасына тікелей байланысты. Шарт сомасының 0% - дан 25% - ға дейінгі аралықта жинақтаған қаражатқа тиесілі мөлшерлеме жылдық 11% (тиімді жылдық мөлшерлеме – 15,1% дейін) құраса, шарт сомасының 25%-дан 50%-ға дейін жинақтағандарға жылдық 10,5% (тиімді жылдық мөлшерлеме – 17,3% дейін) төленеді.

Ал шарт сомасының 50% жинаған тұлғаларға баспаналы болуға жол салады. Стандартты аралық тұрғын үй заемдары бойынша жылдық 8,5% (тиімді жылдық мөлшерлеме – 17,5% дейін).

Мерзімінен бұрын жинақтағандар «Жеңіл» аралық заемын қолдана алады. Пайыздық мөлшерлеме жылдық 9,5% (тиімді жылдық мөлшерлеме – 15,7% дейін) құрайды.

«Халық Банкінің» банкоматтары арқылы ең қиындықсыз салымды өтеп, толтыруға болады. Ал шарт жасау кезінде «Қазпошта» ердайым жанында!

Жаңұя – барлық бастамалардың басы десек, тұрғын үй мәселесінің шешудің алғашқы қадамын «Жас Отау» акциясымен бірге бастағаныңыз жөн.

«Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» – мемлекеттік маңызы бар іс!

***Ескертпе: аталмыш акция талаптары, бұдан бұрын жасалған тұрғын үй құрылыс жинақ шарттарына және Қазақстан Республикасының 2005-2007 және 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларының қатысушыларына, болашақта мемлекеттік бағдарлама шеңберінде баспана алуға несиеленетін, тұрғын үй құрылыс жинақ шарттарына отырушыларға қатысты болмайды.**

Ибраһим КАППАСОВ.

Қосымша ақпараттарды «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның аймақтық филиалынан алаласыздар. Мекенжайы: Талдықорған қаласы, М. Төлебаев көшесі, №86 үй, тел.: 24-40-48, 24-79-72.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 71 (17627) Сейсенбі, 26 маусым, 2012 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

▲ БӘРЕКЕЛДІ!

"АЛТЫН ЖҰЛДЫЗҒА" ИЕ БОЛДЫ

Журналистер қауымының төл мерекесі қарсаңында Алматы облыстық «Жетісу» газеті баспасөздің биік шыңы – Жалпыұлттық журналистік сыйлыққа қол жеткізіп, «Үздік аймақтық газет» аталымы бойынша «Алтын Жұлдызға» ие болды. Дүйсенбі күні бұқаралық ақпарат саласындағы мәртебелі сыйлықты Қазақстан Журналистикасы Академиясының Президенті Сағымбай Қозыбаев пен ҚР Президенті баспасөз қызметінің Алматы облысы бойынша бюросының жетекшісі Валерий Жандаулетов Талдықорғанға арнайы келіп, облыстық өкімдікте өткен салтанатты шара барысында табыстады.





Галымұрат ЖҮКЕЛ
«Жетісу»

Облыс әкімінің бірінші орынбасары **Амандық БАТАЛОВ** тәрағалық еткен алқалы жиында облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы **Гүлжиян СҮЛЕЙМЕНОВА,** облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы **Үмсын БАЛАБИЕВА** және өзге мекеме басшыларымен қатар облыстық БАҚ өкілдері қатысты.

– Өздеріңіздің кәсіби мейрамдарыңызға түспа-түс келген "Алтын Жұлдыз" күтты болсын, – деп сөз бастаған Амандық Ғаббасұлы бұл марапатты – облыс бойынша атқарылған кемелді істерді жүртшылыққа баяндап, игі істердің бастауында жүретін «Жетісу» журналистерінің ортақ жетістігі деп бағалады. Сонымен қатар Амандық Ғаббасұлы бұқара мен билік арасындағы алтын көпір іспеттес баспасөз құралдары мен телеарнаның басын бір шаңырақ астына біріктіру үшін баспа үйін тұрғызу қолға алынғандығын тілге тиек етті.

Өз кезегінде сөз алған Сағымбай Қозыбаев бұл сыйлықтың мәртебесі турасында сөз өрбітіп, Қазақстан Журналистикасы Академиясының «Алтын Жұлдыз» марапаты осы саланың Эвересі екендігін баяндады. Қазақ журналистикасының майталманы Сағымбай Қозыбаев сөзін қорытындылай келе, «Алтын Жұлдыз» сыйлығын газетіміздің бас редакторы Жақыпжан Нұрғожаевқа салтанатты түрде табыстады.

– Кезінде жыр құлагері Ілияс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев пен Мұхтар Әуезов сынды тарлан тұлғалардың қолтаңбасы қалған «Жетісу» газеті бүгінде облыс әкімі Ансар Мұсахановтың қолдауының арқасында өзіндік орнын тапқан басылым, – деп атап өткен Жақыпжан Мысабекұлы Қазақстан Журналистикасы Академиясы мен облыс әкімдігіне шексіз алғысын білдірді.

Осы бір қуанышты сәтте ҚР Президентінің баспасөз қызметінің Алматы облысы бойынша бюросының жетекшісі Валерий Жандаулетов «Жетісу» газетінің мәртебесін айқындайтын марапат құтты болсын деген жүрекжарды лебізін жеткізді.

Облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Гүлжиян Сүлейменова да басылымды жетістігімен құттықтап, алыстан ат терлетіп келген мәртебелі меймандарға ықыласын білдірді.

– Елбасының саликалы саясатын жүзеге асыруда алдыңғы орында табылатын басылым бетінде мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылу барысымен қатар оқырманға ой салатын сан мақала жарық көруде, – деген Гүлжиян Мағданқызы арқалағаны алтын, жегені жантақ жетісу өңірі журналистерінің еңбегін өз дәрежесінде бағалағаны үшін Қазақстан Журналистикасы Академиясының Президенті Сағымбай Қозыбаевқа алғыс айтты.

Жиынды облыстағы өзге басылым басшыларының құттықтау сөзі тамамдады. Облыс әкімдігіндегі салтанатты бас қосудың жалғасы ретінде мәртебелі меймандар редакцияда «Жетісу» газетінің ұжымымен кездесіп, сұхбаттасты.

Сонау 1918 жылдың маусым айынан бастап оқырманға жол тартқан «Жетісу» газеті өткен ғасырда қазақ халқының басынан өткерген сан сынақтың куәгері екендігі айтақ. Бүгінде 94-ке келген қарт басылым жетісулықтардың сүйіп оқитын газеті болып табылады. Бұл турасында 50 мыңға жуықтаған газеттің таралымынан ақ аңғаруға болады.

ӨЛКЕ ӨНЕРІНІҢ ӨЗГЕШЕ БОЯУЫ

Аудандардың Мәдениет күні басталды



Қаланың іргесінде жатқан Қарабұлақ кенті арқылы аптасына болмаса да айына бір рет ары-бері өтеміз. Әлбетте, Ескелді бабаның атын еншілеген ауданның орталығы болған соң жол бойындағы өзгерістерге, адамдардың көңіл күйіне көз салып, кеше мен бүгінді салыстыра жүруді әдетке айналдырғанымыз жасырын емес. Міне, тағы да сол өңірге беттеп келеміз. Бағытымыз – аудан әкімдігі. Мақсатымыз – сол кентте өтетін аудан-қалалардың мәдениет жетістігін көріп, елдің тыныс-тіршілігін білін, түйгенімізді қаламға іліп қайту. Күре жолмен жүйткіген көліктен далаға көз тастаймыз. Үйреншікті көріністердің өзгешелігі бірден өзіне тарта бастады. Қарабұлақтың орталық көшелеріне асфальт төселіп, жол жиегіндегі шарбақтар жаңаланыпты. Жол жөндеп жатқан ауыр техникалардың гүрілі ауқымды шаруалардың атқарылатынын аңғартады. Осыдан-ақ, кентке жаңа леп келгенін байқайсыз. Бұл – мәдениет күндеріне деген ескелділіктердің дайындығы. Әлбетте, үйімізге қонақ келсе де бір жиналып қалатынымыз бар емес пе. Қашанда қадірін қонақжайлықтан іздейтін қазақтың сол қасиетін Қарабұлақтан таптық. Осы тұста, мәдениет күндерін елді мекендерде өткізу туралы тың бастаманының авторы облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВТЫҢ көрегендігіне тәнті боласың. Әрине, алты жыл бойы облыс орталығын думанға белеп, үлкен тәжірибе жинақтаған шараның елді мекендердің тыныс-тіршілігін түлетуге ықпал ететінін сезіндік.

Жетісу
Қажет АНДАС

«Ауылдың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» атты жалпыұлттық жоба аясында облыстың құрылғанының 80 жылдығына арналған байқаудың шымылдығын Ескелді, Қаратал және Көксу аудандары ашты. Үш ауданның мәдениет көшін ескелділіктер қабылдап, Карабұлақтағы қаралайым халықтың жұмадағы бір күні думанды тойға айналды.

Аталмыш шараның осы ауданда өтуінің де өзіндік себебі бар. Бәрімізге аян, жердің сұлулығы, судың тұнығы, өнердің өркені де Жетісуда. Десе де, осы өңірді қоныстанған елді мекендердің озара айырмашылығы, өнер, әдебиет, мәдениет саласындағы жетістіктерінде десек артық-кемі жоқ. Ескелді би атындағы аудан өзінің дарынды ұл, білімді қыздарымен мақтана алады. Ауданнан 54 ғылым докторы мен кандидаты, Қазақстан Республикасының түрлі атағын иеленген 37 дарын түлеген. Айтыс өнерінің жұлдызы Сара Тастанбекқызы, арқалы ақын Бақтыбай Жолбарысұлы, Кеңестер Одағының Батыры Матай Байысов, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов – жерлестеріне үлгі болар тұлғалар. Жаңа бастаманың шымылдығын ашуды осы ауданнан бастау сыры осында болса, екіншіден өткен жылы ескелділіктер мәдениет байқауының бас жүлдесін жеңіп алған болатын. Алдымен Ескелді би ескерткішіне гүл шоғын қойып, перзенттік борышын өтеген облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ аудандық Мәдениет үйінде үш ауданның делегациясын қабылдап, әңгіме өрбітті. Сөз кезегінде облыс басшысы:

– «Мәдениеті өскен ел – өркениетке көшкен ел» дегендей, бұл –халықтың рухани өміріне, мәдениетінің дамуына ықпал ететін үлкен шара. Жыл сайын мәдениет күндерін өткізуде аудан өнерпаздарының шеберліктері, өнер ұжымдары мен жеке орындаушылардың деңгейі өсіп келеді. Олардың шығармашылығы жаңа репертуармен толығып, костюмдері жаңартылуда.

Өнерсіз ел өрге баспайды. Сондықтан әлеуметтік-мәдени салаға бағытталған қаржы көлемі жыл сайын өсіп, кезінде қысқартылып, жабылып қалған мекемелер жаңаланып, ашылуда.

Жер жаннаты Жетісу өлкесі қай заманда да өнер қонып, бақ дарыған өңір, оны мақтанышпен айтамыз. Ал өнер кәні – халық та, әрдайым осыны ескеріп, оған барынша қамқорлық жасауымыз қажет. Бүгінгі мәдениет күндерін өткізіп отырған үш аудан да облыс экономикасының дамуына өзіндік үлесін қосып келеді. Сондықтан да, бүгінгі кездесуге өсер ұрпақ үшін пайдалы өнеге болатын аталарымыз бен аналарымыз, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, білім, денсаулық сақтау, тағы да басқа саланың қызметкерлері қатысып отыр, – деді. Осыдан кейін сөз алған Көксу ауданының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Тезекбай Құрмашұлы, Қаратал ауданының Құрметті азаматы, еңбек және соғыс ардагері Сейдахмет Қосжанов, Ескелді ауданы мәслихатының хатшысы Қалабек Тастанбаев мәдениет күндерін тұрғындардың рухани қазынасын байытып, өркениетті өркендетуге демеу болған тұстарын тілге тиек етті.

(Соңы 2-бетте).

Жаңадан аудан әкімі тағайындалды

Дүйсенбіде Панфилов аудандық мәслихатының кезектен тыс VII сессиясы шақырылып, ҚР «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» Заңының 32-бабына сәйкес Панфилов ауданы әкімі лауазымына тағайындауға келісім беру туралы ұйымдық мәселе қаралды. Сессияда облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ сөз сөйлеп, депутаттарға ұсыныс білдірді.

Жетісу
Мырзагали НҰРСЕЙІТ

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 27 шілдесінің № 852 Жарлығымен бекітілген Тәртібіне сәйкес аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін облыс әкімі аудандық, қалалық мәслихаттың келісімімен тағайындайды деп нақты айтылған.

Осы орайда бүгінгі шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясының қарауына Ермек Келемсейітті басқа жұмыска ауысуына байланысты, Панфилов ауданы әкімінің лауазымына Президент Әкімшілігінің келісімімен Бигелдиев Махаббат Сәдуақасұлы ұсынылады, – деп сөз бастаған Ансар Тұрсынханұлы бұдан әрі депутаттарға Махаббат Бигелдиевтің өмірбаянын қысқаша таныстырып өтті.

Еңбек жолын қатардағы жұмысшы болып бастап, білімі мен тәжірибесін халық игілігіне жұмсай жүріп өскен Махаббат Сәдуақасұлы Алматы облыстық мемлекеттік сәулет- құрылыс бөлімінің бастығы, Жамбыл ауданы, Талдықорған қаласының әкімі, облыс әкімінің орынбасары сынды жауапты қызметтер атқарған. Аудандық мәслихат депутаттары облыс әкімінің ұсынысын бірауыздан қолдап, Панфилов ауданының әкімі лауазымына Махаббат Бигелдиевті тағайындауға келісім беріп шешім шығарды.

Бұдан кейін аудан әкімдігінің үлкен жиынжайында аудан активі өтті. Жиынды облыс әкімі кіріспе сөз сөйлеп ашып, өңір жұртшылығының өкілдерине аудан әкімі лауазымына жаңа тағайындалған Махаббат Сәдуақасұлы Бигелдиевті таныстырды. Сонымен қатар, осы қызметті соңғы 7 жылда атқарған Ермек Келемсейітке алғыс сезімін білдірді.

Актив жиынында Ермек Келемсейіт сөз сөйлеп, аудан жұртшылығына алғыс айтып, жаңа қызмет ұсынған облыс әкіміне ризашылығын білдірді. Жиында сөйлай-ақ сынды Шәріп Рахметов, Шәріпхан Керімбеков қариялар, Еңбек Ері Күлаш Айтжанова, аудандық ұйғыр этномәдени орталығының төрағасы Рехимжан Тохтахунов сөз сөйлеп, жаңа тағайындалған әкімнің жұмысына сәттілік тіледі. Панфилов ауданының жаңа тағайындалған әкімі Махаббат Бигелдиев өзіне үлкен сенім артқан облыс әкімі мен жергілікті халыққа алғысын жеткізді. Жиын соңында сөз сөйлеген облыс әкімі Ансар Мұсаханов аймақта атқарылған бірқатар игілікті істерге тоқталды. Сонымен қатар облыс әкімі Панфилов ауданының әкіміне, жергілікті атқарушы органдардың басшыларына бірқатар міндет жүктеді.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен **БИГЕЛДИЕВ** Махаббат Сәдуақасұлы Панфилов ауданының әкімі болып тағайындалды.

Хроника

Алматы облысы әкімінің өкімімен **КЕЛЕМСЕЙІТ** Ермек Әбілмәжінұлы басқа жұмысқа ауысуына байланысты Панфилов ауданының әкімі қызметінен босатылды.

▲ ЕЛ ІШІНЕН

САТЫДАҒЫ САЯБАҚ

Алдыңғы толқын ағаапайларының ізін басқан, дәстүрін жалғастырған Саты ауылындығы А.Түркебаев атындағы орта мектепті 1992 жылы бітірген түлектер алтын ұяларына арнайы барып, өзіндік қолтаңбасын қалдырып қайтты. Мектепке іргелес алаңқайдан бой көтерген әдемі саябақ ендігі жерде тек оқушылар үшін ғана емес, ауыл тұрғындарының да көңіл көтеріп, серуен құратын сүйікті орынына айналатын болды.

Осыдан 20 жыл бұрын аталмыш мектепті 60-қа жуық түлек бітірген болса, олардың барлығы дерлік бүгінгі таңда ата-ана ретінде ұрпақ өсіріп, еліміздің әр бұрышында, әр салада еңбек етіп келеді. Құрдастарының басын біріктірген Жақсылық Рахимов, Бекжан Болғанұров, Ұлан Өзбаев, Бекет Бақбергенов секілді белсенді топ мүшелері ақылдаса келе ауылдың көркіне көрік қосып, көпшілікке игілікке қызмет етсін деген ниетпен аумағы аттай-тұрымдай жерге алғыс түп артұрып жемс ағашын отырғызып, бос жерге ерте көктемнен қоңыр күзге дейін түсін өзгертпейтін жасыл шөп сеуіп, орындықтар орнатып, сыртын шарбақпен қоршаған аулаға «Саябақ» деген атау берді. «Саябақтың» бір бұрышы балалар алаңқайына арналған. Онда бүлдіршіндерді жаңбыр мен күннен қорғайтын кішкене үйшіктерден бастап, өткеншек пен алтыбақан секілді түрлі ойын құралы орнатылған. Талым алған мектеп, азамат етіп ұшырған ауылына деген құрметтерін осылайша білдірген ұл-қыздарына ұстаздары мен ата-аналарын да айтар алғысы шексіз.

Ш. ЖҮНІСБАЙҚЫЗЫ.
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

«ІЛЕ-СӘУЛЕТ» ЕРЛЕП ТҰР

Аталмыш футбол командасы соңғы жылдары ауданның абыройын асқақтатып келеді. Алысқа бармағанның өзінде өткен жылы ел тәуелсіздігінің 20 жылдығын лайықты қарсы алу мақсатында тамаша ойын өрнегін көрсете отырып, республика чемпионатында бірінші лигада үшінші орын алып, қола жүлдегер атанған болатын. Ал, биылғы маусым басталғалы бері тоғыз ойын өткізіп, олардың алтауы сырт алаңда ойналды. Сырт алаңдағы ойын барысында Семей, Төміртау қалаларының футбол командаларын ойсырата ұтты.

Күн кеше ғана Ақтаудың «Каспий» командасын өз алаңында қабылдап, аудан футболшылары 3:0 есебімен жеңіске жетті. Осы ойын барысында қарсыластар қақпасына Ынтымақ ауылының шыққан Еркін Нұржанов, Чапай ауылының тумасы Аскар Абутов бір-бірден доп салса, тағы бір допты қарсылас қақпасына команда капитаны Ерлен Бекмұқаев салды.

Ендігі кезекте «Іле-Сәулет» футболшылары Ақтөбенің «Жас» командасын қабылдайтын болады. Аудандық футбол командасының басшысы Бауыржан Сапмбаевтың айтуынша, маусым айында республикалық чемпионатта бірінші орын алуға толық мүмкіндік бар. Ойыншылардың ынта-жігері де дайындықтары да өте жоғары. Бір сөзбен айтқанда жеңіске деген құлшыныс басым.

Ләйым, сәтәй болғай!

І. ЖҮНІС.
ІЛЕ АУДАНЫ.

КӨҢІЛДІ КАНИКУЛ КҮНДЕРІНДЕ

Панфилов ауданында жазғы демалыс іс-шаралары жақсы жүйеленген деуге негіз бар. Жоғарғы сынып оқушылары арасында құрылыс бригадалары құрылып, олардың көпшілігі өздері оқитын мектептерін жөндеу, өрлеу жұмыстарымен шұғылданды. Биыл аудан бойынша 600-ге жуық оқушы өздерінің ата-аналарының жеке шаруа қожалықтарында еңбек етуде.

Қаникулдың алғашқы айында мектеп жанындағы сауықтыру лагерлерінде 1607 бала демалды. Мұндай мектеп жанындағы лагерлер жаздай жұмыс жасап, оларда жалпы 2400 бүлдіршін қамтылмақ. Сол сияқты биыл ауданда оқушыларға спорттық-сауықтыру, оскери-шатырлы лагерлер ұйымдастырылды. Бұдан басқа 4 ауылымда 700-ге жуық оқушы «Қарлығаш» мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны спорттық-сауықтыру лагерінде жазғы демалысын көңілді өткізеді. Маусым айының орта шенінде аз жұмысын бастаған бұл демалыс орнында қазір 175 оқушы демалуда. 20 маусым күні лагердегі алғашқы ауысымның ашылу салтанаты өтіп, оған аудан басшылары, ұстаздары, ата-аналар қатысып, лагердегі оқушы балаларды қызықты жазғы демалыстарының басталуымен құттықтады. Салтанатты жиын лагерде демалушы өнерпаз оқушылардың концертіне ұласты.

«Қарлығаш» лагерінің директоры Ерлан Қосетоятың мәліметінше оқушылардың жазғы демалысын алансыз өткізуіне барлық жағдай жасалған. Кәсіпорын қызметкерлерінің күшімен лагерлерге бірқатар жөндеу жұмыстары жасалып, гүл көшеттері егіліп аумағы абаттандырылған. Лагердегі балалар күн сайын 5 уақыт тамақтандырылады. Оған қажет азық-түліктерді Көктал кентіндегі «Қарман» ЖШС ұжымы қамтамасыз етіп тұруға өкілеттікпен кепілдік жасалған. Өмелеген азық-түлік түрлері дәрігерлер тарапынан қатаң бақыланады.

М. НҰРСЕЙІТ
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

▲ ЕЛ ІШІНЕН

(Соңы. Басы 1-беттe).

Ал көрме ұйымдастырылып, спорттық жарыстардың жалауын желбіретken стадионда тұрғындар ин тіреседі. Жағалай тігілген шатырлар мен ақ боз үйлердің маңы құжынаған халық. Осы тұста ииыз болып бізге жетсе де алты Алашқа үлгі болған мерекелер еске түседі. Сол кездегі дарқандық пен қонақжайлылықтың әсері осындай-ақ болған шығар. Несін жасырайық, тек аралықтағы шектеулі шекара болғаны болмаса көрермен нөпірі облыс басшыларымен бірге көрмені аралап, концерттік бағдарламаны тамашалады. Енкейген карт та, жасамысы да, құлдырандап шауып жүрген балалар да мәз. Олар теледидар мен баспасөз беттерінен жиі көретін ел ағаларымен бірге, қатарласып жүргендерін мақтан тұтатындай. Әлбетте, бұл біз үшін жай нәрсе болып сезілер, ал олар үшін үлкен мәртебе. Тағы бір жағынан, мұны мәдениет күндерінің артықшылығы деуге де болады. Қашанда ұялшақ, бұйығы қазақ баласының жүрегіне сенім, намысына жалын беріп: «Біз, осы елдің несіміз», – дейтін ақиқатты ұялатқаны анық.

Шараға үш ауданның да үлкен дайындықпен келгені көрініп тұр. Бірі шатыр тікседі, енді бірі ақшанкан үйлерімен ауыл көшіп келгендей әсер қалдырды. Емен-жарқын амандық сұрасып, ауылының жетістігін айтып, желпініп тұрған шоғырды әр жерден кездестіресің. Спорттық шаралар да еріксіз өзіне бауырайды. Қарымы, ақылымен алға озғандардың жүзіндегі қуаныш табын, жеңіліп қалғандардың әттеген-айын да аңдап қаласың. Бірақ, жеңу мен жеңілуді мақсат етпегендіктен қазақы әзіл мен көңілді әңгіменің көрігі қызып тұр. Шара барысында балаға ат қою, тұсаукесер, бесікке салу, тағы басқа да ұлттық дәстүрден көріністер көрсетілді. Ал әр ауданның экономикалық жетістігі, қолөнер бұйымдары, аудан мақтаныштарының портреттері толық жинақталған көрме де көз тартарлық.

Жыр-шашу

Той бүгін біздің ауылда

Алқалы жұртым арнысың,
Төрт көзім түгел барнысың.
Қанекі, төрлет төріме,
Сіздерге болсын әлеуім.
Жетісу жері, аймағы,
Құрмы көкте самғады
Жақсылар мен жайсаңдар,
Ескелді төрін жайлады.
Елбасқарған алаңдар,
Халықтың қамын ойлады.
Көп болып міне, қарандар,
Үш аудан тойын тойлады.
Аңсар ағa хош келдің,
Қазағымның қаймағы.
Қаратал, Көксу, Ескелді,
Басқосты Қарабұлақ өрінде.
Ауданымның төрінде.
Аттанатын күн бүгін,
Мақтанатын күн бүгін,
Сүйінші сұрап бәрінен,
Абыроймен өткізін.
Шаттанатын күн бүгін.
Тамашалап қайтыңдар,
Алашқа сәлем айтыңдар!

Арафат СҚАҚОВ.
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ.



ӨЛКЕ ӨНЕРІНІҢ ӨЗГЕШЕ БОЯУЫ

БЫЛТЫР:

● *Қаратал ауданындағы «Үштөбе» балалар шығармашылық орталығының үлгі-эстрадалық ансамбль Ескелді ауданындағы аудандық Мәдениет үйінің жастар тобы, «Мұрагер» халықтық фольклорлық-этнографиялық ансамбль Көксу ауданының «Үлгілі» балалар оркестр галамшерттте өнер көрсетті.*

● *Ескелді ауданы Қайнарлы, Сырағаңғат, Қаратал ауданындағы Қаназбек, Көксу ауданы Амангелді ауылдық Мәдениет үйлерінің күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Шыңжы, Елтай, Жастар, Мұқыры, Ақтөбе, Айнабұлақ ауылдарында кітапханалар ашылып, халыққа қызмет көрсетуде.*

● *Мәдениет күндерін аясында Жамбыл Жамбетұлы 165 жылдығы, халық ақыны Қалқа Жапсарбаевтың 125 жылдығы, халықаралық деңгейде ақын Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығы, кумсизмей өнері Дәнеш Рақышевтің 85 жылдық мерейтойлары насихатталды.*

Әрине, өткенді еске алмай, келешекке байлам жасай алмайтынымыз анық. Өкініштісі, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ауылдағы мәдениет ошақтары талан-таражға түсіп, тұғыртасынан басқа түгі қалмады. Бірақ, оған бола әлдекімді кінәлаудың кереті жоқ. Дәуір солай болды. Бірақ, «Орнында бар оналар», – дегені рас екен. Кейінгі жылдары Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ауылда мәдениет мекемелері жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптады. Осы жетістікке концерттік бағдарлама барысында көз жеткіздік. Концерттік бағдарламаға үш ауданның барлық өнер ұжымы толық атсалысқаны көрініп тұр. Иә, мұның өзі өнірдегі мәдениет мәйегіне қан жүгіре бастағанын аңғартады. Әсіресе, бізді ешкандай білімі, табақтай дипломы жоқ ауыл өнерпаздарының өнерге деген сүйіспеншілігі сүйсіндірді. Бұл: «Қолдау мен көмек болса ауылда тұнып тұрған өнер бұлағының көзін ашып, көп нәтиже шығаруға болады екен-ау», – деген түсінікке бойлатты.

БИЫЛ:

● *Бақтыбай, Ақын Сара, Алғабас, Талапты, Айнабұлақ ауылдық Мәдениет үйлерін күрделі жөндеуге қомақты қаржы бөлініп отыр.*

● *Мәдениет күндері аясында Ескелді би, Қабанбай батырларымыздың 320 жылдығы, ғасыр сақпаты Дінмұхамед Қонаевтың, қазақтың бүлбұлы Күлпән Байсейітованың, би өнерінің падишасы Шара Жиенқұлованың дара академигі Николай Головацкийдің 100 жылдық және тағы басқа қалқамыздың биігуар азаматтарының мерейтойларына сәйкес, олардың еңбек жолы мен үлгі болар өмірі насихатталып болады.*

● *Үш аудан өкілдері арасында футбол, волейбол, тоғызқұмалақ және үстел теннисінен жолдастық жарыстар, ақын-жазушылардың кездесулері, тәртір қойылымдары және балалар үйлеріне қайырымдылық акциясы өткізіледі.*

Сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің тілімен айтсақ, «Хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» жан дүниеңді тазалап, рухыңды оятып, бірде ауыртып, бірде емдеп алды. Тарих тағылымы, мәдениет мәйегі, әдебиет әлемі, ән мен би өнері, сиқырлы саз, барлығы бір арнаға тоғысып, нағыз өнердің өрлігін паш етті. Әлемде: «Араб – ғалымдар елі, парсы – ақындар елі, түрік – көсемдер елі», – деген қалыптасқан ұғым бар. Ал елімізде: «Алтай мен Атырау, Арка мен Жетісу немесе Абай елі, Жамбыл елі, Махамбет елі», – деп келетін анықтауыш бар. Бұл бөлінушілік емес қайта өнер мен өркениетті ұлылар арқылы жеткізудің бір арнасы деп білген жөн. Осы тұрғыдан келгенде Жетісу жері, жыр алыбы Жамбыл елі ән мен күйдің, жыр мен терменің, мың бұдің күт мекені екенін барынша дәлелдеді.

Қысқасы, кандай қоғам болса да оның ең басты тіреті – адамның жан дүниесі, ақыл-парасаты. Сонау орта ғасырдың өзінде-ақ күліретті Құбылай хан айналасындағыларға: «Адамның бойы емес, ойын, жан дүниесін жауап алуға тырысыңдар!» – деп пәрмен берітті. Бұл ойымызды түріктің ұлы данасы Мұстафа Кемаль Ататүріктің: «Біздің кез келгеніміз депутат та, президент те болуымыз мүмкін. Бірақ, кез келгеніміз өнер адамы бола алмаймыз. Сондықтан да өнер адамдары біздің қолымыздан емес, біз өнер адамдарының қолынан сүюіміз керек», – деген өсиеті аша түседі.

Қысқасы, өнер бар жерде өрлік, ақын бар жерде теңдік, халық бар жерде кеңдіктің болатынына осы күні анық көз жеткіздік. Міне, осылай, дүркіреп тағы бір той өтті. Нағыз халықтық мереке көптің көңіліне үлкен әсер қалдырды. Қарабұлақтағы тың серпілісті көрген Қаратал мен Көксу ауданынан келген қонақтар игі шараның өз аудандарында өтуін асыға күтетін болады.

«Бізден ел пайғамбарлар мен мадиярларды тудырмады демесек, адамның небір бұлбұлы мен дүлдүлін тудырған ел», – дейтін Медеткек батырдың мәйекті сөзі тегін емес екен. Жаңаша бейне, соны мақсатпен жалғаскан мәдениет саласының тың жетістігі ұялы елдің ұрпағына ұлағатты ой салар жарасымды істермен айшықталды. Сәтін салса, өткен мен бүгіннің, кала мен даланың арасын жалғайтын жарқын істер бұдан ары жалғаса береді.

▲ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Өткен аптада облыс әкімдігінде «Тіл туралы» Заңның сақталуын бақылау жөніндегі және облыстық ономастикалық комиссияның бірікken отырысы өтті. Алқалы жиынға облыс әкімінің орынбасары Серік МҰҚАНОВ төрағалық етті.

Тіл мәселесі қаралды

Ғалымұрат ЖҰКЕЛ
«Жетісу»

Тіл турасында күрделі мәселелердің күрмеуін шешетін комиссия жоспарға сай күн тәртібне қойылған сұрақтарды саралауға кірісіп, Жамбыл ауданында ономастикалық жұмыстарға байланысты атқарылған іс-шаралар туралы аудан әкімінің орынбасары Ұлтусын Бархинованың есебін тыңдады. Ауданның атқа мінерлері өңірдегі елді мекендерде кешегі Кеңес одағынан қалған мұра – көше атауларын өзгертуге қатысты бірқатар жұмыс атқарған. Алайда, өткен күндер ешшісінде жіберілген кемшіліктер анықталып, сөз етілді. Атап айтсақ, кейбір көше атауларында адамның аты ғана берілп, тегі туралы мүлдем айтылмаған, сол сияқты тегі жазылса, аты жазылмағандығы турасында сөз өрбіді. Елдмекендердің атауын өзгертуге қатысты мәселелер де ортаға салынды. Кешегі пролетариаттар мемлекеті көсемдерінің солақай саясатының нәтижесінде елімізідегі көптеген ауыл-аймақ атаулары өзгеріп, ең-сәтте. Ленин, Киров болып шыға келген. Бүгінде осы бұрмалауды түзетіп, елдмекендерге өздерне тиесілі тарихи атаулары не болмаса сол өңірден шыққан белгілі қоғам қайраткерлері, батыр-жыраулардың есім берілуде. Жамбыл ауданы да бұл үрдістен кем қалмады, дегенмен жұмыс ауқымының көптігін ескерген облыс әкімінің орынбасары Серік Мейірханұлы тиісті шараларды жеделдетуді тапсырды.

Келесі кезекте сөз алған Кербұлақ ауданы әкімінің орынбасары Болысбай Момбаев өңірдегі оңды істердің легімен таныстырды. Дегенмен, Кербұлақ ауданында да жоғарыда айтылған мәселелер кездесетіндігі сөз болды. Мәнбеге үшінші болып көтерілген Қарасай ауданының да кейпі сол. Сондықтан аудан басшыларына үстіміздегі жылдың төртінші тоқсанына дейін аталған кемшіліктерді жоюға нақты тапсырма берілді.

Соңымен қатар жиында «Тіл туралы» Заңның сақталуын бақылау жөнінде де сөз қозғалды. Бұл турасында Алматы облысы бойынша салық департаментінде «ҚР Тіл туралы» Заңының орындалу барысы турасында департамент директоры Айгүл Жолдыбек хабарламасын таныстырды. Құжат айналымы бойынша алдыңғы қатардағы мекеме іс-қағаздарын басым бөлігін мемлекеттік тілде жүргізуде. Статистикалық мәліметке жүгінсек, бүгінде департамент қабырғасында мемлекеттік тілде дайындалған құжаттардың үлесі 97,4 пайызды құрап отыр. Мекеме басшысы бұл көрсеткішті жуз пайызға жеткізуге болатындығын айтты. Алайда ол үшін департаментке келетін кіріс құжаттары қазақ тілінде болуы керек.

Алқалы жиынның жұмысын қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов тапсырмалар мерзімінде орындалуы үшін аудан басшыларына атқарылған шаралар турасында аралық хабарлама жөнелтуді тапсырды.

▲ ДЕНСАУЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 қазандағы «Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу ережесін бекіту туралы» №1559 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау департаменті 2011 жылдың 23 қарашадағы «Денсаулық сақтау мекемелерінің халық емшілерін сертификаттау құқығына иелігі туралы» №672 бұйрығына сәйкес облыс әкімдігінде «Халық емшілерін лицензиялау және сертификаттау» атты «дөңгелек үстел» өтті.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК стандартқа теңесеміз

Жетісу
Айнұр ӘБДІРАХЫМ

Оған ҚР «Халық және рухани емшілер» мекемесінің директоры, профессор Шәкен Шынтаев пен осы аталмыш мекеменің және облыстық денсаулық сақтау, ішкі саясат басқармаларының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, дини бірлестік өкілдері қатысты. Шараны ашып, жүргізген облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Маралбек Мейірбеков: «Біз облыс аумағында халық және рухани емшіліктен айналысатын тұлғаларды лицензиялау және сертификаттау мәселесі бойынша пікір алмасу үшін жиналып отырмыз. Жасыратыны жоқ, кәзіргі таңда «емшімін» деп дүмшелікпен айналысып жүргендер жиі кездеседі. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен Қазақстан Республикасы «Халық және рухани емшілер» мекемесі құрылған болатын», – дей келе алғашқы сөз кезегін Шәкен Шынтаевқа берді.

Басқарып отырған мекемесінің міндеттері мен жұмыс бағыттарына және «Халық және рухани емшілері туралы" Заңнамаларға қысқаша шолу жасаған профессор іссапарының мақсатына тоқталды.

– Бізге сеиіп тапсырылған мәселе – осы жылдың соңына дейін республика көлеміндегі барлық халық емшісін бірыңғай тіркеп, дүниежүзілік стандартқа сәйкес сертификаттау. Осы мақсатта облыс әкімдіктері де білікті мамандармен бізге қолұшын берсе екен дегеи ниетпен Шығыс Қазақстан, Орал, Актөбе, Қостанай облыстарында болып қайттық. Енді, міне, Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен түрлі сала басшыларымен кездесіп отырмыз. Біз әр облыс бойынша аталмыш шараны жүргізуге жауапты қызметкерлерді де тағайындауды қолға алдық. Алматы облысы бойынша Абдолла Мұқатайға таңдауымыз түсті. Ол енді өз деңгейінде аудандарға барып, әр ауданға бір-бір жауапты адамды тағайындайды. Осылайша рет-ретімен халық емшілерінің тізімі жасалып, құжаттау ойдағыдай аяқталады деген сенімдеміз, – деді Шәкен Шынтаев.

Расында, соңғы кезде емшілер жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кетті. Олардың ішінде қайсысы жалған, қайсысы шынайы емші екені белгісіз. Әйтеуір барлығы алдына келгендерді өзінің қасиеті барына сендіруге тырысуда. Сондықтан бастама дұрыс бағытта келе жатыр. Бұл ойды жалғастырған облыстық денсаулық сақтау басқармасының емдеу және профилактикалық жұмыстарды үйлестіру бөлімінің бастығы Гүлжан Құсайынова облыстағы халық және рухани емшілерді лицензиялау ережесіне баса назар аударды.

Гүлжан Құсайынованың айтуынша, облыстық денсаулық сақтау басқармасының тарапынан шараны жүйелі жүргізуге барлық жағдай жасалған, Алматы мен Талдықорған қаласындағы екі облыстық ауруханаиын да емшілерді іс жүзінде бақылауға тәжірибесі толыққан.

Келесі сөз кезегі облыстық қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Талғат Базиевке берілді. «Жалған емшілердің қызметі тұрғындарымыздың қауіпсіздігіне де ықпал етеді. Сондықтан басқарма тарапынан барынша көмек көрсетуге әзірміз», – деген Талғат Базиев түрғындар арасында ақпараттық-насихаттық жұмыстардың жүргізілуі де кажет екендігін атап көрсетті. Осылан кейін облыстық медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау департаменті бастығының орынбасары Жәнібек Туганбаев пен облыстық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті бастығының орынбасары Рая Ақашевалар профессор Шәкен Шынтаевқа сұрақтарын қойып, қанағаттанарлық жауаптарын алды.

Шара соңында құрылы мекеме басшыларына халық және рухани емшілерімен айналысатын тұлғалардың қызметін реттеуге байланысты тапсырмалар берілді.

▲ ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 20 ЖЫЛ

САҚШЫЛАР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

Қоғамдық тәртіпті сақтап, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқығы мен бостандығына заңсыз қол сұғудың алдын алу қызметін мойнына артқан ҚР Ішкі істер органдарының құрылғанына биыл 20 жыл толып отыр. Осыған орай 23 маусым – Қазақстан полициясы мерекесі аясында Талдықорған қаласындағы Б. Римова атындағы драма театрында салтанатты жиын өтті. Оған облыстық ішкі істер органдарының білікті қызметкерлері мен осы салаға өмірінің талай жылын арнаған ардагерлер қатысты.

Шара басталмас бұрын сахна төріне мемлекеттік Ту шығарылып, Гимн орындалды. Кеудесінде медальдары жарқыраған ел тыныштығының сақшылары Гимнді қосыла орындал, мерекелік шараны әсерлендіре түсті.

Алғашқы құттықтау сөз кезегі облыстық ішкі істер департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Берік Қабдолдановқа берілді.

– 1992 жылдың 23 маусымында Жоғары Кеңес тәуелсіз мемлекетіміздің ішкі істер органдары туралы тұңғыш Заң қабылдаған болатын. Ал 2007 жылдың 5 маусымында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев №342 Жарлығымен Қазақстан полициясының күнін белгіледі. Сөйтіп, егемен еліміздің ішкі істер органдары қызметінің құқықтық, заңды негізі қаланып, сала қызметкерлерінің еңбегіне ерекше мән берілді, – дей келе Берік Қабдолданов облыстық ардагерлер кеңесінің және ішкі істер департаментіндегі жеке құрамының ұсынысымен департамент ғимараты аумағында әріптестерінің мақтанышына айналған полицейлердің күрметіне ескерткіш құрылысының қолға алынғандығын тілге тиек етті.

Берік Қабдолдановтың айтуынша, облыс көлемінде аталмыш салада терт мыңға жуық сақшы күн-түн демей қызмет етуде. Әрқайсысы ел тыныштығын сақтап, тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп жүр, қажет болса олар өмірлерін де құрбан етуге әзір. Алайда, қызығынан шыжығы мол мамандықты таңдағанына ешқайсысы өкінбейді.

Сақшыларды мерекесімен ішкі істер органдарының ардагері, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Егеубек Өмірзақов та құттықтап: «Мұршамыз келгенше өмірлік және кәсіби тәжірибемізбен бөлісіп, жас полицейлерге қызмет бабында бар білген, түйгенімізді үйретудеміз. Шүкір, аяқалыстары жаман емес, артқан үмітімізді ақтап жатыр», – деді.

Келесі кезекте ІІД кадр жұмысы басқармасының бастығы, полиция полковнигі Самат Далабаев сөз алып, мерекелік бүйрықты жария етті. Барлығы 432 қызметкер марапатқа ие болды. Атап айтсақ, 135 қызметкер мен 21 ардагер «Қазақстан полициясына 20 жыл» медалімен, 170 қызметкер ІІД-нің грамотасымен, 5 ардагер мен 15 қызметкердің ата-анасы Алғыс хатпен марапатталды. Сонымен қатар, 62 қызметкерге Алғыс жарияланды, ал 50 қызметкерден бұрын берілген тәртіптік жазалары алынды. Тағы 13 қызметкерге облыс әкімінің Алғыс хаты табыс етілді.

Салтанатты рәсім мереке мелеріне арналған концертке ұласты.

А. НҮСІПБАЙҚЫЗЫ.

ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2012 жылдың 29 маусым күні сағат 10.00–18.00 аралығында «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы Алматы облыстық филиалының мәжіліс залында (Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 13 "А") «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша азаматтарды бірыңғай қабылдау күні» атты акция өткізіледі.

Байланыс телефоны: **8(7282) 30-55-97.**

Алматы облыстық мәслихаты аппаратының қызметкерлері тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Ар-намыс кодексін бұзу дерегі туралы облыс тұрғындары төмендегі **8 7282 27-19-04** сенім телефоны арқылы хабарласу мүмкіндіктері бар екендігі туралы жария етіледі.

Жуырда қаламыздағы №4 кәсіптік лицейде аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұйымдастыруымен мамандар жәрмеңкесі өтті. Ауданымыздағы жұмыссыз жүрген тұрғындарға бос жұмыс орындарын ұсынған бұл игілікті шараға жұмыс берушілер де, жұмыссыздар да көптеп жиналды.

ЖӘРМЕҢКЕ

Басқосуды аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Орынтай Бүркітов ашып, "Жұмыспен қамту – 2020" бағдарламасы аясында ауданымызда атқарылып жатқан ауқымды істерге тоқталып, өткен жылы өзі басшылық етіп отырған мекемеге 1371 жұмыссыз тіркелп, олардың 1299-ы кәзіргі таңда ауданымыздың әр саласында еңбек етіп жүргенін, қайта даярлау мамандығына – 334, қоғамдық жұмыс орындарына – 560, әлеуметтік жұмыс орнына – 35, жастардың өндірістік тәжірибе алмасуына 40 адам жіберілгенін тілге тиек етті. Сондай-ақ, үстіміздегі жылы ауданымызда 1310 жаңа жұмыс орны ашылып, әр сала бойынша мамандар жұмысқа қамтылатынын атап өтті. №4 кәсіптік лицейдің директоры Ж. Кебекбаев та сөз алып, оқу орнының қабырғасында берілетін білім мен игерілетін мамандықтар туралы сөз қозғады. Содан кейін жұмыс беруші мекемелердің өкілдері сөз алып, өздерінде қажетті мамандықтар туралы, мекеме тарапынан мамандарға көрсетілетін жеңілдіктер, жалақы мөлшері жайлы айтып өтті. Өз кезектерінде бағдарлама арқылы оқып, мамандық алған бірқатар азаматтға сөз алып, осындай мүмкіндіктерге жол ашқан Елбасының саясатын жүзеге асырып жатқан аудан басшыларына алғыстарын білдірді.

П. НҰРҚАЕВА.
ТАЛҒАР ҚАЛАСЫ.

БІР КҮН

немесе әңгімелесу алаңы



Суретті түсірген Ә. МҰСАБЕК.

Былтыр қанатқақты режимде өткен аталмыш бағдарлама биыл қарқын алды, яғни маңыздылығы арта түсті. Соған орай қалың бұқараның да қызығушылығы басым екендігі байқалуда. Жуырда «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының өкілдері «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасының тізгінін ұстаған мемлекеттік органдар мен қалың жұртшылық арасына алтын көпір болатын «Бірыңғай қабылдау» акциясын өткізді. Бұл өңгімелесу алаңы барлық аудан-қалада көрініс тапты. Көздегені – мемлекеттік маңызға ие бағдарламаны жүзеге асыру барысында көтерілген өзекті мәселелердің шешу жолдарын қарастыру және көпшілікті толыққанды ақпараттандыру.

Жетісу
Нұржамал ӘЛІШЕВА

«Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасына қарастырылып отырған қаржы көлемі биыл айтарлықтай өскен, мәселен, терт бағыт бойынша республикалық бюджеттен 3418,7 млн. теңге облыс қоржынынан 218,3 млн. теңге қарастырылған (бірінші бағыт бойынша 1078,3 млн. теңге екінші – 384 млн. теңге, үшінші – 943,9 млн. теңге, төртінші бағыт бойынша 1230,7 млн. теңге). Биылғы 14 маусымға дейінгі есеп бойынша осы терт бағыт шеңберінде 1314 млн. теңге игерілген. Аталмыш бағдарламаға биыл 6006 адамның қатысуы жоспарланған болса, 14 маусымға дейінгі мәліметке сүйенсек, соның 4347-сі (73%) қатысты.

Бірінші бағыт бойынша кәсіптік оқытумен қамтылғандардың саны 2933 адамды құрайды. Олардың ішінен 327-сі оқуды аяқтап, 133 адам (41%) жұмысқа орналастырылды. Игерілгені 445,5 млн. теңге. Әлеуметтік жұмыс орындарын құру мақсатында 179 кәсіпорын және мекемелермен келісімшарт жасалған. 732 адам (115%) еңбекақысы субсидияланған әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілді. Игерілген қаржы көлемі 42,0 млн. теңге (жылдық тапсырмаға шаққанда – 39%).

Жастар практикасын ұйымдастыру үшін 248 мекеме-ұйыммен келісімшарт жасалып, 453 адам (71%) практикаға жіберілген. Игерілген қаржы мөлшері 20,5 млн. теңгені құрады (жылдық тапсырмаға – 17%).

Екінші бағыт бойынша «Жетісу» ӘӨК» ҰҚ» АҚ жарияланған банкру өткізілді. Оның жеңімпазы болып «Несие Мекені» МКҰ анықталды. Қазіргі уақытта аталған микрокредиттік ұйымның мүлкін бағалау және әділет органында тіркеу жұмыстары жүргізілуде. Шағын несие беру басталуда.

Бағдарламаның екінші бағытының 200 қатысушысы биылғы 1-10 маусым аралығында Алматы қаласының мемлекеттік бизнес көлледжінде кәсіпкерлік негіздерне оқыту курстарынан өтіп, мемлекеттік үлгідегі арнайы куәліктер алып шықты. Бұл бағыт бойынша оқытуға бөлінген қаржының 2,2 млн.теңгесі игерілді.

Үшінші бағыт бойынша облыстың екі ауданында (Іле ауданының Жетіген стансасы, Панфилов ауданының Жаркент қаласы мен Пенжим ауылы) 150 отбасына 53 үйдің (50 жеке және 3 қап пәтерлі) құрылысы жүргізілуде. Облыстық құрылыс басқармасы өкілдерінің хабарлауынша, Жетіген стансасындағы 25 үйдің және Пенжим ауылындағы 25 баспананың құрылысы аяқталуда. Аталған өңірлердегі жеке үйлерді қабылдау бойынша жұмысшы тобы әрқымдағы жылдың 18 маусымында, ал мемлекеттік комиссия 25 маусымда өткізеді. Кешу уақыты тиісті құжаттарға қол қоюлған мерзімнен бастапды.

Қоныс аударушы 24 отбасы әлеуметтік-экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерден, 126-сы әлеуметтік-экономикалық әлеуеті орта елді мекендерден, құрамында барлығы 554 мүшесі бар 150 шаңырақ көшеді. Олардың ішінде 295 адам (53%) еңбекке жарамдылар, 13-е студент (2%), 6-уы зейнеткер (1%), ал қалғандары мектеп жасындағы және ол жасқа жете қоймаған балалар.

Еңбекке жарамды жастағылардың ішінде 24 адамның (8%) жоғары, 61-нің (21%) орта кәсіптік, 188 адамның (64%) жалпы орта, 22-нің (7%) бастауыш мектептік білімі бар. Қоныс аударатын отбасылардың еңбекке қабілетті мүшелері жұмыспен қамтылады. Бүгінгі күнге 295 адамды жұмысқа орналастыру жөнінде 48 мекеме-кәсіпорынмен келісім жасалды. Оның ішінде Іле ауданына қоныс аударатын 25 шаңырақтың еңбекке жарамды 52 мүшесінің барлығы 13 мекеме-ұйымға орналастырылады (атап айтсақ, «Қазақстан теміржолы» ҰК АҚ филиалы, «Байсақалов» және «Дос» ЖШС, «РСУ-1», «Полпан Изоляция», «Алматы облтехстрой», «Райымбек Агро», «Жетісу өнімдері», «Юрйинвестстрой», «Гефекспо», «Мясокомбинат», «Арсенал», «Тау терминал» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде), ал 12 жан автослесарь мамандығы бойынша 15 мамырдан бастап оқуға жіберілді.

Панфилов ауданына қоныс аударатын 125 шаңырақтың еңбекке қабілетті адамдары 243 мүшесі түгел 35 мекеме-кәсіпорынға жұмысқа орналастырылады («Универсал» ЖШС, Жаркент қаласындағы орта мектеп, аудандық аурухана, «Крахмал-сірне зауыты», «Алтынкөл» стансасы, Мәдениет үйі, «Базарқұлов» ЖК, «Байсерке» ЖШС, «Автосервис» ЖШС, «Үркер» ЖШС, Қазақша балабақша, бастауыш, орман шаруашылығының және т.б.), ал 10 адам сыныпты мамандығы бойынша биылғы 1 маусымнан оқуға жіберілді.

Үшінші бағыт бойынша жалпы 693,6 млн. теңге игерілген (республика қаржысынан – 567,6 млн. теңге, жергілікті бюджеттен – 126,0 млн.теңге). Ал төртінші бағыт бойынша 26 жоба ұсынылып, тоғы бекітілген. Жөндеу қалпына келтіру жұмыстары облыстың 16 ауданындағы 48 елді мекеннде жүргізіледі. Жобаларды іске асыру барысында 800 жұмыс орны құрылады және 280 адам жұмыспен қамту орталықтары арқылы орналастырылады. Осы бағыт шеңберінде алғашқы жөндеу жұмыстары Балқаш, Еңбекшіқазақ, Қарасай, Панфилов ауданларында басталды. Биылғы 14 маусымға дейінгі көрсеткіш бойынша аталған жобалардың 92 жұмыс орны құрылып, жұмысшылар қабылданды, олардың ішінде 29 адам жұмыспен қамту орталықтары арқылы жіберілді. Аталған бағыт бойынша игерілген қаржы көлемі 110,3 млн. теңгені құрады.

Бұл мәліметтермен облыстық «Нұр Отанның» шаңырағына жиналғандарды облыстық жұмыспен қамтуды ұйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Ұмсын Балабаева таныстырды.

«Нұр Отанда» өткен бір күндік әңгімелесу алаңына бас-аяғы 100-ден аса адам келіп, өздерін мазалаған сауалдарына мамандар тарапынан нақты жауаптар алды. Біздің байқағанымыз, келушілікті шағын несие алу жайы алаңдатып болып шықты. Жеке кәсіпті ашып, шаруашылығымды дөңгелетсем дейтін жандардың көбінің келіпке қоятын мүліктері болмай шықты. Әсіресе шалғай жатқан ауылдардағы саман үйлер несие алуға келіп бола алмай тұр. Оның орнына мәлім немесе техникасын қожа болатындығы турапы мамандар егжей-тегжейлі түсіндіріп жатты.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ОБЛЫСТАҒЫ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ



ӨНЕРДІҢ ӨРЛІГІ мен КӨҢІЛДІҢ ЖАРАСТЫҒЫ

Бәрімізге мәлім, Елбасының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты еңбегінде: «Мәдениет күндерінің жалпыға бірдей мәдени-ақпараттық кеңістігінің берiктігі – аймақаралық қарым-қатынастың дамуына айрықша әсер береді», – деп атап көрсеткен болатын. Бұл бастама бүтінде өз деңгейінде атқарылып, еліміздің әр өңірі арасындағы мәдени алмасулар етек алды. Соның жаңа бір үлгісі Жетісу жерінде тағы да өрнектелді. Ол – алматылық ағайынды мен облыс тұрғындарын ортақ ой, берекелі пейіл, жарасымды достыққа жетеледі. Ол – Алматы қаласының Алматы облысындағы мәдениет күндері еді. Аталмыш шара тамыздың 15-інде Талдықорған қаласында басталып кетті.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Жер бипі де, су тұнығы да, шөп шүйгін де Жетісуда. Осындай текті жер, бекзат елде өткенге құрмет жасап, болашаққа жол салатын ізеттілік жетерлік. «Алыстан алты жасар бала келсе алпыстағы ақсақал сәлем беретін» кішілік пен кісілікті бойына дарытқан, қойнауын ырыска толтырған жетісулықтар алматылық делегацияны қалаға кіреберістен қарсы алып, ән мен жырдан шашу шашып, жетісулықтардың қонажайлығын паш етті. Осы орайда, «Алматы әуендері» концерттік бірлестігінің директоры, «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің жетекшісі Бағдат Тілегенөвті сөзге тартқан едік.

– Расында, өнірлер арасында барын көрсетіп, жоғын толықтайтын мәдени қарым-қатынастың болғаны абзал. Әсіресе, қалада тұрақтаған өнер ұжымдары үшін елді мекендерге жиі барып тұрғаны жөн. Себебі, мамыражай ауылда халықтық өнердің тот баспас кіршіксіз мұралары сақталған. Аталар мен апалардың жадында жатталған ән мен күйді іргелі өнер ұжымдары қайта жаңғыртып, халықтың игілігіне асырып жатса нұр үстіне нұр болмай ма? Сондай-ақ, биыл ұлы композитор Мұхан Төлебергенның 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде кең ауқымда аталып өтті. 1983 жылы сазгердің 70 жылдық мерейтойы Мәскеуде тойланғанда Алматыдан мемлекеттік симфониялық оркестр, «Отырар сазы» оркестрі қатысып қайтқан еді. Сол дәстүрдің жібін жалғап, сазгердің жерлестеріне «Кестелі орамал» әнін дайындап келдік. Басқа да ән мен күйіміз бар. Қатарымызда Қазақстанның халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанов, Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрының әртістері Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген әртісі Гүлзат Дәуірбаева, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Талғат Күзембаев ағамыз бастаған өнерпаздар бар. Олар Талдықорған жұртына тартымды өнер ұсынады деген ойдамыз, – деді ол.

Міне, осындай ел мен елдің берекесін, ертеңгі күннің өрлігін, Алматының ақ тілегін арқалап келген шығармашыл топ келесі кезекте облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов пен Алматы қаласы әкімінің орынбасары Зәуреш Аманжолованың қатысуымен облыстық әкімдіктің кіші жиын залында өткен баспасөз-конференциясында өнір журналистерімен жүздесіп, шараның мақсаты, маңызы туралы тың ойларымен бөлісті.

Кездесуде Серік Мейірханұлы алыстан келген ағайынға ризашылығын білдірген соң «Ауылын көріп, азаматын таны» дегендей, өнір экономикасының өркендеу жолы мен гүлденген Талдықорғанның бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы айтып өтті. Сондай-ақ, Елбасы ең басым бағыттардың бірінде айналдырған экономика саласына мүмкіндік берер көкжиектер көбірек ашылғанын, білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй, мәдениет пен спорт жаңа мазмұнмен толығып, заман талабына қарай жаңарып келе жатқанын тілге тиек етті. Мұндай ауқымды істерді атқаруға қыруар қаржы, үлкен күш жұмсалатынын әңгімеде арқау етіп, ауызбірлік пен төзімділік жеңіске жетелейтіндігімен сөзін түйіндеді.

Расында ел мен елді табыстыратын, мәдени байлықтың алмасуына жол ашатын игі шара Жетісу жерінде біраз жылдан бері жаңғырып келе жатыр. Осыдан жеті жыл бұрын сол тұстағы облыс басшысы Серік Үмбетовтің бастамасымен Талдықорған төрінде бастау алған «Аудан, қалалардың мәдениет күндері» атты шара бүгінде ауқымын кеңейтіп, облыс әкімі Аңсар Мұсахановтың тың идеяларымен толығып, тұтас елдің игілігін өсірген жақсы бастамаға айналды. Сол қатарда, Жетісу театр керуенінің Оңтүстік пен Шығыс, Солтүстіктегі көрермендерді көркем туындылар тәнті етіп оралғаны көпшілігімізге мақтаныш ұялатқаны несін жасырайық. Астана қаласында өткен «Алматы облысының Астана қаласындағы күндері» жаңа серпіліс тудырып, еліміздегі облыс пен облыс, қала мен қаланың арасын жалғастырған мәдени шараларға мұрындық болып, алысты жақындатып, көңілді жарастырып, достықты табыстырып жатқанын көріп келеміз.

Сөз кезегінде Алматы қаласы әкімінің орынбасары Зәуреш Аманжолова оңтүстік астананың бүгінгі әлеуетін, экономикалық, әлеуметтік жақтан осы, өркендеу басқыштарын тізіп шыққан соң, облыс пен қала ортасындағы «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара» атқарылған игілікті бастамаларға тоқталды. Мәдениет, әдебиет, өнер, тағы басқа да саланың жауһарлары жиналған Алматы қаласының көршілес өңірдің сол саладағы дамуына жасайтын оң ықпалын, сондай-ақ, облыс тұрғындарының адал еңбегімен өндірілген өнімдердің қалалықтарды тарықтырмай келе жатқанын да назардан тыс қалдырмады. Ал бүгінгі мәдениет күндері аясындағы игі жалғастықтың екі өңірдің бұдан кейінгі жетістіктеріне бірге ұмтылып, ортақ игілікке жол ашатын жақсы шара болатынын да жеткізді.

Әлбетте, атауы бір болғанымен, аумағы бөлек Алматы қаласы мен осы аттас облыстың былай қарағанда айырмашылығы аса көп емес. Екеуі де аскақ Алатауға нек артқан, Көктөбеден көркемдікті алған, тау шыңдарынан құлап аққан өзен суымен алқабын жайқалтып жатқан өңір. Қала мен облыстың тіршілігі де біте қайнасқан. Экономикалық себестік, айта берсек, көршілік қарым-қатынасы да жарасым тапқан. Алматы қаласында әлемдік деңгейдегі қандай бір шара өтсе мидетті түрде облыстың үлесі сіңбей қоймайды. Оған VII қысқы Азия ойындары дәлел бола алады. Сол тартысты бәсекенің нәтижесі өтуіне облыс тұрғындарының қаншалықты үлес қосқанын бәріміз білеміз. Ал кейінгі жылдары қаланың әлеуетін асыру үшін облыс меншігіндегі жер телімдері берілiп, болашақтың жарқын бастамаларына жол ашып жатқаны тағы бар. Есесіне Алматы қаласынан бастау алған түрлі жетістік жерлестерімізді сандалады кәсіпсіз айналысуына дем беріп келе жатқанын да көріп жүрміз. Ендеше, бірлігі жарасқан екі өңірдің бұдан кейінгі тірлігі де бірлікте өрілетіндігі сөзсіз. Десе де, ерекшеліктер мен мәдениет, экономика мен әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, мегаполис аталған қала бүкіләлемдік даму дағдарысының түйіскен орталығы, ал аграрлық аймақ саналатын облысымыздың кейінгі жылдардағы тұғырлы бастамалары қазақ мәдениетінің мәйегіне айналуда. Осындай өзгешеліктi жақындатып, жоғын түгендеп, барының бағын ашу – бүгінгі күнiң талабы. Сондықтан, «Аралассаң ағайын жат болмас» деген ұстанымды бетке алып, әлем мен облыс ортасындағы қарым-қатынастың жиі орын алып тұрғаны да жөн.

«Елге ел қосылса құт келеді», – деймiз, мiне, сол құты қалдам Жетісу жерiнде осылай басталды. Журналистермен болған жылы жүздесуден соң облыс басшылары мен алматылық делегация

І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайының фойесiне жайғасқан «Алматы қаласы: Кеше. Бүгін. Ертең» атты фотокөрменiң ашылу салтанатына қатысты. Аталмыш көрмеге көркемсурет шеберлері, халықаралық фотокөрме байқауларының лауреаттары В. Лихонов, Ю. Айбасов, А. Мұхамеджанов, А. Хайдаров, О. Ионов, М. Етекбаев, В. Симаков, В. Пронин, О. Белялов, Б. Барысбеков, Д. Михеев, С. Күсайынов, тағы басқа да авторлардың туындылары қойылған. Онда ескі алаң, опера театры, фонтандар, Алатауға қарай ұмтылған кең даңғылдар, ескі орталықтың тығыз көшелерi сияқты бұрынғы қаланың өзіндік көрiнiстері және Алматы қаласының қазіргі тандағы көркем бейнесі, тарихи ескерткіштер мен қала тұрғындарының демалыс орындары, сондай-ақ, әр алматылықтың жүрегіне жақын жерлер көпінен көрініс тапқан. Әр сурет өз алдына құнды, өзгеше. Сол арқылы Алматы қаласының кешегісі мен бүгінгісін елестетуге болады. Ал фойенің тағы бір жағында мекешек Алматының келбетін көрсететін өнер туындысы жұртты өзіне бауырға алады.

Әрбір сәті өзгеше бір сырды суыртпақтайтын көрмеден үлкен шабыт, болашакка деген терең ұмтылысты ойына орнектеген көпшілік ендігі кезекте Алматы облысы академиялық оркестрінің гала концертін тамашалады. Мәдениет сарайының сахна төрiне жайғасқан «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің сүйемелдеуімен орындалған тамаша туындылар тыңдарманды бауырап алды. Иә, 1981 жылы тарихшы, өнер терттеуші, ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің ұйымдастыруымен құрылған өнер ұжымы домбыра, қобыз, сыбызғы, жетіген, сазсырнай, шертер, адырна, сазген, наркобыздың үнін бір арнаға түйістірiп, сахна шымылдығын оркестрдің сүйемелдеуінде әнші Гүлден Жұмабайдың орындауындағы «Ел толғау» әнімен ашты. Осыдан кейін Қазақстанның халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанов халық әні «Ал қоңыр» мен «Алматы жүрегімде» әндерін шырқап, жұртшылықты бір толқытып тастады. Сол қатарда Күміс Базарбаева «Қазақ вальсін», Эльмира Қашқынбаева «Жетісу» композициясын, Гүлзат Дәуірбаева «Қуанамын», Мейір Байнешов «Кестелі орамал», Алишер Каримов «Туған жер» әндерін тамылжыта орындап, тындарманның ықыласына бөленсе, қыл қобызды сөйлеткен Әйгерім Қарсақбаева, Алматы жайлы әндерден попури орыдаған Күміс Базарбаева, Иолона Тен, Әлия Досбаева, өзгеше өнер өрнегін сыйлаған «Ерке» тобының қыздары да қошеметтен сырт қалған жоқ. Сахна шымылдығы Абай атындағы опера және балет театрының әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Талғат Күзембаев шырқаған Ескендір Хасангалиевтің «Атамекен» әнімен жабылды. Қазақ өнерінің беделін биіктетіп жүрген ансамбльдің шығармашылық ұжымына ризашылығын білдірген облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов облыс әкімінің алғысын жеткізе келіп, ықылас түлін ұсынып, сый-сыпат жасаса, алматылық қонақтар да естелік суреттерін сыйлап жатты.

Мәдениет күндері аясындағы тағы бір елеулі сәт – балалар үшін бағалы сыйлық болған Б. Римова атындағы облыстық драма театрындағы мемлекеттік қуыршақ театрының «Қуыршақ шоу» спектаклі болды. Аталмыш шоу халықаралық достықты насихаттауды мақсат еткендіктен, спектакльде әр елдің белгілі әртістерінің бейнелері жинақталған. Айталық, қуыршақ ойнатушылар Роза Багланова, Майкл Джексон және тағы да басқа жарқын бейнелердің фонограммаларын пайдалана отырып, қуыршақ бейнені жандандырды. Сондай-ақ, қойылым бастан-аяқ музыкалық нөмірлермен көркемделіп, көрерменді қуанышқа бөледі. Қысқасы, Алматы қаласының Алматы облысындағы мәдениет күндері осындай өнердің өрлігі, көңілдің жарастығымен есте қалды.





Суреттерді түсірген Асхат КАЗТАЕВ

СЕЛЕКТОР

ТҰРАҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

Жақында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Серік Ахметовтың тапсырмасымен өткен селекторлық жиында ҚР Өңірлік даму министрінің бірінші орынбасары Қайырбек Өскенбаев бүгінгі таңда тұрақтандыру қорларына қатысқан 16 әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның 13-і шығынға ұшырағанын жеткізген болатын.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА
"Жетісу"

Осы орайда, Үкімет басшысы Серік Нығметұлы ҚР Өңірлік даму және Ауыл шаруашылығы министрліктеріне жергілікті әкімдіктермен бірлесе отырып, еліміздегі агроөнеркәсіптік кешеннің жобаларын қолдау аясында Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды рөлі мен қызметін нақтылауды жүктеген. Сонымен бірге, ол әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға болашақта шығынсыз жұмыс істеу жолын ойластыруды тапсырған. Өйткені олар бір жылы өте жақсы жұмыс істеп пайда әкелсе, келесі жылы ондай нәтижеге көрсете алмай отырғандығы аталып өткен болатын.

Сонымен бірге, ӨКК қатысуы ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын тұрақтандыруда маңызды рөл атқарғандығын тілге тиек етіп, енді кезекте олар нарық бағасын тұрақтандыруға қызмет ете бере ме, әлде оны басқа мемлекеттік құрылымдарға беру керектігі деген мәселе көтерілген еді.

Осы орайда, ҚР ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбеков елдегі әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияның барлығы бірдей шығын келтіретіндігін және олардың арасында пайда түсіріп отырғандар да бар екенін айтқан. Соның ішінде Алматы облысы да бар. Сондықтан, ең бірінші кезекте әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияларының менеджменттік жақсарту керектігі жайында сөз әрбіген еді. Мен осыны тағы бір мәрте пысықтау мақсатында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, өнірлік даму министрі Бақытжан Сағынтаев аймақ басшыларымен селекторлық жиын өткізді. Кеңеске облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков, Серік Тұрдалиев және салаға жауапты пауазымды тұлғалар қатысты. Кеңесте Бақытжан Әбдірұлы Үкімет басшысы берген тапсырмаға сәйкес, өзінің бірінші орынбасары Қайырбек Өскенбаевпен ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі және жергілікті билік өкілдерімен кеңесе отырып, күн тәртібіндегі мәселе тұрғысында жаңажақты пікір алмасты.

Осыған қатысты бірқатар өңір басшысы да өз ойын ортаға салып, егжей-тегжейлі пысықтадық. Басқосуда тұрақтандыру қорларының бүгін мен болашағы туралы кеңінен әңгіме өрбіді. Мәселен, биік өңірдегі мен жергілікті атқамінерлер «тұрақтандыру қорлары әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияларының құрамында қалдырылмаса, әлде мұны басқа құрылымдарға берген жөн бе?» деген сұрақты тарқатып, оған нақты жауап сұрады. Бұл жөнінде әр облыс өз ой-пікірін білдірді. Сонымен бірге, азық-түлік қорығын, қазіргі жағдайы да жан-жақты сөз болды. Осы тұрғысында Тынышбай Досымбекұлы да өз ойын жеткізді. Оның айтуынша қаңтарда Жетісу өңірінде тұрақтандыру қорларының жұмыс істеп келе жатқанына да он жылдан асыпты. Содан бері бірталай шаруа атқарылып, республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген қаражат мақсатты игерілген.

Тынды ғымды тарлықтың нәтижесі жаман емес, себебі, ол азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға септігін тигізген. Тұрақтандыру қорлары, әсіресе, күнделікті тұтынуға қажетті нан, ет, сүт жұмыртқа, көкөніс өнімдерін сияқты тағамдардың бағасын шарықтатып алмау бағытында қызмет көрсетіп, белгілі бір мөлшерде өз пайдасын тигізген. Қазір де солай. Сол себепті де облыс әкімдерінің «тұрақтандыру қорларын әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияларының құрамында қалдырғанымыз жөн» деген ортақ шешімге келіп, бұл бағытпағы жұмысты одан әрі жандандыру қажет екендігі айтылды. Алдағы уақытта осы бағыт бойынша жұмыс жүргізілмек.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Серік Ахметовтың тапсырмасымен өткен бұл жолғы селекторлық кеңесте «Агробизнес - 2020» бағдарламасын іске асыру барысы талқыланды. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров пен Серік Тұрдалиев және өзге аймақ басшылары мен аталған салаға жауапты лауазымды тұлғалар қатысты.

АГРОБИЗНЕС – 2020

Күн тәртібіндегі негізгі мәселелер төңірегінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбеков хабарлама жасады. Ол агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі «Агробизнес – 2020» бағдарламасының іске асырылу барысын егжей-тегжейлі пысықтады. Оның айтуына қарағанда, қазір ел бойынша аталған саланың дамуы қарқынды жаман емес. Мал шаруашылығы саласының да тасы өрге домалап, айтарлықтай оң нәтижеге қол жеткізілгендігін көреміз. Мәселен, былтыр шаруашылықтардағы мал басы 20,1 пайызға, ал, биылғы жартыжылдық қорытындысы бойынша, бұл көрсеткіш 22,8 пайызға артқан. Мұнымен қоса, 2009 – 2012 жылдар аралығында агрошаруашылықтарда ірі қараның, соның ішінде аналық мал басының үлесі 37,2 пайыздан 43,9 пайызға дейін өскен.

Осыған орай, министр аталған саладағы бұл үдерістің әлі де болса жеткіліксіз екендігін атап, ол мұны ауыл шаруашылығы саласына тартылған инвестицияның төмендігімен байланыстырды.

Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру ісі де оң үрдіске ие болған. Мәселен, соңғы он екі жылдың ішінде жалпы өнім көлемі төрт есеге үлғайып, былтыр бұл 1,9 триллион теңгені құраған. Сондай-ақ, өсімдік шаруашылығы өнімінің өндірісі үш есеге өссе, мал шаруашылығының өнімі бес есеге артқан. Атап айтқанда, былтыр мал шаруашылығының үлесі өсімдік шаруашылығынан жоғарылап, 50,6 пайызды құраған. Министр мырзаның сөзіне жүгінсек, өткен жылы ауыл шаруашылығы өнімінің экспорты 3 млрд. АҚШ долларынан асып түскен. Бұл көрсеткіш 2011 жылға қарағанда, 66 пайызға жоғары. Алдағы уақытта, яғни, 2020 жылға қарай сүт өндірісін 1,7 млн. тоннаға арттыру жоспарланып отыр.

Осы орайда, министр елде 2014 – 2020 жылдарға арналған сүтті мал шаруашылығын дамыту бойынша шеберлік жоспары бекітілгенін атап өтті. Бұл өз кезегінде сүт импортын төмендетуге, сондай-ақ, халықтың тұрақты есуін ескере отырып, жан басына шаққандағы тұтыну деңгейін арттыруға мүмкіндік бермек. Министрдің мәліметінше, былтыр сүт және сүт өнімдері импорты 908 мың тоннаны құраса, бұл көрсеткіш биыл 903 мың тонна болған. Жиында «ҚазАгро» холдингінің басқарма төрағасы Дулат Айтжанов, биылдың мамырында қаржы нарығынан «ҚазАгро» ұлттық холдингіне 1 млрд. АҚШ доллары көлеміндегі несие 10 жылға жоспарланып алынғандығын және бұл қаражат банктерді қорландыруға және ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді қолдауға бағытталған жеткізді.

Сонымен қатар, холдинг «Агробизнес – 2020» бағдарламасын іске асыруға белсене кірісіп, аталған сала жұмысын қаржыландыру және ауыл шаруашылығы техникаларын лизингілеу шарасының басталып кеткендігі де тілге тиек етілді. Мұнымен қоса, ол «ҚазАгро» ұлттық холдингі құрамындағы кейбір қаржы институттарының бірігуі мүмкін екендігін жеткізді. Сондай-ақ, «ҚазАгро» ұлттық басқару холдингі» акционерлік қоғамы елдің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бойынша мемлекеттік саясатты компанияның құрылымына енетін инвестициялық активтерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылатындығы да мәлім болды. Кеңесте елде бидайға арналған егіс алқаптарының қысқарып жатқандығы да сөз етілді.

Мұнымен қоса, «Агробизнес – 2020» мемлекеттік бағдарламасын алғ де толықтыра түсу қажеттігі жан-жақты талқыланды. Күн тәртібінде айтылғандарға байланысты Қазақстан Республикасы Фермерлері одағының президенті Әуезхан Дәрінов, және бірқатар өңір басшылары да өз ойларымен бөлісті. Кеңесті қорытындылаған Үкімет басшысы тиісті министрліктерге бірқатар тапсырма беріп, бұл бағдарламаны тыңғылықты қаржыландыру мәселесін шешу ауыл шаруашылығы мен экономика және бюджетті жоспарлау министрліктеріне жүктелді.

АЙЛЫҚ АЯСЫНДА

Аудандық әкімдіктің мәжіліс залында облыс өлді мекендерінде көктемгі-күзгі санитарлық тазалық, қоректену және қоғалдандыру айлықтарын өткізу жөніндегі штабтың кошелі отырысы өтті. Жиынға облыс әкімінің орынбасары, аталған штабтың төрағасы Серікжан Бескемпіров төрағалық етіп, жүргізіп отырды.

Серік САТЫБАЛДИЕВ
"Жетісу"

Тазалық мәселесі талқыланды

Отырысқа штаб құрамындағы облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылығы, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, автомобиль жолдары, сәулет және қалақұрылысы, экология, ішкі істер басқармаларын мен департаменттердің басшылары, сондай-ақ Қарасай ауданының әкімі Аманғелді Дәуренбаев, қалалық, ауылдық округтердің әкімдері, аудандық бөлім, қоғамдық ұйымдардың жетекшілері, учаскелік полиция инспекторлары, саяжай төрағалары қатысты. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы, облыстық штаб төрағасының орынбасары Сергей Сапаргәлиев санитарлық тазалық пен көркейту және қоғалдандыру туралы баяндама жасады.

Елді мекендердің санитарлық тазалығы жыл басынан қолға алынып бастап, жиі мезгілінде бағалаған житі қадағалауды қажет етеді екенін жеткізді. Жаз айларында бұл мәселеге тіпті айрықша мән беру керектігі белгілі. Алыс-түпкі көкөніс, жеміс-жидектің саудасы қызған қазіргі кезде тазалық пен реттілік сақталмаған орындарда жұқпалы аурулардың таралу қаупі туындайды. Бұл әсіресе, елімізбойынша тұрған саны ең көп қала және сыртқа кетуға жұмысшысы бар, ары-бері ағылған жолаушысы бар толастамайтын Алматы сияқты ірі мегаполистің тұра түбінде тұрған елді мекендерде үнемі өзекті күйінде қалуда.

Баяндамада ауданның Алматы қаласымен іргелес жатқан іргесі, одан ары Райымбек ауылдық округтерінде, Қаскелең қаласында санитарлық тазалық мәселесінде көзге қораш көрінетін орын алғаны айтылды. Бұл орайда ауданның тиісті қызметтері бар мүмкіндігінше жұмыс жүргізіп жатқанымен, аталған аумақтарда халықтың шамадан тыс тығыз шоғырлануы, тазалық қызметі» атқаруда көкбор материалдық-техникалық жабдық, тауқан жетіспеуі туралы уәж айтылды.

Жиында «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының Алматы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Өбдіқадыров қала мен ауылдардың кепбеті, тазалығы туралы сөз қозғады.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ

ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЖАЗҒЫ МЕКТЕП

Өткіміздегі жылдың маусым айынан бастап облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйытқы болуымен «Здоровый выбор» жастар орталығы» қоғамдық бірлестігі жастар кадрлық резервін қалыптастыру мақсатында «Жазғы көшбасшылар мектебі» жобасын жүзеге асыра бастады. Осы уақыт аралығында облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының аясында құрылған ресурстық орталық жетекшілері, барлығы 68 студент, аталмыш мектепте білімін нығайтып, жастардың уақытын тиімді өткізуді ұйымдастыру бойынша дәріс алды.

Алма ЕСЕНБАЕВА
"Жетісу"

Жуырда осында жинақталған іс-тәжірибесін ортаға салған ресурстық орталық жетекшілері Достық үйінде бас қосып, жастар өмірін жақсартуға арналған өз жобаларын ұсынды. Олардың бастамасымен облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Рустам Алпысбаев таныстыр.

Мәселен, Талғар ауданынан келген Дулат Серіков дәріс барысында бос уақытты тиімді ұйымдастырып, бизнесті қалай жүргізу қажеттігін, серіктестер мен демеушілерді табу жолдарын үйренгенін айта келіп, аудан жастарын біріктіруде арнайы орталық құру туралы ойын ортаға салды. Оз тілті орталықтың қай ғимаратқа орын тебетінін және әр бөлмесінің неге арналатындығын арнайы сызба арқылы көрсетіп берді. Енді кәжеті сол, бос тұрған ғимаратты пайдалану үшін аудан әкімдігінен рұқсатын алу және демеушілер көмегімен жастар орталығының кажетті құрал-жабдықтарымен қамтылуына мұмкіндік жасау.

Ал, Еңбекшіқазақ ауданының жалынды жігіті – Айбек Ілебаев Есік қаласындағы қарашы сыз қалған сәйбақты жастар игілігі үшін пайдалануды мақсат тұтып, осы тұрғыда жасаған арнайы жобасын ұсынды. Текелі қаласын жастар ресурстық орталығының жетекшісі Жандос Дәуренбеков табиғаты тамаша аймақта жұмыссыз жастарды туристік саяхаттарға тарту бойынша бастамасын ортаға салды. Осы сынды жазғы мектептен өткен аймақ көшбасшыларының әр ауданын көркейтуге, жастарды пайдалы іске тартуға жоспары көп. Оны жүзеге асыруда осы мектептен алған тәжірибе көмегі көп болғанын да ұйымдастырушылар сеніммді. Осы орайда облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Рустам Алпысбаев жобаларды жүзеге асыруда өз тараптарынан мұқпал етіп, жастардың қолдай да игі бастамасын қолдайтындығын жеткізді.

Шараны қорытындылаған «Здоровый выбор» жастар орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Светлана Содуқасова жастарды жарқын іске талпындырған жазғы мектеп жыл сайын ұйымдастырылатындығына тоқталды.

ЖАҢАША ӨТТІ

Жастар саясаты – мемлекет ұстанымының негізгі бағыты. Еліміз үшін сын сағаты болған тоқсаныншы жылдардың тоқырауының өзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жастар мәселесін бірінші күн тәртібіне шығарып, олардың білім алуына мол мүмкіндік тудырды. Бұл тұрғыда 1993 жылы қолға алынған «Болашақ» бағдарламасын тілге тиек етелік. Қазынамыз ортайып, ел есесі түскен тұста, келешекке көз жүгіртіп, батыл қадам жасаған Елбасының кемеңгерлігі осы тұста айқын сипат алады. Өйткені сол тұста небір қиындықтарға қарамастан, инвестицияның ең жемісті саласы адам капиталына деп қойған Президент, ұтымды әрі ұтқыр қадам жасады. Бүгінгі күні шетелден білім алған жастар небәрі арағa аз ғана уақыт салып, ел экономикасын арттыруға белсенді араласуда. Болашақ түлектері облысымызда да алған білімін біліктілікпен ұштастырып, Жетісу жерінің өркендеуіне сүбелі үлесін қосуда.

Ғалымұрат ЖҰКЕЛ
"Жетісу"

Бүгінде жемісті тәжірибемізге сүйеніп, мемлекет тарапынан жастарға көп көңіл бөлінуде. Бұл жұмыс облысымызда да жемісті жүргізілуде. Қазіргі таңда Жетісу жерінде жарты мыңдаған астам жастар бар. Олардың басым бөлігі ауыл-аймақтарда шоғырланса, жүз мыңнан астамы қалалық жерде тұрады. Жастар саясатын тиімді үйлестіру үшін облысымызда жастар саясаты мәселелері басқармасы құрылып, аз уақыттың ішінде ауқымды жұмысымен көзге түсуде.

БҰҰ Бас Ассамблеясы 1999 жылдың 17 желтоқсанындағы отырысында 12 тамызды – Халықаралық жастар күні деп бекітіп, содан бері, міне, қатарынан 13 жыл бұл мереке елімізде де атап өтілуде. Осыған орай, облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы «Нұр Отан» ХДП-ны облыстық филиалы ғимаратының мәжіліс залында ауқымды шара өткізді. Жиынның мақсаты – мамандығына сай қызметімен қатар өңірдің қоғамдық өміріне белсенді араласып, өзіндегі үлгі болған жастарды қолпаштап-қолдау. Кіл жастар басқосқан жиынның өткізілу форматы да ерекшелігімен есте қалды. Ұзын-сонар баяндамадан бас тартқан басқарма басшысы Рустам Алпысбаев хамалдастарына мекеме тарихынан қолға алынған істерге назар аударып, әр жұмыстың басында залда жиылған жастардың қолтаңбасы бар екендігін атап өтті. Рустам Әлиұлы былтыр жастар саясатын жүзеге асыруға облыстық бюджеттен 77 млн. теңге бөлінсе, биыл бұл көрсеткіш 206 млн. теңгені құрағалығын бұл облыс басшылығының жастарға деген қамқорлығының жарқын көрінісі болып табылатындығын жеткізді. Келесі кезекте Рустам Әлиұлы белсенді жастарға облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқановтың Алғыс хатын табыстап, бағалы сыйлықтарын ұсынды. Марапатталғандар қатарында тек мемлекеттік мекемелердің жас қызметкерлері ғана емес, қоғамдық белсенділер де табылды. Мәселен, талдықорғандық Аркадий Морякин газаматтардағы «Youtube» бейне порталына «Жазында мейрамды жандар жоқ емес» деген роликін орнатып, бүкіл әлемге әйгілі болды. Алты минуттық роликте Аркадий көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созған азаматтардың бейне тоқтамасын дайындап, бүгінгі күнге дейін оны 5 млн.-нан астам қолданушы тамашалаған.

– Бүгінде ғаламторда жол-көлік оқиғаларының салдары, атыс-төбелес немесе порнографиялық роликтер белең алды деген жаңсақ пікірге қарсы тұрып, тораптың ұтымды түсын да көрсеткім келді, – деген Аркадий Морякин қазір жаңа бейнероллик жасап жатқандығын айтты. Жуық арада авторлық мұны да ғаламторға орнатпақшы.

Ресми жиын авторлық мерекелік шара «Жастар» Спорт сарайының ауласында жалғасын тапты. Мұнда Талдықорғандағы тұңғыш тегін сымсыз интернет желісінің тұсаукесері өтті. Сымсыз интернетті (Wi-Fi) қалаймыздың кез келген азаматы ұялы телефоны не ноутбугінде тиісті жабдығы болған жағдайда қолдана алады. Рустам Әлиұлы бұл жоба облыс басшылығының қолдауымен жүзеге асқандығын атап өтіп, келешекте шағын аудандарында да орнату көзделетіндігін жеткізді. Сонымен бірге, Спорт сарайының ауласында мини-футбол, баскетбол сынды спорттық ойындардан жарыс ұйымластырды. Ал, өнерге жақын жастар заманауи биден бақ сынады. Жастар күнінде орайластырған соңғы шара топ өнерді дәріптейтін «Домбыра party-ға» ұласты. Киелі қара домбыраның қоңыр дауысы Қаратал жағасын зуелете бөлеп, «құдактан кіріп бойды алды».

МӘДЕНИЕТ КҮНІ



Сүретті түсірген А. ҚАЖЕКЕЕВ.

Облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ аудан, қала мәдениет күндерінің қорытындысы бойынша бас жүлдені иеленген Алакөл ауданы өнерпаздарын құттықтап, аудан әкімі Әлібек Жақсыбекке көлік кілтін табыс етті.

Жер әлемнің жаратылысымен бірге дамып, бар әдеуірдің куәсі болып, ұлт пен ұлысқа бөлінген барша жұрт сияқты қазақ халқының да өлшеусіз тынығуы мен мәдениеті қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қоғаммен бірге дамып келеді. Ұлтымыздың кескін-келбетін, өмірдегі психологиялық сапасын анықтайтын төл өнеріміздің құны қашан да бөлек. Соның ішінде мемлекеттігіміздің айқындайтын басты себептің бірі – кір шалмас мәдениетіміз екені баршамызға мәлім. Тарих көшінде ата-бабамыздан жалғасып, бізге жеткен қасиетті өнеріміздің өркендетіп, мәдениетіміздің мәйектеткен жандар ең бақытты, парасатты, бағалы адамдар деп есептеуге болады. Бәрімізге аян, Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында көптеп өмірдің көркі болған ата-дәстүріміз күн санап жаңарады, жоғы табылып, барының бағасы артып, қарқынды даму мүмкіндігіне қол жеткізді.

ӘНМЕН НӘРЛЕНІП, БИМЕН ӘРЛЕНДІ

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Осы туста «Хан қақпақ, би – таразың, ой – соның күй – қақпақ ақын – жорған», – деп тарихта тасқа басқан таңбадай етіп естелік қалдырған Төле би бабамыздың есті сөзін кім естен шығарсын. Арқаға бізрып өнішімін деме. Сырға барып жырішымын деме. Батысқа барып күшімін деме деген демеу сөздер қоғамға бекерден-бекер енбеген болар. Елімізден оңтүстік шығысында басын тауға, аяғын шөлге, арқасын құмға төсеп «Жер жәннаты» атанған Жетісу өлкесі құшағын жайды. «Ауылына қарап азаматын таны» дегендей, осындай бекзат ел, берекелі жерді мекен еткен халқымыздың бойына бітken қасиетті өнерден Жетісу өңірі де кенде емес. Ақындар мен батырлар ел атанған арда өлкенің өнерінің құны тым жоғары. Оны жыл сайын облыс аумағында өтіп келе жатқан аудан, қалалардың мәдениет күндерінен біліп жүрміз.

Айпақшы, сегіз жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан мәдени шара өткен жылдан бері үш ауданнан бірактіріліп жаңа үлгіде ұйымдастырылып, жұртшылыққа үлкен серпіліс беруде. Биыл Елбасының «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құру» тапсырмасы аясында мәні артып, мазмұны толыға түсті. Сонымен қатар, өңірде өткен барлық мәдени шарада ұлы сазгердің шығармалары насихатталып, ел мерейін тасытты. Осыған орай, аталмыш шара аясында да композитордың бірқатар туындысы орындалды. Сол қатарда Қаратал ауданының «Қыз ғалдақтар» халықтық би ансамблі Мұқан Төлебаевтың «Тоғай арасында» туындысын нақышына келтіріп, шырқаса, Еңбекшіқазақ, аудандық үлт аспаптар оркестрі мен Ұйғыр аудандық хор ұжымы Панфилов ауданының «Айжан қыз», Еңбекшіқазақ ауданының «Ұлубике», Талдықорған қаласының «Шағала» би ансамбльдерінің қатысуымен «Биржан – Сара» операсынан үзінді орындады. Ауыл жастарынан құралған оркестрдің де, бишілердің де шеберлігі көрерменге таңғаларлық әсер сыйлады. Мәдениет үйінде өткен шара аралас қор және Ұйғыр ауданының жеке өнділері орындаған Д. Бахаровтың «Қазақстаным елім» әнімен ұласымдығын жалғасты.

Әлбетте, бейбіт күннің берекесін бірге татқан әр ұлттың достығы, береке-бірлігі, өнері мен әрлігі де жарысып, өсіп келеді. Оған ақайындардың айтары мен алғысы көп. Оны күнде естіп келеміз. Мәселе мұнда емес. Осы жетістіктер бізге тек қана өркенді орта болса, онда мәдениеттің де мәйектеген жетістігі болатының қадап түрып түсіндіріп берді. Ендеше, осындай бірлігі бар өңірден берекесі мол пейілді өнердің өркендейтіні анық, түсінуге болады. Жетісу өңірі бұрын да, қазір де, келешекте де осындай жағалығымен жалпақ жұрттың көңіл көкжиегін кеңейте беретініне бек сенемдімін.

Әмен нәрленіп, бимен әрленген шара көптің көңілінен шығып, жұрттың алғысына бөленді. Марапатталғандар марқайып, басқалары келесі жылға жүк салып, үміт арқалап аттанды.

БАБАЛАР БАТЫР БОЛМАСА, КӨРЕТІН БЕ ЕДІК БҰЛ КҮНДІ?

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жетісудың жұртшылығы тарихтан жазсы білсе керек-ті, XIX ғасырдағы алысапыран алмағайып кезеңде мына Майтөбе мен Сұлықтөбенің бауырайындағы ел екталай күн кешкен. Жерін қырғыздың Орман ханы жырымдамақ еді, елін Қоқанның құшбегілері қолтығына бассам деп дәмеленген. Қытай да тамсанып, төбетін анық танытқан. Бірақ бәрінен ордалы орыстың мүддесі үстем шыққан. Ақыры бағындырған. Сондай сындарлы сәтте Жаратқан иеміз Мұхаммед пайғамбардың бұл жамиғатын мейірім, шапағатының тысқары тастамапты. Қорғаны болсын деп Сарұрық пен Сұраншыдай батырды, қорғалы болсын деп өлеңнің қызыл жеңі Сүйінбайды, орманы орташасын деп дана би Сарыбайды сыйлапты жазмыш бағына. Солар болмаса, солардың соңынан жұлырықтай жұмыла ілескен бір тілектегі ынтымақты ағайынның ұлы мұраты болмаса, осы күнді көрер ме едік-ай!

Көрдік. Шүкір.

Алағайынның ұлы мұраты не еді? Кісіге кіріптарлықтан құтылу болатын. Азат ел болу, ешкімге ептеп бастырмай, өз үйінде өз қазанын өзі көтеріп, өз отын өзі жағу бақытына жету болатын.

Жетік. Шүкір.

Тәуелсіздік туын аскақтатқалы жырма жылдан еркін асты. Бәрі берен батырлардың, ерен ойлы кемеңгер бабаларының ерлікпен жолында ер-азаматтан ешқалыспай ерсеен қайрат көрсеткен қайсар апаларының әрқасы.

Дегенмен, осы ұлы мұратқа жетудің тым ұзақ жолында, басымыздан не өтпеді десеңіздерші?! «Ой тайпа» жұртымыз Түркеш хандығын қайта қалтұрғызында, хан тағына 717 жылы отырған қара түркештің ед ағасы Сұлу еді. Таңының румян болатын. Тарихи деректерді бетке ұстай сөйлесек, бұдан арғы ата-бабаларымыз осы бүтін өлкеді түп-несіп, өмір сүріп жүрген жерлерді сол дәуірлерде мекендеген. Аса парасатты, кемеңгер ед бағлеушісі Сұлу хан халқын бақуатты тұрмыска жеткізіп, өзінің Ай-Тұмар тәнбасын бедерлеп ақша шығарыпты. Ептеген келген арабтардың аптығын басыпты, құжынай келген қытайлардың қыртасын қиыпты. Сөйтіп, өз ұлысын Жетісудың төрінде түбегейлі орнықтырыпты. Ақыл-айласымен, айбындылығымен айналасына зәнкі жайылыпты. Түркеш хандығы заманындағы тілдің қазіргі қазақ тілінде сонылықты жақын болатынының өзі неге тұрады! Демек, бүгінгі сана, тіл, салт-дәстүр, әдет-құрып, ырым-тыйым, адамгершілік ұстындарына негізделген тол мәдениетіміздің саф алтындай сақталып жетуіне Сұлу хан басшылық еткен арғы бабаларымыздың канша ылғы үлес қосқанын пайымдай беретіндер.

Сан тарсырлық тарихтың сүзгісінен сұрылып өткен қазақ деген аса ұлы халық. Одан өте алмай қалған тарақты тайпалар мен ұлыстың ұлттар қаншама. Ал енді бүдан сол сүзгіден өтуімізге не жәрдемдесті, осы ғажайыптың сындарлы сыры неде деген сұраққа біз де ойымызға жауап іздеп едік қой.

Ең әуелі – ел ағасы мен ерлер тағдырлы кезең. Ерлік рухтың нағыстан жаңғырығып, жаңғырлап түруы. Ағадан бәлалі Мырас болған бабалар батырлықтың қанмен қалыптасуы, сүйекке сіңісті болуы, басыман сөз асырмаған шешендіктің, әдемілікке етегін бастырмаған текті ықтың ана сүтімен алыс екі тамырға түгел дарып нәр беруі, көкіректі кенен елдің сағынып, мейірімге молынан шомылуы, қандай дүрбелең сұрғында басынан өткерсе де, жаугершілік заманда қорғана шегінің уақытша өзге өлкенің суын ішсе де, өз Отаны – алтын қазығына қайта оралуды жадынан ешқашан ешқандай тұтаң жерінің деген шексіз мұтылар ықтарлық.

Өз елінде, өз жерінде өсіп-өнетін гайпаның әлбетте тіл де, адамгершілік қарымқатынасы да тәзе болады. Тіл тәзе болса, жан тазалығы сақталады, ол өз кезегінде тәзе мәдениетке ұласады. Бір қәусар бұлақтың келесі кәусәр бұлаққа сылдырлай, сылқылдай, шалқылдай келіп құйғанын көз алдымызға елестететіндей. Бұл кеше, міне, сондай болатынбыз.

ЖЫР-АРНАУ

БЕС ҚАРУЫН ЖАСТАНҒАН

Ұрпағы Қарасайдың түгел батыр,
Орнаткан дүшпанына заманақыр.
Сұраншы мен Сарұрықтың ерліктері,
Күн сайын қалың елге тарап жатыр.
СҮЙІНБАЙ.

Даланың дәнекті ұлдары,
Ұрандап дамыл таныған.
Қимет-қайым сындары,
Майданды өтке қақтаған.

Ақберен белге байлаңғ,
Ай қабақ садақ асыңғ.
Дүшпанға қанды қайнаған,
Айқасқа айбын асырып.

Сұранып, Сарұрық бауырлас,
Ар-намыс бойға дарыған.
Қалайша жаны ауырмас,
Ел-жұртын көріп налыған.

Тып-тыныш жатқан тау елі,
Сақпыққан емес маңайға.
Көрінбер бастан әулелі
Сезыңды соғыс талайға...

Алатау жұртын қорғаған,
Жетісу жерін бермеген.
Қайғының бұлтын торлаған
Таратып бұлар ергеген!
Қанарын төгіп қос қыран,
Қылышын қанға бояған.

Арлымақ кетпей астынан,
Найзасын жерге таяған.
«Қарасай!» болған ұраны,
Қырандай жазуға шұйғыған.
Сұлмай қылыш қынабы,
Сәнді сымдай иіскен.

Айналма шоқпар сілтеніп,
Айбатта айға шағылған.
Шапқынын сотқан жұрт өліп,
Бастары доптай қағылған.

Қырғыздың ханы қағыпған,
Өзбектің ханы ұшынған...
Сарбаздар соққан дәбілдан
Шыбындай жаны қысылған.

Батырлар өлді майданда,
Жастанып туған жерлерін.
Әділдік жеңбей қойған ба,
Ұмытпас халқы ерлерін!

Сұранып, Сарұрық бегенде,
Құлағы көптің елеңдер.
Жұртының қамын жегенге,
Бас иер қазақ кемеңгер!

Ақындар арыз еткендер,
Ақиқат елі анығы!
Халқы үшін қанын төккендер,
АЛТЫ АЛАШТЫҢ АЛЫБЫ!

Орысбай ӘБДІЛДАҰЛЫ.

Ал бүгінгі той, орта жолдан небір дән, ботана сулардың өмірінен өзенімізге жан-жақтан жайылып келіп, есепсіз қуйылып жатқаны. Ал, кеше... Айтай, қайран, дүние-ай! Қандай тәзе, қандай пәк, қандай кәусар елік-ай! Бұдан сәлгі ата-бабаларымыз сол тазалықты бек түсініп, беріп ұстаған, дәуірден дәуірге демейтей жеткен қазақы ұлттық тәрбиемізде сондай болатын. Әлбетте деп ойлаймыз, кешегі қазақтың бүгінгі қазақтан аскан ұлы халық екенін күндердің күнінде күлді тарихшылар түгел мойындайтын болады.

Сұранты мен Сарұрықтың ұлы ерлігіне мәңгілік қарыздар жұрты осыдан бірнеше жыл бұрын пәтуаласып, сәулетті ескерткіш орнатпақ ниетпен қоғамдық қор құрған. Сол қордың қаржыны молайған соңғы кезеңде қызу қолға алынған құрыш шаруа жұмыла мәресіне жетті. Алматы - Шымкент күре жолының Ұзынағаш ауылы тұсындағы бөлік қырғата екі батырдың сәулетті ескерткіш бой көтерді. Кітап шығарылды. Деректі бейнефильм түсірілді. Халықаралық айтыс өткізілді. Ашылу салтанаты барысында батырлықтың жалт етер бір жарқылы Алайда сәулетке хронос күйінді, Сәулетке бірнеше жыл бойы күрік бақ сәулетке бірге өтіп, ақтаңдақ ғұмыр кешкен ақтаңдақтар кірігаттылды, мейман ағайын мәңгілік дастарханнан дәм татты. Төңкеріс ақын жырға қосқандай, «жығылған пәлуанға да жұлде берілгендей» күй кешіп едік бір сәт.

Жә, айтпақшы бүгінгі қалам да бәйгеторге қарай арыладағаи арғымақтай алға түсіп барады-ау, бәрін басынан баяндайықшы. Өйткен дүйсенбі күні Жамбыл ауданлық орталық кітапханасында «Сұранты-Сарұрық» атты кітаптың түсаукесер рәсімі өткізілді. Бұл кітапта батыр бабаларымыздың өмірі мен ерлігін тебіренте тербетен қалам иелерінің еңбегі жинақталған болатын. Қазақша танымал тарихшы, әдебиеттанушы ғалымдардың, философ, жазушы, ақын, жазушылар мен өлкетанушы азаматтардың ғасыр терезінен терең зерттеу мақалалары мен Сүйінбай, Жамбыл сынды ұлы ақындардың жыр-дастандары топтастырылған бұл кітап көпшілікті көзайымына айналады. Оз туралы түсаукесер салтанатында ардагер журналист Күмісжан Байжан, баспагер Манарбек Үйбасаров, Сүйінбайдың шөбересі, кәрі әртіст Батырбек Атшабаров, Сарұрық батырдың шөбере келіні Ақан Сұлейменова, Өмірлік жырау Қарғабаевтың ұлы Өмірбай ақын сөз сөйлеп, ізгіліктің лебізін білдірді. Кітапты құрастырып, басқа ұсынған осы жолдардың авторы электронды нұсқасын әзірлеуге барынша жәрдемдескен аудан орталығындағы алты мектептің ұстаздарына, екі ай бойы сарыпталп, сарапауға ағсалысқан кітапханашы Баян Бектасовага, көне жәлгерлер мәтінін кәзіргі кәріпке түсіруге көмектескен Майбұлақ мешітінің наиб-имамы Сейілхан Сағдоллаұлына, суретші Ахат Маншонова, тағы басқа тілектес ағайынның баршасына разметін айтты. Үлкен салтанаттың сыйкәсесіне айналатын бағалы кітаптың оқырмандарға жол тартар сәті осылайша көпшілікті көңілін шуаққа бөледі.

Қазақ айтысы не үшін жазсы көреді? Айтыс десе, кай қазақтың дәлебесі қозбаған. Сейсенбі-сәрсенбі күндері ұлы Жамбылдың ауылының ағзы қатпалаған Мәдениет үйінде ине шаншар орын тапшы еді. Жетпі айға жуық жарнамалық ақпараттан кейін құлақ қалайық Сұранты мен Сарұрықтың рухы сазна төрінен әулеей көтерілер сәтке сол сала қарамай үйінде қайтып шыдап отырсын епді.

«Сұранты, Сарұрық аттанса...» атты халықаралық ақындар айтысына келген он төрт жұмыс әулеи Ұзынағаштағы Қарасай батыр ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Жамбыл ақынның кәлешек, қазақтың көркемкәзгеи Нұрғиса Тілендиевтің кабірескерткішіне барып құран оқытып, зиярат етті.

Бұдан кейін Мәдениет үйіне жинақталған жұртшылық алдында жан-жақтан келген жыр жампоздары жеке-жеке таныстырылды. Қазақстанның халық ақыны, ұлы Жамбылдың немересі Әлтынгүл Жамбылов елдерге ақ батасын арнады. Жамбыл ауданының әкімі Мақсабек Бөгелдаев ақындарды құттықтап мәзмұнды сөз сөйледі.

Бірінші күн сахнаға шыққан сөз шеберлері жеті жұп құрын айтысты. Мәселен, Алматы облысының ақыны Алтынбек Дәуен ұзынағаштық оқушы Айдана Қайсабекпен, Балғынбек Имашев (Алматы облысы) Айсұлу Бейсекпаймен (Астана қаласы). Батыс Қазақстан облысының келген жыр жүйрігі Бауыржан Қалиолла қырғызстандық Жеңішбек Жұмакадырмен, талдықорғандық дарынды айтыскер Жандарбек Бұлғакова астаналық Сәрә Тоқтамысовамен, қызылордалық Мұхтар Ниязов айтұлы ақсұңқар ақын Айнұр Тұрсынбекпамен, Астана қаласынан келген Таңжарық Ержан өзбекстандық Бөрібай Оразымбетовпен, Алматы облысының ақыны Бақыт Жағыпаров Жамбыл облысының ақыны Күмісай Сәрсенбаевамен өзара сөз сайысына түсті.

Олардың арасынан суырылып шыққан сегіз айтыскер келесі күні тағы да сахна сәнне айналып, көпшілік көрерменді шырайлы өнермен тәнті етті. Талай-талай әзілқалжыңға арқау болған тақырыптар басекеннің ажарын ашты, батырлар тақырыбы да барынша толғай жырланды. Таңқыр шумақтар мен тартымды тіркестер түйдектүйдегімен ағылды. Жадымызға жатталғанынан бірер мысал келтірсек, Балғынбектің «Ақынның ақыны елі Жамбыл жазсе, Ақылдың ақылы елі ұлы Абайын!» дегені, Айсұлудың: «Қарасай, Қабанбай бәи таныс қазақ, ақ туын Алатыменың бір көтерсін» деп аскақтатқаны, Сараның: «Еркелей ағып Ертістен, жеті өзенге кеп қосылдым» деп нәзданғаны, Жандарбектің: «Батырлық жұлырық пен болекте емес, батырлық жұлырықтай жүректерде» деп барынша ой салғаны, Мұхтардың: «Таяк үстап келгенге тай мінгізген, Жамбыл елі мені бос қайтармайды» деген базымсы, Айнұрдың: «Бабалар батыр болмаса, көретін бе едік бұл күнді?», – деген тәубелік тұжырымы, Бауыржан мен Бақыт қақтығысында Бауыржанның: «Құдай-ау, қызметінді қайдан айттым, ішіне толып қапты запырандың», – деп әзілдей түйретен дүйім көпшілікті ризаға еткенін көзінен көрдік. Өзге де ширыр шумақтар мен алшы түскен шұрайлы сөзге шын көңілімізді шашалап сөккан көрерменнің көзінен шұғыла шашылғанын да байқадық.

Айтыстың ерекшелігі жыршы Әбділәбек Әбділәбек Жамбылдың «Сұранты батыр» дастанының үзінді айтып бір серпілтті. Жамбыл ауданлық Мәдениет үйінің өнерпаздары тамылжыта, тәнсаита ән шырқады.

Сонымен жыр додасының қорытындысында бас жүлде Сәрә Тоқтамысовага (1миллион теңге), бірінші орын Мұхтар Ниязовка (700 мың теңге), екінші орын Балғынбек Имашевка (500 мың теңге), үшінші орын Жандарбек Бұлғаковка (300 мың теңге) бұйырды. Бауыржан Қалиолла, Бақыт Жағыпаров, Күмісай Сәрсенбаева, Айсұлу Бейсекпан әрқайсысы 200 мың теңгелен мағалаңдыру сыйлығын алды. «Таяк үстап келгенге тай мінгізген, Жамбыл елі мені бос қайтармайды», – деп Мұхтар Ниязов жырлағандай, он төрт ақынның барлығына той қоржынына салынған әрқилы сый-сияпаттарымен қатар жол шығындарына елеулі қаржы бөлінді.

Айтыстың бас жүлдесін Жамбыл ауданының әкімі Мақсабат Бөгелдаев пен қазылар алқасының төрағасы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, жазушы Жұмабай Шаштайұлы тапсырды. Сонымен бірге жүлде қорын молайтуға Қарасай ауданының әкімі Аманғелді Дәуренбаев пен Алматы облыстық білім басқармасының басшысы Жандарбек Дәлдабаев та өздерінің комакты үлесін қосты.

Айтысты белгілі жыршы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Ахмет Жұбанов атындағы музыка мектебінің директоры Ақан Әбділәбекұлы құптады. Кәйбір алқасында ақындар өнерпаз Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары, ақын Ғалым Жайлыбай, «Жамбыл» журналының бас редакторы, жазушы Несіпбек Дәутаев, жазушы Нағашыбек Қашқынбекұлы, республикалық танымал ардагер журналист Күмісжан Байжан, ақын Есенгүл Жақыпбекқызы сарапай баға берді.

Қазақ осы айтысты не үшін жазсы көреді екен-ай, деп ойлайтынбыз кейде пенделік шешімсізбен. Уақыты өткен өнер деп білетін елік. Рас, өз кезінет XVIII-XIX ғасырларда, тіпті XX ғасырдың бірінші кезеңіне дейін сахналағы ақпараттық идеологияның бір жүгін көтерген. Бүгінгі барлық бастасөз құралының, тіпті сахналық да рөлін бір өзі атқарып кеткен, кездері болған. Бірақ енді бүтін кезең... Ғалымдар мен зерттеушілердің, озық ойлы журналистердің орын өткен ғасырмен мәсілк тергендей, әдебиеттің түйтқалдың түйіндеп, жаңа шешіктердей кисеңсіпті, талайдың белгілі жаңа шығармаларын отыратын айтыс жанрларына өзімізше шегелеп қарайтынбыз. Құлшынбет атамыз айтқандай, ел неге «ерекше қойдай күйіркелеп салмақтап, осы немездерді несіне ардақтайды» екен деп ойлайтынбыз. Сөйтсек, бұл мәселенің сыры айтыс ақындарында емес, сүйегіне сөз сіңген ағайынның өзінде жатыр екен. Жамбыл бабамыздың жұмыландағы Мәдениет үйінде отырып, соны түсіндік. Оз да бір ойжамбы болды.

Бұдан дәрхам мәнсізді дала перзенттері, «кедейлік ер жігітке намыс емес» деп жырлаған. Кедейлікті ар санамаған. Ары пәтуе, Алланың жазуы шығар деп білген. Құштік де «ағасын танымастығын» түсінген. «Байлық – бір жұттық, бақыт – бір октық». Міне, философиясы. Ал енді сөздің жеңілдігі... Аламанып! Нағыз елдік осы деп ұғынғаң. Елімізден тайынбағаң, ештеңге тоқтамаған қамқ талпыну түсын тап басар сөздей ғана тосылыпты. Содан кейін де басынан сөз асырусыз барын тұрған мың сағаттан. Тетімен бірге қанына сіңген осы әдістінен әлі арыла қойманты ағайын. Арылмаса екен-ай деп ойжамбылдық. Дәлдық асқақ рухтың ең жарқын көрінісінің бірі сөз сайысы екен. Жасай берсін, айтыс! Иеттің, Айнұр ақынның: «Бабалар батыр болмаса, көретін бе едік бұл күнді?» – деген шумағы есіл.

Көрдік. Шүкір.

ҰЗЫНАҒАШ – КӨКБАСТАУ, ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.


Сара мен Жандарбектің айтысы.

ТӘРТІПТІК КЕҢЕСТЕ

ЗАҢ ТАЛАБЫ ОРЫНДАЛДЫ

Бейсенбіде облыстық әкімдіктің кіші мәжіліс залында ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облысымыз бойынша департаментінің басшысы Марат Оразалидің төрағалығымен Тәртіптік кеңестің кезекті отырысы өтті. Халық арасында мемлекеттік қызметтің абыройына нұқсан келтіріп, жұмысында салғыртгық танытқандарды сабасына түсіретін коллегиалық орган мүшелерінің қарауына бұл жолы төрт іс шығарылды.

Ғалымұрат ЖҮКЕЛ
"Жетісу"

Тәртіптік кеңесте қаралған алғашқы мәселе Қарасай ауданы, Ақсай ауылдық округінің әкімі Жанар Оразалиевага қатысты болды. Ауыл әкімі тарапынан орын алған олқылық жайлы Қаскелең аймағы бойынша ауданаралық қаржы полициясы басқармасы мен облыстық прокуратура дабыл қаққан болатын. Мәселенің мән-жайын сараптаған кеңес мүшелері аудан азаматы А. Имировқа Ақсай ауылдық округінің бұрынғы әкімі А. Байбараковтың жер телімін бөліп беру туралы 2001 жылдың 25 желтоқсанындағы шешіміне өзгерістер мен толықтыру туралы үстіміздегі жылғы 25 сәуіріндегі шешімі құзырлы орган тарапынан жемқорлыққа мүмкіндік туғызды деп топшыланғаны анықталды. Іске қатысты Қаржы полициясының басқарма бастығы Нұржан Нұрғабылов өз пікірін ортаға салды. Бұдан кейін мәселенің төркінін анықтау үшін ауыл әкімі Жанар Өмірзаққызына сөз берілді. Әкімнің айтуынша А. Имировтың ұсынған құжаттарының түпнұсқасына көз жүгіртіп, заң талабына сай өтініш жасаған азаматтың Конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету үшін, қағаздардың көшірмесі алынып, тиісті шешім шығарылған. Алайда, аудан азаматы ұсынған құжаттың түпнұсқалығы күмән тудыратындығы кейіннен анықталып, іс насырға шапқан. Жанар Өмірзаққызының сөзіне құлақ түрген Тәртіптік кеңес төрағасы Марат Оразалиұлы іс-қағаз жүргізу тек құжаттардың түпнұсқасына негізделетіндігін ескеріп, сонымен бірге бүгінде Жанар Өмірзаққызы өзге азаматқа алданып қалғандығын алға тартып, лауазымды тұлғаға ескерту беру туралы шешімге тоқталды.

Келесі кезекте Алакөл ауданы сәулет және қала құрылыс бөлімінің басшысы Арман Байдолдаға қатысты облыстық прокуратура тарапынан түскен ұсыныс қаралды. Мекеме басшысының азаматтарға мемлекеттік қызмет көрсету кезінде кеткен кемшіліктерін саралаған кеңес мүшелері оның қызметіне толық сәйкес еместігін анықтап, тиісті шешім қабылдады.

Күн тәртібінде қаралған үшінші мәселе қаржы полициясы мен облыстық прокуратураның Талдықорған қаласының құрылыс бөлімі басшысы Борис Татарчуктің қызметінде анықталған кемшіліктер қарастырылды. Облыс орталығының өркендеуінің айқын белгісі құрылыс саласында және ҚР мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексі бойынша анықталған заңбұзушылықтар негізінде Тәртіптік кеңес мүшелері Борис Татарчукті қызметінен босату туралы шешім қабылдап, тиісті ұсынысты қала әкіміне жолдады.

Тәртіптік кеңес барысында қаралған соңғы мәселе облыстық мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасының Тәртіптік кеңеске жолдаған хаты негізінде қысқартылды. Кеңес отырысын қорытқан Марат Оразалиұлы Елбасының сарабдал саясаты шеңберінде мемлекеттік қызметшілердің іскерлік қабілетін шыңдап қана қоймай, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыру көздеетіндігін жеткізді.